

Ж. Е. Жаппасов
Н. А. Тасилова
М. Н. Ибрагимова

ӘМІР ТЕМІР ӘУЛЕТІНІҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫ – ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕК КӨЗІ
(XIII-XVI ғасырдың I жартысы)

Оқу құралы

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 қаз)
Ж 30

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық баспа-кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Б.Б. Кәрібаев**
PhD докторы **А.М. Әбікей**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **М.Т. Жұмаділ**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Е.Н. Ноянов**

Жаппасов Ж.Е.

Ж 30 Әмір Темір әулетінің шығармалары – ортағасырлық Қазақстан тарихының дерек көзі (XIII-XVI ғасырдың I жартысы): оқу құралы / Ж.Е. Жаппасов, Н.А. Тасилова, М.Н. Ибрагімова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 228 б.
ISBN 978-601-04-2310-7

Бұл оқу құралы университеттердің тарих, археология және этнология факультеттеріне арналған. Онда қазақ тарихының маңызды дерек көзі болып табылатын ортағасырлық Әмір Темір әулетінің шығармаларын зерттеу мен талдау әдістері көрсетіліп, жас зерттеушілерге деректанулық талдау әдістемесін тез үйренудің тиімді жолдары ұсынылған.

Оқу құралы тарих факультеттерінің студенттеріне, магистрлерге және басқа да қазақ тарихын зерттеу ісімен айналысушыларға арналған.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-04-2310-7

© Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А.,
Ибрагімова М.Н., 2017
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығында егеменді еліміз ғасырларға бергісіз үлкен тарихи жетістіктерге жетті. Қазақстанның геосаяси, геостратегиялық, геоэкономикалық орналасуы, тарихи өткені, этникалық құрамы, күрделі құрылымы, ірі аймақтар мен өркениеттердің жалғаушысы ретінде Еуразия кеңістігінде ерекше рөлге ие мемлекет екені күллі әлемге белгілі. Қазақстанның қазіргі және болашақтағы рухани және пікірлік тұтастығының күшеюіне байланысты аймақтағы геомадени және геоөркениеттік күштердің стратегиялық тепе-теңдігіне алдағы онжылдықтарда маңызды өзгерістер енуі ықтимал.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі біршама уақыт өтті. Одан бері міне Қазақстан жан-жақты дамып келеді. Соның ішінде тарих ғылымында да елеулі істер атқарылды. Атап айтар болсақ тарихшылардың зерттеу жұмыстарының әдіс-тәсілдері қайта қаралып, ұлттық деректерге деген көзқарастары біртіндеп өзгерді.

Еліміздің тарихын білу қазақстандық әрбір азаматтың міндеті. Өткен өмірде жіберілген қателіктерді болдырмау, сабақ алу үшін және де сол өмірдің тәжірибелерінің негізінде болашаққа жол салу мақсатында өз тарихымызды білу маңызды болып табылады. Еліміздің тарихын біз сан қырлы деректер негізінде ғана танып біліп, меңгере аламыз.

Үлкен теориялық және методологиялық дайындықты қажет ететін деректану ғылымы – ұлттық тарихты тың, дәйекті мағлұматтармен байытып, толықтыру үстінде. Бүгінгі таңда көптеген деректердің ғылыми айналымға енуі, Қазақстан тарихының деректік базасын кеңейтті. Бұл, деректердің өзіндік ерекшеліктерінен шыға отырып, оларды дұрыс, әрі тиімді пайдаланудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін іздеп табуды қажет етіп отыр. Бұл қажеттіліктерді толықтыру ұлттық деректану ғылымының үлесінде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 2004-2006 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастаған болатын. Соның негізінде көптеген тың деректер қазақ және орыс тілдеріне аударылып, ғылыми айналымға енгізіліп, кітап болып шығарылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы өзінің бастаған ісін тоқтатпай 2007-2009 жылдарды қамтитын екінші кезеңін бастап кетті. Бұл кезеңде жиналған мол мұрамызды сақтау, оларды пайдалану сияқты мәселелерге көңіл бөлінді. Осы орайда біздің оқу құралымыз да «Мәдени мұраға» аз да болса үлесін қосар деп ойлаймыз. Өйткені бұл еңбекте еліміздің тарихынан мол мәліметтер беретін ортағасырлық жазба деректер топтастырылып, оларға деректанулық талдау жасалған.

Еліміздің тарихын зерттеуде негізгі дерек көзі болып табылатын көптеген деректерді зерттеушілер пайдаланғанымен, оларға деректанулық талдаулар жүргізу әлі де болса кенжелеп келеді. Сондай талдауды қажет ететін деректердің қатарына Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалар жатады. Осы уақытқа дейін бұл деректер ортағасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде негізгі деректердің қатарында жатқызылып, қолданылып келген болатын. Алайда оларға жүйелі және кешенді түрде деректанулық талдау жасалынған жоқ. Әр түрлі сипаттағы және жиі бір-біріне қайшы келетін, түрленіп отыратын темірлік деректердегі еліміздің тарихына қатысты мәліметтерін жеткілікті түрде жұмылдыру және оларды басқа дерек көздерімен салыстыра отырып зерттеу аса өзекті.

Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғасырларда Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан ақпарат беруші дерек көзі ретінде алатын орны өте маңызды. Өйткені, тек Темір әулеті шығармалары ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрініс береді. Темірлік деректерде ортағасырлардағы қазақ халқы мен қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Бірақ та, оларды пайдаланудан бұрын деректанулық сыннан өткізу қажет. Оқу құралында осы деректердің ерекшелігін, тарихнамасын, темірлік

деректер кешенін өзара бір-бірімен салыстыру, ортағасырлық басқа да деректермен салыстыра талдауға үйрету көзделген.

Сонымен тақырыптың өзектілігі мына төмендегідей жағдайлармен анықталады:

Біріншіден, алғаш рет Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихының негізгі дерек көзі ретінде зерттеліп отыр. Сонымен қатар олардың шығыс мұсылман тарихнамасындағы орны анықталды.

Екіншіден, темірлік деректер бұрын-соңды Қазақстанның дерек көзі ретінде тұтастай зерттелмегендіктен оларға қатысты айтылған ой-пікірлер мен көзқарастар алғаш рет жинақталып топтастырылды.

Үшіншіден, темірлік деректердегі ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты мәліметтері басқа да деректердегі мәліметтермен салыстырылып жаңа нәтижелерге қол жеткізілді.

Төртіншіден, ортағасырлық Қазақстан территориясындағы этникалық мәселелер темірлік деректер негізінде айқындалды. Осының барлығы тақырыптың өзектілігіне қызмет етеді деген ойдамыз.

Тарих ғылымында ортағасырлардағы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихын зерттеу үшін қажеті парсы тіліндегі деректер шығытанушы ғалымдар мен қазақстандық тарихшылардың бастамасымен ғылыми айналымға енгізілген болатын. Біз осы парсы деректерін зерттеуге арналған еңбектерді хронологиялық шеңберіне сай шартты түрде төңкеріске дейін, Кеңестік дәуір және тәуелсіз Қазақстан тұсында жарық көрген еңбектер деп бөліп қарастырдық.

Бірінші кезең бойынша В.В. Вельяминов-Зернов, Ш.Ш. Уәлиханов, В.Г. Тизенгаузен еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Қазақстанда өмір сүріп, қазақ халқының тарихын зерттеуде елеулі үлес қосқан орыс ғалымдарының ішінен В.В. Вельяминов-Зерновтың (1830-1904) еңбегін ескеру қажет. Ол өз зерттеулерінде қазақтар тарихы бойынша түрлі деректердегі, олардың қатарында парсы деректеріндегі көптеген мәліметтерін жинап, зерттеген¹.

¹ Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. – СПб., 1864. – Ч. 2. – 498 с.

Парсы және түркі авторларының шығармаларын пайдаланып, қазақтар тарихын алғаш зерттеушілердің бірі ретінде Ш.Ш. Уалихановты (1835-1865) ерекше атауға болады².

Алтын Орда тарихынан мәлімет беретін шығыс деректерінен алынған үзінділердің екі томдық жинағының ғылыми айналымға енуінің өзі монғол шапқыншылығы мен одан кейінгі кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеу үшін маңызы зор болды. Араб тарихшылары мен географтарының еңбектерінен жинақталған бұл деректердің жинағын шығаруды қолға алған аса көрнекті шығыстанушы В.Г. Тизенгаузен (1825-1902) Еуропаның көптеген кітап қоймаларынан осы дерек көздерін жинаған екен³. 2005 жылы бұл жинақ қайта басылып шыққан болатын⁴. Екінші томында іріктеп алынған парсы шығармаларынан үзінділер алпыс жылдан аса уақыт өткен соң, Кеңес үкіметі тұсында ғана А.А. Ромаскевич пен С.Л. Волиннің өңдеуімен басып шығарылды⁵.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де басқа деректермен қоса парсы деректерін жинап, топтастыру ісі кең көлемде атқарыла бастады. Бұл кезең бойынша В.В. Бартольд, С.Д. Аспендияров, П.А. Кунте, С.К. Ибрагимов, В.П. Юдин, Б.Е. Көмеков, Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина, М.Х. Әбусейтова және т.б. атап өтуге болады.

Ғылымға елеулі үлес қосқан шығыстанушы В.В. Бартольдтің (1869-1930) еңбектерін атап өту қажет. Ол өзінің ғылыми қызметінде 685 монография, рецензиялар мен ескертулер жазған, олардың көбісі қазақ халқы мен Қазақстан тарихына қатысты болған. В.В. Бартольдтің «Деректану бойынша жұмыстар» атты шығармасында темірлік тарихнамашылар Хафиз-и Абру

² Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Валиханов Ч.Ч. ССПТ. – Т. II. – 415 с. – С. 148-166.

³ Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. – СПб., 1884. – I т.

⁴ История Казахстана в арабских источниках: сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном. Т. I / подгот. к новому изданию, введ., дополн. и коммент. Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Изд. перераб. и дополн. – 711 с.

⁵ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М., Л., 1941. – 308 с.

мен Абд ар-Раззаки Самарқандидің өмірі мен қызметі жайлы мәліметтер сақталынған⁶.

1930 жылдары С.Д. Аспандияров пен П.А. Кунтенің Қазақстан мен Орта Азия тарихы бойынша мәліметтер қамтылған шығыс деректерінен үзінді келтірілген кітабы жарық көреді⁷. Республикамыздағы деректанудың дамуына елеулі үлес қосқан алғашқы қазақстандық шығыстанушылардың бірі – С.К. Ибрагимов еді. Ол Қазақ хандығы бойынша шығыс жазба шығармаларындағы құнды мәліметтерді басып шығарып, ғылыми айналымға енгізеді⁸. «XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы бойынша материалдар» деп аталатын шығыс деректерінен үзінділер келтірілген жинақты дайындауға С.К. Ибрагимов тарапынан ықылас білдірілген болатын. Бұл күрделі әрі көп тер төгілген жұмыс В.П. Юдинмен⁹ аяқталған болатын. Ортағасырлардағы Қазақ хандықтарының және олардың көрші мемлекеттермен, халықтармен қарым-қатынас тарихы бойынша құнды мәліметтер мазмұндалған 16 парсы, түркі шығармалар және 4 вакуфтық құжаттар ғылыми айналымға енгізілді.

1970-80 жылдардағы қазақстандық шығыстанушылар арасында араб, парсы, түрік тілдерінде ежелгі және ортағасырлар тарихы бойынша шығыс деректерін анықтап, ғылыми айналымға енгізу жұмысы жалғастырылды. Осы тұста Б.Е. Көмеков¹⁰, Т.И. Сұлтанов¹¹, К.А. Пищулина¹², М.Х. Әбусейтова¹³ еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

⁶ Бартольд В.В. Работы по источниковедению // Бартольд В.В. Сочинения. – М., 1973. – Т. VIII. – 723 с.

⁷ Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.) / под ред. С.Д. Аспандиярова и проф. П.А. Кунте. – 2-е изд. – Алматы: Казахстан, 1997. – 383 с.

⁸ Ибрагимов С.К. Новые материалы по истории Казахстана XV-XVI вв. // ИСССР. – М., 1960. – № 4. – С. 152-158.

⁹ Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. Извлечения из персидских и тюркских сочинений / сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин; ответ. ред. Б.С. Сулейменов. – Алма-Ата, 1969. – 650 с.

¹⁰ Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв.: научно-аналитический обзор. – Алма-Ата, 1987. – 41 с.

¹¹ Сұлтанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982. – 134 стр; Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.

¹² Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977.

Кеңес үкіметі Ғылым Академиясы Шығыстану Институтының ленинградтық бөліміндегі ғалымдардың көмегімен «Материалы по истории киргизов и Киргизии» деп аталатын жинақ жарыққа шықты¹⁴. В.А. Ромадиннің басшылығымен жарық көрген бұл жинақ 2002 жылы Бішкекте қайта басылып шықты¹⁵.

1960-1980 жылдары В.П. Юдиннің (1928-1983) таңдаулы еңбектерінің жинағы шығады¹⁶.

Темірлік деректерді аударып тарихи айналымға енгізген К.А. Пищулианың еңбегін елемей кетуге болмайды. Оның «Юго-Восточный Казахстан в середине XIV-начале XV века» атты 1977 жылы еңбегі парсы деректерінің негізінде жазылған болатын.

Бүгінгі таңда Қазақстан тарихын зерттеуге бағытталған деректер қорын жинауға зор мүмкіндік туып отыр. Кейінгі жылдарда Қазақстан тарихының деректік базасы кеңейіп, тарихшы, шығыстанушылардың зерттеу еңбектерімен толығып отыр.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең бойынша да Б.Е. Көмеков, Т.И. Сұлтанов, К.А. Пищулина, М.Х. Әбусейтова және т.б. ғалымдарымыздың зерттеу еңбектерінің маңызы зор. Зерттеушілер ортағасырлық дерек көздерін деректанулық талдаудан өткізіп, кейбір өзекті, ақтаңдақ мәселелердің басын ашып, ғылымға елеулі үлес қосты.

1993 жылы Әмір Темір ұрпақтарының бірі Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың шығармасы «Бабырнаманы» Байұзақ Қожабекұлы қазақ тіліне аударып, оқырмандарға ұсынған болатын¹⁷. Ал 2001 жылы «Қазақстандық шығыстанушылардың зерттеулері» («Казахстанские востоковедные исследования» – «КВИ») сериясы, М.Х. Әбусейтова мен Ю.Г. Баранованың «Письменные источники по истории и культуре Казахстана и

¹³ Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с.

¹⁴ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1, – 280 с.

¹⁵ Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана. – 2-е изд. / отв. ред. В.А. Ромодина. – Бишкек, 2002. – 315 с.

¹⁶ Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с.

¹⁷ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 448 б.

Центральной Азии XIII-XVIII вв.» атты монографиясы шыққан. Ол еңбекке 34 парсы және түрік тілді шығармалардан библиографиялық шолулар енгізілді¹⁸.

Қазақстан мен Орталық Азия тарихына қатысты нарративті парсы шығармаларына деректанулық талдау жасаған зерттеушілердің бірі Ж.М. Тулебаева¹⁹. Зерттеушінің еңбектерінде XII-XIX ғасырлар аралығындағы Қазақстан тарихына қатысты парсы деректері жинақталып, олар классификацияланып, деректік құндылықтары жүйелі түрде анықталған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы 2004-2006 жылдары жүзеге асырыла бастаған болатын. Бұл бағдарлама негізінде шет елдердегі жазба мұраларымызды тауып, елімізге алып келуге мүмкіндіктер берілді. Қазақ тарихына қатысты жазба деректерді жинақтап, оларды қазақ тіліне түсінікті етіп аударып, кітап етіп шығаруға мол қаражат керек болатын. Міне, Елбасының тарапынан қолдауға ие болған бұл іс өз нәтижесін берді деп ойлаймыз.

Елімізде жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Қазақ тарихы парсы деректерінде», «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» деп аталатын сериямен 10-томдық, «Ортағасырлық тарихи ой» сериясының үшінші томы 2005 жылы жарық көрді. Бұл кітаптарға шығыс және батыс авторларының кең танымал еңбектерінен алынған үзінділер енді. Ортағасырлардағы әлемдік тарихи ой-сананың ең құнарлы материалдары: Рашид-ад-дин, Марко Поло, Плано Карпини, Вильгельм Де Рубрук, Махмұд Қашқари, Әбілғазы Баһадур хан, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Ибн Хордадбек, Ал-Идриси, Ата Малик Жувейни, Низам ад-Дин Шами, Шараф ад-Дин 'али Йезди, Абд ар-Раззак Самарканди, Мұхаммед Ховенд-шах Мирхонд, Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр қатарлы әйгілі тарихшы-шежірешілердің еңбектері енген болатын.

¹⁸ Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.

¹⁹ Тулебаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с.

«Ортағасырлық тарихи ой» сериясымен шыққан жинаққа көне замандарда Шығысты мекендеген халықтар мен мемлекеттерден қалған тарихи ойдан мағлұмат беретін және сол кезеңдердегі Қазақстан жерін мекендеген ел-жұрттың бай тарихынан мол ақпарат беретін еңбектер топтастырылған²⁰.

ҚР Ұлттық кітапханасы құжаттық мұраларды сақтау және зерделеу Орталығының директоры З.Д. Шаймарданова Қазақстан және Орталық Азия аймақтары үшін тарихи-мәдени құндылығы бар қолжазбалық мұраларды шығару жұмыстарын айтарлықтай жоғары деңгейде жүргізіліп жатқандығын айтады. Қолжазбалар арасында ортағасырлық негізгі дерек көзі болып табылатын темірлік деректер де бар. Олар: «Улус-и арба-йичингизи» (Шыңғыс түбірінің төрт ұлысы), «Силсии ас силатин». Зерттеуші З.Д. Шаймарданова Британдық және Бодлеандық (Англия) кітапханаларында сақталған осы қолжазбаларды «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының негізінде алып келінгендігін және олармен Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының оқу залдарында зерттеуші қауымның танысып, оқып білуіне мүмкіндіктер болады деген еді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуы нәтижесінде қолымыз жеткен тағы бір темірлік деректердің бірі «Му‘изз ал-ансаб» шығармасы²¹.

Ал тарихи деректерді талдаудың негізгі принциптері мен оларды сыннан өткізудің негізгі кезеңдері, сыныптау мәселесі мен деректің шынайылық деңгейін анықтауда И.Д. Ковальченко²², О.М. Медушевская²³, М.К. Макаров²⁴ және т.б. еңбектерінің алатын орны ерекше.

²⁰ Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, 2005. – Т. 3: Ортағасырлық тарихи ой. – 512 б.

²¹ История Казахстана в персидских источниках. Му‘изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии). Т. III / отв. ред. А.К. Муминов; пер. с персидского, предисл., прим., подготовка факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 672 с.

²² Ковальченко И.Д. Аграрный строй России второй половины XIX начала XX в. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2004. – С. 504.

²³ Медушевская О.М. О проблемах классификации исторических источников // Советские архивы. – 1978. – №5. – С. 12-23.

²⁴ Макаров М.К. О принципах классификации письменных источников // Труды МГИАИ. – Т. 16. – М., 1961. – С. 155.

Бүгінгі таңда зерттеушілер деректанудың теориялық-методологиялық мәселелерін терең меңгере отырып, тарихи деректерді кешенді түрде, жан-жақты зерттелуіне өзіндік үлес қосуда. Бұл ретте Қ.М. Атабаев²⁵, З. Қинаятұлы²⁶ және Ресей ғалымдарының ішінде Н.И. Смоленский²⁷, В.И. Стрельский²⁸ және т.б. еңбектерінің құндылығы жоғары деуге болады.

Сонымен еліміз тәуелсіздік алғанға дейін еліміздің тарихына қатысты көптеген парсы деректер жинақталып, топтастырылып, зерттелсе, егемендік алғаннан кейінде ол жұмыс өз жалғасын тапты. Алайда егемендік алғаннан кейінгі атқарылған істің орны бөлек десек те болады. Өйткені көптеген деректер түсінікті етіп өз ана тіліміз – қазақ тіліне аударылды.

Қорыта келгенде темірлік әулет шығармалары ортағасырлардағы Қазақстан және Орталық Азия елдерінің тарихынан маңызды, құнды мағлұматтар береді. XIII ғасырдың басы мен XVI ғасырдың I жартысына дейінгі уақыт аралығында шыққан Темір әулеті тарихшыларының шығармаларының құндылығы, ерекшелігі мен деректанулық талдау жүргізу әдістемесі осы оқу құралында нақты ұсынылады. Еңбектің жаңалығына деректанудың теориялық-методологиялық негізіне сүйене отырып, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға тарихи принциптер мен объективтілік және жаңа көзқарастар тұрғысынан қарау, осы негізде зерттеуге баулу жатады. Сонымен қатар темірлік тарихнамадағы материалдарды пайдалану және талдау тәсілдері туралы мейлінше толық мағлұмат беру мақсатында оқу құралында Қ.М. Атабаев, Т.О. Омарбеков, М.Х. Әбусейтова, З. Қинаятұлы және т.б. жетекші ғалымдарымыздың жаңа әдіс-тәсілдерінің нәтижелеріне сүйендік.

Жалпы еңбекте пайдаланылған дерек көздерін екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топты негізгі деректер ретінде Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған

²⁵ Атабаев Қ.М. Деректану – Қазақстан қоғамдық ғылымдарының методикалық негізі // «Тарихи дерек: археография және деректану мәселелері» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 30 қазан 2007. – Алматы, 2007. – 3-11 б.

²⁶ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 344 б.

²⁷ Смоленский Н.И. Теория и методология истории. – М.: Академия, 2007. – С. 272.

²⁸ Стрельский В.И. Теория и методика источниковедения истории СССР. – Киев: Издательство Киевского Университета, 1968. – С. 264.

шығармалар кұрайды. Олар: Әмір Темірдің «Тузук-и Темури», Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йездидің «Зафар-наме», Мырза Ұлықбектің «Тарих-и арба' улус», «Маджма' ат-таварих-и султанийа» және Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Абд ар-Рашид ал-Харавидің (Хафиз-и Абрудың) «Тарих-и Хафиз-и Абру», Абу-л-Хасан Са'ид 'Али ал-Джурджани, Фасих Ахмад ибн Джалал ад-Дин Мухаммад ал-Харавидің «Муджмал-и Фасихи», Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла' ас-са'дайн ва маджма' ал-бахрайн», Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа», «Ма 'асир ал-Мулук» және Гийас ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Хумам ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Джалал ад-Дин ибн Ходжа Бурхан ад-Дин Мухаммад Хусайни Ширази Херавидің (Хондемирдің) «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар», «Му'изз ал-ансаб» және де Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-намасы», «Силсилат ас-салатин» шығармалары. Бұл деректер зерттеушілері тарапынан аударылып, түрлі жинақтарға топтастырылған. Деректердің түпнұсқалық құндылығын жоғалтып алмау мақсатында қазақ, орыс, өзбек тілдеріне аударылған нұсқалары да қолданылды.

Алтын Орда жөнінде мәлімет беретін шығыс дерек көздерінен алынған үзінділердің екі томдық жинағын В.Г. Тизенгаузен (1825-1902) жүзеге асырды. 2005 жылы бұл жинақ қайта басылып шықты. Ал екінші томына нақ сол В.Г. Тизенгаузен іріктеп алған парсы шығармаларынан үзінділер енгізілген болатын, олар алпыс жылға жуық уақыт өткен соң, А.А. Ромаскевич пен С.Л. Волиннің өңдеуімен басып шығарылды. Онда Низам ад-дин Шамидің, Шараф ад-дин Йазидің, Му'ин ад-дин Натанзидің, Абд ар-Раззак Самаркандидің шығармаларынан үзінділер келтірілген. Бұл жайлы жоғарыда да айтып өткен болатынбыз.

Ал бүгінгі таңда сол жинақтағы деректер (Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йездидің «Зафар-наме», Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла' ас-са'дайн ва

маджма' ал-бахрайн», Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-нама» шығармалары) өзіміздің ана тіліміз қазақ тіліне аударылды.

В.А. Ромадиннің басшылығымен жарық көрген «Материалы по истории киргизов и Киргизии»²⁹ деп аталатын жинақтың екінші бөлімінде Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йаздидің «Зафар-наме», Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа» шығармаларынан үзінділер бар.

2006 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына орай «Муизз ал-ансаб» шығармасы орыс тіліне аударылып, «Қазақстан тарихы парсы деректерінде» атты жинақтың III томында жарық көрді³⁰.

Қазақ халқы мен Қазақстан тарихына қатысты парсы деректерін зерттей отырып, Ж.М. Тулебаева зерттеу жұмысында темірлік деректерге арнайы бөлім арнайды³¹. Ол өзінің зерттеу жұмысында көптеген темірлік шығармалардан мәлімет береді. Автор зерттеу жұмысының қосымша беттерінде «Муджмал-и Фасихи», «Тарих-и арба' улус», «Силсилат ас-салатин» шығармаларының қазақ халқына қатысты мәліметтерінің аудармаларын береді.

Әмір Темір ұрпақтарының бірі Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың шығармасы «Бабыр-наманы» Байұзақ Қожабекұлы қазақ тіліне аударып оқырмандарға ұсынған болатын³².

Сонымен қатар өзбек ғалымдарымен Әмір Темірге байланысты барлық деректер өзбек тіліне аударылып, Низам ад-дин

²⁹ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 280 с.

³⁰ История Казахстана в персидских источниках. Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии). Т. III / отв. ред. А.К. Муминов; пер. с персидского, предисл., прим., подготовка факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 672 с.

³¹ Тулебаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дис. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с.

³² Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 448 б.

Шамидің³³, Шараф ад-дин Йаздидің³⁴, Абд ар-Раззак Самарканди³⁵, Ұлықбек³⁶, Бабыр³⁷ шығармалары (түпнұсқа, терілген және факсимилиялық түрінде) кітап болып шықты.

Әмір Темірге арналған әйгілі «Тузуки Темурий» кітабының өзбек тіліндегі³⁸ және орыс тіліндегі³⁹ аудармалары бар.

Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалар Әмір Темір (1370-1405) мен Темір әулеті (1370-1506) билеген кезенді қамтиды.

Темір және оның ұрпақтарының шығармаларында ортағасырлардағы қазақ халқы мен қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Алайда оларды алып пайдаланбас бұрын деректерді сыннан өткізген дұрыс болар еді. Оқу құралында тарихшы мамандарды деректермен жұмыс жасауға баулу мақсатында осы деректердегі ақпараттарды бір-бірімен, содан соң ортағасырлық басқа да деректермен салыстырып талдау әдістері де көрсетілген. Темірлік шығармаларда Қазақ хандығының құрылуының алғы шарты болған мемлекеттердің саяси тарихы, және Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі оқиғалар бейнеленеді.

Ал екінші топқа деректерді бір-бірімен салыстыру арқылы жаңа нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пайдаланылған қосымша деректер жатады. Олар: М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди»⁴⁰, Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесі»⁴¹, Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы»⁴², Әбілғазының «Түрік

³³ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996.

³⁴ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 383 б.

³⁵ Абдураззоқ Самарқандий. Матлаи саъдайн ва маджмаи бахрайн. Форс – тожик тилидан таржима, кириш суз ва изохли луғатлар тарих фанлари кандидати А. Уринбоевники. – Ташкент, 1969. – 464 б.

³⁶ Мирзо Улуғбек. Турт улус тарихи / Б.Ахмедовнинг кириш сузи, изохлари ва тахририда: Форс тилидан Б.Ахмедов ва бошқ. тарж. – Ташкент, 1993. – 352 б.

³⁷ Бобирнамо. – Ташкент, 1960. – 1989.

³⁸ Темур тузуқлари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Қароматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изохлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 344 б.

³⁹ Уложение Тимура / ред. Р. Азимова. – Ташкент, 1992. – 108 с.

⁴⁰ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 614 б.

⁴¹ Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б.

⁴² Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. Жалпы редакциясын қараған М. Мағауин. – Алматы, 1997. – 128 б.

шежіресі»⁴³ және де араб деректері⁴⁴, орыс деректерінен «Троицкая летопись»⁴⁵, «Лаврентьевская летопись»⁴⁶, «Патриаршая или Никоновская летопись»⁴⁷.

Темірлік жазба дерек көздеріне жасалған сыныптау мен деректанулық талдаудың нәтижелері болашақта шығыс деректерін тануға бағытталған зерттеулерге негіз болады. Зерттеу жұмысының деректері мен ғылыми материалдарын шығыстану, тарих және философия факультеттерінде арнайы курстарға оқытуда пайдалануға болады. Сонымен бірге оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарын және ғылыми еңбектер даярлауда пайдалануда өз септігін тигізеді.

⁴³ Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 с.

⁴⁴ История Казахстана в арабских источниках: сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном. Т. I / подгот. к новому изданию, введ., доп. и коммент. Б.Е. Кумекова, А.К. Мунинова. – Изд. перераб. и дополн. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 711 с.

⁴⁵ Приселков М.Д. Троицкая летопись. Реконструкция текста. – М., Л., 1950. – 515 с.

⁴⁶ ПСРЛ. Лаврентьевская летопись. – М., 1997. – Т. 1. – 733 с.

⁴⁷ ПСРЛ. Патриаршая или Никоновская летопись. – М., 1965. – Т. 9, 10, XXIII. – 256 [4]. – 244 с.

I бөлім

ӘМІР ТЕМІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ

1.1. Темір әулеті тарихына арналған шығармалардың ерекшеліктері мен маңызы

Қазақстан мен қазақ халқының мәдениеті мен тарихын зерттеу үшін өткен ғасырлардың аса бай жазба мұраларын шығармашылық тұрғыдан меңгеру өте маңызды болып табылады. Біздің тарихымызға қатысты XIII-XVI ғасырлардан бізге дейін жеткен жазба ескерткіштерінің ішінде парсы тілді деректер ерекше орын алады.

Деректану теориясы үшін принципті сәттің бірі – тарихи деректің адамдардың мақсатты іс-әрекетінің жемісі ретінде қарап, оның әлеуметтік табиғатын ашу болып табылады. Деректанудың негізгі мәселесі – тарихи деректің табиғатын ашу, оның объективті қасиеттері мен олардың қалыптасу заңдылықтарын зерттеу. Адамдардың мақсаты іс-әрекеттерінің қорытындысында пайда болған деректерді талдау, олардың пайда болу себептерін ашу – олардың тарихи процестердің барысында атқарған функцияларын айқындау арқылы ғана мүмкін болады. Әлеуметтік процестердің даму барысында пайда болып, кейіннен тарихи зерттеу объектісіне айналған деректер, өзінде тарихи процесс ретіндегі методологиялық бірлігі мен ғылыми тарихи танымды біріктіреді.

Деректану ғылымының қағидасы бойынша кез келген тарихи дерек өзінің пайда болуы жағынан объективті. Бұл ретте

деректанушы О.М. Медушевская: «Исследовать источник, являющийся результатом целенаправленной человеческой деятельности, возможно лишь исходя из того, какими причинами было вызвано появление этого источника, какое место он занимал в ходе исторического процесса. Без понимания объективных закономерностей, вызвавших к жизни данный источник и соответственно отразившихся в его содержании, понять и истолковать содержание источника невозможно. Из этого следует, что возникая в ходе исторического процесса и в то же время являясь объектом изучения, исторический источник воплощает в себе неразрывное единство истории как процесса и научного исторического познания» – деген болатын.

Ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты жазба деректерді шартты түрде мынандай принциптерге негіздеп бөлуге болады:

- әулеттік;
- тілдік;
- аймақтық.

Көптеген ғалымдар ортағасырлық деректерді бөлгенде әулеттік принципті басшылыққа алады. Аймақтық немесе территориялық принципті басшылыққа алу да маңызды. Яғни деректің пайда болған жері, оның ерекшеліктері мен табиғи болмысының деректе көрініс табуы өте маңызды. Алайда тілдік, стильдік, жанрлық ерекшелігі деректің объективтілігі мен субъективтілігіне қатты әсер ететінін де ұмытпауымыз қажет.

Әсіресе, ортағасырлық деректер көбінесе парсы, араб, түркі тілінде жазылған. Көбінесе мұсылман ренесансы кезінде пайда болған, дамыған араб тілінде жазылған шығармалардың кемелденген, жетілдірілген формалық ерекшелігі бар. Парсы тіліндегі деректер ойдың тереңдігімен ерекшеленіп, уақыт өте парсы тілі тарихнама мен поэзияның, мәдениет пен іс жүргізудің (канцелярия), әдеби шығармалардың тіліне айналды. Ал түркі тілі (шағатай тілі) қарапайымдылығы мен өмірге жақындығымен, әсірелеудің шамадан тыс болмауымен де ерекшеленді. XVI ғасырдан бастап поэзияда кең түрде түркі тілі қолданыла бастады. Сондықтан да, ортағасырлардағы деректерді тілдік принципте классификациялаудың да маңызы зор. Өйткені, әр тілдің мәлі-

меттерді беру ерекшелігі, әсірелеуі мен нақтылығы, толықтығы тарихи кезенді жан-жақты зерттеуге, бағалауға, толыққанды тұжырымдар жасауға өзіндік септігін тигізері анық.

Әулеттік деректер тобына XIII-XVIII ғасырлардағы Орталық Азия, Иран, Ауғанстан, Үнді, Шығыс Түркістан аумақтарындағы билеуші әулеттердің тұсында жазылған тарихи шығармалар жатады. Ортағасырлық шығармаларды Темірлік, Шайбанилық, Аштарханилық, Бабырлық, Сефевидтік деп билеген әулеттердің тапсырмасымен жазылғандықтан осылайша жіктеуге болады. Өйткені, деректер тікелей сол әулеттің тапсырысы бойынша жазылып, көбінесе әулеттің билеушілерін тізбектеп, олардың бірін екіншісінен керемет етіп сипаттау орын алған.

XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір әулеті тобының шығармаларынан тұрады. Бұл шығармалар Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихнамашыларымен жазып қалдырылған. Бұл деректер бұған дейін де зерттеушілер тарапынан кеңінен қолданылып келді. Алайда тарихшылар өздеріне керекті тұстарын ғана өз зерттеулері үшін үзіп-үзіп алып отырды, ал ол деректерге кешенді түрде деректанулық талдаулар жасалған жоқ.

Темір ұрпақтарына арналған шығармаларға тоқталмас бұрын оған қандай шығармалар енетіндігін анықтап алған дұрыс болар еді. Бұл әрине, қиындық туғызатын мәселелер қатарына жатады. Зерттеушілер ортағасырлық Қазақстан тарихына арналған типтік, тақырыптық, территориялық-уақыттық және де түріне, саяси бағдарына қарай деректерді хулагидтік, темірлік, шейбанилық, бабырлық, сефевидтік, аштарханилық, маңғыттық, қоқандық, шағатайлық және т.б. әр түрлі деректер топтарына бөліп қарастырып, осы топтарға белгілі шығармаларды жатқызады. Және де осылай жүйелеу ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеу жұмысын анағұрлым жеңілдеті түсетіндігі де анық.

Ең алдымен Қазақстан мен қазақтар тарихының түрлі аспектілері бойынша анағұрлым маңызды және толықтай деректер бере алатын XIII-XIX ғасырлардағы парсы тілді жазба деректердің барлық кешендерін сыни тұрғыдан зерттеп, жүйелеп, ай-

қындап, сонымен қатар, жаңа деректерді ғылыми айналымға⁴⁸ енгізіп, талдап, сыни тұрғыдан іріктеген зерттеуші Ж.М. Тулебаеваның зерттеулеріне тоқталайық.

Ж.М. Тулебаеваның көзқарасына сай, XIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқы мен Қазақстан тарихына қатысты парсы деректерін территориялық, уақыттық, типтік және тақырыптық белгілері бойынша жүйелеу, олардың жүйесінің анағұрлым үйлесімді және ыңғайлы үлгісін (схемасын) құрайды. Автор парсы жазба ескерткіштерін жазылған территориясы мен пайда болған уақытына қарай топтай отырып, XIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқының тарихына қатысты мәліметтерді сақтаған деректерді: хулагидтік, темірлік, шайбанилық, бабырлық, сефевидтік, аштарханилық, маңғыттық, қоқандық деректер тобына жүйелеуге болады деп көрсетіп, «темірлік» пен «бабырлық» деректерді жеке-жеке қарастыруды ұсынады. Осылайша, Темір әулеті шығармаларына мына деректерді жатқызады: Әмір Темірдің «Тузук-и Темури», Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Муин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Муини», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йаздидің «Зафар-наме», Мырза Ұлықбектің «Тарих-и арба' улус», «Маджма' ат-таварих-и султанийа» және Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Абд ар-Рашид ал-Харавидің (Хафиз-и Абрудың) «Тарих-и Хафиз-и Абру», Абу-л-Хасан Са 'ид 'Али ал-Джурджани, Фасих Ахмад ибн Джалал ад-Дин Мухаммад ал-Харавидің «Муджмал-и Фасихи», Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла' ас-са' дайн ва маджма 'ал-бахрайн», Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа», «Ма'асир ал-Мулук» және Гийас ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Хумам ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Джалал ад-Дин ибн Ходжа Бурхан ад-Дин Мухаммад Хусайни Ширази Херавидің (Хондемирдің) «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар» шығармалары⁴⁹.

⁴⁸ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с.

⁴⁹ Тулибаева Ж.М. Темуридская историография как источник по истории Дешт-и-кыпчака и Туркестана // Ученые записки Академии экономики и права. – Алматы, 2003. – №5. – С. 118-126.

«Бабыр әулеті Үндістанда 1526-1858 жылдар аралығында билік етті. Әулеттің негізін қалаушы Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр (1526-1530) болып табылады. Бабыр әулетінің жекелеген өкілдерінің бұйрығына сай қазақ халқы тарихы бойынша мәліметтері бар бірқатар шығармалар жазылды. Ондай деректерге мыналар жатады: «Тарих-и Рашиди», «Тарих-и Кипчакхани» және «Силсилат ас-салатин»», – дейді Ж.М. Тулебаева⁵⁰.

Қазақстанның әйгілі шығыстанушы ғалымы В.П. Юдин деректерді шайбанилық, шағатайлық, темірлік, сефевидтік және аштарханилық топтарға бөле отырып, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасын шағатайлық, Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-намасын» темірлік деректер тобына енгізеді. Ал «Тарих-и Кипчаки» шығармасын аштарханилық деректер топтамасына жатқызады⁵¹. Сонымен қатар, зерттеуші М.Х. Әбусейітова да «Тарих-и Рашидиді» шағатайлық дерек ретінде қарастырады⁵². Шығыстанушы ғалым В.П. Юдиннің көзқарасына сүйене отырып, «Тарих-и Рашиди» шығармасын шағатайлық дерекке жатқызуға болады. Өйткені, дерек тікелей Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың бұйрығымен немесе ұсынысымен жазылмаған және де еңбек толығымен оның өміріне немесе ұрпақтарына арналмаған. Мұхаммед Хайдар Дулати Захир ад-Дин Бабырдың бөлесі болғаны белгілі және оның Бабырдың еңбегін үлгі тұтқандығы да мәлім. Шығарма жеке мемуарлық болып табылады. «Тарих-и Рашидиді» ол «екі дәптерге» (екі бөлімге) бөледі. Әуелі екінші бөлімін (өмірбаянын) жазудан бастайды. Өйткені, бұрын-сонды тарихи шығарма жазып көрмегендіктен еңбегін өзі көріп бастан кешкен, естіген немесе жақында сақталған оқиғаларды баяндаудан бастайды (еңбек Кашмирде жазылған). Аталмыш дүниесіне кіріспес бұрын бөлесі Бабырдың «Бабыр-намасын» тағы да басқа деректерді оқып сан рет ой елегінен өткізеді. Өзінің көргендерін һәм түйгендерімен салыстырады. Оқиғаларды сұрып-

⁵⁰ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв.: автореф. дисс. на соиск. уч. степни д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 15.

⁵¹ Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с. – С. 22.

⁵² Абусейитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с. – С. 15.

тап, екшеуге мән береді. Алайда, соған қарап оны бабырлық деректерге жатқызуға болмайтын секілді. Сонымен қатар, ол «екінші дәптердегі» маңызды тарихи оқиғаларды суреттеуде олардың деректігін арттыру үшін Ата Малик Ала ад-Дин Мұхаммед Джувайнидің (1225-1283) «Тарих-и джахангушай» және Әмір Темірдің жылнамашысы болған тамаша тарихшы Шараф ад-дин Әли Йаздидің (1454 ж.қ.б.) «Зафар-намесіне» сүйенеді⁵³. М.Х. Дулатидің шығармасы парсы тілінде жазылып, екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім моғолдың Шағатай ұрпақтарынан шыққан хандарының тарихынан тұрады, онда Әмір Болатшы дуғлат 1348 жылы Тоғлық-Темір ханды хан тағына көтерген уақыттан бастап, Мұхаммед Хайдар мырза Абд ар-Рашид ханның құрметіне арнаған өз шығармасы 1533 жылы Қашғарияда (Моғолияда) оның билік ете бастағанына дейін Моғолстанда болған оқиғаларды баяндаған.

Екінші бөлім автор 1541 жылға дейін жеткізген мемуарлар болып табылады. Бұл бөлімде өз өмірбаяны және сол дәуірдің көптеген тарихи тұлғалары туралы өмірбаяндық материалдарымен қоса, бірінші бөлімде баяндалғандарына қосымша Сұлтан Сайид ханның Моғолстандағы билік үшін күресі, оның 1514 жылы Қашғарияның дуғлат әмірлерін басып алып, Моғолия мемлекетінің негізін қалағаны, Моғолстанның бұрынғы аумақтары – Жетісу мен Тянь-Шань өңірінде Шағатай ұрпақтарының билігін қалпына келтіру әрекеттері туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар XIV-XVI ғасырлар шебінде Орта Азияда, Шығыс Түркістанда, Ауғанстанда, Үндістанда болған көптеген тарихи оқиғалар баяндалған⁵⁴. Яғни автор негізінен өз еңбегінде Шағатай ұрпақтары жайлы көп мәлімет беретіндігіне қарай оны шағатайлық дерекке жатқызған дұрыс болады. М.Х. Дулатидің өзі былай дейді: «Ал, кітаптың «Тарих-и Рашиди» аталуының да мынадай үш түрлі себебі бар. Оның біріншісі, Тоғлық Темір хан ислам дінін маулана Аршададиннің, одан кейін Кебек хан қабылдаған еді. Алайда, осы хандар дәуірінде моғол ұлыстары

⁵³ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хак жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 614 б. – 18-б.

⁵⁴ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 640 б. – 15 б.

ислам дінінен дұрыс жол таба алмады. Ал құдыретті де мәртебелі Тоғлық Темір хан мен бақытты моғол ұлысы исламнан дұрыс жол тауып, ұлылыққа бет бұрды. Үшіншіден, қазіргі уақытта моғол ханы Әбдірашид хан (Шағатай ұрпағы, Сұлтан Саид ханның ұлы) болғандықтан, бұл тарих соған арналып, оның құрметіне құрастырылып отыр. Осы үш себептен бұл тарих «Тарих-и Рашиди» («хақ жолындағылар тарихы») деп аталынды⁵⁵. Темірлік деректерге негізінен Темір мен оның ұрпақтарының сарайында жазылған шығармалар жатқызылады. Бабыр шығармасының өзі Темір ұрпақтарының деректеріне енеді. Өйткені, Бабыр тікелей Темір әулетінің өкілі болып табылады. Алайда, зерттеуші Ж.М. Тулебаева Бабырдың «Бабырнамасын» не темірлік, не бабырлық деректеріне жатқызбайды. Оны өз зерттеуінде мүлдем қолданбайды да. Бабырдың шығармасы темірлік деректерге жатады және де ол жеке мемуарлық шығарма болып табылады.

Басқа да деректерге тоқталатын болсақ, М.Х. Әбусейітова өз зерттеуінде⁵⁶ ортағасырлардағы Қазақстан тарихына арналған деректерді мауераннахрлық шайбанилық, шағатайлық, сефевидтік, аштарханилық тарихнама деп бөліп, Ходжамкули-бек Балхидың «Тарих-и Кипчак-хани» шығармасын мауераннахрлық шайбанилық тарихнамаға жатқызады. Ал Ж.М. Тулебаеваның зерттеу жұмысында⁵⁷ ол шығарма Пенджаб билеушісі Сайф ад-Давл Абд ас-Самад-ханның бұйрығы бойынша жазылып, бабырлық деректер топтамасына кіреді деп көрсетіледі. В.П. Юдин бұл шығарманы кейінірек аштарханилердің ұсынысы бойынша жазылған шығармаларға жатуы мүмкін деген болжам айтады⁵⁸. Жас ғалым Н.А. Атығаев та «Тарих-и Кипчахи» шығармасын аштарханилық «джанидтік» тарихнамаға жатқызады⁵⁹.

⁵⁵ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 614 б. – 40-41-бб.

⁵⁶ Абусейітова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с. – 15-б.

⁵⁷ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв.: автореф. дисс. на соиск.уч. степни д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 15.

⁵⁸ Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с. – С. 23.

⁵⁹ Атығаев Н.А. Казахское ханство в XV середине XVI века.: дисс. на соиск. уч. ст. к.и.н. – Алматы, 2003. – С. 19.

«Тарих-и Кипчаки» еңбегіне өзінің кандидаттық оқу құралысын арнаған Э.У. Хуршуттың өзі шығарманың қай деректер тобына жататындығына аса назар аудармаған⁶⁰.

Сонымен, Ходжамкули-бек Балхидың «Тарих-и Кипчак-хани» шығармасы да темірлік деректерге жатпайтын болып шықты. Өйткені, ол да тікелей Бабыр әулеті өкілдерінің бұйрығымен жазылмаған және онда Темір ұрпақтарына арналған ешқандай мәлімет те жоқ.

Демек, Ж.М. Тулебаеваның зерттеу жұмысындағы «Силсилат ас-салатин» шығармасы ғана тікелей Бабыр әулетінің өкілі Насыр ад-Дин Мұхаммед-шахқа арналып, бабырлық, яғни темірлік деректерге кіреді.

«Қазақ хандығының саяси тарихына арналған кейбір мәліметтерді сефевидтік тарихнама шығармаларынан табуға болады», – дей отырып Н.А. Атығаев олардың қатарына Гияс ад-Дин Хондемир Харавидің «Хабиб ас-сийар» шығармасын жатқызады.

Гияс ад-Дин Хондемир Харавидің «Хабиб ас-сийар» шығармасы XVI ғасырдың басында жазылып, алғашқы сефевид (қызылбасы) билеушілеріне арналған,⁶¹ – дейді автор.

Алайда, Хондемирдің шығармалық мұраларын зерттеумен арнайы айналысып, докторлық оқу құралы жазған Д.Ю. Юсупова бұл шығарманы Темір әулеті тарихнамасына жатқызады. Және де шығарманың ғалымдардың әйгілі жебеушісі Карим ад-Дин Ходжа Хабибаллах саваджидың ұсынысымен жазылып, соған арналғандығын айтады. Ж.М. Тулебаева да Гияс ад-Дин Хондемир Харавидің «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар» шығармасын Темір ұрпақтары тарихына арналаған шығармалары қатарына кіргізеді⁶².

Ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде осы тәрізді шиеленіскен жағдайлар өте көп. Сондықтан бұл кезеңді зерттегенде аса мұқияттылықты қажет етеді.

⁶⁰ Хуршут Э.У. «Тарих-и Кипчак-хани» – важный источник по истории Средней Азии и Северного Афганистана XVI-XVII вв.: автореф. дисс. на соиск. уч. степ. к.и.н. – Ташкент, 1982. – 25 с.

⁶¹ Атығаев Н.А. Казахское ханство в XV-середине XVI века.: дисс. на соиск. уч. ст. к.и.н. – Алматы, 2003. – С. 19.

⁶² Юсупова Д.Ю. Творческое наследие Хондамира как источник по истории культуры Центральной Азии XV-XVI вв.: док. дисс. – Ташкент, 2001. – С. 34, 14.

Сонымен, Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармаларға мына деректерді жатқызамыз: Әмір Темірдің «Тузук-и Темури», Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Му‘ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му‘ини», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йазидің «Зафар-наме», Мырза Ұлықбектің «Тарих-и арба' улус», «Маджма' ат-таварих-и султанийа» және Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Абд ар-Рашид ал-Харавидің (Хафиз-и Абрудың) «Тарих-и Хафиз-и Абру», Абу-л-Хасан Са 'ид 'Али ал-Джурджани, Фасих Ахмад ибн Джалал ад-Дин Мухаммад ал-Харавидің «Муджмал-и Фасихи», Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Магла' ас-са' дайн ва маджма' ал-бахрайн», Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа», «Ма'асир ал-Мулук» және Гийас ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Хумам ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Джалал ад-Дин ибн Ходжа Бурхан ад-Дин Мухаммад Хусайни Ширази Херавидің (Хондемирдің) «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар», «Му'изз ал-ансаб» және де Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-намесі», «Силсилат ас-салатин» шығармалары. Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалар Әмір Темір (1370-1405) мен Темір әулеті (1370-1506) билеген кезеңді қамтиды.

1-кесте

Темірлік деректерге жалпы сипаттама

№ р/н	Авторы	Деректің аты	Пайда болған уақыты	Сақталу формасы
1	2	3	4	5
1	Әмір Темір	«Тузук-и Темури»	Шамамен 14-15 ғасыр	Еңбек алғашында шағатай тілінде құрастырылып, бірақ бізге парсы тіліндегі аудармасы жеткен. Шығарма ағылшын, француз, қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.

1	2	3	4	5
2	Низам ад-Дин Шами	«Зафарнаме»	1402-1404 жж.	Парсы тілінде жазылған. Екі қолжазбасының бірі Лондонда, екіншісі Стамбулда сақталған. Шығарма қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.
3	Му·ин ад-Дин Натанзи	«Мунтахаб ат-таварих-и Му·ини» немесе «Ескендір анонимі»	815-816 жылдары (1412-1414 жж.)	Парсыша мәтіні 1957 жылы Тегеранда басып шығарылды. Бізге екі нұсқада жеткен: 1) Ескендірдің өзіне арналып төрт данасы сақталған; 2) Ескендірдің мұрагері Шаһрухқа қайта арналып, 1414 жылдың (817 х.ж. 22 раджаб айы) қарашада Гератта оған ұсынылады. Бұл қолжазбаның жалғыз нұсқасы сақталған. Ол «Мунтахаб ат-таварих-и Му·иниде» деп аталады және бірінші нұсқаның қысқартылған түрі, яғни Ескендірді мадақтаған тұстары алып тасталынған. Шығарма қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.
4	Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йазди	«Зафарнаме»	1419-1425 жж.	«Зафарнама» 1492 жылы Лотфи ақын жыр етіп өзбек тіліне, 1521 жылы Патефи тәжік тіліне, 1510-30 жылдары қайта Мұхаммед али ибн Дарвиш али Бұхари тарапынан өзбек тіліне және Хафез Мұхаммед ибн Ахмед-әл-Әжәми аудармасымен түрік тілінде жарық көрген. Ал XVIII ғасырда француз, ағылшын тілдеріне аударылған. Қысқаша үзінділері итальян тілі мен орыс тіліне аударылған болатын. Шығарманың қазіргі өзбек тілінде аудармасы бар. 1887-1888 жылы «Маулави-әлхадад» жаңа парсы тілінде реттеліп, Көлкөте қаласында баспаға тапсырылған. 1958 жылы бұл шығарма екі томдық болып, «Мұхаммед Аббаси» деген тарихшының еңбегімен Тегеранда басылып шыққан.

1	2	3	4	5
5	Мырза Ұлықбек	«Тарих-и арба' улус»	шамамен 1425 жылы жазылған	Өкінішке орай «Тарих-и арба' улус» тұтастай сақталмаған жә- не қазіргі уақытта берілген ең- бектің қысқартылған нұсқасы- ның төрт тізімі ғана белгілі. Шығарманың екі тізімі Англия- да, бір тізімі Үндістанда және бірі АҚШ-та сақталуда. Шығар- ма қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.
6	Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Мут- фуллах ибн 'Абд ар-Рашид ал-Хара- ви, ол Ха- физ-и Аб- ру деген атпен танымал	«Маджма' ат-тава- рих-и Султа- нийя» («Сұлтан ға арнал- ған жыл- намалар жинағы»)	826/1423- 830/1427 жж.	Қолжазба мәтіні Оксфордта сақ- талған. Шығарманың кейбір үзінділері орыс тіліне аударыл- ған.
7	Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Абд ар-Рашид ал-Хара- ви (Ха- физ-и Абрудың)	«Тарих-и Хафиз-и Абру»	Бірінші редакциясы 817/1414 ж., екіншісі 820/1417- 823/1420 жж. жазылған.	Шығарма араб тілінен парсы тіліне аударылған географиялық еңбек. Шығарманың кейбір үзін- ділері орыс тіліне аударылған.
8	Фасих Ахмад ибн Джалал ад-Дин Мухаммад ал-Ха- рави	«Муджма л-и Фасихи»	1442 ж.	Қолжазбаның ең ескі тізімі Лон- дон университетінің кітапхана- сында сақталған және автордың тірі кезінде көшірілген. М. Фар- рух шығарманы екі томда басып шығарады. 1961 ж. 701/1301- 1302 – 845/1441-1442 жж. Оқи- ғалар енген екінші том жарыққа шығады. Ж.М. Төлебаеваның зерттеу жұмысының қосымша беттерінде «Муджмал-и Фаси- хи», «Тарих-и арба' улус», «Сил- силат ас-салатин» шығармала-

1	2	3	4	5
				рының қазақ халқына қатысты мәліметтерінің аудармалары берілген.
9	Камал ад-Дин 'Абдар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самарканди	«Матла'ас-са' дайн ва маджма' ал-бах-райн»	Қолжазбаны 1470 ж. жазып бітірсе де, бұдан кейін де оған өзгертулер енгізген	Шығарма қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.
10	Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурханад-Дин Хавандшах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхид (Мирхонд)	«Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа»	шамамен 903/1498 ж.	Шығарма қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.
11	Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хавандшах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхид (Мирхонд)	«Ма'асир ал-Мулук»	904/1498-1499 жж. Құрастырылған	Шығарма қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.

1	2	3	4	5
12	Гийас ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Хумам ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Джалал ад-Дин ибн Ходжа Бурхан ад-Дин Мухаммад Хусайни Ширази Херави (Хондемир)	«Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар»	Шамамен XIV ғасырдың аяғы- XV	Шығарма қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.
13	Шығарманың авторы белгісіз.	«Му'изз ал-ансаб»	830/1426-1427 жж.	Парсы тілінде жазылған. Профессор Дж.Е. Вудс «Му'изз ал-ансабтың» екі қолжазбасы бар деп белгілейді. Бірақ жапон зерттеушісі Широ Андо Алигархта (Үндістан) тағы да «Му'изз ал-ансабтың» екі қолжазбасының бар екендігін айқындады. 2006 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына орай «Муизз ал-ансаб» шығармасы орыс тіліне аударылып, «Қазақстан тарихы парсы деректерінде» атты жинақтың III томында жарық көрді.
14	Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр	«Бабыр-наме»	Шамамен XV ғасырдың аяғы- XVI ғасырдың басы	1948 жылы «Бабырнаманың» өзбек тілінде жарық көрген екі томдығын П. Шамсаев пен С. Мирзаев дайындаған, кейін олардың қатысуымен «Бабыр-нама» бір том болып та басылған. Соңғы нұсқасы 1905 жылы Лондонда жарық көрген Хайда

1	2	3	4	5
				рабад қолжазбасы бойынша А. Беверидж басылымынан орыс тіліне аударылды. Өзбек тіліндегі нұсқа да М. Сальенің осы аудармасы негізінде шықты. Қазақ тілінде 1993 жылы «Жалын» баспасы шығарған.
15	Қажы Мір Мұхаммед Сәлім ибн Мұхаммед Рүстем – сұлтан ибн Мұхаммеддіяр – сұлтан ибн Пайанда Мұхаммед – сұлтан Аштарханидтер әулетінен	«Силсилат ас-салин»	Шамамен XVII ғ. аяғы мен-XVIII ғасырдың басы	Парсы тілінде жазылып, шығарманы Ж.М. Тулебаева алғаш рет өз зерттеуінде қазақтар тарихы жайлы мәліметтері бойынша ғылыми айналымға енгізеді. Қазіргі уақытта еңбектің Англияның Бодлеянск кітапханасында сақталған жалғыз данасы белгілі болуы мүмкін. Ж.М. Тулебаеваның зерттеу жұмысының қосымша беттерінде «Силсилат ас-салин» шығармасының қазақ халқына қатысты мәліметтерінің аудармасы берілген.

Әмір Темір және оның ұрпақтарының өмір сүрген уақыттары мен олардың сыртқы саясаттары жайлы сарай тарихшылары ғана нақты жазып қалдырған. Шығармаларда олардың көрші елдер мен халықтар жөніндегі саясаты ғана көрсетілмеген, сонымен қатар олардың ішкі саяси, шаруашылық, этникалық-мәдени өмірі жөніндегі материал да көп.

«...Деректанудың негізгі методологиялық принциптері деректермен жұмыс істеудің әр түрлі кезеңдерінде нақты көрініс табады». Алғашқы кезең деректерді іздеу, табу жағына келетін болсақ қазіргі кезде темірлік деректердің орысша, өзбекше, ескі өзбек тіліндегі аудармалары жарық көрген. Және бұл деректер ғылымда да айналымға енген бұрыннан мәлім деректер. Деген-

мен соңғы уақытта темірлік шығармалар болып табылатын жаңа деректер де зерттеушілер тарапынан ғылыми айналымға енгізілді.

Келесі кезең деректанулық талдау жағына келетін болсақ бұл темірлік деректерді зерттеуде аса қажет мәселелердің бірі. Профессор Қ.М. Атабаев деректердің пайда болуын сынауда кездесетін проблемаларды жеке-жеке атап өтеді⁶³.

Темірлік деректердің сақталу формаларына келетін болсақ қолжазбалар болып табылады.

Темірлік шығармалардың пайда болу уақытына тоқталатын болсақ, көп жағдайда деректің жазылған уақыты туралы құнды мәліметті сол шығарманың өзінен, оның мазмұнынан табуға болады. Және темірлік деректер көбінесе Темір не оның ұрпақтарының тарихына арналғандықтан тарихшының қай тұлғаның кезінде өмір сүргендігіне қарай да анықтауға болады. Қосымша деректерден де темірлік шығармалардың қай уақытта жазылғандығы туралы мәлімет ала аламыз.

Жоғарыда аталған мәтінді (текстті) оқу және уақытын анықтау үшін пайдаланылған тәсілдердің көбі оның пайда болған жерін анықтау үшін де қолданылады.

Темірлік деректер авторының не құрастырушысының атын анықтау (атрибуция) мәселесіне келетін болсақ, темірлік тарихшылардың өз шығармаларынан да, қосымша деректердің көмегімен де табуға болады. Соған қарамастан кейбір темірлік шығармалардың әлі күнге дейін авторлары белгісіз.

Темірлік деректерді зерттеуде мәтінді талдау жасау және әр түрлі деректерді қарама-қарсы салыстыру тәсілдері пайдаланылған.

Профессор Қ.М. Атабаев оқиғаны жақыннан суреттеген жылнамашылардың еңбектерінде оқиғаның бейнелеу дәрежесінің жоғары болатындығы рас дейді⁶⁴. Дегенмен, шынайылық проблемасына келетін болсақ темірлік деректердің бір ерекшелігі онда жасампаздық пен өз әмірлерін асыра мақтаушылық байқалады.

⁶³ Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері: оқу құралы. – Алматы, 1999. – 39-б.

⁶⁴ Сонда

Типі бойынша қазақтар мен Қазақстан тарихына арналған барлық темірлік шығармалар нарративті жазба деректерге жатады.

Түрі бойынша баяндаушы, темірлік деректер тарихи хроникалар, анналдар, естелік жазбалар, өмірбаяндар, күнделіктер болып табылады.

Материалдың мазмұнына қарап, оларды жалпы және әулет тарихы топтарына бөлуге болады.

Негізінен жалпы тарихқа зерттеушілер: «Мунтахаб ат-таварих-и Му‘ини», «Маджма' ат-таварих-и султанийа», «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа», «Маджма' ат-таварих-и султанийаның» төртінші томы «Зубдат ат-таварих-и Байсунгари» шығармаларын жатқызады. Әулеттік темірлік шығармаларды екі топтамаға бөлуге болады. Бірінші топтаманың авторлары өз шығармаларын әулеттің қандай да бір өкілінің билігін бейнелейді. Мысалы, мынадай шығармалар: «Зафар-наме», «Зафар-наме-ий Тимури» шығармалары Әмір Темірдің өміріне арналған. Екінші топтаманың авторлары қандай да бір әулеттің тұтас өкілдерінің билігін бірінен кейін бірін бейнелейді. «Тарих-и арба' улус» Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының тарихына арналған.

Ендігі кезекте Темір әулеті шығармаларына жеке-жеке тоқталып өтейік.

Әмір Темірге арналған әйгілі «Тузуки Темурий» кітабы парсы тілінен өзбек тіліне А. Соғуний мен Х. Караматов аударған. «Тузуки Темурий» (басқа аттары: «Малфузоти Темурий» – «Темірдің айтқандары» және «Воқиоти Темурий» – «Темір жайында оқиғалар») өзіне тән тарихи жазба болып, онда Әмір Темірдің сол кездегі халі және де оның ауыр, қауіп-қатерге толы оқиғалары, әскер құрып, оларды басқарудағы пікірі мен көзқарастары орын алған⁶⁵.

Әмір Темір «Тузуки Темурий» шығармасында былай деп жазады: «Менің айбынды әскербасшыларым мен әскерлерімнің көмегі арқасында, мен 27 мемлекеттің әміршісі болдым, мен Иран, Тұран, Рум, Магреб, Сирия, Египет, Ирак-Арабиі,

⁶⁵ Темур тузуклари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Кароматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изохлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 344 б.

Ирак-Аджеми, Мазандеран, Гилян, Ширван, Әзірбайжан, Фарс, Хорассан, Четте, Ұлы Татария, Хорезм, Хотан, Кабулистан, Бактерзамин және Үндістанның билеушісіне айналдым» [39, 7].

Шығарма аудармашының алғы сөзі мен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – Темір ережелері екі тараудан тұрады: бірінші тарау – Қаулы; екінші тарау – Темірдің жарғысы, жоспарлары мен іс-әрекеттері. Екінші бөлім – Темірдің естелік жазбалары.

Шығарманың екінші бөлімі Әмір Темірдің жеті жасынан бастап, оның 1405 жылы қайтыс болғанға дейінгі өмірбаянына арналған. Осы бөлімінде Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы қарым-қатынасының тарихы бейнеленген қызықты мәліметтер мазмұндалады.

Еңбек алғашында шағатай тілінде құрастырылып, бірақ бізге парсы тіліндегі аудармасы жеткен. Аудармашы Мір Әбу Тәліб әл-Хұсайни ат-Турбати өзінің алғы сөзінде, ол Арабияның әулие жерлеріне қажылыққа барғанда Йеменде болып, билеуші Джафар пашидің кітапханасынан түркі тіліндегі шығарманы тапқандығын, оның кейіннен Әмір Темірдің өмірбаяны болып шыққандығын хабарлайды⁶⁶.

Арабиядан қайтысында Мір Әбу Тәліб әл-Хұсайни ат-Турбати Аграда тоқтайды. Онда бабырлық Шах Жаһанға (1628-1657) қызметке орналасып және оның өтінішімен «Тузуки Темурийді» ескі өзбекшеден парсы тіліне аударып, патшаға ұсынады. Бұл жайында үндістандық танымал тарихшы Абдулхамид Лохордың «Патшахнама» кітабында қажетті мәлімет бар. Ғалымның айтуына қарағанда 1047 х.ж./1637-38 жылы Мір Әбу Тәліб әл-Хұсайни ат-Турбати Шах Жаһанға «Тузуки Темурий» деген парсыша кітапты ұсынады. Шах Жаһан аудармамен танысып шығып, онда бірнеше кемшіліктер тауып, ғалым және жазушы Мұхаммед Ашраф Бухарийді (1652 жылы қайтыс болған) шақыртып, Мір Әбу Тәліб әл-Хұсайни ат-Турбатидің аудармасын басқа деректермен, әсіресе Шараф ад-Дин 'Али Йездидің «Зафар-намесі» және соған ұқсас деректермен салыс-

⁶⁶ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – С. 106.

тырып шығып, сол жолмен аудармадағы қате мен кемшіліктерді түзетуді тапсырған⁶⁷.

Шығармаағылшын, француз, қазіргі өзбек тілдерінде және орыс тілінде аудармалары бар.

Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме» (парсы тілінен аударғанда «Жеңіс кітабы») шығармасы Әмір Темірдің өмір тарихы туралы ресми қолжазбаның сақталып қалған, екі түрде редакцияланған нұсқасының алғашқысы. 1402-1404 жылдары парсы тілінде жазылған. Авторы Низам ад-Дин Шами және басқа да аттарымен мәлім – Мавлана Низомуддин Шанбий, Мавлана Низомуддин Шанби Газаний немесе Низам Тебризи.

Низам ад-Дин Шами Тебризден солтүстік-батысқа шамамен екі шақырымдай жерде орналасқан Шанби Газан жергілікті аймағында туылған. Оның туылған, қайтыс болған жылдары жайлы толық мәлімет жоқ.

Низам ад-Дин Шамидің 1393 жылы ғана Бағдаттан қоныс аударып, Әмір Темірдің сарайына қызметке ауысады. Сол себепті ол осының алдындағы жылдарда болған оқиғаларды тек ауызша және жазба деректерге сүйеніп жазуы ықтимал⁶⁸.

Темір 804/1401-1402 жылдары Низам ад-Дин Шамиге өзінің билеген жылдары тарихын құрастыруды бұйырады. Низам ад-Дин «Жеңіс кітабы» – «Зафар-наме» шығармасында – Темірге дейінгі монғол мемлекеттері тарихы бойынша қысқа ғана, ал Темірдің 806/1404 жылға дейінгі тарихы жайлы нақты мәлімет береді⁶⁹. Шамидің «Зафар-намесі» – 760/1358 жылдан 806/1404 жылдың наурызына дейінгі 46 жылды қамтитын өте қызықты, құнды дерек көзі⁷⁰. «Зафар-намеде» Әмір Темір өмірі мен қызметінің негізгі оқиғалары: XIV ғасырдың II жартысындағы оның Мауараннахрда билікті қолға алу үшін күресі, Моғолстанға, Хорезмге, Хорасанға, Иранға, Грузияға, Дешті Қыпшаққа, Үндістанға, т.б. елдерге жасаған жорықтары қысқа әрі

⁶⁷ Темур тузуклари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Кароматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изохлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 344 б. – 4 б.

⁶⁸ Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002. – Т. 4. – 177 б.

⁶⁹ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромасевичем и С.Л. Т. II – М., Л., 1941. – 308 с. – 104 с.

⁷⁰ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 280 с. – 102 с.

шежірелік сипатта берілген. Шығармада Әмір Темір серіктестерінің есімдері, олардың қай тайпа, руға жататындығы келтіріледі, оның дұшпандарының іс-әрекеттері аты-жөндері, туыстық байланыстары, т.б. туралы көптеген мәліметтер бар. Оқиғаны баяндау желісі 1403 жылға дейін жеткізілген. Қазақстанның ортағасырлық тарихын зерттеуде шығармадағы Әмір Темірдің XIV ғасырдың 80-жылдарында Дешті Қыпшақ пен Моғолстанға жасаған жорықтары туралы жазылған тараулар құнды дерек болып табылады. Ондағы мәліметтер Әмір Темірдің осы аймақтарды қоныстанған көшпелі халыққа жүргізілген жаулаушылық, тонаушылық саясатын, Ақ Орда, Көк Орда мен Моғолстанның дербес экономикалық және саяси дамуына бөгет жасауға ұмтылғанын сипаттайды. Шығармада Қазақстан жерінде осы мемлекеттердің ішкі саяси жағдайы, шаруашылығы, т.б. туралы мағлұматтар қамтылған. Дешті Қыпшақ пен Жетісудың тарихи географиясы жөнінде деректер келтірілген. Әмір Темір тарихын жазумен айналысақан кейінгі дәуірдің көптеген авторлары «Зафар-намені» деректеме ретінде пайдаланған. Мұхаммед ибн Фазлаллах Мусави Әмір Темір тарихына арналған «Тарих-и Хайрат» (1412-1414) еңбегін «Зафар-намеге» сүйеніп жазды. Шараф әд-Дин 'Йазди де Әмір Темірдің ресми тарихын жазғанда осы еңбекке сүйенген. «Зафар-наменің» екі нұсқасы бар. Біріншісі 806/1404 жылы Әмір Темір Әзірбайжан жорығынан оралғанда оған ұсынылады. Бұл тізімнің қалай аталатындығы белгісіз. Екінші тізім Мираншахтың ұлы Мырза Омарға 1404 ж. 26 наурызда, Карабахта, Әмір Темір тарапынан оған «Хулағуханның тағын» (Батыс Иран және Әзірбайжан) тарту етіп жатқан уақытта ұсынылады. Шығарма «Зафар-наме» деп аталып, оған бірнеше стилистикалық өзгертулер, кіріспе және Мырза Омарға арналған біршама қосымша енгізіледі⁷¹. «Зафар-наменің» екі қолжазбасының бірі Лондонда, екіншісі Стамбулда сақталған⁷².

Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» деген еңбегі Қазақстан тарихын зерттеу үшін құнды дерек көзі болып табылады. «Ескендір анонимі» деген атаумен бұл еңбекті

⁷¹ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс.на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – 108 с.

⁷² Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002. – Т. 4. – 177 б.

ғылыми айналымға В.В. Бартольд енгізіп, оған бірнеше мақаласын арнады⁷³. Одан Шығыс Дешті Қыпшақтың, атап айтқанда, Ақ Орданың тарихы жөніндегі материалдар В.Г. Тизенгаузеннің басылымында келтірілген. Баспагерлер бұл дерек көзінің «көптеген құнды деректерінің» бірегейлігін, олардың анықтығын, мұны орыс жылнамаларының деректерімен салыстырғанда расталатынын атап өткен.

Му·ин ад-Дин Натанзидің еңбегі хижра бойынша 815-816 жылдары (1412-1414) Әмір Темірдің немересі Ескендірдің өтінуімен жазылған. В.В. Бартольд автор Фарста тұрғанымен, оның ортаазиялық аңыздармен, әдет-ғұрыптармен және көзқарастармен жақсы таныс болғанын, оның монғол және ұйғыр деректерін пайдаланғанын жазады⁷⁴. Бұл оның Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісудың, Шығыс Түркістанның тарихы жөнінде хабарлаған мәліметтерінің бірегей сипатынан көрінеді. Натанзи еңбектері Темір билік еткен кезеңдегі оқиғаларды баяндауда жоғарыда аталған шығармаларды толық қайталамайды, ол Темір тарихының ресми нұсқасымен шектеліп қалмаған.

«Мунтахаб ат-таварих-и Му·иниде» Оңтүстік Шығыс Қазақстанның, Қырғызстан мен Шығыс Түркістанның тарихы жөнінде басқа дерек көздерінде қайталанбайтын бірегей материал бар. Моғолстандағы тайпа үстем таптарының, әсіресе әмір Камар ад-дин дуғлаттың орталық хан билігіне қарсы күресі туралы, Қызыр-Қожа ханның экономикалық саясатының кейбір жәйттері туралы деректер мен басқа да мәліметтер қызықты. Му·ин ад-Дин Натанзи шығармасының парсыша мәтіні 1957 жылы Тегеранда басып шығарылды.

Натанзи шығармасы бізге екі нұсқада жеткен. Біріншісі, Ескендірдің өзіне арналып төрт данасы сақталған; екіншісі, Ескендірдің мұрагері Шаһрухқа қайта арналып, 1414 жылы (817 х.ж. 22 раджаб айы) қарашада Гератта оған ұсынылады. Бұл қолжазбаның жалғыз нұсқасы сақталған. Ол «Мунтахаб ат-таварих-и Му·иниде» деп аталады және бірінші нұсқаның қысқартылған түрі, яғни Ескендірді мадақтаған тұстары алып

⁷³ Бартольд В.В. Работы по источниковедению / Бартольд В.В. Сочинения. Т. VIII. – М., 1973. – 723 с. – 126-137 с.

⁷⁴ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 640 б.

тасталынған⁷⁵. Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йездидің «Зафар-наме»⁷⁶ («Жеңістер туралы кітап») шығармасы «Зафар-наме-ий Тимури» (парс. «Темірдің жеңістері туралы кітабы»), «Фатхнаме-ий Сахибкиран», «Тарих-и джахангушай-йи Темури» аттарымен де белгілі. Әмір Темірдің өмір тарихын баяндайтын еңбектің екінші, толықтырылған бұл нұсқасы шамамен 1419-1425 жылдары парсы тілінде жазылған. Шығарма Қазақстан, Орта Азия, Иран, т.б. елдердің XIV ғасырдың II жартысындағы тарихын зерттеуде құнды дерек көзі болып табылады. Автор өз еңбегін Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме» деп аталатын еңбегі негізінде жазған. Орта ғасырлардағы шығыс тарихнамасы үлгісінде жазылған бұл еңбек Әмір Темір жорықтарының, сол тұстағы оқиғалардың тарихи шежіресі іспетті. Еңбекте сол кездегі көршілес халықтардың экономикалық, мәдени жағдайы туралы мағлұматтар толық қамтылған, сонымен қатар, Әмір Темір мемлекеті мен оған көршілес елдердің саяси, әскери тарихына қатысты нақты деректер келтірілген. Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін, әсіресе, Әмір Темірдің Жетісу мен Дешті Қыпшаққа жасаған жорықтары жөніндегі тараулар аса бағалы. «Зафар-наме-ий Тимуридін» кейбір қолжазба нұсқаларына 1419 жылы жазылған «Мұқаддима-ий Зафарнаме» да («Жеңіс кітабына алғы сөз») кіреді. Алғы сөзде түріктердің, татарлар мен моңғолдардың, қыпшақ, қарлұқ, қият, барлас, жалайыр, т.б. түркі тайпаларының шығу тегі туралы аңыздарға әрі тарихи деректерге негізделген мағлұматтар бар⁷⁷.

Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йезди Иранның Йезд қаласынан онша алыс емес Тафт елді мекенінде туылған. Оның туылған жылы белгісіз. Ол 818 (1415-1416) және 838 (1435) жылдар арасында Шаһрухтың ұлы Ибрахим Сұлтанның қызметінде болады⁷⁸. Ибрахим Сұлтан хатшыларының көмегімен Темір тарихы жайлы алдын жазылған барлық материалдарды, сонымен

⁷⁵ Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII – первой трети XV-века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс.на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 48.

⁷⁶ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 383 б.

⁷⁷ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 640 б. – 178 б.

⁷⁸ Темурийлар бунёдкорлиги давр манбаларида / Тахрир хайъати: М.М. Хайруллаев, А. Уринбоев, О. Буриев; Тузувчилар: А. Уринбоев, О. Буриев. – Ташкент, 1997. – 168 б. – 84 б.

қатар әр түрлі тектен шыққан тарих жазушылар мен хатшылардың жазбаларын таңдайды. Мұқият таңдалған және жүйеге келтірілген материал Шараф ад-Динге беріліп, оған кітап құрастыру тапсырылады⁷⁹.

Шараф ад-Дин 'Али Йезди суфизм, астрология, философия сияқты ғылымдарды жақсы игерген және де соларға байланысты шығармалар жазған. Ол Ибрахим Сұлтан мен Шаһрух тарапынан тек балалары мен немерелерінің тәлімгері және ұстазы ғана емес, сонымен қатар дана кеңесшісі ретінде де үлкен сый-құрметке ие болды. Ибрахим Сұлтанның өлімінен кейін (838/1435) Шараф ад-Дин 'Али Йезди 846/1442-1443 жылдары Султания, Казвини, Рей және Кумды өзіне қосқан аймақтың билеушісі болып тағайындалған, Шаһрухтың немересі – Мырза Сұлтан Мұхаммедтің сарайына шақырылады. 849/1445-1446 жылдары Шаһрухтың ауруын пайдаланып Сұлтан Мұхаммед өзінің жақын адамдарымен, оның ішінде Шараф ад-Дин 'Али Йезди де бар, феодалдық бүлік шығарады. Хамадан, Исфаканды жаулап алып, Ширазды қоршайды. Шаһрух өзінің ауруына қарамай, Гераттан бүлікшіл шахзадаға қарсы шығады. Шаһрухтың Ширазға жақындағанын біліп, Сұлтан Мұхаммед қаланы қоршаудан босатып, Луристанға қашады, ал Шаһрух Исфаканға қайтады. Онда Сұлтан Мұхаммедтің жақтаушыларын жазалайды. Айыптылардың ішінде Шараф ад-Дин 'Али Йезди де болды, бірақ бақытына орай ол өлім жазасынан құтылады. Ұлықбектің үлкен ұлы Абдаллатиф (796/1394 жылы туылып, 853/1449 жылы қайтыс болған) бүлікшілерден жауап алу кезінде Шараф ад-Дин 'Али Йездиге қатаң шара қолданды, сондықтан Шаһрух оны Абдаллатифтің қолына беруді жөн көрді. Абдаллатиф оның өмірін сақтап қалып, оны Самарқандқа өзінің атасы Ұлықбекке жібереді. Шараф ад-Дин 'Али Йезди Самарқандта шамамен бір жылдай тұрып, Ұлықбектің ғылыми ізденістеріне қатысады. Шаһрухтың өлімінен соң (850/1447) Шараф ад-Дин 'Али Йезди өзінің елі Тафтқа оралады. Онда Ханакада орналасып, өмірінің соңына дейін сонда тұрады. Ол 858/1454 жылы қайтыс болып, сол Ханакада жерленеді⁸⁰. Шараф ад-Дин 'Али Йездидің ойы

⁷⁹ Султанов Т.И. Тимур и его империя. – Алматы, 2004. – 152 с.

⁸⁰ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – 113 с.

бойынша шығарма үш тараудан (мақаладан) тұруы керек болатын. Бірінші тарау Темірге, екіншісін Шаһрухқа, үшіншісін Шаһрухтың ұлы Ибрахим Сұлтанға арнау болжанған. «Зафарнаме» тек бірінші тараудан тұрады, басқа екі тарау жоқ – олар Шараф ад-Дин 'Али тарапынан жазылмаған немесе бізге жетпеген⁸¹. «Зафарнаме» кіріспе («Муқаддима» немесе «дибача») және негізгі бөлімнен тұрады⁸².

Кіріспе «Муқаддима Зафарнаме» («Женіс кітабына алғы сөз») немесе «Та'рих-и Джахангир» («Әлемді жаулап алушының (генеалогия) тарихы») деген аттарымен мәлім. Кіріспенің бағалы ерекшелігі – Шыңғыс ханнан бастап (шамамен 603/1206-624/1227) Темірдің әкесі Тарағайға (762/1361 жылы қайтыс болған) дейінгі Дешті Қыпшақ, Елхандар мемлекетінің, Шағатай ұлысы мен Мауараннахрдың қоғамдық-саяси тарихы қысқаша түрде көрсетілген. Шығарманың бұл бөлімінің өз алғы сөзі (Муқаддима), екі тарауы (фасл) және қорытындысы (хатима) бар. Шығармада Әмір Темірдің Йасавий (562/1166-1167 жылы қайтыс болған) мавзолейін тұрғызғандығы жайлы бағалы мәлімет сақталған.

«Зафарнама» 1492 жылы Лотфи ақын жыр етіп өзбек тіліне, 1521 жылы Патефи тәжік тіліне, 1510-30 жылдары қайта Мұхаммед Али ибн Дарвиш Али Бұхари тарапынан өзбек тіліне және Хафез Мұхаммед ибн Ахмед-әл-Әжәми аудармасымен түрік тілінде жарық көрген. Ал XVIII ғасырда француз, ағылшын тілдеріне аударылған. Қысқаша үзінділері итальян тілі мен орыс тіліне аударылған болатын.

1887-1888 жылы «Маулави-әлхадад» жаңа парсы тілінде реттеліп, Кәлкәте қаласында баспаға тапсырылған. 1958 жылы бұл шығарма екі томдық болып, «Мұхаммед Аббаси» деген тарихшының еңбегімен Тегеранда басылып шыққан⁸³.

⁸¹ Темурийлар бунёдкорлиги давр манбаларида / Тахрир хайъати: М.М. Хайруллаев, А. Уринбоев, О. Буриев; Тузувчилар: А. Уринбоев, О. Буриев. – Ташкент, 1997. – 168 б. – 85 б.

⁸² Амир Темур ажодлари (Шарафуддин Али Яздийнинг «Зафарнома» асаридан терма-таржима) // Форс тилидан таржима, кириш суз ва изоҳлармуаллифи О. Буриев, масъул муҳаррир: А. Уринбоев. – Ташкент, 1992. – 32 б. – 4 б.

⁸³ Жеменей И., Дәулетхан Ә., Қатран. Деректану (Қазақ тарихы мен мәдениеті парсы, қытай, монғол, түрік, мажар тілдеріндегі кейбір деректер бойынша): Ғылыми ізденістер жинағы. – Алматы, 2002. – 172 б. – 63 б.

Келесі шығарма «Тарих-и арба' улус» («Төрт ұлыстар тарихы») Дешті Қыпшақтың тарихы бойынша бағалы деректің бірі. Шығарма сонымен қатар «Тарих-и арба-йи Чингизи» деген атпен де белгілі («Шыңғыстықтардың төрт ұлысы»). Еңбек шамамен 1425 жылы жазылған.

Шығарманың авторы Мырза Ұлықбек – ұлы ғалым және XV ғасырдың мемлекет қайраткері, Әмір Темірдің немересі. Оның шын есімі Мұхаммед Тарағай. Ол 1394 жылы 22 наурызда Әмір Темірдің Ирак пен Әзірбайжанға бесжылдық жорығы кезінде Султания (Ирандық Әзірбайжан) қаласында дүниеге келген. Темірдің Сарайда бекітілген дәстүріне сай, шахзада Темірдің үлкен әйелі Сарай-мулк-ханымға тәрбиеге беріледі. 1395 жылы Әмір Темір немересін Самарқандқа жібереді. 1398 жылы белгілі ғалым және ақын Ариф Азари (1382-1462) Ұлықбектің ұстазы болып тағайындалады. Ұлықбек атасының 1399-1404 жылдары Түркия мен Сирияға, 1404-1405 жылдары Қытайға бағытталған жорықтарына қатысады. Әмір Темірдің өлімінен соң (1405 жылдың 18 ақпаны) Мауараннахрдың тағын оның немересі Халил Сұлтан күшпен жаулап алады. Ұлықбек ол кезде өз әкесі Шахрухтың қол астына Гератқа қашып барады. 1409 жылы Шахрух Халил Сұлтанды тақтан тайдырып, сол жылдың соңында өзінің ұлы Ұлықбекті Мауараннахрдың билеушісі етіп тағайындайды. Ол онда 1449 жылы 25 қазанындағы қайғылы қазасына дейін билейді.

Мырза Ұлықбек Шахрухтың (1409-1447) бірінші ұлы, ал оның анасы Гаухаршад-ага әйгілі қыпшақ әмірі Гийас ад-Дин Тарханның қызы еді⁸⁴. Мырза Ұлықбектің өзі Дешті Қыпшақтың ханшайымы Шакар-бек ханымға үйленген болатын. Шакар-бек Дешті Қыпшақтың отыз төртінші ханы Дарвиш ибн Илахий-оғланның қызы еді. Жоғарыда айтылғанның бәрі Дешті Қыпшақ пен Мауараннахр билеушілерінің арасында тығыз туыстық байланыс болғандығын дәлелдейді. Ал бұл Мырза Ұлықбектің Дешті Қыпшақ тарихы жайлы жақсы таныс екендігін көрсетеді⁸⁵.

⁸⁴ Тулибаева Ж.М. «Улус-и арба-йи Чингизи» как источник по истории Дашт-и Кипчака // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – Алматы, 2003. – № 3(24). – С. 34-40.

⁸⁵ Тулибаева Ж.М. Персоязычные нарративные сочинения как источник по истории казахов и Казахстана // Вестник КазНУ. Серия Историческая. – 2003. – № 2(29). – С. 11.

Ұлықбек тарихта ұлы ғалым және ғылым мен мәдениет қолдаушысы ретінде аты қалған. Оның тұсында Самарқанд ғылыми, мәдени орталықтардың біріне айналады. Ұлықбек екі ірі шығарма жазады. Оның біріншісі – «Зиджи джадиди гургани» («Жана гурагандық астраномиялық кесте») классикалық астраномияның теоретикалық және практикалық мәселелеріне арналған. Екінші шығарма – «Тарих-и арба' улус». Б. Ахмедовтың пікірінше шығарма Мырза Ұлықбектің тікелей қатысуымен және бірнеше адамның басшылығымен жазылған⁸⁶. Өкінішке орай «Тарих-и арба' улус» тұтастай сақталмаған және қазіргі уақытта берілген еңбектің қысқартылған нұсқасының төрт тізімі ғана белгілі. Шығарманың екі тізімі Англияда, бір тізімі Үндістанда және бірі АҚШ-та сақталуда.

«Тарих-и арба' улустың» құрылымына келетін болсақ, біріншіден мынаны ескерген жөн, автор өзінің шығармасын белгілі тараулар мен бөлімдерге бөлмеген. Б. Ахмедов алғашында «Тарих-и арба' улус» төрт ұлыс тарихы жайлы мазмұндалғандықтан, төрт бөлімге бөлу дұрыс болады деп ойлаған болатын. Кейіннен шығарманы терең меңгеріп, оны кіріспе мен жеті бапқа бөлу керек екен деген пікірге тоқталады⁸⁷. «Тарих-и арба' улус» шығармасы көптеген тарихи еңбектердің жазылуы үшін дерек ретінде пайдаланылды. Хондамир өзінің «Хуласат ал-ахбар» және «Хабиб ас-сийар» еңбектерінде осы деректі кеңінен қолданады.

«Му'изз ал-ансаб» («Генеалогияны дәріптейтін кітап») шығармасын ғылыми айналымға белгілі шығыстанушы Т.И. Сұлтанов енгізді. Шығарманың авторы белгісіз. Түрік ғалымы Ахмед Тоған бұл шығарманың авторы Темір ұрпақтарының тарихшысы Хафиз-и Аbru (1430 жылы дүниесі салған) болуы мүмкін деген болжам айтады. Алайда, бұған байланысты нақты мәліметтер кездескен жоқ.

«Му'изз ал-ансаб» Гератта Темірлік Шахрух (1447 жылы өлген) Сарайында шамамен 830/1426-1427 жылдары парсы тілінде жазылған.

⁸⁶ Ахмедов Б.А. Улугбек и его исторический труд «Тарих-и арба' улус» // Из истории науки эпохи Улугбека. – Ташкент, 1979. – С. 29.

⁸⁷ Мирзо Улугбек. Турт улус тарихи / Б. Ахмедовнинг кириш сузи, изохлари ва тахририда: Форс тилидан Б. Ахмедов ва бошк. тарж. – Ташкент, 1993. – 352 б. – 6 б.

«Му'изз ал-ансабта» Шыңғыс ханның бір мыңға жуық және Темірліктердің жүздеген ұрпақтары жайлы мәліметтер жинақталған⁸⁸. Ірі орыс шығыстанушысы В.Г. Тизенгаузеннің (1825-1882) «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» екінші томында XIII-XV ғасырларда Шыңғыстық және Темірліктердің шежіре тарихына қатысты маңызды дерек – «Му'изз ал-ансабтан» көлемді аудармасының үзіндісі келтірілген. Белгілі шығыстанушы Т.И. Сұлтанов осы мәтінді Париждің ұлттық кітапханасында сақталған парсы тіліндегі түпнұсқамен салыстырғанда В.Г. Тизенгаузеннің «Жинағындағы» басылған аударма үзіндіде Шыңғыстың шежіре тарихын, сонымен қатар Шыңғыс ұлыстарындағы ішкі әулеттік және ішкі саяси қатынастарын бұрмалап көрсететін өрескел қатеге жол берілгендігін байқайды. Автор екі мәтінді бір-бірімен салыстыра отырып, Париж кітапханасындағы сақталған түпнұсқаның анағұрлым шындыққа жақын екендігін дәлелдеуге тырысады. Ч.А. Стори мен Ю.Э. Брегельдің белгілі анықтамалығында «Му'изз ал-ансабтың» Париж, Лондон және Стамбулдағы үш қолжазбасы сақталғандығын айтады. Алайда, 1990 жылы американдық ғалым Дж.Е. Вудс Стамбулдағы Топкапы мұражайында сақталған қолжазба басқа, Али-Шахтың ұлы қайсібір Хұсайн жазған ертедегі шежіре тарихының тізімі екендігін анықтаған. Осылайша, профессор Дж.Е. Вудс «Му'изз ал-ансабтың» екі қолжазбасы бар деп белгілейді. Бірақ жапон зерттеушісі Широ Андо Алигархта (Үндістан) тағы да «Му'изз ал-ансабтың» екі қолжазбасының бар екендігін айқындады⁸⁹.

Сонымен қазіргі кезде «Му'изз ал-ансабтың» төрт қолжазбасы: 1) Париждің Ұлттық кітапханасында; 2) Лондонның Британ мұражайында; 3) Алигархтың Мұсылман университетінде; 4) Алигарх Мұсылман университетіндегі 176 бет, екі томнан тұратын қолжазбасы сақталған. «Му'изз ал-ансабтың» осы төрт қолжазбасының ешқайсысында көшірмешінің аты-жөні, көшірілген жері, нақты датасы берілмеген.

⁸⁸ Сұлтанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана: казахстанские востоковедные исследования. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с. – С. 111-112.

⁸⁹ Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. – СПб., 2004. – 350 с. – С. 342.

«Му'изз ал-ансабтың» анонимді авторы өзінің деректерін нақты атап көрсетпейді. Алайда ол былай деп сипаттайды: «Әділ түрік тарихшылары міне былай деп хабарлайды...» («монғол тарихшылары», «хан тұқымының тарихшылары»). Тек Шыңғыс ханның әкесі Есугей-бахадүр жайлы әңгімелегенде автор әйгілі Елхандар тарихшысы Рашид ад-Диннің «Джами' ат-таварих» шығармасына сілтеме жасайды⁹⁰.

Зерттеушілер А.З. Тоған, Дж.Е. Вудс, Широ Андо, Ш.А. Квиннің көрсеткеніндей шыңғыстықтарға арналған «Му'изз ал-ансабтың» бір бөлігі Рашид ад-Диннің «Шуаб-и панджганның» («Бес халықтар шежіресі») мәліметтерінен алынып пайдаланылған. «Му'изз ал-ансабтың» анонимді авторы XV ғасырға дейінгі шыңғыстықтар мен Темір және алғашқы Темір ұрпақтарының шежіресіне біраз мәліметтер қосып жазады. «Му'изз ал-ансабтың» тағы бір деректерінің бірі Хүсайн ибн Али-Шахтың шежре тарихы.

Сонымен біз Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына орай 2006 жылы орыс тіліне аударылып, «Қазақстан тарихы парсы деректерінде» атты жинақтың III томында жарық көрген «Му'изз ал-ансаб» шығармасының мәліметтері өте құнды және оның мәліметтерін ғылыми зерттеулерде кеңінен пайдаланамыз деп қорытындылауға болады⁹¹.

Келесі шығарма «Маджма' ат-таварих-и Султанийа» («Сұлтанға арналған жылнамалар жинағы») 826/1423-830/1427 жылдары құрастырылған. Шығарманың авторы Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Мутфуллах ибн 'Абд ар-Рашид ал-Харави, ол Хафиз-и Абри деген атпен танымал. XV ғасырдың тарихшысы Абд ар-Раззак Самаркандидің айтуынша ол 763/1361-1362 жылдары «Гератта туылып, Хамаданда тәлім алып, 834/1431 жылы «маусым-шілдеде» Зенджанда қайтыс болған»⁹².

⁹⁰ Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана: казахстанские востоковедные исследования. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с. – С. 111-113.

⁹¹ История Казахстана на персидских источниках. Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии) / отв. ред: А.К. Муминов; пер. с персидского, предисл., прим., подготовка факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – Т. III – 672 с.

⁹² Бартольд В.В. Работы по источниковедению / Бартольд В.В. Сочинения. Т. VIII. – М., 1973. – 723 с. – С. 75-76.

Хафиз-и Аbru – әйгілі тарихшы, география, астраномия, геодезия бойынша кең көлемде білімге ие болған, өлең жазған. Тарихшы Абд ар-Раззак Самарканди оны өзінің шешендігімен, ділмәрлығымен танымал, жылнамашылар ішіндегі дана, игі істер атқарған және жоғарғы мәртебелі билеушілермен жеке өзі әңгіме жүргізген патша сарайының хатшысы болған адам ретінде сипаттайды⁹³.

Хафиз-и Аbru Шахрух тұсында өзінің патшасының бұйрығымен кең көлемді географиялық және тарихи еңбектер құрастыру керек болатын. Автор шығарманың кіріспесінде 820/1417-1418 жылдары өзінің географиясы бітпей жатып-ақ, Шахрухтан жалпы тарих бойынша жинақ құрастыруға бұйрық алады. Онда негізінен Табари (парсы аудармасында), Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы» және Низам ад-дин Шамидің «Зафарнамесі» негізінде, оған Шахрухтың билеген жылдары тарихын қосып жазу керек болатын.

«...Қолжазба авторы Шахрухтың замандасы болған, – дейді В.В. Бартольд, – осы патшаның есіміне үнемі мынадай формула қосылып отырады: «Құдайым, оның билігі мен үстемдігін мәңгі ете гөр»»⁹⁴.

Шығарманың жоспары мен мазмұны Хафиз-и Аbru еңбегін дерек ретінде пайдаланған Абд ар-Раззак Самаркандидің «Матла' ас-са' дайн ва маджма 'ал-бахрайны» бір бөлігіне өте жақын. Көп жерінде Оксфордтағы қолжазба мәтіні Абд ар-Раззак Самаркандидің мәтінімен сәйкес келеді. Алайда Абд ар-Раззак Самаркандиде көп жағдайда толығырақ беріледі.

Қазақ тарихын жазуда шығарманың төртінші томындағы мәліметтер аса құнды болып табылады. Шығармада Низам ад-дин Шамидің «Зафарнамесінен» мәтін келтіріліп, жаңа мәліметтермен толықтырылады.

«Зубдат ат-таварих» шығармасында қазіргі күнге дейін сақталған географиялық атаулар келтірілген: Ташкент, Чинас, Ахангаран, Андиган (Андижан), Сайрам, Отырар, Тоқмақ, Ша-

⁹³ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – С. 128-129.

⁹⁴ Бартольд В.В. Работы по источниковедению // Бартольд В.В. Сочинения. – М., 1973. – Т. VIII. – 723 с. – С. 94-95.

рын, Или (Іле), Алакөл, Ертіс, Жұлдыз, Күнгес, Наврин (Нарын), Бадахшан, Памир, Хива, Хузар (Гузар), Ақсу, Шу.

Хафиз-и Абрудың «Тарих-и Хафиз-и Аbru» («Хафиз-и Аbru тарихы») шығармасының екі редакциясы бар. Бірінші редакциясы 817/1414 жылы, екіншісі 820/1417-823/1420 жылдарда жазылған. Берілген шығарма араб тілінен парсы тіліне аударылған географиялық еңбек.

Алғы сөзінде автор өзі болып қайтқан жерлерінің атауларын береді: Мауараннахр, Түркістан, Дешті Қыпшақ, Хорасан, Иракйан, Фарс, Әзірбайжан, Иран, Мучан, Гурджистан, Кіші және Үлкен Армения, Рум мен Шам мемлекеттерінің барлық аудандары, Евфрат жағалаулары, Забайн, Текрит, Мосул, Дийарбақр, Хазар көлінің жағалаулары, Дербенд, Ширванат, Рустамзад, Амуль, Сари, Журджан, Гилан, Забул, Кабул, Мансур ауданы, Синд және Хинд, Мултан, Уджа, Дели, Ганг өзені. Жоғарыда берілген қалалар мен мемлекеттер Темір жаулап алған жерлерге кірген, ал оның жорықтарында Хафиз-и Аbru да хатшы ретінде қатынасқан⁹⁵.

Арнайы «Зубдат ат-таварих-и Байсункари» деп аталған төртінші томы материалдарының Қазақстан тарихына қатысы бар. Ол түпнұсқа Шами мен Натанзи шығармаларының негізінде, бірақ ғасырдың одан кейінгі ширегі үшін, 1428-1429 жылдарға дейін, яғни алғашқы Темір ұрпақтары заманына арналған. Ұлықбектің Моғолстанға Мұхаммед ханға қарсы жорығы туралы, сондай-ақ Темір ұрпағы Шахрухтың XV ғасырдың 20-жылдарында Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы арқылы жүріп өткен жолды суреттеуде өлкенің тарихи географиясы жөнінде деректер бар, ол сол кезеңдегі Моғолстанның ішкі саяси жағдайы жөнінде пікір айтуға мүмкіндік береді.

1442 жылы Гератта «Муджмал-и Фасихи» деп аталатын тарихи-әдеби анықтамалық құрастырылады. Онда мұсылман дәуірінен бастап, автордың өмір сүрген кезеңіне (845/1441-1442) дейінгі анағұрлым белгілі оқиғалардың хронологиясы бейнеленеді.

Анықтамалық авторы Фасих Ахмад ибн Жалал ад-Дин Мұхаммед ал-Хавафи – XV ғасырда Герат тарихшысы. Фасихи

⁹⁵ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – С. 128-130.

Бірінші джумад ал-аввальда 777/28 қыркүйек 1375 жылы Герат қаласында туылған. Фасихи Шахрухтың мемлекеттік кеңсесінде қызметте болып, оның сенімін пайдаланған. Шахрухтың бұйрығына сәйкес сегіз ай бойы ірі феодалдардың бірі Әмір Али Тарханның құзырында болып, 818/1415-1416 жылдарға дейін Али Тархан басшылық еткен мемлекеттік кеңседе түрлі тапсырмаларды орындаған. 819/1416-1417 жылдары Фасихи Шахрух диванында лауазымға ие болып, шені төмендетіліп, кейін қайта қалпына келтіріледі. 828/1428 жылы Шахрухтың ұлы Мырза Байсұңқар диванында уәзір лауазымына ие болады. Бірақ 836/1433 жылы қызметтен босатылады. Шамамен 1442 жылы қайтыс болып, Гератта жерленеді⁹⁶.

Шығарма кіріспеден (дибаче), алғы сөзден (муқаддима), екі тараудан (мақала) және қорытындыдан (хатима) тұрады.

Бірінші тарау пайғамбар Мұхаммедтің Меккеден Мединаға – 1/622 жылы қоныс аударғанға дейін, хронологиялық тәртіпте мазмұндалған тарихи оқиғаларға арналған. Екінші тарауда 1/622 жылдан 845/1441-1442 жылдарға дейінгі тарихи оқиғалар жылдары бойынша мазмұндалған. Автор алдымен жылын айтып, кейін осы жылы болған барлық әйгілі оқиғаларды тізіп шығады.

Анағұрлым түпнұсқа бөлімі: 701/1301-1302 – 845/1441-1442 жылдардағы оқиғалар. Шығармада Иран, Ауғанстан, Ирак, Әзірбайжан, Түркия, Мауараннахр және Дешті Қыпшақ тарихына қатысты көптеген фактілер беріледі.

Қолжазбаның ең ескі тізімі Лондон университетінің кітапханасында сақталған және автордың тірі кезінде көшірілген. М.Фаррух шығарманы екі томда басып шығарады. 1961 жылы 701/1301-1302 – 845/1441-1442 жылдардағы оқиғалар енген екінші том жарыққа шығады.

Темір ұрпақтары тарихнамасының маңызды туындылары қатарында XV ғасырдың екінші жартысындағы шығармалар ерекше орын алады. Олардың ішінде Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла' ас-са' дайн ва маджма' ал-бахрайны» бар. Шығарманың авторы 816/1413 жылы Гератта туылып, 887/1482 жылы сол жерде

⁹⁶ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – С. 133.

қайтыс болады. «Абд ар-Раззак Самаркандидің өзі Гератта медресе тәрбиесін алған, Темірліктер сарайында қазылық пен имамдық қызметінде болған атасы мен өз дәуірінің әйгілі зиялылары болған ағаларының көмегімен ол тафсир, хадис, фикх білімдерін және де тарих пен тіл-әдебиет пәндерін терең меңгерген»⁹⁷. Абд ар-Раззак Самарканди 845/1441 жылы Үндістанға (848/1444 жылы оралған), 850/1446 жылы Гилянға елші болып барады. Бұған оның «Үндістанға сапар дастаны және ол жердің ғажайыптары» атты естеліктері дәлел бола алады⁹⁸. Абд ар-Раззак Самаркандидің «Матла' ас-са' дайн ва маджма' ал-бахрайн» шығармасында Иран мен Орта Азияның Хулагу және Темір ұрпақтарының 1304 жылдан 1471 жылға дейінгі тарихы баяндалған. «Өз еңбегін жазу кезінде Абд ар-Раззак Самаркандиге бір топ ғалымдар көмек берген, олардың арасында Низам ад-Дин Абдул Васий (Низам ад-Дин Шамиден басқа) де бар еді. Қолжазбаны 1470 жылы жазып бітірсе де, бұдан кейін де оған өзгертулер енгізген».

Абд ар-Раззак Самаркандидің «Матла' ас-са' дайн ва маджма' ал-бахрайн» шығармасы тілінің астарлығы мен мазмұндалуының біржақтылығына қарамастан, оның кейбір жағдайда объективті және XV ғасырдағы Мауараннахр мен Хорасан тарихын зерттеуде құнды тарихи дерек болып табылады. Негізінен оның шығармасы басқа да Темір ұрпақтары шығармалары секілді «Темірді мадақтау сипатына ие»⁹⁹. Б.А. Ахмедов шығарманы тек «терең меңгеру арқылы ғана керекті мәліметтерді алуға» болатындығын ерекше айтып өтеді.

«Матла' ас-са' дайн ва маджма' ал-бахрайн» шығармасы екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, Әбу Са'ид елхан туылғаннан (704/1304-1305), Темірдің қайтыс болғанға дейін (804/1404-1405). Самарқандта оның немересі Мырза Халил таққа отырғанға дейінгі оқиғаларға; екіншісі – сол жылы Темірдің төртінші ұлы Шахрухтың таққа отыруынан (875/1470-1471) Сұлтан-

⁹⁷ Темурийлар бунёдкорлиги давр манбаларида / Тахрир хайъати: М.М. Хайруллаев, А. Уринбоев, О. Буриев; Тузувчилар: А. Уринбоев, О. Буриев. – Ташкент, 1997. – 168 б. – 84 б.

⁹⁸ Уринбоев А. Абдураззак Самаркандининг Хиндистон сафарнамаси. – Ташкент, 1960. – 133 б.

⁹⁹ Темур ва Улуғбек даври тарихи. – Ташкент, 1996. – 264 б. – 18-19 б.

Хүсейіннің екінші рет таққа отыруына дейінгі оқиғаларға арналған¹⁰⁰. Бірінші бөліміндегі 1405-1427 жылдардағы оқиғаларды Абд ар-Раззак Самаркандидің өзінен алдын жазылған тарихи шығармалардан, негізінен «Зубдат ат-таварих-и Байсункарийден» пайдаланып жазған. Бұдан кейінгі 833 (1429-1430) – 875 (1470) жылдардағы өзі замандас болып, тарихи шығармалар жазбас бұрын мемлекет қызметінде жүргендегі басынан өткен оқиғалар баяндалады¹⁰¹.

XIV-XV ғасырлар шебіндегі Ақ Орданың құлдырауы кезіндегі Шығыс Дешті Қыпшақтағы оқиғалар туралы, Барақ ханның мемлекеттің ыдырауына қарсы әрекеті, Ұлықбектің заманындағы Моғолстан мен Мауараннахрдың өзара қатынастары туралы мәліметтер мен басқа да деректердің ынта-ықылас туғызатыны күмәнсіз.

Жалпы тарих бойынша келесі шығарма «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал-мулук ва ал-Хулафа» («Пайғамбарлар, патшалар мен халифтердің өмірбаянына қатысты бақ тазалығы»). Шығарманың жазылған уақыты шамамен 903/1498 жыл.

Еңбектің авторы – Мұхаммед ибн Саййид Мұхаммед ибн Әмір Бұрхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмұд Балхи, лақап аты Мирхонд. Мирхонд шамамен 837/1433-1434 жылдары туылып, өмірінің көп бөлігін Гератта өткізеді. 903/1498 жылы Гератта қайтыс болған.

Шығарма «Әлем жаратылысынан» Хусейн-и Байқараның (873/1469-911/1506) билігі кезеңін қоса бейнелейді. Еңбек алғы сөзден, кіріспеден (мукаддима), жеті томнан (қысм, дафтар, муджаллад) және «географиялық қосымшадан» тұрады¹⁰².

Мұхаммед Хавенд-шах Мирхондтың (1433-1498) «Раузат ас-сафа» деген жалпыға бірдей алтыншы томында XV ғасырдың 20-жылдарынан басталатын Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тарихы жөнінде көлемді материал өте құнды. В.В. Бартольд оның деректерін Ұлықбектің Моғолстанға жоға-

¹⁰⁰ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 280 с. – С. 150.

¹⁰¹ Абдураззак Самаркандий. Матлаи саъдайн ва маджмаи бахрайн. Форс – тожик тилидан таржима, кириш суз ва изохлаи луғатлар тарих фанлари кандидати А. Уринбоевники. – Ташкент, 1969. – 464 б. – 7 б.

¹⁰² Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – С. 142.

рыда аталған жорығын сипаттауға арналған жазбаларында келтірген. Мирхондтың бұл томының неғұрлым ертеректегі мәліметтері Темір мен оның ұрпақтарына арналған, олардың Қазақстан аумағындағы саясаты туралы ертедегі Темір ұрпақтары тарихнамасы авторларының еңбектері бойынша сол кезде-ақ мәлім деректерді қайталайды. Өз есімдерін, топонимдерін, этникалық топтардың атауларын жазуда айырмашылықтар бар. Оқиғаларды баяндауда, мысалы, Ұлықбектің нақ сол Моғолстанға жорығын суреттеуде және бұл мемлекеттің ішкі жағдайын көрсетуде орын алған, неғұрлым егжей-тегжейлі, еш жерде қайталанбайтын оқиғалар Мирхондтың әлдебір жоғалып кеткен түпнұсқа дерек көздерін пайдаланғанын көрсетеді¹⁰³.

Шығармадағы алғы сөзінде Мирхонд еңбегінде 25 парсы және 15 араб шығармалары негізінде жазылғандығын айтады. Жалпы тарих бойынша келесі шығарма «Ма'асир ал-Мулук» («Патшалардың айбын іс-әрекеті») 904/1498-1499 жылдары құрастырылған. Еңбектің авторы Қожа бийас ад-Дин Мұхаммед ибн Қожа Хумам ад-Дин Мұхаммед ибн Қожа Жалал ад-Дин ибн Қожа Бұрхан ад-Дин Мұхаммед Хұсайни Ширази Херави, лақап аты Хондамир шамамен 879/1474-1475 жылдары Гератта туылған. Хондамирдің әкесі Темірлік Сұлтан Махмұд-мырза тұсында уәзір болған. Жақсы білім алған, өз заманының ірі ғалымы ретінде танымал. Мір Әлішер Навои кітапханасында алдын кітапханашы болып, кейін 904/1498-1499 жылдары оның кітапханасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. Әлішер Навои қайтыс болғаннан кейін Балхқа аттанып, Хусейін Байқараның үлкен ұлы Бади' аз-Заман (1458-1515) қарамағына қызметке тұрады, сөйтіп уәзір ретінде оның түрлі жорықтарында жанында жүреді. Оның ұлы Мұхаммед Заман-Мырзаға да қызмет етеді. 934/1528 жылы Үндістанға барып, Бабыр (932/1526-937/1530) қарамағына қызметке орналасады, содан соң Хумайунға (937/1530-963/1556), 942/1535-1536 жылдары Үндістанда қайтыс болып, Делиде жерленеді.

Хондамир тек тарихнамашы ғана емес, сонымен қатар өз заманының ірі әдебиетшісі және тамаша биографы болды¹⁰⁴.

¹⁰³ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II том. – 640 б. – 14 б.

¹⁰⁴ Юсупова Д.Ю. Творческое наследие Хондамира как источник по истории культуры Центральной Азии XV-XVI вв.: док. дисс. – Ташкент, 2001. – С. 11.

«Ма'асир ал-Мулук» шығармасы жеті зікірден (ескертулер) тұрады, Кайұмарсадан бастап, Бади' аз-Заманның билеу кезеңімен аяқталады. Шығарма Орталық Азия халықтарының қарым-қатынас тарихын зерттеуде қызықты дерек болып табылады.

Хондемирдің «Хабиб ас-сийар» деген шығармасының XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы жөніндегі мағлұматтары негізінен алғанда Шами, Йазди және Мирхонд шығармаларын қайталайды, олар XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басы үшін ғана бірегей.

«Хабиб ас-сийар» әйгілі ғалымдарының демеушісі Карим ад-Дин Қожа Хабибаллах Саваджидің ұсынысы бойынша жазылып, соған арналған. Бұл еңбек алғы сөзден (мукаддима), кіріспеден (ифтитах), үш томнан (муджалад), әрқайсысы төрт бөлімнен (джуз) және қорытындыдан (ихтитам) тұрады.

Темір ұрпақтарының келесі бір шығармасы Бабырдың келелі туындысы – «Бабырнама». Оның авторы Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр 1483 жылы 14 ақпанда Ферғананың билеушісі, Әмір Темірдің шөбересі – Омар Шейхтың шаңырағында дүниеге келді. 1494 жылы әкесі кенеттен қаза тауып, 12 жастағы Бабыр Ферғананың әмірі аталады. Уақыт өте келе Орта Азияда Темір ұрпақтарының орталықтандырылған мемлекетін құру жолындағы өзара қырқысқан күресіне белсене қатысады. Алайда Дешті Қыпшақтан келген Мұхаммед Шайбани Темір ұрпақтары әулетінің түбіне жетті. Бұл жағдай Бабырды 1504 жылы Ауғанстанға кетуге мәжбүр етіп, сол жерден ол Орта Азия мен Үндістанға жорықтар жасайды. 1526 жылы Бабыр Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалап, онда 1530 жылға дейін билік етті.

Бабыр сол дәуірдегі көптеген оқиғалардың куәгері ғана емес, тікелей қатысушысы да болды. «Жазбалар» Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан тарихы жөніндегі өте құнды дерек көзі болып табылады.

«Бабырнама» үш бөлімнен құралған. Бірінші бөлімінде – XV ғасырдың соңындағы Мауараннахрдағы саяси оқиғалар, өзінің шыққан тегін, ондағы қалалар, қамалдар, билік үшін жүргізілген жанталас соғыстары, нағашы атасы Моғолстанның билеушісі Жүніс хан мен Ташкентті билеген үлкен ұлы Сұлтан Махмұдтың билігі баяндалады. Екінші бөлімі – Ауғанстан жеріндегі оқиға. Бабыр заманында бұл аймақ – «Кабул иелігі» деп

аталған. Үшінші бөлімінде Солтүстік Үндістандағы саяси оқиға, елдің географиялық жағдайы, табиғаттың ерекшелігі, бұл елді мекен еткен халықтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы жайында өте қызықты деректер келтіріледі¹⁰⁵.

Қазақ тарихы үшін Бабырдың Жетісу моғолдары, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілқайыр мемлекеті туралы, Мұхаммед Шайбанидың саяси іс-қимылдарына қатысу туралы, қазақтану институты, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың тарихи географиясы, өзбектер сияқты қазақтардың, қырғыздардың және Орта Азиядағы басқа да түркі тілдес халықтардың этникалық тарихы туралы мәліметтері ерекше маңызды.

Келесі нарративті шығарма «Силсилат ас-салатин» («Патшалар шежіресі») парсы тілінде жазылып, қазақ халқының тарихын зерттеуде алдын қолданылмаған. Шығарманы Ж.М. Тулебаева алғаш рет өз зерттеуінде қазақтар тарихы жайлы мәліметтері бойынша ғылыми айналымға енгізеді.

«Силсилат ас-салатин» дерегі ежелгі түріктер мен монғолдар, Темір әулеті, Шейбанилықтар және Аштарханилықтар тарихын бейнелеуге арналған. Маңызды оқиғалардың даталары күні бойынша келтіріліп, патшалардың билеген уақыты нақты көрсетіледі¹⁰⁶.

Еңбек авторы – Қажы Мір Мұхаммед Сәлім ибн Мұхаммед Рүстем – сұлтан ибн Мұхаммедйар – сұлтан ибн Пайанда Мұхаммед – сұлтан Аштарханидтер әулетінен шыққан. XVII ғасырдың 60-жылдар ортасында Самарқанда туылған. Убайдаллах-хан өлтірілген соң 1123/1711 жылы Мір Мұхаммед Сәлім елін тастап, Сефевидтік Иранның астанасы Исфаханға келеді. Иранда бір жыл болып, 1124/1712 жылы ол жерден де кетеді. Содан Константинопольге келіп түріктік билеуші III Ахмедпен (1115/1703-1143/1730-1731) қабылданған. Мекке мен Мединада болып Мір Мұхаммед Сәлім Үндістан арқылы еліне қайтуды ойлайды. Үндістанға келіп Бабырлық Нәсір ад-Дин Мұхаммед-шахқа (1131/1719-1161/1748) қызметке тұрады. Соның бұйрығы бойынша берілген «Силсилат ас-салатин» шығармасы жазыла-

¹⁰⁵ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993, – 448 б. – 13 б.

¹⁰⁶ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – Алматы, 2003. – № 2(23). – С. 20-24.

ды. Еңбек кіріспе мен төрт бөлімнен тұрады. Қазіргі уақытта еңбектің Англияның Бодлеянск кітапханасында сақталған жалғыз данасы белгілі болуы мүмкін.

Шығарма XVII ғасырдың 40-50 жылдары Орта Азияның тарихын және де XVI-XVII ғасырлардағы қазақтар тарихын зерттеуде де маңызды дерек көзі болып табылады.

Темір және оның ұрпақтарына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан дерек ретінде алатын орны маңызды. Өйткені тек Әмір Темір және оның ұрпақтарының шығармалары ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрініс береді. Жоғарыда аталған Темір және оның ұрпақтарына арналған парсы деректері кейіннен қазақ халқының құрамына енген Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Жетісу территориясында өмір сүрген халықтар жайлы көптеп мәлімет береді. Сонымен қатар Дешті Қыпшақтағы билеуші хандар арасындағы алауыздықты, халықтардың бытыраңқылығын жақсы суреттейді. Енді XIII ғасырдың басына дейін қыпшақ дәуірінде Қазақстан аумағындағы этникалық процесс халықтық деңгейге жақындап, ортақ этникалық кеңістік қалыптасып болған еді. Алайда, монғол шапқыншылығы халықты бытыратып жібереді. Кейіннен тарих сахнасына көтерілген Әмір Темір жорықтары да Қазақстан территориясындағы өмір сүріп жатқан халықтарға ауыр соққы болып тиді. Темір жорықтары оның арнайы тарихшыларымен дерек көздерінде жақсы бейнеленеді. Кей жерлерде ақиқатты жасырып қалса да, Темірдің жаулап алған жерлеріндегі халықтарға озбырлығын бүкпей ашық көрсетеді¹⁰⁷.

Темір және оның ұрпақтарының шығармаларында ортағасырлардағы қазақ халқы мен қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Алайда оларды алып пайдаланбас бұрын деректерді деректанулық сыннан өткізіп, ақиқатына жетіп, объективті мағлұматтарды беру дұрыс болар еді. Оқу құралында осы

¹⁰⁷ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – Алматы, 2003. – № 2(23). – С. 20-24.

Әмір Темір әулетінің тапсырысымен жазылған бірнеше деректердегі мағлұматтарды бір-бірімен, содан соң ортағасырлық басқа да деректермен салыстырып талдау жолдары мен әдістерін көрсету, олардың маңызы мен құндылығын анықтап, зерттеу тәсілдері мен деңгейін айқындау көзделген.

Темірлік шығармаларда ортағасырлардағы Қазақ хандығының құрылуының алғышарты болған Әбілхайыр, Моғолстан, Мауареннахр мемлекеттерінің саяси тарихы, және Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі саяси оқиғалары нақты бейнеленеді.

Жалпы алғанда, Темір мен оның ұрпақтарына арналған шығармалардың ортағасырлық Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеудегі басқа ортағасырлық шығыс мұсылман деректерінің арасындағы алатын орны ерекше, мазмұны жағынан бай және құнды деуге болады.

Студенттердің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Әмір Темір және оның әулетінің тарихтағы орны.
2. Әмір Темір әулетіне арналған шығармаларды классификациялаңыз.
3. Шығарма авторлары және олардың көзқарастары.
4. Темірлік шығармалардың ерекшелігі мен ғылыми маңызы.

1.2. Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалардың зерттелу деңгейі

Кез келген дерек белгілі бір тарихи оқиғаның, құбылыстың немесе қоғамдық процестің салдарынан пайда болады. Дәлірек айтсақ, нақты тарихи оқиға, құбылыс немесе қоғамдық процесс нақты тарихи деректерде бейнеленіп, ол туралы мәліметті бойында сақтайды. Сондықтан да кез келген деректі белгілі бір тарихи оқиғаның дерек көзі ретінде зерттеуде оның пайда болуының объективтілігін, алғышартын, яғни нақты қандай оқиғаның салдарынан пайда болғандығын анықтаудың маңызы өте зор. Сондай-ақ дерекке деректанулық талдау жүргізгенде тарихилық принципті басшылыққа алып, деректі өзінің пайда болған уақыты контекстінде зерттеу қажет. Өйткені, деректің жасалған уақыты, оның ерекшелігі, нақты айтқанда, сол кезеңде қалыптасқан тарихи жағдай, үстемдік еткен саяси құрылыс, т.б.

деректің пайда болуына, ішкі мазмұны мен бағытына, мақсаты мен міндетіне әсер ететіні анық.

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеуде парсы деректері құнды мәліметтер береді. Алайда ол деректердің көптігіне байланысты оларды жеке-жеке топтастырып, зерттеуді қажет етеді. Сондықтан жұмысымызда темірлік деректер өзара топтастырылып, ол деректердің ішінен Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер алынып отыр. Бізге дейін де темірлік шығармалар зерттеушілер тарапынан қарастырылып, құнды мағлұматтары пайдаланылып келген болатын. Алайда оларға деректанулық талдау жасалған зерттеу жоқтың қасы.

В.В. Бартольдтің «Деректану бойынша жұмыстар» атты шығармасында темірлік тарихнамашылар Хафиз-и Абру мен Абд ар-Раззаки Самарқандидің өмірі мен қызметі жайлы мәліметтер бар. Автор Хафиз-и Абрудың Шахрухтың замандасы болғандығын атап өтеді¹⁰⁸. В.В. Бартольд шығарманың құрылымы мен мазмұны Абд ар-Раззаки Самарқанди шығармасының кейбір тұстарымен сәйкес келетіндігін айта келе, белгілі болғандай Хафиз-и Абрудың еңбегі Абд ар-Раззаки Самарқанди үшін негізгі дерек болғандығын мәлімдейді.

Абд ар-Раззаки Самарқанди жайлы айта отырып, В.В. Бартольд оның еңбегі 830-875/1426-1475 жылдарды қамтитын оқиғалар үшін маңызды деректердің біріне жатады дейді¹⁰⁹.

XX ғ. 30-жылдары С.Д. Аспендияров пен П.А. Кунтенің Қазақстан мен Орта Азия тарихы бойынша мәліметтер қамтылған шығыс деректерінен үзінді келтірілген кітабы жарық көреді¹¹⁰. Кеңес зерттеушілерімен ХІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақтар мен Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша құнды мәліметтер мазмұндалған шығыс деректерінен үзінді материалдар дайындалып, басылған. Республикамыздағы деректанудың дамуына елеулі үлес қосқан алғашқы қазақстандық шығыстанушылардың бірі С.К. Ибрагимов еді. Ол Қазақ хандығы бойынша

¹⁰⁸Бартольд В.В. Работы по источниковедению // Бартольд В.В. Сочинения. Т. VIII. – М., 1973. – 723 с. – С. 95.

¹⁰⁹ Сонда – С. 582.

¹¹⁰ Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.) / под ред.: С.Д. Аспендиярова и проф. П.А. Кунте. – Алматы: Казахстан, 1997. – 2-е изд. – 383 с.

шығыс жазба шығармаларындағы құнды мәліметтерді басып шығарып, ғылыми айналымға енгізді¹¹¹.

«XV-XVIII ғ.ғ. Қазақ хандығы бойынша материалдар» деп аталатын шығыс деректерінен үзінділер келтірілген жинақты дайындауға С.К. Ибрагимов тарапынан ықылас білдірілген болатын. Бұл күрделі әрі көп тер төгілген жұмыс В.П. Юдинмен¹¹² аяқталған болатын. Ортағасырлардағы Қазақ хандықтарының және олардың көрші мемлекеттермен, халықтармен қарым-қатынас тарихы бойынша құнды мәліметтер мазмұндалған 16 парсы, түркі шығармалар және 4 вакуфтық құжаттар ғылыми айналымға енгізілді.

1970-1980 жылдардағы қазақстандық шығыстанушылар арасында араб, парсы, түрік тілдерінде ежелгі және ортағасырлар тарихы бойынша шығыс деректерін анықтап, ғылыми айналымға енгізу жұмысы жалғастырылды. 1981 жылы В.П. Юдиннің бастамасымен ҚазССР тарихы мен мәдениеті ескерткіштерін қоғамдық қорғау жанынан Тұрақты шығыстанулық археографиялық экспедициясы құрылды. Ташкент, Душанбе, Қазан, Санкт-Петербург, Омск, Тобольск, Москва қалаларындағы қолжазба сақтау орындарына археографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Экспедиция нәтижесінде қазақ халқының тарихы мен мәдениеті бойынша өте сирек кездесетін мәліметтер мазмұндалған қолжазбалар мен құжаттар табылды.

Алтын Орда тарихы жөнінде мәліметтер беретін шығыс дерек көздерінен алынған үзінділердің екі томдық жинағы моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Қазақстан тарихын зерттеу үшін маңызы зор болды. Араб тарихшылары мен географтарының еңбектерінен алынған материалдар енгізілген бірінші томын шығаруда Еуропаның көптеген кітап қоймаларынан жинаған аса көрнекті шығыстанушы В.Г. Тизенгаузеннің (1825-1902) материалдары арқылы жүзеге асырды¹¹³. Содан 2005 жылы бұл

¹¹¹ Ибрагимов С.К. Новые материалы по истории Казахстана XV-XVI вв. // ИСССР. – М., 1960. – № 4. – С. 152-158.

¹¹² Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин; ответ. ред. Б.С. Сулейменов. – Алма-Ата, 1969. – 650 с.

¹¹³ Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. – СПб., 1884. – Т. I.

жинақ қайта басылып шықты¹¹⁴. Екінші томын да нақ сол В.Г. Тизенгаузен іріктеп алған парсы шығармаларынан үзінділер енгізілген, оларды алпыс жылға жуық уақыт өткен соң, А.А. Ромаскевич пен С.Л. Волиннің өңдеуімен басып шығарылды¹¹⁵. Баспагерлер алғы сөзде табыс етілген материалдардың түпнұсқалығын, хронологиялық жағынан реттілігін, кейінгі дерек көздерінің алдыңғыларына байланыстылығын атап өткен. Бірінші томындағы араб деректері сияқты, ертеректегі парсы деректері де Алтын Орданың батыс бөлігіндегі үлкен оқиғаларды сипаттайтынын, ал Иранның шығыс бөлігі мен Орта Азияда неғұрлым кейінгі кезде жазылғандарының Жошы ұлысының шығыс бөлігіндегі оқиғаларды, яғни қазақтар мен көшпелі өзбектердің тарихын жақсы білетінін көрсеткен. Олардың арасында Низам ад-дин Шамидің, Шараф ад-дин Йаздидің, Му'ин ад-дин Натанзидің, Абд ар-Раззак Самаркандидің, Хайдар Разидің және басқаларының шығармалары бар.

«Ескендір анонимі» Алтын Орда тарихынан құнды мәліметтер беретін дерек көзі. Одан Алтын Орда өміріндегі билердің алатын орны жайлы, көптеген хандар тұсындағы билердің ықпалды болғандығы туралы біле аламыз. Олардың кейбіреулерін, мысалы, өзбек тұсындағы Құтлық-Темір жайлы араб деректері біледі, ал Жәнібек пен Бердібек тұстарындағы Тоғлыбай немесе Тоғлы-би жайлы тек орыс жылнамалары мен «Ескендір анонимі» біледі. Сонымен қатар, Алтын Орданың құлауына байланысты араб деректері мардымды ештеңе бере алмайды. Ал парсы деректері көп мәлімет бере алмаса да орыс деректерін толықтырып, көп мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді¹¹⁶.

Алтын Орда тарихы жөніндегі материалдардың жинағы ұзақ жылдар бойы XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі мәліметтерінің сенімді көзі болып келді және осы

¹¹⁴ История Казахстана в арабских источниках: сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем. Т. I / подг. к новому изданию, введ., дополн. и комментарии: Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Изд. перераб. и дополн. – 711 с.

¹¹⁵ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – 308 с.

¹¹⁶ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 640 б. – 34 б.

кезге дейін солай болып қалып отыр. Ал бүгінгі таңда сол жинақтағы деректердің, яғни біздің зерттеу жұмысымызға тікелей қатысты темірлік шығармалардың (Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йаздидің «Зафар-наме», Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла' ас-са' дайн ва маджма' ал-бахрайн», Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-нама» шығармалары) өзіміздің ана тіліміз қазақ тіліне аударылуы ғылымға қосылған үлкен бір үлес деп есептейміз. «Қазақ тіліне тұңғыш рет аударылған бұл шығармалар арқылы оқырман ортағасырлық отан тарихынан біршама құнды мәліметтер алады деген үміттеміз», – дейді кітапты құрастырушы авторлар¹¹⁷.

Кеңес үкіметі Ғылым Академиясы Шығыстану Институтының ленинградтық бөліміндегі ғалымдардың көмегімен «Материалы по истории киргизов и Киргизии» деп аталатын жинақ жарыққа шықты¹¹⁸. В.А. Ромадиннің басшылығымен жарық көрген бұл жинақ 2002 жылы Бішкекте қайта басылып шықты¹¹⁹. Жинақ үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге X-XIII ғасырлардағы алты шығарманың үзінділері енген. Екінші бөліміне XV-XVI ғасырлардың ең құнды алты аудармасы енгізілді. Олардың ішінде Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йаздидің «Зафар-наме», Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хавандшах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа» шығармаларынан құнды мәліметтердің үзінділері келтірілген.

Ал үшінші бөлімге XVI-XIX ғасырларға жатататын ферғаналық және қашқарлық тарихи шығармалар енеді.

1960-1980 жылдары В.П. Юдиннің (1928-1983) таңдаулы еңбектерінің жинағы шығады¹²⁰. Сол жинақтағы «Персидские и

¹¹⁷ Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық. Т.3: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана: Фолиант, 2005. – 512 б. – 4 б.

¹¹⁸ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 280 с.

¹¹⁹ Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана. – 2-е изд. / отв. ред. В.А. Ромодина. – Бишкек, 2002. – 315 с.

¹²⁰ Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с.

тюркские источники по истории казахского народа XV-XVIII вв.» атты мақаласын ерекше атап өтуге болады. Онда зерттелген барлық деректерге сипаттама беріледі. Осы мақала жайлы Ж.М. Тулебаева: «В целом статья серьёзный вклад в теоретическое источниковедение истории казахского народа, так как в ней разработана и представлена синтезированная классификация персо-и тюркоязычных нарративных источников по истории казахского народа», – дейді¹²¹. Автордың пікірін қолдай отырып, белгілі шығыстанушы В.П. Юдиннің Қазақстан ғылымына қосқан үлесі жоғары деп айта аламыз. Оның темір ұрпақтары тарихнамасына берер бағасы қандай екендігіне тоқтала кетейік. «Шыңғыс-намені» зерттеуге үлкен үлес қосқан, бұл күнде марқұм болған қазақстандық көрнекті шығыстанушы В.П. Юдин ауызша тарихнамаға аса көп назар аударған болатын.

В.П. Юдиннің сіңірген еңбегі сол, ол ауызша дәстүрге оның өзінің анықтауынша, «далалық ауызша тарихнамаға» негізделген басқа жазбаша шығармалар қатарынан осы түпнұсқа дереккөзді бірінші болып бөліп шығарды¹²². Оның темір ұрпақтарының тарихына арналған шығармаларына байланысты ойына тоқталайық: ««Шыңғыс-наме» бойынша баяндалған оқиғалар негізінен XIV ғасырдың бірінші жартысын қамтиды, билік басына қазақ хандары әулетінің негізін қалаған Орыс ханның келуімен аяқталады. Осы уақыттан бастап қазақ даласының тарихы Темір ұрпақтарының тарихнамасынан және басқа тарихнамалардан үзік-үзік болғанымен азды-көпті өз көрінісін бере бастайды. Алайда бұл шығармаларда бұдан бұрынғы тарих шатыстырылып берілген. «Ескендір анонимінде», тіпті кейбір жайлар қиял-ғажайып деңгейде суреттеледі, оны дерек зерттеушілер әлденеше рет көрсетті де. Бір ғажабы, соған қарамастан ол негізгі дерек көзі ретінде кеңінен пайдаланылып келеді», – дейді автор.

В.П. Юдин былай деп көрсетеді: ««Шыңғыс-наме» тайпа билерінің билігін құртқан Жошы ұрпақтарының да аттарын

¹²¹ Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық. Т.3: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана: Фолиант, 2005. – 2005. – 512 б. – 34 б.

¹²² Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б. – 11 б.

атайды. Олар – басқаларына басшы болған Бүкрі Қожа Ахмед, Қара Ноғай. Қара Ноғай содан кейін хан болды, ал оның орнын мұрагерлік жолмен інісі Тұғлық-Темір басты. Бірақ осы тұлғалар тарихта болған адамдар ма? Қиялдан туған тұлғалар емес пе?»¹²³, – дей отырып, деректің шынайылық дәрежесін айқындауға тырысады. Сөйте отырып оны басқа деректермен салыстыруды жөн көреді: «Темір ұрпағының және басқа тарихшылардың шығармаларынан біз Ноғай есімін, сондай-ақ оның Сасы-Ноғай, Тоқай және басқаша аталатын есімдерін табамыз. Кейбір дереккөздерде оны Алтын Орданың белгілі ханы Тохтамен шатыстырады. Осы кезді баяндайтын дерек мәліметтерінің бәрі Тұғлы-Темір деп оны өзінің төл атымен атайды. Бірақ кейбір шығармаларда оның Мауераннахрға жасаған екі жорығы туралы жазылған, ал мұның өзі дерек көздің Дешті Қыпшақтық Тұғлы-Темірді шатыстырғанын көрсетеді. Мұның өзі Темір ұрпақтары тарихнамасының орыс ханға дейінгі Дешті Қыпшақ тарихы бойынша тек күнгірт деректерді пайдаланғанын айғақтайды»¹²⁴, – деп біршама Темір ұрпақтары тарихнамасына күмәнмен қарайды.

Сонымен, автор «Шыңғыс-наме» мәліметтерін Темірлік тарихнама мәліметтерімен салыстырады. «Ескендір анонимі» тағы Сасы-Бұқаның баласы Ерзеннің баласы Мүбәрак-Қожаның, Мүбәрак-Қожаның бауыры Шымтайдың және басқалардың есімдерін атайды.

Деректегі қайшылықтырды ашудың негізгі екі жолы туралы айтуға болады. Олар: 1) мәтінді логикалық талдау жасау арқылы; 2) әртүрлі деректерді бір-бірімен салыстыру арқылы.

Әсіресе пайда болу жағынан бір-бірімен байланысы жоқ, бірақ тек бір оқиғаны бейнелеген әр түрлі деректерді кешенді салыстырудың маңызы аса зор. Пайда болу жағынан деректер неғұрлым әр түрлі болған сайын, соғұрлым белгілі бір қорытындыға келу оңайға түсетіндігін»¹²⁵, ескерсек В.П. Юдиннің деректің шынайылық дәрежесін айқындаудағы бұл жолды таң-

¹²³ Сонда – 108-111 б.

¹²⁴ Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б. – 111 б.

¹²⁵ Атабаев К., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері: оқу құралы. – Алматы, 1999. – 39 б.

дауы маңызды болып табылады. Бізге автордың Темір ұрпақтары жайлы айтқан пікірі құнды болып табылады: «Темір ұрпағының тарихнамасы Қара Ноғай мен Тұғлы-Темірді Ақ Ордадан шыққан Алтын Орда хандары деп атайды. Олар Алтын Орданы (1360-1380) аласапыран кезеңде билеген секілді болып көрінеді. Шындығында, Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпақтары Сарайдағы билікке таласты. Темір ұрпақтары мен оларға тәуелді тарихнамашылар шығармаларында тағы бірнеше белгісіз есімдерді атайды, мысалы, орыс дереккөздері бойынша олар – Тұғлы-Темірдің бауыры Мұрат-Қожа, Шахидің (Қара Ноғайдың әкесінің, немесе Қара Ноғайдың өзінің) ұлы Құтлық-Қожа. «Ескендір анонимі» тағы Сасы-Бұқаның баласы Ерзеннің, Ерзеннің баласы Мүбәрак-Қожаның, Мүбәрак-Қожаның бауыры Шымтайдың және басқалардың есімдерін атайды.

Бірақ бұл кісілердің шыққан тегін қалай анықтауға болады?», – деп сұрақ қоя отырып автор жауапты тағы да «Шыңғыс-намеден» табады: «Бұл жағдайда іздегенге бағыт беретін «Шыңғыс-наме» мәтінінде тайпалық билер билігін құлатуға қатысқандардың бірі – «Темір-Құтлық хан мен Үрүс ханның әкелірінің тұқымынан еді» деген тіркес бар. Аталған екі ханның екеуінің де Жошының 13-інші ұлы Тоқа-Темірдің ұрпақтары екені қазір толық дәлелденген. Бәлкім, «төңкеріске» қатысқандардың қалғандары да осы Тоқа-Темір ұрпақтары шығар»¹²⁶, – деген болжам айтады. Ары қарай автор өз ойын түйіндей келе: «Қазіргі таңда ғылыми айналымға енген Жошы ұрпақтарының генеалогиясын салыстырып көргенде, Бүкрі Қожа-Ахмедтің де, Қара-Ноғайдың да, Тұғлы-Темірдің де, сондай-ақ Темір ұрпақтарының тарихнамасынан белгілі Алтын Орданың «ақордалық» басқа хандарының да, шынында өмірде болған адамдар екені, олардың бәрі Тоқа-Темірдің баласы Бай-Темірдің (Баймұраның) ұрпақтары екені анықталды»¹²⁷. Бұлардың бәрі әлгі генеалогияда өзде-

¹²⁶Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б. – 112 б.

¹²⁷ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – 308 с. – С. 60; Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. Извлечения из персидских и тюркских сочинений / сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин; ответ. ред.: Б.С. Сулейменов. – Алма-Ата, 1969. – 650 с. – С. 42.

рінің төл аттарымен, немесе біршама өзгеріспен айтылған. Тіпті, Қара-Ноғай немесе жәй Ноғайдың басқа шығармаларда неліктен Сасы-Ноғай аталатынына да түсіндірме табылады. Сөйтсек, Сасы-Ноғай деген кісі аты (антропоним) екі есімнен: өзінің аты-Ноғай және әкесінің аты – Сасы есімдерінен құралған екен»¹²⁸. Осылайша В.П. Юдин XIII-XIV ғасырлардағы Қазақстан тарихында шиеленіскен оқиғалардың біразын шешіп беруге тырысады.

«Үрүс-хан – Қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Керей мен Жәнібек хандардың атасы. Бірақ оның мемлекетінің жұртшылығы қазақ аталмай, неге өзбек аталады?

«Темір ұрпақтарының тарихнамасы ұсынған, оны Жошының тұңғыш баласы Орда Еженнен тарататын Үрүс хан шежіресіне күмәнмен қарауға тура келеді. Іс жүзінде Қазақстанның XIII-XIV ғасырлардағы бүкіл тарихы осындай шатасқан мәселелерден тұрады.

Осының бәрі кейінгі Қазақ хандығы тарихын ұғындыратын XIII-XIV ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде тек деректану саласындағы кең көлемді зерттеу негізінде ғана ілгерілеуге болатынын көрсетеді. Қазіргі таңда деректанушылар бұл бағытта елеулі жұмыс тындырды, бірақ мұның бәрі әлі жеткіліксіз», – деп В.П. Юдин үлкен мәселе көтерген болатын. Әрине, бұл іс бүгінгі күні де деректанушы, шығыстанушы, тарихшылар тарапынан қолға алынғанымен, күрделі мәселе болғандықтан көбі оған бет бұра бермейді.

«Біздің айтқандарымызға қарап, Темір ұрпақтарының және негізінен сарайлық тарихшылардың, кез келген феодалдық тарихнаманың маңыздылығын жете бағаламайды деген тұжырым жасауға болар еді. Бірақ бұл олай емес: Ресейге қосылғанға дейінгі Қазақстан тарихын зерттеу үшін шығыстың жазба дереккөздерінің маңызы зор, мазмұны жеткілікті және нақты айтылған. Олар негізгісі болып табылады және олардың дерегісіз аталған кезеңдегі Қазақстан тарихын пайымдау мүмкін емес»¹²⁹, – дей отырып, автор оларға біршама тоқталады.

¹²⁸ Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б. – 112-113-б.

¹²⁹ Сонда. – 114-115 б.

«Мунтахаб ат-тауарих-и Му'иниде», басқаша айтқанда Му'ин ад-Дин Натанзидің «Ескендірдің анонимінде» ауызша және жазбаша тарихи мәліметтердің астасып кеткені сондай, шығыстанушылардың жұмысына елеулі қиындақтар туғызып отыр. Онда ауызша тарихнаманың мағлұматтары жазбаша тарихнама дәстүрінің арқауына біліктілікпен кірістірілмеген. Ал мұның карама-қайшылықты көбейткені сондай, одан шынайы тарихи процеске сәйкесетін зерттеу арқылы ғана ажыратып алуға болады»¹³⁰.

Автордың жоғарыда айтылған тұжырымы шындыққа сай. Біздің жұмысымыз да осыған негізделген.

В.П. Юдин XIV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда тарихы бойынша біршама толық және дәйекті мәлімет беретін жалғыз дереккөз – «Ескендірдің анонимі» болып табылатындығын айта отырып, алайда бұның мүлдем сенімсіз дереккөз екенін, ол туралы ғылыми әдебиетте әлденеше рет айтылғандығына тоқталады. «Атап айтқанда, «Ескендірдің анонимінің» өз кезегінде «өзінің дереккөздеріне сыни көзбен қарамайтынына, әр текті мәліметерді біріктіріп жіберетініне, нәтижесінде хронологияны шатыстыратынына»¹³¹ назар аударылатын. Алайда зерттеушілер осы мәтінді кеңінен пайдаланып келеді. Көп жағдайда олар осы дереккөзден өз тұжырымдарына сай келетін мәліметтерін еркінше бөліп алып, басқа дереккөздің мәліметтеріне жүгінбейді, оларды алдын ала қате санап, кейде тіпті мұны ескертпейді де»¹³², – деп зерттеушілерге өз наразылығын білдіреді. Бұны сол кезеңнің тарихы жайлы көп мәлімет беретін тек Темір ұрпақтары тобының тарихшылары жазған шығармалардан басқа мәліметтің жоқтығымен түсіндіруге болады.

Г.А. Федоров-Давыдов өз мақаласында Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих-и Му'ини» шығармасындағы «Ақ Орда» және «Көк-Орда» терминдеріне сипаттама береді. Автор Му'ин ад-Дин Натанзидің «Ескендір анониміндегі»

¹³⁰ Сонда – 116 б.

¹³¹ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – 308 с. – С. 126-127.

¹³² Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б. – 134 б.

мәліметтер Шараф-ад-Дин Йезди мен Низам-ад-Дин Шами мәліметтерінен ерекшеленетіндігін айтады. Сонымен қатар оның Абд-ар-Раззақ Самарқандимен келтірілген Хазиф-и-Абру жазбаларымен сәйкес келетіндігін хабарлайды. «Бірақ «Ескендір анонимінде» Хазиф-и-Абруде кездеспейтін мәліметтер бар. Бұл екі автордың да Шараф-ад-Дин Йезди мен Низам-ад-Дин Шами деректерінен де жақсы ортақ деректер қолданған болуы мүмкін деген ойға алып келеді», – деп Г.А. Федоров-Давыдов Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих-и Му'ини» шығармасын жоғары бағалайды¹³³. Ол Ақ Ордаға қатысты темірлік деректерді өз ішінде бір-бірімен салыстыра отырып, Натанзидің Ақ Орда сұлтандарына қатысты мәліметтерінің Шами мен Йезди деректеріндегі мәліметтерге қарағанда анағұрлым толығырақ және нақтырақ деген үйғарымға келеді.

Алайда Г.А. Федоров-Давыдов Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих-и Му'ини» шығармасындағы «Ақ-Орда» және «Көк-Орда» терминдерін қолдануда қателескендігін ескертіп, оны дәлелдеуге тырысады.

Темірлік деректерді аударып тарихи айналымға енгізген К.А. Пищулинаның «Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории)» (1977 жылы жазылған) [14] атты еңбегі парсы деректерінің негізінде жазылған болатын. Зерттеуші өз еңбегінде XIV-XV ғасырларда Моғолстанның құрамына енген Оңтүстік-шығыс Қазақстан аймағының саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін зерттейді. Моғолстанның көрші елдермен, соның ішінде Ақ Ордамен байланыстары және де Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары қарастырылады. Оңтүстік-шығыс Қазақстан қазақ халқының тарихында маңызды орын алған болатын. Сонымен қатар, зерттеуші Моғолстан билеушілерінің саясатын, олардың Темір әулетімен байланысын ғылыми түрде талдап көрсеткен.

К.А. Пищулина: «Несмотря на широкую известность тимуридских источников «Зафар-наме» Низам ад-Дин Шами, «Зафар-наме» Шараф ад-Дина Али Йазди, «Матла' ас-са' дайн ва

¹³³ Федоров-Давыдов Г.А. «Аноним Искандера» и термины «Ақ-Орда» и «Кок-Орда» // История, археология и этнография Средней Азии. – М., 1968. – 368 с. – С. 225.

маджма‘ ал-бахрайн» Абд ар-Раззака Самарканди и др., современные исследователи истории Средней Азии, Ирана и сопредельных стран вновь и вновь возвращаются к ним, справедливо отмечая, что первоисточники эти еще до сих пор «не изучены с достаточной полнотой и последовательностью», что нужен дальнейший поиск материала в уже, казалось бы, известных сочинениях этих и других восточных авторов», – деп¹³⁴ Темір әулеті шығармаларының әлі де толыққанды зерттелмегендігін атап көрсетеді.

Ірі орыс шығыстанушысы В.Г. Тизенгаузен (1825-1882) «Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды» атты жинағының екінші томында «Муизз ал-ансабтың» көлемді аудармасын келтірген болатын [6]. Онда XIII-XV ғасырларда өмір сүрген Шыңғыс ұрпақтары Темір хан ұрпақтарының шежіре тарихына қатысты мәселе қарастырылған. Кейінгі уақыттарда бұл шығарманы зерттеуге ғалымдар көп көңіл бөле бастағандығын білеміз.

Т.И. Сұлтанов «Муизз ал-ансабтың» Париждің Ұлттық кітапханасында сақталған түпнұсқасын пайдалана отырып, оның мәліметтерін В.Г. Тизенгаузен келтірген мәліметтермен салыстырады. Автордың пікірінше В.Г. Тизенгаузен Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресін шатыстырып жіберген. Т.И. Сұлтанов осы мәселені зерттеуде түпнұсқаны қайта қарауды қажет ететіндігін ескертеді. Ол «Муизз ал-ансабтың» парсы тіліндегі түпнұсқасын зерттей отырып, белгісіз автор негізгі мәтіннің шежірелік мәліметтерінің құрылу принципін айқын көрсететіндігін айтады. Ол оның әулеттік кітабында кестелер және басқа кескіндік пішіндер мен құрылымдар қолданғандығын анықтайды. Сөйтіп, ханшайымдарды тікбұрыш ішіне, ал ханзадаларды шеңбер ішіне, ал жоғарғы билікке қолы жетіп, патшалық еткен ханзадаларды екі линиялы тікбұрыш ішіне жазғандығын көрсетеді¹³⁵. Осылайша зерттеуші ғылымда өз жаңалығын ашады.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына орай 2006 жылы «Муизз ал-ансаб» шығармасы орыс тіліне аудары-

¹³⁴ Пишулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 20.

¹³⁵ Сұлтанов Т.И. Поднятие на белой кошме. Потомки Чингиз-хана // Казахстанские востоковедные исследования. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.

лып, «Қазақстан тарихы парсы деректерінде» атты жинақтың ІІІ томында жарық көрді¹³⁶. Онда Қазақстан тарихы бойынша «Муизз ал-ансабтың» мәліметтері төмендегідей топтарға бөлінеді:

1) көшпенділердің мемлекеттік және қоғамдық құрылымы бойынша жалпы мәліметтер;

2) Қазақстан территориясында тайпалардың жаңа конфедерациясын құруға ат салысқан ру-тайпалардың тарихы;

3) Қазақстан территориясында билік құрған Жошы ұрпақтары және Шағатай ұрпақтарының шежіресі бойынша мәліметтер;

4) темірліктердің Дешті Қыпшақтың билеуші әулеттерімен, сонымен қоса Шайбандық өзбектер ұлысының тайпаларымен қатынасын зерттеу үшін нақты мәліметтер;

5) көшпенділердің сакрализациялық билігі мәселесі бойынша құнды мәліметтер;

6) қарапайым құқық қызметінің механизмі бойынша бай мәліметтер;

7) көшпелі дәстүр негізінде құрылған мемлекеттік басқару аппаратын меңгеру үшін мәлімет;

8) көшпенділер арасындағы неке және отбасылық дәстүр бойынша түрлі мәліметтер;

9) монғол тайпалары мен түркі тайпаларының ассимиляциясы үрдісінің барысын байқау үшін мәліметтер¹³⁷.

Жинақ кіріспесінде басқа да жазбаша, ауызша, құжаттық деректермен салыстырғанда «Муизз ал-ансабтың» мәліметтері қазақ хандарының тарихы мен шежіресін құрастыруға мол мүмкіндіктер беретіндігі айтылады [24, 14].

Б.А. Ахмедов өзінің «Көшпелі өзбектер мемлекеті» атты еңбегінде басқа да деректермен қоса темірлік деректерді кеңінен қолданады. Автор Абд ар-Раззак Самарқандидің «Матла ас-сад-айн» шығармасында XIV және XV ғасырлардағы көшпелі өзбек-

¹³⁶ История Казахстана в персидских источниках. Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии). Т. III / отв. ред.: А.К. Муминов; пер. с персидского, предисл. прим., подгот. факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 672 с.

¹³⁷ История Казахстана в персидских источниках. Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии). Т. III / отв. ред. А.К. Муминов; пер. с персидского, предисловие, примечания, подготовка факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 672 с. – С. 13-14.

тер мен темірліктер арасындағы қарым-қатынасы жайлы мәліметтер көптеп кездесетіндігін айтады. Б.А. Ахмедов Самарқанди шығармасын тек мұқияттылықпен оқу арқылы ғана керекті мәліметтерді алуға болатындығын атап көрсетеді¹³⁸.

Т.И. Сұлтанов өзінің «Темір және оның империясы» атты еңбегінде Темір және оның ұрпақтарының шығармаларына тоқталып өтеді. Ол: «Билік құрған соңғы жылдарында Темір қайда барса да, дабирани хастарын – жеке хатшыларын және фазилани асрларын – түркілердің білімдар адамдары мен парсы ғалымдарын ертіп жүрді. Олардың ішінен біреулері Темірдің жорықтарының күнделігін жазып отырды, енді біреулері оның жеке басының ерліктерін сипаттап жазды, ал үшіншілері оның патшалық құруының жылнамасын жазумен шұғылданды», – дейді. Автор Низам ад-Дин Шами мен Шараф ад-дин Әли Йездидің шығармаларына қысқаша шолу жасайды. Т.И. Сұлтанов Темір туралы материалдар ресми деректермен тамамдалмайды. Оның өмірі туралы Муин ад-Дин Натанзи, Хафиз-и Әбру, Әбдіраззақ Самарқанди, Мирхонд және өз шығармаларын Темір әулетінің сарайында жазған XV ғасырдың басқа да тарихшылары көп жазғандығын хабарлайды. Алайда оларға толығырақ тоқталмайды¹³⁹. Әмір Темір сияқты ортағасырларда Орта Азия мен Мауереннахрда Темір ұрпақтарының билігін тартып алған Шайбанилер әулетінің негізін салған Мұхаммед Шайбани хан да темірлік дәстүрді жалғастырып, өзінің жанында білімді, озық ойлы ғалымдар мен қарияларды, данышпан адамдарды жинап, олармен үлкен жиындар өткізіп, пікір алысып, ақылдасып, негізгі саяси байланыстарын, соғыстар мен бейбіт келісімдеріне қатысты ой бөлісіп, соның бәрін сарай тарихшыларына мұқият жазып, өзі және әулетінің тарихын паш етуге тапсырма беріп отырған. Оның тұсында көптеген деректер, мәселен Рузбихан Исфакханидің «Михман наме Бұхара», «Шайбани наме», «Тауарихи гузидаи нусрат наме», «Фатх наме» сияқты әйгілі дерек көздері пайда болған. Бұған қарап, ортағасырлардағы дерек көздерінің, әсіресе, әулеттік деректердің пайда болуы, жазылу

¹³⁸ Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965, – 195 с. – С. 18-19.

¹³⁹ Сұлтанов Т.И. Темір және оның империясы. – Алматы: Мектеп, 2007. – 152 б. – («Жетінші сөз» сериясы) 27-31 б.

стилі, негізгі қозғайтын тақырыптары ұқсас болған деуге болады.

Қазақ халқы мен Қазақстан тарихына қатысты парсы деректерін зерттей отырып, Ж.М. Тулебаевағылыми еңбегінің бір бөлімін темірлік деректерге арнайды. Ол темірлік дерек көздеріне Әмір Темірдің «Тузук-и Темури», Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Му·ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му·ини», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йазидің «Зафар-наме», Мырза Ұлықбектің «Тарих-и арба' улус», «Маджма' ат-таварих-и султанийа» және Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Абд ар-Рашид ал-Харавидің (Хафиз-и Абрудың) «Тарих-и Хафиз-и Абру», Абу-л-Хасан Са 'ид 'Али ал-Джурджани, Фасих Ахмад ибн Джалал ад-Дин Мухаммад ал-Харавидің «Муджмал-и Фасихи», Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла' ас-са'дайн ва маджма' ал-бахрайн», Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа», «Ма 'асир ал-Мулук» және Гийас ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Хумам ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Джалал ад-Дин ибн Ходжа Бурхан ад-Дин Мухаммад Хусайни Ширази Херавидің (Хондемирдің) «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар» шығармаларын жатқызады¹⁴⁰. Автор қазақ халқы мен Қазақстан тарихына қатысты мәліметтер сақталған барлық темірлік деректерді типі бойынша нарративті шығармаларға жатқызады. Нарративті шығармалардың түрі бойынша темірлік шығармалар тарихи хроникалар, анналдар, естеліктер, өмірбаяндар түрінде баяндалады. Материалдың мазмұнына сай темірлік тарихи хроникаларды жалпы және әулеттік тарих тобына жатқызуға болады. Жалпы тарих бойынша шығармалар: «Мунтахаб ат-таварих-и Му·ини», «Маджма' ат-таварих-и султанийа», «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа», «Маджма' ат-таварих-и султанийа» шығармасының «Зубдат ат-таварих-и Байсунгари» деп аталатын төртінші

¹⁴⁰ Тулибаева Ж.М. Темуридская историография как источник по истории Дешт-и-кыпчака и Туркестана // Ученые записки Академии экономики и права. – Алматы, 2003. – № 5. – С. 118-126.

томы. Әулеттік темірлік шығармаларды екі топтамаға бөлуге болады. Бірінші топтама авторлары өз шығармаларын әулеттің қандай да бір өкілінің билігін баяндауға арнайды, мысалы, «Зафар-наме», «Зафар-наме» секілді шығармалар Әмір Темірдің тіршілік қарекетін баяндайды. Екінші топтаманың авторлары қандай да бір әулеттің толық дерлік өкілдерінің билеген жылдарын бірінен соң бірін тізіп көрсетеді. «Тарих-и арба' улус» шығармасы Шыңғыс-хан және оның ұрпақтарының тарихына арналған¹⁴¹. Темірлік деректемелерді топтастырып, деректік талдау жасаған Ж.М. Тулебаева қазақ халқының тарихын зерттеушілердің жұмысын жеңілдетіп берді. Бірнеше тарихи деректерді тауып, ғылыми айналымға енгізді. Екіншісі қолы жете бермейтін деректерді орыс тіліне аударып, құнды пікірлер білдірді. Дегенмен, деректерді орыс тілінен гөрі қазақ тіліне аударса ғылымға қосқан үлкен үлес болар еді. Өйткені қазіргі кезде деректердің көбі орысшаға аударылғандықтан оны қайтадан қазақша аудару кішкене мағынасына өзгеріс енгізеді. Ж.М. Тулебаева сол кездегі оқиғалардың тікелей қатысушысы және де куәгері ретінде олардың жазба деректері қазақ халқы мен Қазақстан тарихын зерттеуде сенімді деректік негіз бола алатындығын айтады¹⁴². Алайда кез келген дерек көзіне сыни көзбен қарауды қажет етеді. Оқиганың тікелей қатысушы куәгердің дерегін сенімді дерек көзі ретінде пайдалана берсек қателікке жол береміз. Деректің барлығы жеке субъектінің қолымен жазылғандықтан, мұнда деректің қандай ұлттың, әлеуметтік топтың не таптың мүддесін қорғағандығын анықтайтын, деректе сол әлеуметтік топтардың, ұлттардың не таптардың мүддесінің қаншалықты ашық, толық және дәл көрсетілгенін анықтайтын партиялық принципке жүгінуімізге тура келеді.

Жоғарыда атап өткендей, зерттеушілер өздерінің тақырыптарына, оның хронологиялық шегіне, аумағына қарай өздеріне тиімді жұмыс жасай білуі үшін ортағасырлық деректерді белгілі бір принциптерге негіздеп, жүйелеп алады. Бұл принцип қатып

¹⁴¹ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв. дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – С. 38-39.

¹⁴² Сонда. – С. 92-93.

қалған дүние емес, тек шартты түрде, зерттеушілерге дұрыс бағыт бағдар беріп, жүйелі де тиімді, жемісті жұмыс істеуі үшін қажет.

«Бұл жерде «партиялық» деген ұғымды бұрынғыдай тек коммунистік партия деп түсінбеу керек. Ол ұғым одан әлдеқайда кең. Деректі жасаушы қай автор болмасын, ол белгілі бір ұлттың, әлеуметтік топтың өкілі. Сондықтан өзі жасаған деректе өз ұлтының, өз тобының мүддесін көрсетпей қоя алмайды», – дейді белгілі деректанушы, профессор Қ.М. Атабаев¹⁴³. Мысалы, Отырар-Сауран қақтығысындағы темірлік әскерлердің Үрүс-хан әскерлерінен жеңіліп, артқа шегінгендігі жайлы оқиғаны бүгіп қалуға тырысады. Бірақ бұл оқиғаны фактілер айқын көрсетеді. Темірдің үш әскерінің екеуі өлтіріледі. «Қақтығыс кезінде Хитай-бахадурдың күре тамырына оқ тиіп, ол сол мезет жан тапсырады. Соңынан ілесе бір мезет Ярык-Темір де өлтіріледі»¹⁴⁴. Сол сияқты темірлік деректерді, әсіресе Әмір Темірдің өмірін баяндайтын шығармаларда асыра сілтеушілік көп байқалады. Зерттеу барысында осының барлығын ескеруді қажет етеді.

Темірлік деректер парсы тілінде жазылғандықтан тілдің құрылымдық ерекшелігін де ескеру қажет. Ж.М. Тулебаева парсы деректеріне тән ерекшеліктерді, ол тілдегі шығармалардың көпшілігі кіріспе, негізгі мәтіннен және қорытындыдан тұратындығы және бірнеше томдардан құралатындығы, арасында билеуші әулеттерге арналған дастандардың болатындығын атап көрсеткен.

Сонымен қатар, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті бойынша парсы нарративті шығармалар мәліметтері ғылыми айналымға енгізілгендерімен қоса толығымен, әлі де болса жүйеленбеген және де жеткілікті тұтастық пен реттілікте зерттелмегендігін айта келе, Ж.М. Тулебаева бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі ретінде әлемнің түрлі қолжазба қорларында

¹⁴³ Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері: оқу құралы. – Алматы, 1999. – 27 б.

¹⁴⁴ Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII-первой трети XV-века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс. на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 109.

сақалған парсы деректерінің кезкелген зерттеушілердің қолы жете бермейтіндігімен түсіндіреді¹⁴⁵.

Әмір Темір ұрпақтарының бірі Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың шығармасы «Бабырнаманы» Байұзақ Қожабекұлы қазақ тіліне аударып оқырмандарға ұсынған болатын. Ол аударманың кіріспесінде Бабырдың өмірі мен қызметі жайлы және де оның шығармасының Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылатындығын атап көрсетеді. «Бабырдың ғұмыры мен жорықтары жөнінде оқырман қауым оның «Бабырнамасынан» зерделеп, біле жатар. Сондықтан да біз шамамыз келгенше, ойымыз жеткенінше «Бабырнаманың» қазақ тарихына қандай қатысы бары, терендеген тарихымыздың дерек көзі бола алатындығы тұрғысында әңгіме өрбіткеніміз жөн шығар»¹⁴⁶, – дейді автор.

Байұзақ Қожабекұлы өз аудармасының кіріспе сөзінде Бабыр шығармасының ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде қаншалықты маңызды екенін дәлелдеуге тырысады.

Байұзақ Қожабекұлы Бабыр шығармасынан қазақ тарихына қатысты қала, адам, жер-су аттары ғана емес, тарихи оқиғалар, Мауераннахр әмірлерінің бүгінгі Қазақстан жеріне, яғни Әбілқайыр хандығының аймағына, Түркістанға, Жетісу территориясындағы Моғолстанның елді-мекендеріне жасаған жорықтарынан да мол мағлұмат алуға болатындығын айтады.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасының» шынайылығына келетін болсақ, ол жайлы Бабырдың өз сөзінен үзінді келтірейік: «Үшпу сөзді шағым жасайтын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жараңдар, жамағаттар, меймандар кешірім етер

¹⁴⁵ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – 406 с. – С. 92-93.

¹⁴⁶ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 448 б. – 4 б.

деймін»¹⁴⁷. Бұл жерде айта кету керек Бабыр Темірдің тікелей ұрпағы болғандықтан, басқа темірлік тарихшылардың шығармаларынан оның шығармасының айырмашылығы жоғарыда өзі атап өткендей «болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіруінде» және тікелей өз ата-бабаларының тарихын, шежіресін жетік біліп қағазға түсіруінде болмақ.

Байұзақ Қожабекұлы «Бабырнаманы» мұқияттылықпен, әр сөзіне мән бере отырып аударған. «Қадірменді оқырман, «Бабырнамада» түркі халқына және, біздің тарихымыздан хабар берер дерек мол. Оның бәрін ізденіп зерттей білген кісі келешекте зерделі кітап та жазар», – деп автор зерттеушілерге Бабыр шығармасын Қазақстанның дерек көзі ретінде зерттеуге мол мүмкіншілік бар екенін атап көрсетеді.

Байұзақ Қожабекұлы Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр шығармасының басқа деректерден айырмашылығын былайша көрсетеді: «Сол заманда өмір кешіп, тіршілік еткен дәуірін жазып қалдырған Шыңғыстың бірсыпыра тарихшыларының деректерімен салыстырғанда, Бабыр біреуден естігенін, яки болжағанын емес, өзі көзімен көріп, анық-қанығына жеткен жайттарды ғана баяндайды. Жазу мәнері де, тілі де ерекше. Тілі қарапайым, сөйлемді нақты, қысқа құрады, әрі ұғымды, халықтың сөйлеу тіліне бейімделген, замандастары сияқты ділмарлық қызыл сөз, жөнсіз шешендікке салыну деген мүлдем ұшыраспайды»¹⁴⁸. Бұған қосарымыз темірлік тарихшылардың басым бөлігі өз әмірлерін үнемі жақсы жағынан көрсетуге ұмтылып, оны мадақтап, арасында әмірінің бұйрығымен жалған ақпараттарды енгізулеріне тура келеді. Кейбіреулері жағымпазданып, өзін жақсы көрсету үшін жасампаздыққа барады. Бұны түсінуге де болады пенде болғандықтан өз бастарының қамы үшін сондай әрекеттерге барған. Ал Бабырдың үстінен ешкім басқарып отырмағандықтан оның тарих жазуда еркіндігі сақталды. Осындай жайттарға да көңіл бөлген дұрыс. Алысқа бармай-ақ кеңес үкіметі тұсында да сондай әрекеттердің әсерінен біздің тарихымыз бұрмалануға дейін барғандығы бізге жақсы мәлім.

¹⁴⁷ Сонда – 222 б.

¹⁴⁸ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 448 б. – 13-15 б.

Б. Қожабекұлы «Бабырнаманы» зерттеуге, сол сияқты Бабырдың поэзиялық мұрасын жинақтап шығаруға Өзбекстан ғалымдары үлкен үлес қосқандығын анықтайды. Автор 1948 жылы «Бабырнаманың» өзбек тілінде жарық көрген екі томдығын П. Шамсаев пен С. Мирзаев дайындағандығы, кейін олардың қатысуымен «Бабырнама» бір том болып та басылғандығын мәлімдейді¹⁴⁹. Б. Қожабекұлы «Соңғы нұсқасы 1905 жылы Лондонда жарық көрген Хайдарабал қолжазбасы бойынша А. Беверидж басылымынан орыс тіліне аударылды. Өзбек тіліндегі нұсқа да М. Сальенің осы аудармасы негізінде шықты. Қазақ тілінде «Жалын» баспасы шығарған «Бабырнама» да осы М. Сальенің және өзбек тіліндегі басылымды тең пайдаланып, салыстырылып тәржімеленді, бірақ көп қысқарып басылған», – дей отырып – «Қазір сіздерге ұсынылып отырған кітап жазбаның толық аудармасы»¹⁵⁰, – деп атап көрсетеді. Алайда автор қағаз, қаражат тапшылығына байланысты Есімнама, Географиялық көрсеткіштерді ұсына алмағанына өкініш білдіреді.

Өз зерттеу жұмысында темірлік шығармаларды кеңінен пайдаланған тағы бір зерттеушілердің бірі, ортағасылық тарихтың кәсіпқой маманы З. Қинаятұлының еңбектері Қазақстан ғылымы үшін қосқан үлкен үлес болып табылады. Оның «Монғол үстірті мекен еткен соңғы түркі тайпалары», «Қазақ мемлекеті және Жошы хан», «Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті» атты еңбектері бар. Автордың «Қазақ мемлекеті және Жошы хан» деген еңбегінде біз қарастырған мәселелерге қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Онда «Қазақ мемлекетінің бастауы – Ақ Орда» мен «Қазақ хандарының атасы Орыс ханға» байланысты тың мәселелер қарастырылады. Тарих ғылымдарының докторы З. Қинаятұлы: «Сөйтіп сонау Сақ, Үйсін, Қаңлы, Қарақан-Қыпшақ дәуірінен басталған Қазақ мемлекетін құру процесі Орыс хан мен оның ұрпақтары тұсында аяқталып, Қазақ мемлекеті әлемдік деңгейде саяси сахнаға шықты. Бұл елдің ХІІІ-ХІV ғасырдағы тұғыры – Ақ Орда, ал ол кездегі Қазақ хандарының атасы – Орыс хан, елдің алғашқы астанасы –

¹⁴⁹ Бабирнама. – Ташкент, 1960, 1989.

¹⁵⁰ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 448 б. – 19 б.

Сығанақ. Алғашқы қарулы қолы – Ақ тулы Алаш мыңы деп танығанымыз жөн сияқты» – деген ұтымды ой айтады¹⁵¹.

3. Қинаятұлы темірлік деректерге қатысты да өз пікірін білдіреді. Ол: «...Шараф ад-дин Йездидің «Зафарнаме» атты шығармасына бір жақты қарауға болмайды. Ол сөз жоқ Әмір Темірдің өмірі мен қызметіне баға берген, тіптен оны дәріптеуге арналған ресми тарих болып табылады. Мұндағы бізге қажеттісі Темірді дәріптеген тұстары емес, еңбектің соңғы бөлімдеріндегі XIV ғасырдың соңғы ширегінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірінде болған саяси оқиғалар және аталған өлкелерді жаулап алу үшін Темірдің жасаған жорықтары жайлы жазған дүниелері қажет. Мысалы, Ақ Орданың бас қалалары Сауран мен Сығанақ үшін Орыс хан және оның ұлдарының (Тоқтақия және Темір Мәлік) Әмір Темірдің қолдауына ие болған Тоқтамыс қолымен жүргізген шайқастары жайлы деректі біз тек Шараф ад-дин Йезди еңбегінен таба аламыз. Ал Абдразақтың Барақ хан туралы жазғандары қазақ тарихы үшін аса құнды деректер болып табылады», – деп темірлік шығармалардың құндылығын көрсетеді¹⁵².

Сонымен қатар Өзбекстан ғалымдарымен Әмір Темірге байланысты барлық деректер өзбек тіліне аударылды. Низам ад-дин Шамидің, Шараф ад-дин Йездидің, Абд ар-Раззак Самарканди, Ұлықбек, Бабыр шығармалары (түпнұсқа, терілген және факсимилиялық түрінде) кітап болып шықты. Алайда, аударылған деректерге талдау жасау, бір-бірімен салыстыруларға онша көңіл бөліне қойған жоқ.

Әмір Темірге арналған әйгілі «Тузуки Темурий» кітабы парсы тілінен өзбек тіліне А. Соғуний мен Х. Караматов аударған¹⁵³. «Тузуки Темурий» (басқа аттары: «Малфузоти Темурий»-«Темірдің айтқандары» және «Воқиоти Темурий»-«Темір жайында оқиғалар») өзіне тән тарихи жазба болып, онда Әмір Темірдің сол кездегі халі және де оның ауыр, қауіп-қатерге

¹⁵¹ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 344 б. – 243 б.

¹⁵² Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті // Бірінші кітап. – Алматы: Арда, 2008. – 432 б. – 31-32 б.

¹⁵³ Темур тузуқлари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Караматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изоҳлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 344 б.

толы оқиғалары, әскер құрып оларды басқарудағы пікірі мен көзқарастары орын алған.

Академик Б. Ахмедов бұл кітаптың кіріспесінде оның түпнұсқа немесе түпнұсқа еместігін дәлелдеуге тырысады. Ол ағылшын ғалымы Э.Г. Браун мен орыс ғалымы В.В. Бартольдтің «Темір ережелері» Әмір Темір тарапынан жазылғандығына, оның түпнұсқалығына күмән келтіргендігін көрсетеді¹⁵⁴. «Уақытқа қарсы оларға ергендер болды. Алайда шығарманы мүқияттылықпен зерттегенде оны Әмір Темірдің өміріне арналған Низам ад-Дин Шами мен Шараф ад-Дин 'Али Йездидің «Зафарнаме» шығармаларымен салыстырып зерттегенде жоғарыда көрсетілген дәлелдің негізсіз екені мәлім болды», – дей келе автор, оған дәлелдер келтіреді.

«Темір ережелері» және оның әлем кітапханаларында сақталған нұсқалары жайында мәлімет келтірген ағылшын ғалымы Ч.А. Стори өзінің жеке каталогында «Темір ережелерін» Әмір Темір тарапынан жазылғандығын ашық жазған.

Шығарманың мәтінін ағылшын тіліне аударған майор Дэви мен Ж. Уайт шығармаға жазған сөз басында «Темір ережелері» Темірдің өз қолымен немесе оның назарында жазылған деп айтады. Шығарманың сөз басында мынаны оқимыз: «Темурнинг узи ёзган тарихи фақат йз авлади учун ёзилган. У қандай қилиб хокимиятни қулга киритгани, сиёси ва харбий фаолияти хакидаги сирлар, унинг бошқариш санъати, шу билан бирга истилочиликка қандай рахбарлик қилганини узи узоклоб берган»¹⁵⁵. Б. Ахмедов Шамсиддин Самийннің шығармасында да «Темір ережелерін» Әмір Темірдің өз қолымен жазылғандығынан мысал келтіреді. Осылайша, автор енді шығарманың түпнұсқа еместігі жайлы мынадай жорамал келтіреді: «Ережелерді» Темір өз қолымен жазбаған дейік. Оған оның артық уақыты да болмауы мүмкін. Алайда, біреуге айтып тұрып жаздырған, не болмаса сарайдағы ғалымдардың бірі оның тапсырмасымен жазған болуы мүмкін. Тарихта ондай да болған»,¹⁵⁶ – дей отырып, алайда бұл факт шығарманың түпнұсқалығын белгілемейді. Шы-

¹⁵⁴ Темур тузуклари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Кароматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изоҳлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 344 б. – 6 б.

¹⁵⁵ Сонда. – 19 б.

¹⁵⁶ Сонда. – 8 б.

ғарманың түпнұсқалығын басқа жазба ескерткіштерден бағалылығы және тарихи оқиғалардың дұрыс баян етілгендігі белгілейді. Бұл біріншіден. Екіншіден, автор шығарманың түпнұсқалығын оның өзіне ұқсас шығармамен салыстыру жолымен анықталатынын айтады.

«Барлық деректерге ортақ проблемалардың бірі, ол – деректердің түпнұсқалық проблемасы. Өйткені, деректерді көшіріп жазу барысында, қайталап басуда көп жағдайда түпнұсқадан ауытқушылықтар жіберіледі. Бұл іс жүзінде жиі кездесетін құбылыстардың бірі. Мұндай жағдайлар кейде белгілі бір мақсатпен саналы түрде де жүргізілуі мүмкін»¹⁵⁷. Немесе асығып жазғанда қателік кетуі мүмкін. Б. Ахмедов осы тұста түпнұсқалық проблемасына көңіл бөліп отыр. «Егер, – дейді ол, – «Темір ережелерін» Низам ад-Дин Шами мен Шараф ад-Дин 'Али Йаздидің жоғарыда аты аталған шығармасына, немесе Әмір Темір жайында басқа шығармалармен салыстырып көрсек, айтарлықтай дәрежеде қате-кемшілік таппаймыз».

«Тағы бір факт «Темір ережелері» әлемге әйгілі шығарма. Оның қолжазба нұсқалары дүниенің барлық дерлік мемлекеттерінде (Үндістан, Иран, Англия, Дания, Франция, Ресей, Германия, Армения, Өзбекстанның және т.б.) кітапханаларында сақталған. Ағылшын, француз, парсы, орыс және өзбек тілдеріне аударылған. Егер кейбір кісілердің ойлағанындай, ол сенімсіз шығарма болғанда, оны көп нұсқада көшірер ме еді, аударып халыққа таратар ма еді?»¹⁵⁸ – деп Б. Ахмедов деректің құндылығын көрсетуге тырысады. «Темір ережелерінің» өзбекше аудармасымен қоса орысша аудармасы да бар¹⁵⁹.

Хронологиясы жағынан әмір Темірдің іс-әрекеттері туралы толып жатқан хикаялардың негізін салған алғашқы еңбек Низам ад-дин Шамидің «Зафар-намесі» болды, ол хижра бойынша 806 жылға (1403-1404) жеткізілген.

А. Урунбаев Низам ад-дин Шамидің «Зафар-намесі» шығармасын жазғанда мынадай деректер пайдаланғандығын бөліп көрсетеді:

¹⁵⁷ Сонда – 60 б.

¹⁵⁸ Темур тузуклари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Кароматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изоҳлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 344 б. – 8-9 б.

¹⁵⁹ Уложение Тимура / ред.: Р. Азимова. – Ташкент, 1992. – 108 с.

- а) Әмір Темірдің парсы және түркі тілдерде жазылған күнделіктері. Бұл деректері бізге дейін жетпеген;
- б) автордың өзінің 1400-1404 жылдар аяғында Әмір Темір жорықтарында көзбен көріп, жазып алған оқиғалар;
- в) Әмір Темірдің Үндістанға жорығына байланысты оқиғалар күнделік тәрізді баяндалған Ғиёсиддин Алидің «Рузномайи ғазавоти Хиндистон» шығармасы¹⁶⁰.

Темір және оның дәуірі тарихын үйренудегі негізгі деректер ретінде Низам ад-дин Шамидің «Зафар-наме» немесе «Темір «Зафар-намесі» аттарымен мәлім шығармасын аса жоғары бағалайды»¹⁶¹.

Жоғарыда берілген Низам ад-дин Шамидің парсы тілінен өзбек тіліне аударылған шығармасына кіріспеде А. Урунбаев ол туралы бірқатар мәліметтер келтірілгенімен оған деректанулық талдау жасалынбайды. Тек оның құнды дерек екенін көрсетуге тырысады.

Сонымен қатар ол келесі мақалысында «Зафар-наме» тарихи шығарма ретінде XIV-XV ғасырларда Темір және оның ұрпақтарының билік еткен дәуірінде Орта Азия, Алтын Орда хандығы, Әзірбайжан, Иран, Ауғанстан, Ирак, Сирия, Мысыр, Түркия және басқа да мемлекеттер тарихына байланысты оқиғалар да өз ішінде сақтағандығын айтады¹⁶².

Шамидің XIV ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда болған оқиғалар туралы мәліметтері негізінен Әмір Темірдің Ақ Орда мен Моғолстанның билеушілері Орыс хан мен Тоғық-Темір ханға қарсы күресіне қатысты. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы шаруашылықтың жәй-күйі жөнінде деректер келтірілген, өлкенің тарихи географиясын зерттеуге арналған материалдар бар. Низам ад-дин Шами шығармасының парсыша мәтінін Ф. Тауэр басып шығарған. Екінші томында оның еңбегіне түсініктеме, сондай-ақ Хафиз-и Абрудың «Зубдат ат-таварих» деген шығармасынан үзінділер бар¹⁶³.

¹⁶⁰ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 6 б.

¹⁶¹ Темура ва Улуғбек дәври тарихи. – Ташкент, 1996. – 264 б. – 14 б.

¹⁶² Темурийлар бунёдкорлиги дәвр манбаларида / Тахрир хайъати: М.М. Хайруллаев, А. Уринбоев, О. Буриев; Тузувчилар: А. Уринбоев, О. Буриев. – Ташкент, 1997. – 168 б. – 41-43 б.

¹⁶³ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 640 б. – 12 б.

Темір ұрпақтарына арналған деректің бірі – Хондамир шығармаларына байланысты көлемді докторлық оқу кұралы қорғалды. Онда авторы Д.Ю. Юсупова Хондамир мұраларын XV-XVI ғасырлардағы Орталық Азия мәдениеті тарихының дерегі ретінде қарастырады.

Сонымен бірге автор Хондамирдің өзінен кейін қалдырған үш шығармасының, қазіргі күні табылған сегізін атап көрсетеді. Олар: «Ма'асир ал-мулук» («Патшалардың айбынды іс-әрекеттері»), «Хуласат ал-ахбар фи байан ал-ахвал ал-ахйар» («Ең жақсы адамдардың өмірлік жағдайын түсіндіруге арналған мәліметтердің квинтэссенциясы»), «Макарим ал-ахлак» («Асыл қасиеттер кітабы»), «Дастур ал-вузара» («Уәзірлерге арналған билік»), «Нама-йи нами» («Әйгілі кітап»), жетінші том Мирхондтың «Раузат ас-сафасына» «Географиялық қосымша» бөлімі, «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар» («Жекелеген адамдар жайлы мәліметтеріндегі өмірбаянының досы»), сонымен қатар «Хумайун-наме» («Хумайун кітабы») немесе «Канун-и Хумайуни» («Хумайунның жарғысы»).

Д.Ю. Юсупова зерттеу деңгейіне тоқтала келе Хондамир жайлы, және оның еңбектерінің қысқаша аннотациясы ресейлік, кеңестік, батыстық және шығыс өкілдерінің ғылыми әдебиеттерінің бірқатар жұмыстарында мазмұндалғанын айта кетеді.

Ол Хондамир еңбектерінің бар екендігін ескертетін, ғылыми сипатын, сонымен қатар олардың бар тізімінің қысқаша мәліметтері бірқатар каталогтарда, анықтамалық басылымдары мен тарихи зерттеулерде келтірілгендігін мәлімдейді.

Д.Ю. Юсупова өз зерттеу жұмысының басты мақсаты ретінде Хондамир еңбектеріне кешенді зерттеу жүргізу екендігін атап көрсетеді.

Д.Ю. Юсупованың зерттеу еңбегіндегі бізге қажеттісі XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы жөніндегі мағлұматтар сақталған Хондамирдің «Хабиб ас-сийар» шығармасын ескерткен жөн. Ол туралы да автор біршама тоқталады. Шығарманың ғалымдардың белгілі жебеушісі Карим ад-Дин ходжа Хабибаллах Саваджидің ұсынысымен жазылып, соған арналғандығын айтады.

Автор «Хабиб ас-сийар» материалдарын Орта Азия тарихын зерттеумен айналысқан ресейлік, кеңестік және шетелдік зерт-

теушілер пайдаланғандығын хабарлап, олардың қатарына мыналарды жатқызады: д' Эрбело, В.А. Жуковский, В.В. Бартольд, С. Ганиева, А.Т. Тагирджанов, Е.Э. Бертельс, Н. Наркулов, Р.Г. Мукминова, А. Мурадов, Р.П. Джалилова, И.П. Петрушевский, С.А. Азимджанова, Б.А. Ахмедов, Н.С. Кариева, М. Субтелну, Д.Ю. Юсупова, О. Эфендиев, О.Ф. Акимушкин, Г.П. Пугаченкова, Замна, Н. Ибрагимов, Н.Н. Туманович, Кадзуюки Кубо, У. Уватов және басқалары¹⁶⁴.

Д.Ю. Юсупова «Хабиб ас-сийардың» тарихи дерек ретінде құндылығын көпшілік мойындағанымен, оның әлі де болса жекелеген бөлімдері аз зерттелінген болып қала беретіндігін атап көрсетеді.

Осылайша XIX ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін еліміздің ғалымдарымен және шетел зерттеушілермен, деректанушылармен, шығыстанушылармен ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты көптеген парсы деректері оның ішінде темірлік деректер анықталып, зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілген. Алайда темірлік деректердің барлығын бір зерттеу жұмысына топтастырып, басқа деректермен салыстыру арқылы жүргізілген жұмыс жоқтың қасы.

Студенттердің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Әмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардың зерттелу деңгейі.
2. Темірлік деректердегі Қазақстан тарихына қатысты мәселелерді анықтаңыз.
3. Әулеттік шығармалардың ерекшеліктері мен сабақтастығын көрсетіңіз.
4. Темірлік шығармаларды зерттеген авторлар және олардың көзқарастары.

¹⁶⁴ Юсупова Д.Ю. Творческое наследие Хондамира как источник по истории культуры Центральной Азии XV-XVI вв.: док. дисс. – Ташкент, 2001. – С. 35-36.

II бөлім

ТЕМІР ӘУЛЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ

2.1. Темір әулеті шығармалары – Шығыс Дешті Қыпшақ мемлекеті тарихының дерегі

Шыңғыс хан өзінің төрт ұлының әрқайсысына үлес бөліп берді. Шыңғыс ханның тірі кезінде ұлдарына бөліп берген жерлер олар үшін тек пайда көзі ғана болатын, империя басшысына бағынышты болып қала берді. Ол өлгеннен кейін жағдай өзгерді. Ұлыс билеушілерінің қолына билік толығымен көшіп, империя бірнеше дербес мемлекеттерге ыдырады. Бұл бір-бірімен жауласқан мемлекеттер мыналар еді:

1. Шыңғыс ханның төртінші ұлы Төленің ұрпақтары билеген, орталығы Ханбалық (Пекин) болған мемлекет. Нақты Хұбылай хан (1260-1294) және оның мұрагерлері басқарған бұл мемлекет ресми Қытай атауы беріліп – Юань империясы деп аталды.

2. 1258 жылы Иранда Хулагу ханның (1265 жылы өлді) басшылығымен құрылған Хулагуидтер мемлекеті. Хулагу хан да Төленің ұлы болатын.

3. Шағатай мемлекеті. Оған Мауараннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан (Қашқар) енді, сөйтіп ол мемлекет Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың (1242 жылы өлді) есімімен аталды.

4. Алтын Орда. Оның иелігіне бүкіл Ұлы дала кірді. Бұл мемлекетті Жошы (1227 жылы өлді) ұрпақтары биледі. Осы төрт монғол мемлекетінің тарихи тағдыры әртүрлі қалыптасты¹⁶⁵.

¹⁶⁵ Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана // Казахстанские востоковедные исследования. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с. – С. 53-55.

Осы төрт мемлекеттің ішіндегі елімізге тікелей қатысы бар Алтын Орда (Дешті Қыпшақ) мемлекетіне тоқталатын болсақ, әлемді дүр сілкіндірген Ұлы Шыңғыс ханның немересі Батый негізін қалаған алып империя – Алтын Орда мемлекеті 1242 жылы құрылып, XIII-XIV ғасырларда шығысында Еділден бастап, батысында Дунайға дейін ұлан-ғайыр территорияны алып жатқаны мәлім. Оның астанасы Сарай-Бату кейінірек Еділ бойымен Сарай-Беркеге көшірілді.

Алтын Орданың сыртқы саясатындағы рөлін ерекше атап өтуге болады. Біріншіден, Орта Азия және Иранмен, сонымен бірге ұзақтағы мұсылман мемлекеттерінің ішіндегі Мысырмен дипломатиялық, мәдени, сауда байланыстарын жүргізеді; екіншіден, территориясын кеңейту мақсатымен жаулаушылық әрекеттер жасады¹⁶⁶.

Алтын Орда мемлекеті тарихына байланысты мәліметтер, саяси оқиғалар Темір ұрпақтарына арналған шығармаларда баяндалады.

Ортағасырларда құрылған Алтын Орда мемлекеті бүгінгі таңда Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказдың жерінде орналасқан Еуразиядағы ең ірі мемлекеттердің бірі болды. XIV-XV ғасырларда өмір сүрген араб және парсы авторларының деректерінің бірінде Алтын Орда территориясының ұзындығы – 8, ал ені – 6 айлық жол. Ал бір деректерде ұзындығы – 6 ай, ені – 4 айлық жол делінген. Мұның өзі мемлекеттің өте үлкен жер көлемі бар болғандығын, оны этникалық құрамы да әрқилы болғандығының, ондай мемлекетті басқару да қиын іс екендігін көрсетеді. Алтын Орда тарихында күшті саясаткер, шебер дипломат, мықты қолбасшы, әділ мемлекет басшысы бола білген билеуші хандар аз болған жоқ. Алтын Орда тарихының даму кезеңін шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:

- мемлекет ретінде құрылу кезеңі 1242-1266 жылдар (Бату, Берке хандар кезеңі);
- гүлдену кезеңі, мемлекеттің әскери-саяси күшеюі, мәдени-экономикалық дамуға қол жеткізген кезең 1266-

¹⁶⁶ Ибрагимова М.Н. Евразиялық Алтын Орда мемлекетінің саяси тарихының кейбір көріністері // Қазақстан және Еуразия континентінің елдері (тарихы және даму перспективасы): Халықаралық Бекмаханов оқуларының материалдары. 24-25 мамыр 2002 ж. – 217-219 б.

1357 жылдар (Менгу-Темір, Өзбек, Жәнібек хандар кезеңі);

- құлдырау кезеңі, XIV ғасырдың 60 жылдарынан XV ғасырдың 80 жылдарына дейін.

Тарихшылардың пайымдауынша Алтын Орданың 1242-1481 жылдардағы тарихында 41 хан билік жүргізген (Ноғай, Мамай, Едіге мырзаларды санамағанда). Олардың әрқайсысының мемлекеттің дамуына өзіндік қосқан үлесі, артықшылығы мен кемшіліктері болған. Олардың ішінде тарихта өзіндік ізін қалдырған – Бату, Берке, Өзбек, Жәнібек, Тоқтамыс, Ұлық Мұхаммед, Ахмет хандар болды.

Алтын Орда мемлекетінің саяси тарихы мен оның билеушілері жайында көптеген деректер мен зерттеу еңбектері бар. Олардың ішінде ең маңыздылары деп Фазлаллах Рашид-ад-Диннің «Жами ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) деген тарихи еңбегі XII-XIII ғасырлардағы монғол және түрік тайпалары мен халықтарының тарихы жөніндегі мейлінше елеулі еңбек болып табылады. Рашид-ад-Диннің мәліметтері осы кезеңнің тарихын зерттейтін көптеген авторлардың еңбектеріне негіз болды. «Жами ат-тауарих» Шыңғыс ханның ата-бабалары мен оның ұрпақтары туралы жазылған мейлінше толық нұсқадағы дерек көзі болып табылады.

Жошы генелогиялық тармағы, ұрпақтарының шежіресі «Муизз әл-ансаб фи шаджарат салатин могул» деген еңбекте біршама нақты мәліметтер кездеседі.

Зерттеуші В.Г. Тизенгаузеннің Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы құнды ортағасырлық деректердің жиынтығы болып табылады. Әсіресе, ондағы Алтын Орда тарихында елеулі қызмет атқарған тарихи тұлғалар, хандарға қатысты мағлұматтардың маңызы зор. Атап айтсақ, Муин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих-и-Муини» («Ескендір анонимі») дерегіндегі мәліметтер ерекше құнды.

Әбілғазының «Шаджара-ий тюрк» («Түрік шежіресі») атты еңбегіндегі түрік тайпалары мен Шыңғыс хан, оның ұрпақтарының тарихы, көшпелі өзбектер мемлекетінің тарихы, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Маңғыт (Ноғай) Ордасындағы Шайбанилер әулеті туралы мәліметтері маңызды.

Өтеміс қажы ибн Маулана Мухаммед Достың «Шыңғыс-наме» мәліметтерінің ортағасырлардағы Қазақстан территориясында өмір сүрген ру-тайпалардың саяси, этникалық, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени өмірінің проблемаларын шешуде зор маңызы бар. Бұл деректің ең басты маңыздылығы Алтын Орда мемлекетіндегі билік, ұлыстарға бөлу, басқару тарихына қатысты мәліметтердің болуы.

Соңғы ортағасырлардағы Алтын Орда тарихын зерттеуде XIV-XVII ғасырлардағы орыс құжаттары мен мұрағат материалдарының зор маңызы бар. Орыс жерлері Алтын Ордаға бағынған кезең орыс жылнамаларында русь князьдарының Орданың билеушілерімен қарым-қатынастарының көптеген беймәлім тұстары көрсетілген. Олар Алтын Орданың ішкі, қоғамдық-саяси жағдайы туралы, атап айтқанда, XIV ғасырдың 60-70 жылдарындағы Орда шонжарларының түрлі топтарының өзара қырқысқан күресі туралы айтылады. Мамай, Тоқтамыс, Едіге, Әмір Темір заманына қатысты және бұл билеушілердің ыдырап бара жатқан Алтын Орданың тағдырына ықпал етуге және сол арқылы Мәскеуге, Литваға, Польшаға, олардың мемлекеттік орталықтандыру жолындағы күресіне кедергі жасауға тырысқан әрекеттерін сипаттайтын материал алуан түрлі.

В.В. Бартольд, А.Ю. Якубовский, Г.Ф. Федоров-Давыдов, М.Г. Сафаргалиев, И.Б. Греков, Н. Мұқамедияров, В.Л. Егоров және т.б. Алтын Орда тарихының әр қырын терең зерттеген ғалымдар.

Алтын Орда тарихына қатысты батыс, орыс елдерінің тарихнамасында көптеген еңбектер жазылған. XIX ғасырдың 30-жылдарының (1826, 1832 жылдары) өзінде-ақ Ресей ғылым Академиясы Алтын Орда тарихы жөніндегі шығармаларға бәйге жариялады. Мұның өзі Алтын Орда тарихына деген қызығушылықтың мол болғандығын көрсетеді.

Кез келген мемлекеттің пайда болуы, дамуы мен құлдырауы, күшеюі мен әлсіреуі билеушісінің жүргізген саясатының нәтижесі болып табылады. Алтын Орда тарихында да әр билеушінің өзіндік орны, мемлекетке қосқан үлесі, артықшылықтары мен кемшіліктері болды. Тарихи деректердің негізінде әр ханның Алтын Орда тарихындағы қызметін айқындап, тарихи бағасын беруге болады. Алтын орданың негізін қалаған Жошының

екінші ұлы – Бату хан. Бату, Берке хандар кезінде мемлекет құрылып, мемлекеттік құрылысы, салық жүйесі қалыптасып, көрші елдермен сауда-саттық, саяси, дипломатиялық қарым-қатынастар жүргізілді.

Алғаш ислам дінін қабылдап, ғылым мен мәдениетке, рухани құндылықтарға ден қойған билеуші – Берке хан еді.

Мөңке-Темір ханның (1266-1282) тұсында Алтын Орда Моңғол империясынан дербес мемлекетке айналып, оның атымен ақша соғып шығарылды.

Мөңке-Темірдің немересі Өзбек ханның тұсында Алтын Орда ортағасырлардағы аса ірі мемлекеттердің біріне айналды. Ол 30 жыл билік етіп, билік тізгінін өз қолында берік ұстаған, 300 мыңға дейін жауынгері болған. Өзбек ханның тұсында Алтын Орданың Орыс мемлекетіне жүргізген саясаты бұрынғыдан да күшейе түседі. Ислам мемлекеттік дінге айналады.

Әйгілі билеушілердің ішінде Жәнібек ханды да атап өту қажет. Деректерде оны исламды қабылдаған, өте ақылды, әділ билеуші ретінде сипатталып, оның кезеңін мемлекеттің дамуымен байланыстырады.

Алтын Орданың саяси тарихында маңызды рөл атқарған Ноғай, Мамай, Едіге мырзалардың да империя тарихында, оның дамуы мен әлсіреуіне қосқан өзіндік үлестері бар. Ноғай Жошы ханның жетінші баласы Бувалдан тараған. Оның әкелері ешқашан хандық билікті қолына алмаған. Ноғай мырза Бату, Берке ханнан бері маңызды беклербек қызметін атқарып ең тәжірибелі, сенімді, қиын және жауапкершілігі мол істерге жұмсайтын адамдардың бірі болған. Әзірбайжандағы Хулагуидтерге қарсы жорыққа қатысып, бір көзден айырылған. Ноғай өте қу және айлакер саясаткер еді. Ол Дон өзенінен Дунайға дейінгі үлкен территорияның иесі болды. Иеліктегі жерлерден алынған алым-салықтардың барлығы Ноғайдың жеке өзіне тиесілі еді. Ол көрші елдердің билеушілерімен де бейбіт келісімдер жасап, дипломатиялық байланыстарды дамытып отырды. Берке ханнан кейін Меңгу-Темір, Туда-Мөңке кезінде мемлекеттік биліктен аласталып, өз иелігін басқарады. Бірақ Төле-Бұға кезінде Ноғай билеушінің жастығы мен тәжірибесіздігін пайдаланып, билікті өз қолына алады. Орыс жылнамаларында Ноғайды тіпті хан деп те атайды. Өйткені, Ноғай Төле-Бұғаны хан ретінде көрмей,

билікті өз қолында ұстайды. Орыс князьдеріне өз атынан жарлық шығарып, билікке рұқсат беріп отырады. Көп ұзамай 1287 жылғы Венгрия мен Польшаға жасалған жорықтан кейін Төле-Бұға Ноғайға қарсы шығады. Күшіне мінген мырза Төле-Бұғаны Тоқта сұлтан арқылы өлтіріп, Тоқтаны хан етіп көтереді. Ноғай мен Тоқта арасындағы достық қатынас та ұзаққа бармады. Ноғай өзіне қарсы мемлекеттік қызметі бар ықпалды адамдарды ханға қарсы әрекеттері үшін жазалап отырды. Көптеген маңызы бар істерді өзі шешті. Бірақта саясатқа араласып үйренген Тоқтаның анасы Шешекті Ноғайдың адамдары буындырып өлтіруі ханның көзқарасын толығымен өзгертті. Оны өлтірген адамдарды Ноғай өз иелігінде жасырып, хан сұратқанда бермейді. Осыдан бастап екеуінің достық байланысы үзіліп, бір-бірімен соғысып, нәтижесінде Ноғай өлтіріледі. Ал оның 3 ұлы да кейіннен бір-бірін қарсы шығып, бір-бірін өлтіріп, соңғысын Тоқта хан 1302 жылы өлтіртеді. Ал иелігі Тоқта ханға өтеді.

Атақты Мамай мырза Алтын Ордада 1359-1379 жылдары 20 жылға созылған «дүрбелең кезеңде» бөлшектенген мемлекеттің бір билеушісі Ғабдулла ханның түменбасы болды. Ол Бердібек ханның күйеу баласы еді. Мамай өте ақылды, батыл болды. Бірақта тағдырдың жазуымен Мамай мырза Куликов шайқасында жеңіліс табады. Ол Қырымда генуэліктердің қолынан қаза табады.

Маңғыт әулетінен шыққан Құтлу Қабаның ұлы Едіге мырза Алтын Орда тарихында ең айлакер, мықты саясаткер, батыр, билік жүргізуімен танымал әмірлердің бірі болды. Ол Мамай мырзаның кезінен бастап көзге түсе бастады. Қызметін Тоқтамыс ханның нөкері болудан бастап, кейіннен бір себептермен оның қарсылығына ұшырап, Самарқан қаласындағы Әмір Темірдің қол астына қызметке кіреді. Әмір Темірді Тоқтамысқа қарсы жорыққа шығуына үгіттеп, 1391 жылы өз мақсатына жетеді. Тоқтамыс Едігенің арамдығынан жеңіліс тауып, шегінеді. Ал Едіге Темірді алдап, өзі Алтын Ордаға оралады. Онда 1396-1411 жылдар аралығында Темір-Құтлықты, Шадыбекті, Поладбекті, Темірді хан етіп, шын мәнінде билікті өзі жүргізеді. Еділ мен Жайық аралығындағы жерлерде өзі билік жүргізеді. Едіге мырза туралы Ибн Ғарабшаһ: «Аса ақылды, білгір саясатшы еді. Досына мейірімді, дұшпанына қатал болды. Отыз күн

ораза, бес уақыт намазын қаза қылдырған емес. Шариғат амалдарын орындай жүріп, ғылым-білім, өнер туралы кітаптарды да жиып, оқып-біліп отырды. Сөзін тыңдайтын достары мол еді. Жиырма жыл Дешті Қыпшақта төре болып тұрды. Жақсы өмір сүрді. Жиырмадай баласы қалды. Бір Алла өзі кешірсін! Бәрін де жеке басының мүддесі жолында құрбан етті», – деп, оның Тоқтамысқа қарсы опасыздықты жасамағанда Алтын Орда мүншалықты есеңгіремес еді деген қорытындылар жасайды.

Едіге мырза өзінің ықпалын Жошы ұрпақтарын шебер пайдалану арқылы шешіп отырды. Айтқанына көнбеген ханды екіншісімен ауыстырып, өз саясатын жүргізіп, дегенін жасатқан. 1407 жылы Бұлғарда өзін хан етіп жариялаған Жалал-ад-Динге, 1408-1409 жылдары Руське жорық ұйымдастырып, (Серпухов, Дмитров, Ростов, Переяславль, Нижний-Новгород және т.б. қалаларды) бағындырады. Мәскеуді қоршап, ала алмаған соң кері шегінеді.

1409 жылы Едіге Батыс Сібірді паналап жүрген Тоқтамысты өлтіріп, Хорезмді басып алады. 1411 жылы Алтын Ордада болған өзгерістерден кейін биліктен аластатылып, билікке келген Тоқтамыс ханның балаларынан Хорезмге қашып кетеді.

Едіге 1419 жылы Тоқтамыс ханның ұлы Қадірбердінің қолынан Сарайшық маңында қаза табады. Осылайша көптеген жылдар бойы әмірлік қызметте болған, ресми түрде болмаса да билікті өз қолында ұстаған атақты Едіге мырза Алтын Орданың әлсіреуіне өз үлесін қосқан. Оның ұрпағы кейіннен Ноғай Ордасында билік етеді.

Алтын Ордаға қатысты көптеген оқиғалар жайлы бұрыннан көптеп зерттеліп, біраз мәліметтер белгілі болғандықтан көп тоқталмаймыз. Біз тек нақты Темір ұрпақтарына арналған шығармаларда қандай мәліметтер келтірілген соған тоқталып, оны басқа деректермен салыстырамыз.

Ж.М. Тулебаевамен ғылыми айналымға енгізілген «Тарих-и арба' улус» шығармасында «әкесінің өлімінен соң, Бату-хан ибн Жошы-хан өзінің ұлы атасы Сахыбқыран Шыңғыс ханның жарлығы бойынша Дешті Қыпшақ тағына отырады»¹⁶⁷. Шығар-

¹⁶⁷ Мирзо Улуғбек. Турт улус тарихи / Б. Ахмедовнинг кириш сузи, изохлари ва тахририда: Форс тилидан Б. Ахмедов ва бошқ. тарж. – Ташкент, 1993. – 352 б. – 221 б.

мада Жошы-ханның өлімінен соң Алан, Орыс (Урус), Рус, Бұлғар, Черкес, Қырым, Ардақ секілді көптеген жерлер Шыңғыс хан ұрпақтарына бағынудан бас тартқандығы жайлы қызықты мәліметтер мазмұндалған. Ұлы жұрттың тағына Үгедей отырғаннан соң, ол сол территорияларды қайтару үшін Батудың үлкен әскерін сонда бағыттайды. Әскер құрамында мыналар болды: Күйік-хан ибн Үгедей, Меңгу ибн Төле-хан, Булка ибн Шағатай-хан, Нури ибн Шағатай-хан және Пайдара ибн Шағатай-хан. Ауыр шайқастардан соң жоғарыда аталған аудандар қайта жаулап алынды. Осылайша, енді өзінің немере ағасы Үгедей қағанның көмегімен Бату хан Дешті Қыпшақ тағына қайта отырады¹⁶⁸.

Бату (1227-1255) зор беделге ие болды және империяны өзінің қолдауымен таққа отырған ұлы хан Мөңкемен бірге биледі. Алайда, Бату да оның мирасқорлары да Алтын Орданың тағында біртұтас мемлекетті басқарушылар болмады. Жошы ұлысы үлестерге – оның көптеген ұлдарының ұлыстарына ыдырады. Алтын Ордада, өз кезегінде, ұлыс жүйесі қалыптасты. Әбілғазыда (XVII ғ.) дерек көзіне сүйенбей келтірілген аңыз бойынша Бату «солтүстік елдеріне» – Шығыс Еуропаға (1236-1242) – жасаған жеті жылдық жорықтан оралғаннан кейін өзінің ағасы Орда-Еженге былай деген: «Бұл жорықта сен біздің ісіміздің аяқталуына жәрдемдестің, сондықтан он мың отбасынан тұратын халық саған беріледі»; енді бір аудармада «сол сенің әкең тұрған жерде», яғни Ертістің жоғарғы ағысында деген сөздер қосылған». Әдет-ғұрыпқа бағып, Бату өзінің басқа бауырларына да үлес берген.

Орда-Ежен ұлысының әміршілері іс жүзінде тәуелсіз болды және өздерін Алтын Орда хандарына бағынышты деп мойындаса да, олардың құрылтай жиналыстарына бармады. «Әуел бастан-ақ, – деп жазады Рашид ад-Дин, – оның орнындағы Орда тұқымының қайсы біреуінің Бату тұқымынан тараған хандарға барған кезі болған емес, өйткені олар бір-бірінен шалғай орналасқан, сонымен қатар өз ұлысының тәуелсіз патшалары болып табылады. Бірақ оларды Батудың орынбасары кім болса соны

¹⁶⁸ Тулибаева Ж.М. «Улус-и арба-йи Чингизи» как источник по истории Дашт-и Кипчака // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 3(24). – Алматы, 2003. – С. 34-40.

өзінің патшасы әрі әміршісі санау әдеті болған және олардың есімдерін бұлар өз жарлықтарының жоғарғы жағына жазып отырады»¹⁶⁹. Орда-Ежен ұлысына Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлер, Ертіс бойындағы кең-байтақ аймақ, Ұлытау мен Қаратауға дейінгі жерлер кірді. Ұлыстың аумағы біртіндеп кеңейе берді. XIII ғасырдың екінші жартысында-ақ Орда-Еженнің немересі Қонышаның тұрған жері дерек бойынша Сырдарияның орта ағысындағы Жент пен Үзкент маңында болған; ұлыстың саяси орталығы осы жерге ауысқан еді.

Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда-Ежен ұлысы дербес мемлекет болып, шығыс деректемелерінде ол Ақ Орда деп аталады. Оған билік жүргізгендер хан атағын иеленіп, олармен Бату хан және оның мирасқорлары ғана емес, сондай-ақ бүкіл империяның жоғарғы хандары да санасып отырған. Рас, кейде Алтын Орданың хандары Ақ Ордада таққа отырғандарға ел билеуге жарлық беріп отырған, бірақ мәселе осымен тынып, мемлекет істеріне нақты араласу болмаған. Алтын Орданың хандары Иран әміршілерімен үнемі дұшпандық қатынаста болғанымен, Ақ Орданың хандары XIII-XIV ғасырлардың меже-сінде, Хулагу ұрпақтарымен дипломатиялық байланыста болып, елшілер алмасып отырды¹⁷⁰.

Шаруашылықтың жаңғыруы, феодалдық қатынастардың нығаюы жағдайында жергілікті түрік және түріктенген феодал үстем таптың жағдайы күшейе түсті. Халық бұқарасының монғолдар тәртібіне наразылығын пайдалана отырып, Жошы және Шағатай ұлыстарында түрік шонжарлары Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы өздерінің саяси өкіметін орнату жолында күрес жүргізді. Соның нәтижесінде Солтүстік-Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстанның территориясында XIV ғасырда Ақ Орда Алтын Ордан біржола оқшауланып шықты.

XIV ғасырдың басында Жошы ұрпақтары иеліктерінің Еділ бойындағы даланы, Еділдің батыс жағындағы жерлерді, Қырымды, Солтүстік Кавказды және Хорезмнің солтүстік бөлігін қамтыған батыс бөлігі (оң қанаты) бұрынғысынша Алтын Орданы құрады; Жошы ұлысының қазіргі заманғы Қазақстанның

¹⁶⁹ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 640 б. – 82 б.

¹⁷⁰ Сонда.

(Жетісуді қоспағанда) Жайық өзенінің шығыс жағындағы және Арал теңізі мен Сырдарияның солтүстік жағындағы кең-байтақ аумақты қамтыған шығыс бөлігі (сол қанаты) Ақ Орданың құрамына енді. Алтын Ордада негізінен Бату ханның ұрпақтары, Ақ Ордада Орда-Еженнің ұрпақтары билік жүргізді.

Жоғарыда атап өтілгеніндей, Орда-Еженнің иеліктері мен Алтын Орда аралығында орналасқан Қазақстан территориясы Шайбан мен оның ұрпақтарына бағынышты болды. XIV-XV ғасырдың басында бұл аумақтышығыс авторлары бірде Ақ Орда, бірде Көк Орда деп атайды. Мұны Орда-Ежен әулеті өкілдері билігінің осы аумаққа да таралуымен түсіндіруге болады, мұны мұсылман әулеттерінің хронологиялық кестелері дәлелдейді.

Сонымен, XIV-XV ғасырларда деректерде Жайық өзенінен Батыс-Сібір ойпатына дейінгі Қазақстан даласының, Сырдарияның төменгі және орта ағысын қоса алғандағы кең-байтақ аумағы, яғни Орда-Ежен мен Шайбани ұлыстарының жері Ақ Орда деп түсіндірілген. Алтын Орда жай ғана «Орда» немесе «Еділ Ордасы» деп аталған орыс жылнамаларында Жайық өзенінің оңтүстік-шығысындағы далалық аумақ «Көк Орда» немесе «Жайық сырты Ордасы» деген атаумен көрсетілген, ал орыс жылнамаларында «Ақ Орда» ұғымы пайдаланылмаған.

Ақ Орда – монғолдардан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында жергілікті этникалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым. Оны осы жерлерде ежелден мекендеп келе жатқан және монғолдардың жаулап алуынан көп бұрын-ақ қыпшақ бірлестігінің құрамына кірген, сондай-ақ Шыңғыс-ханның шапқыншылығы кезінде Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығысы аудандары мен Алтайдан қоныс аударған түркі тілдес тайпалар мекендейтін еді. Онда қыпшақтармен қатар наймандар, үйсіндер (ушундер), қарлұқтар, керейіттер (керейлер), сондай-ақ қоңыраттар, маңғыттар және басқалар мекендеген.

Мұсылман әулеттерінің хронологиялық кестелерінде Ақ Орда хандарының есімдері мынадай ретпен келтіріледі: Орда-Ежен, Сартақ, Қоныша, Байан, Сасы-Бұға, Ерзен, Мүбәрак, Шымтай, Үрүс хан, Қойыршақ және Барақ.

XIV ғасырдың бас кезінен Орда-Ежен ұрпақтарының Сыр өңірінің қалалары мен Жетісу жайылымдары үшін Шағатай ұрпақтарымен күрес жүргізілді. Сонымен бірге далалық аудандар-

дың көшпелілері мен жартылай көшпелілерінің және Сыр өңірі жазирасының отырықшы аудандарының халқы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды қалпына келтіру сарыны күшейді. Ақ Орда билеушілерінің әкімшілік орталығын өз иеліктерінің оңтүстік шет жағына, Сығанақ қаласына аударғаны кездейсоқ емес.

Ақ Орда хандары Ертістен Сырдарияға, Алтайдан Ұлытау мен Аралға дейінгі кең далада экстенсивті мал шаруашылығын сақтап, ұстана отырып және дәстүр бойынша жазғы және қысқы жайылымдарға көшіп-қонудың қалыптасқан тәртібін орнықтырып, Сырдарияның орта ағысының, Таластың, Шудың отырықшы-егіншілік жазиралары мен Ұлытау даласында шаруашылық және мәдени өмірді қалпына келтіруге қадамдар жасады. Му'ин ад-дин Натанзи Ақ Орда хандарының бірі Ерзеннің Сығанақты көркейтіп, Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршыкентте біраз үйлер салдырғанын хабарлайды. XIV ғасырда Ақ Орда хандары теңгелерді енді тек өз атынан соқтырды.

Осы жерде «Ақ Орда» терминіне байланысты зерттеушілер әр түрлі пікірлер келтіреді. М.Г. Сапарғалиев¹⁷¹, Г.А. Федоров-Давыдов¹⁷², Т.И. Султанов¹⁷³ секілді зерттеушілер кейбір деректердің мәліметтері негізінде Му'ин ад-дин Натанзидің («Ескендір анонимі») Жошы ұлысының сол қанатына жатқызылып келген Орда Еженнің ұрпақтары Ақ Орда сұлтандары деп аталғаны туралы хабары қате деген қорытындыға келді. Бұл зерттеушілердің пікірінше Орда Ежен мен оның ұрпақтарының иелігіне «Көк Орда» атауы жатқан, ал «Ақ Орда» деп Бату хан ұрпақтарының иелігі, яғни Алтын Орда аталған. Алайда Қазақстан территориясындағы XIV-XV ғасырлардағы Орда Ежен ұрпақтары мемлекеті атының тарихи әдебиетке ғана емес, сонымен бірге ортағасырлық шығыс деректеріне де енген дәстүрлі атауын өзгертуге негіз болуға деректерден келтірілген анықтамалар

¹⁷¹ Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск, 1960, – С. 14-15.

¹⁷² Федоров-Давыдов Г.А. «Аноним Искандера» и термины «Ак-Орда» и «Кок-Орда» // История, археология и этнография Средней Азии. – М., 1968. – 368 с. – С. 225. – 94-96 с.

¹⁷³ Султанов Т.И. К вопросу о терминах «Ак-Орда», «Кок-Орда» и «Йуз-Орда» // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. – М., 1970. – С. 94-96.

жеткіліксіз екендігін біз білеміз. Дей тұра зерттеушілер бұл мәселе төңірегінде зерттеулерін тоқтатқан жоқ. Қазақстан тарихының II томында ол жайлы кеңірек тоқталған.

Осы арада тарих ғылымдарының докторы, ортағасырлардағы Қазақстан тарихымен айналысатын ғалым Берекет Кәрібаевтың мақаласынан үзінді келтіретін болсақ: «Орда Ежен Ұлысы Жошы ұлысының шығыс бөлігінде орналасқандытан, ол – сол қанат деп аталады, ал мемлекеттік құрылымының жергілікті халық арасындағы ресми емес атауы Көк Орда болды. Жошы ұлысының батыс бөлігі Ақ Орда деп аталатын. Көк Орда орталығының шығыстағы Алакөл маңынан батыстағы Сыр бойына көшірілуімен, енді саяси орталық Ақ Орда деп атала бастайды. Мемлекеттің аты да осы атаумен аталады. Осылайша, XIV-XV ғасырлардағы жазба деректердің бәрінде бұл Орда Ежен Ұлысы – Ақ Орда атауымен белгілі бола бастайды», – дейді.

Жалпы темірлік тарихнаманың авторлары өз шығармаларында Орда Ежен Ордасына қатысты ала-құлалық танытпайды. Темірдің, Ұлықбектің дәуіріндегі Мауараннахрдың солтүстік жағындағы оқиғаларды суреттеген кезде Низам ад-дин Шами, Шараф ад-дин Йазди, Абд ар-Раззақ Самарканди Дешті Қыпшақтағы мемлекеттік құрылымдарды көрсету үшін хандардың есімдерімен және негізінен «өзбек» деген этнополитониммен қосып, «ұлыс», «дийар» (ел), «уәлаят» (облыс), «мамлакат» (мемлекет) деген терминдерді пайдаланды¹⁷⁴.

Му'ин ад-дин Натанзи «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» шығармасында: «Содан соң Жошы ұлысы екі бөлікке бөлінді. Сол қанатқа жататындары, яғни, Ұлы-тау, Сегіз-ағаш, Қаратал шектерінен Түйсін, Жент, Баршыкент өңірлеріне дейінгі аймақтар Ноғай ұрпақтарына бекітіліп, олар Ақ-Орда сұлтандары деп атала бастады. Ібір-Сібір, Русь, Либка, Укен, Маджар, Бұлғар, Башгирд және Сарай, Берке жататын оң қанат Тоқтай ұрпақтарына тағайындалып, оларды Көк-Орда сұлтандары деп атады», – деп олардың барлық өкілдерін атап өтеді.

Му'ин ад-дин Натанзидің Сасы-Бұқадан бастап өрбіткен Орда Ежен ұрпақтарының билігі жайлы деректер көп мәлімет-

¹⁷⁴ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 640 б. – 112-б.

тер береді. Ол Ақ Орда билеушісі Сасы-Бұқа Ноғайдың ұлы деп көрсетеді. Алайда Сасы-Бұқа Ноғайдың емес Баянның ұлы екендігі Г.А. Федоров-Давыдовпен дәлелденген болатын¹⁷⁵. Му'ин ад-дин Натанзи Сасы-Бұқаны сол уақытта Алтын Орда тағына отырған Тоқтының ұлы Тоғрылдың замандасы ретінде танылады. Алайда Низам ад-дин Шами мен Шараф ад-дин Йазди, Ұлықбек шығармаларындағы мәліметтерінде Алтын Орда тағына Тоқтыдан кейін билікке Тоғрыл емес, оның ұлы Өзбек хан отырған. Бұл деректердің ешқайсысында да Тоғрылдың таққа отырғандығы жайлы мәліметтер кездеспейді. Тек Му'ин ад-дин Натанзидің шығармасында ғана оның билеген уақытынан мәліметтер беріледі.

Му'ин ад-дин Натанзи Сасы-Бұқаның бұрынғысынша бағыныштылық ережесін сақтағандығын айтады. Ол 30 жыл билігі тұсында Тоғрыл хан мен Өзбек ханның бірде бір шақырылуынан қалған емес дейді. Сөйтіп 720 х.ж. (шамамен 1320-1321 жылдары) қайтыс болатындығын айтады.

Сасы-Бұқа қайтыс болғаннан соң оның орнына Өзбек ханның бұйрығы бойынша Сасы-Бұқаның ұлы Ерзен отырады. Ол жайлы «Мунтахаб ат-таварих-и Му'иниде» былай суреттеледі: «Он был царем крайне умным, праведным, превосходным, богобоязненным». Сонымен қатар Му'ин ад-дин Натанзи Ерзеннің Сығанақты көркемдетіп, Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршыкентте талай ғимараттар салдырғанын хабарлайды.

Му'ин ад-дин Натанзи Ерзеннің билік еткен тұсын жәннатқа теңейді: «Благодатью своей справедливости и милости он сделал весь Туркестан образом высшего рая. Около 700 человек своего уруга он сделал участниками общих милостей и устроил и приготовил для каждого из них удел (куби) и область (субе), так что все люди ходили по дорогам в свой юрт, жилище, службы и стада, и никто из великих не притеснял меньшего и никто из малых не делал шага непочтения по отношению к старшему. Безопасности и процветания, какие имел тотулус во время его правления, (никто) после него не видел во сне. 25 лет он правил таким образом и в 745 г. (15.V. 1344 – 3.V. 1345 жж.)

¹⁷⁵ Федоров-Давыдов Г.А. «Аноним Искандера» и термины «Ақ-Орда» и «Жок-Орда» // История, археология и этнография Средней Азии. – М., 1968. – 368 с. – С. 228.

умер от естественной болезни, могила его находится в городе Сыкнаке»¹⁷⁶.

Ерзеннің орнына оның ұлы Мүбәрәк-қожа келеді. Му'ин ад-дин Натанзи мәліметіне сенетін болсақ, ол 6 ай ғана билік құрған және де оның билікке келуімен елде бүлік, тәртіпсіздік орнайды деп көрсетіледі. Әбден тыныштыққа үйренген халық оған алты айдан артық шыдай алмады. Сөйтіп Мүбәрәк-қожаның биліктен кетуіне тура келді. Одан соң ол тағы «2 жыл 6 ай Алтай мен қырғыздар елінде үйсіз-күйсіз қаңғырып жүріп, соңында сол жерде қаза табады» деп Му'ин ад-дин Натанзи Мүбәрәк-қожаның өмірін қысқаша ғана баяндайды. Ал Гафари дерегіне сүйенетін болсақ, ол 6 ай билік құрғаннан кейін өледі¹⁷⁷.

Тарих ғылымдарының докторы З. Қинаятұлы Мүбәрәк-қожа 6 айғана билік құрды деген Му'ин ад-дин Натанзидің мәліметіне сүйене отырып: «Әрине, Мүбәрәк-қожа билігі ұзаққа созылмағанымен, ол аз уақыт ішінде әкесінің тұсында басталған игі істерді (дербестікті Қ.З.) ақырына жеткізуге тырысып бақты. Әйгілі Орыс-хан «Мүбәрәк-қожаның ісін жалғастыруды» өз алдына мақсат етіп қойғанына қарағанда, Мүбәрәк-қожаның Ақ Ордада атқарған қызметі салмақты сияқты», – дейді.

Сонымен қатар З. Қинаятұлы «Бүркеншік Искандерде» Мүбәрәк-қожаның тұсынан Ақ Ордада бүліншілік басталды деп жазуы бұл Шибан әулеті тарихшыларының Мүбәрәк-қожаның тәуелсіздік саясатына қарсы пікірінің әсерінен болуы мүмкін. Олай дейтініміз егер Ақ Ордада Мүбәрәк-қожаның тұсында бүліншілік етек алғаны рас болса, оның інісі Шымтай 17 жыл дербес билік құрып Алтын Орда тағына отыруға арнаулы шақыру алмаған болар еді»¹⁷⁸, – деген пікірі көңілге қонарлық.

Ал кейбір зерттеушілер Му'ин ад-дин Натанзидің Мүбәрәк-қожа 6 ай ғана билік құрды деген пікірін жоққа шығарады. Зерттеуші Н.Н. Мингулов: «...Мүбәрәк-қожа ханнан (1320-1344)

¹⁷⁶ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромасевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – 308 с. – С. 129-130.

¹⁷⁷ Сонда. – 211 с.

¹⁷⁸ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан // Тарихи – сараптамалық зерттеу. – Астана: Елорда, 2004. – 344 б. – 190-191 б.

бастап Ақ Орда билеушілері Алтын Ордаға тіпті сөз жүзіндегі тәуелділігінен де түпкілікті құтылды», – дейді. Автор өз мәліметіндегі 1320-1344 жылдар Стэнли Лен-Пульдің деректерінде және нумизматикалық материалдары бойынша осылай деп көрсетеді¹⁷⁹.

Босфорт өз зерттеуінде Сасы-Бұқадан соң билікке Ильбасан (1315-1320) келді, одан кейін Мүбәрәк-қожа (1320-1344) таққа отырды деп келтірсе¹⁸⁰, Қ. Салғараұлы да сол жылдарды көрсетеді, бірақ Мүбәрәк-қожаны Ерзен деп біледі¹⁸¹.

Зардыхан Қинаятұлы 1320-1344 жылдар, яғни П.С.Савельев бойынша келтірілген Мүбәрәк-қожаның билік құрған жылдары Орда Еженнен соң Ақ Орданың шынайы тәуелсіздікке қол жеткізген уақыты болып табылады, дейді¹⁸². Ал Қ. Салғараұлы: «...Алтын Орда екіге бөлінді дегенде кейінгі Ақ Орданы тәуелсіздік алып, Алтын Ордаға бағынбай кеткен кезі деп айтамыз. Бұл бөліну парсы тарихшысы Му'ин ад-дин Натанзидің жазуына қарағанда, Алтын Орданың ханы Тоқтаның тұсында болған секілді. Ал оның хандық құрған кезі 1290-1312 жылдар аралығы. Демек, Ақ Орданың Алтын Ордаға бағынбайтын дербес жеке хандық құрған кезін осы жылдардан бастау керек. Мұны Өзбек ханның Орда-Ежен балаларын бұрынғы тәуелділік қалпына келтіру үшін баласы Тыныбекті зорлықпен оларға қоятыны да дәлелдейді. Алайда Тыныбек көп кешікпей өлтіріліп, Орда-Ежен балалары билікті өз қолдарына қайтарып алады», – деп Ақ Орданың өз дербестігін алған уақытын одан әрі ұзартып жібереді¹⁸³.

Мүбәрәк-қожадан кейін Ақ Орда тағына Му'ин ад-дин Натанзи мәліметі бойынша Өзбек ханның жарлығымен Ерзеннің ұлы Шымтай (1344-1361) отырып, ол 17 жыл жеке-дара билік

¹⁷⁹ Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – II т. – 440 б. – 158 б.

¹⁸⁰ Босворт К.Э. Мусульманские династии: справочник по хронологии и генеалогии / пер. с англ. П.А. Грязневича. – М.: Наука, 1971. – 324 с. – 204 с.

¹⁸¹ Салғараұлы Қ. Хандар кестесі (Шығыс хандарының жылнамалық кестесі). – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б. – 37 б.

¹⁸² Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 344 б. – 190 б.

¹⁸³ Салғараұлы Қ. Хандар кестесі (Шығыс хандарының жылнамалық кестесі). – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б. – 36 б.

жүргізеді¹⁸⁴. Бұл жерден бір байқайтынымыз Му'ин ад-дин Натанзидің деректерінде Орыс ханға дейінгі Ақ Орда хандары Алтын Орда хандарының бұйрығымен таққа отырған. Демек, Ақ Орда тек Орыс ханнан бастап қана өзінше жеке мемлекет ретінде өмір сүре бастаған.

Деректерде Шымтайдың қалай өмірден озғандығы жайлы ешқандай мәліметтер кездеспейді. Шымтай өлімінен кейін оның ұлы Үрүс хан билікке келеді. Үрүс ханның өмірі мен саясаты жайында темірлік деректер толығырақ мәліметтер келтіреді. Әсіресе, Му'ин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» шығармасындағы мәліметтер нақтырақ деп айтуға болады.

Үрүс хан тарихта қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы ретінде танымалы. Ол мықты әскери қолбасшы, мемлекеттік қайраткер және де өз заманының қажыр-қайратты билеушісі. Сонымен қатар Үрүс хан түрлі діни мекемелер (мешіттер, медреселер) салу арқылы өз мемлекетінің соның ішінде Сығанақ қаласының мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Му'ин ад-дин Натанзи бойынша Үрүс хан «өте соғысқұмар, күшті және құдыретті патша» ретінде сипатталады¹⁸⁵.

Му'ин ад-дин Натанзи Үрүс хан Шымтайдың ұлы, Шымтай Ерзеннің ұлы, Ерзен Сасы-Бұғаның ұлы, Сасы-Бұға Ноғайдың ұлы¹⁸⁶ деп көрсетеді. Бұл деректе Сасы-Бұға Ноғайдың ұлы деп танылады. Ал Рашид ад-дин және басқа да деректер бойынша Сасы-Бұға Баянның ұлы. Му'ин ад-дин Натанзи шығармасындағы Үрүс хан шежіресін Рашид ад-дин мәліметтері бойынша жалғастырар болсақ, Ақ Ордада Сасы-Бұғаға дейін Орда (Орда-Ежен) – Сартақан (Сартақ) – Қуынжы (Қоңшы) – Байан билік еткен¹⁸⁷. Осы жерде Үрүс хан Орда-Еженнің ұрпақтарынан тараған деген пікір қалыптастыруға болады.

Енді сол Үрүс ханның шежіресі жайлы келтірілген деректерді екі топқа бөліп қарастырып көрелік. Біріншісі қазақ ханда-

¹⁸⁴ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – 308 с. – С. 130.

¹⁸⁵ Сонда. – С. 131.

¹⁸⁶ Сонда. – С. 129-130.

¹⁸⁷ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – 308 с. – С. 130, 41-48.

рының әулетін қалыптастырған Үрүс ханды Тоқа-Темірден таратып көрсеткен деректер тобы:

1. «Шаджара-йи турк», Хива ханы Әбілғазының (1603-1664) шығармасы.

2. «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» («Нусрат-наме»); шамамен 1504 жылы Орта Азияда жазылған.

3. «Муизз ал-ансаб»; Темір әулетінің ұрпағы Шахрухтың бұйрығымен құрастырылған 829/1426 жылғы белгісіз автор шығармасы.

4. XVI ғасыр авторы Өтеміс Қажының «Шыңғыснамесі».

5. XVII ғасыр тарихшысы Махмуд ибн Валидің «Бахр-ал-асрар» шығармасы.

Екіншісі Үрүс ханды Орда-Еженнің тікелей ұрпағы ретінде көрсететін деректер тобы:

1. «Мунтахаб ат-таварих-и Му‘ини» немесе «Ескендір анонимі»; 816/1413-1414 жылғы әмір Темір ұрпақтарының тарихшысы Му‘ин ад-Дин Натанзидің шығармасы.

2. «Нусах-и джаханара» – 972/1564-1565 жылы жазылған әл-Гафари шығармасы.

3. «Тарих-и Хайдари» – жалпы тарих, 1611 мен 1619 жылдар аралығында Хайдар ибн Әлі Хұсайн Разимен жазылған.

4. XVII ғасырдағы османдық тарихшы Мунаджжим-башидің «Джами ад-дувал» шығармасы.

Бірінші деректер тобына сүйене отырып Үрүс ханды Тоқа-Темірден тарататын зерттеушілердің пікірлеріне тоқталып өтелік. Оның бірі белгілі шығыстанушы В.П. Юдин «Шыңғыснамеге» сүйене отырып Үрүс ханның Тоқа-Темірдің ұрпағы екенін дәлелдеп көрсетеді. Оның шежіресі «Жошы ұрпағының генеалогиясы» бойынша былай: Жошы, одан Тоқа-Темір, одан Үз-Темір, одан Қожа, одан Бадық, одан Үрүс хан. Шайбан ұрпақтарын жақтаушы «Шыңғыснаме» және басқа дереккөздерде Үрүс ханның Тоқтамыс ханның, Темір-Құтлық ханның, олардың ата-бабалары мен ұрпақтарының осы мәселесіне, яғни шыққан тегіне ерекше көңіл бөлген. Өйткені бұлардың бәрі Тоқа-Темірдің ұрпағы болатын. Тоқа-Темірдің ұрпағы, негізінен, XV және одан кейінгі ғасырларда Шайбан ұрпақтарының Алтын Ордадағы және Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін күрестегі бірден-бір қарсыластары болды. Сондықтан «Шың-

ғыс-наменің» Үрүс хан мен Тұғлық-Темірдің (Тұғлық-Темірдің/Тоқа-Темірдің ұрпағы екеніне шек келтіруге болмайды) шыққан тектерінің бірлігі жөніндегі дерегі Үрүс ханның және қазақ хандарының Тоқа-Темірден тарайтынын қосымша және нақты дәлелдейтін дерек болып есептеледі»¹⁸⁸, – дейді.

Шығыстанушы М. Әбусейітова да Хива ханы Әбілғазының «Түрік шежіресі» мен Махмуд ибн Валидің «Бахр ал асрар» шығармаларына сүйене отырып В.П. Юдиннің пікірін толықтай қуаттай түседі. Әбілғазы өз шежіресінде былай дейді: «Шыңғыс хан – Жошы хан – Тоқай Темір – Өз Темір – Хожа Бадакүл ұғлан – Орыс хан – Құйыршық хан – Барақ хан – Әбусағит (лақабы Жәнібек хан). Оның тоғыз ұлы бар еді: Ираншы, Махмұт Қасымке, Мұхаммед хан. Шибанимен соғысып, Мұхаммед ханның шәйіт болғанын айттық. Одан соң Етік, Жаныш, Қанбар, Тыныш, Өсік, Жәуік»¹⁸⁹. М. Әбусейітованың көзқарасы бойынша Әбілғазы Шыңғыс ханның ұрпағы болғандықтан өзінің шежіресін анық білген болуы мүмкін. Сондықтан оның мәліметтері басқа деректерге қарағанда анағұрлым дәлірек¹⁹⁰. Кейін бұл топқа Ш. Уәлиханов және Ш. Құдайбердіұлы қосылды. Осы жазылымдардың әсерімен Қожа Ахмет Ясауи мазарына қойылған хандар тақтасында қазақ хандарын «Тоқа-Темір әулетінен» таратып жазған¹⁹¹.

«Бұл мәселе баяғыда ақ талас арқауы болудан қалған», – деген В.П. Юдин пікірі ақталмады. Өйткені, «дәстүр бойынша Үрүс хан Орда-Еженнің ұрпақтарынан шыққан деп саналғанымен»¹⁹² әлі күнге дейін зерттеушілер нақты бір пікірге тоқталған жоқ.

Зерттеуші З. Қинаятұлы «қазақ хандарының атасы Үрүс хан – Орда-Ежен әулетінен делінетін екінші бағытты»¹⁹³ жақтайды.

¹⁸⁸ Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б. – 121 б.

¹⁸⁹ Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 б. – 119 б.

¹⁹⁰ Әбусейітова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998. – С. 77.

¹⁹¹ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 344 б. – 228 б.

¹⁹² Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998, – II том, – 640 б. – 328-329 б.

¹⁹³ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 344 б. – 173 б.

Ол Орда-Еженнің әулет шежіресі жайлы жүйелі мағлұмат беретін еңбек негізінде Рашид ад-диннің қолданысында болған және қазақтың ортағасырлық тарихнамалық айналымына Т. Сұлтанов алғаш енгізген «Муизз ал-ансаб» болып табылатындығын атап көрсетеді. З. Қинаятұлы П. Савельевтің, Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийлердің «Золотая Орда и ее падение» атты еңбегінде келтірілген кестесіне сүйене отырып Үрүс хан Сасы-Бұғадан тарайды деп шешім қабылдайды. «Қазақ мемлекетінің бастауында Үрүс хан, оның ұрпақтары тұрғандығы – ғылымда мойындалған шындық. Сондықтан да Ақ Орда – Қазақ мемлекетінің бастауы, ал Үрүс хан қазақ хандарының атасы деп танылады»¹⁹⁴.

Осы орайда З. Қинаятұлы жоғарыда келтірілген екінші деректер топтамасын монғолдық төл тарихи шежірелерінің бірі «Чингис хааны язгуур Торлийн цадигууд» (Шыңғыс ханның ата шежіресі) дерегімен толықтыра түседі. Шежіренің (цадиг) №5 кестесінде Жошы әулетінің Ақ Ордалық хандар кестесін Шыңғыс хан – Жошы – Ордана – Кали (Кули) – Буян (Баян) – Сасы-Бұға – Абисан (Ерзен) – Шымтай – Үрүс хан деп Үрүс ханды Орда-Еженнің тоғызыншы ұрпағы деп таниды. Моңғол шежірелерінде Орда-Ежен ұрпақтары Үрүс ханнан бастап «Шығыс қыпшақ хандары» деп аталады¹⁹⁵.

Сонымен қатар тарихшы Қ.Өскенбай М.Тынышпаевтың көзқарасы бойынша қазақ хандары әулетінің шығу тарихы жайлы мәселенің тарихнамасына тоқталады. «Ол, – дейді Қ. Өскенбай, – отандық тарих ғылымында алғаш рет қазақ хандары Тоқа-Темірден тарады деген пікірді сынады, батыс тарихнамасындағы қазақ хандар династиясын қалыптастырған Үрүс хан Жошының ұлы Орда-Еженнен тарады деген жорамалдың дұрыстығын дәлелдеді...

...Му'ин ад-Дин Натанзидың және басқа деректердің хабарлары М. Тынышпаевтың Үрүс хан Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнің ұрпағы деген көзқарастың шындыққа неғұрлым

¹⁹⁴ Сонда. – 227 б.

¹⁹⁵ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 344 б. – 230 б.

жақын екендігін дәлелдейді»¹⁹⁶. Басқа да бірқатар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеушілер¹⁹⁷ қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Үрүс хан Орда-Ежен ұрпағы екендігіне тоқталады.

Алайда К.А. Пищулина «Үрүс хан мен оның ұрпақтарының Жошы тармағындағы Тоқа-Темірден тарайтындығының немесе олардың Орда-Еженмен байланысты болуының принципті маңызы жоқ. Олардың екеуі де дәстүр бойынша Ақ Орданың дәрежесі тең билеушілері деп саналған, өйткені Тоқа-Темір ағалары Орданың ұлысында үлес берілген және бәрі бірігіп Жошы иеліктері мен әскерінің сол жақ қанатын құрған ағайынды төртеудің (Удурмен, Шингкуммен және Шинкурмен бірге) ішінде болған»¹⁹⁸, – дейді. Дегенмен бәрібір шындықтың бетін ашып, бәрін анықтап алған артық болмайды. Сондықтан Үрүс хан Орда-Еженнің ұрпағы деген бір пікірге тоқталған жөн болар.

Сонымен, зерттеуіміздің арқауы болып табылатын Темір ұрпақтарының тарихшысы Му‘ин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Му‘ини» шығармасындағы мәліметтерге сүйене отырып Үрүс хан Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнің ұрпағы деп нық сеніммен айта аламыз. Біз өз зерттеуімізде осы екінші бағытқа жүгінетінімізді ескерте кеткен жөн.

Зерттеушілердің пікірі бойынша Қазақ хандарының ата тегін Тұқай Темірден тарату үрдісі Шайбани әулетінің деректерінен бастау алады. Шайбани әулеті деректері бір жағынан құнды мағлұматтар берсе, екінші бір жағынан кейбір мәселе бойынша шынайы оқиғаларды бұрмалап, шатастыруға да алып

¹⁹⁶Ускенбай К.З. М. Тынышпаев о некоторых спорных вопросах казахского средневековья и современной историографии // Отан тарихы. Ғылыми журнал. – Алматы, 2000. – № 1-2. – 119-123 с.

¹⁹⁷Исин А.И. Трактовка политической истории Кок-Орды // Вестник Университета «Семей». – 1997. – № 1. – С. 102-103; Ибрагимов С.К. Новые материалы по истории Казахстана XV-XVI вв. // ИСССР. – М., 1960. – № 4. – С. 154; Мингулов Н.Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак Орды // Казахстан в эпоху феодализма (проблема этнополитической истории). – Алматы, 1981. – С. 81; Султанов Т.И. Правители первого казахского государства (1470-1718). – С. 23-24.

¹⁹⁸ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 328-329 б.

келетінін ескеруіміз керек. Қалай дегенмен, қазақ билеушілері Орталық Азия мен Мауареннахрда билікті қолда ұстаған Шайбанилердің қарсыласы, Сыр бойындағы қалалар үшін соғысқан бәсекелесі болған. В.П. Юдиннің зерттеген Өтеміс Қажының «Шыңғыс наме» дерегі Шыңғысханға арналғанмен, XVI ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Онда Жошы хан қайтыс болғаннан кейін атасы Шыңғыс хан Жошының балаларын жинап, ұлыс бөліп бергендігі баяндалады. Онда алтын босағалы ақ орданы Батуға, күміс босағалы көк орда Орда Еженге, болат босағалы боз орданы Жошының бесінші ұлы Шибанға бөліп бергендігі айтылады. Ал соңғы баласы Тұқай Темірге сынық арба да берілмегендігін айтып, Шибан ұрпақтары осы бір оқиғаны мақтан етіп, Жошының басқа ұрпақтарының арасында беделінің жоғары екендігін дәріптеп жүрген дейді. Егер Шайбанилық деректер тобындағы «Тауарихи гузидайи нусрат намеде» Қазақ хандарының шығу тегі Тұқай Темірден таратқанын ескеретін болсақ, қазақ билеушілерінің аталары Тұқай Темірге сынық арба да берілмеген, жер үлесі тиесілі болмады дегенге саяды. Бұл халық арасында Қазақ хандарының Дешті Қыпшақ территориясында заңды түрде билік жүргізуге құқықтары жоқ дегені. Идеологиялық тұрғыда халықты осыған сендіру арқылы Қазақ хандарының билігін әлсіретіп, беделін төмендету мақсатында дерек көзінде бұрмаланған мәліметтер берілген. Шындығында бүгінде көптеген зерттеушілер қазақ билеушілерінің шығу тегі Орда Еженнен бастау алатынын дәлелдеп отыр. Ортағасырлық билеушілер болашақта бұл деректі пайдаланғандар өздерінің еңбектерінде осы бір бұрмаланған мәліметтерді міндетті түрде оқып, қайталап отыратынын білген. Бұл шежіре басқа дерек көздеріне арқау болып, кейінгі авторлар ақпаратты өз деректерінде пайдаланып келген. Сондықтан да, саяси-идеологиялық немесе белгілі бір мақсаттарда бұрмаланған дерек көздерін міндетті түрде деректанулық талдаудан өткізу қажет.

Үрүс хан әкесі Шымтайдың билік құрған кезінің өзінде мемлекеттік істерге белсене араласқандығы белгілі. Ол әкесін Алтын Орданы басып алып, Ақ Ордаға қосуға үгіттейді. Алайда Му‘ин ад-Дин Натанзидің айтуы бойынша «Шымтай оны

тыңдамаған»¹⁹⁹. Ол билік басына келе салысымен осы іспен айналыса бастайды.

Үрүс ханның билікке қай жылы келгендігі жайлы да деректерде нақты мәліметтер жоқ. Ұзақ уақыт бойы Үрүс ханның билікке келген жылын 1361 жыл деп зерртеушілермен қолданылып келген болатын. Бұл кездейсоқ емес екендігі белгілі. Өйткені дәл осы жылы деректерде Шымтайдың қайтыс болған жылы ретінде көрсетіледі. 1361 жылы Шымтай қайтыс болды, оның орнына Үрүс хан билікке келді. «Қазақ ССР тарихында» да осы жыл Үрүс ханның билікке келген жылы деп ортақ шешіммен қабылданған еді²⁰⁰.

Алайда Т.И. Сұлтановтың нумизматикалық мәліметтері мен бірнеше шығыстық деректердің дәлелдерін негізге ала отырып, Үрүс ханның таққа отырған жылын 1368 жылға²⁰¹ жатқызу керек деген пікіріне орай кейін шыққан «Қазақстан тарихының»²⁰² екінші том авторларының да осы датаны қабылдауларына алып келді.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше «оны 1361 жылы Дештінің бір бөлігінің көшпелі тайпалары ғана (ақ киізге отырғызып) хан деп жариялаған, ал Ақ Орданың астанасы Сығанақта түбегейлі бекітілуі және өз атынан теңге шығарған уақыты 1368 жыл»²⁰³. Бірақ оқырмандардың көпшілігі қолданатын «Қазақстан тарихында» тек «Үрүс 1368 жылы Ақ Орда ханы болды», деп көрсетілген. Бұдан Шымтай 1361 жылы қайтыс болғаннан соң Ақ Ордада жеті жылға дейін билеуші болмаған ба деген сұрақ туындайды. Неліктен 1361 жылы Шымтай қайтыс болып, одан соң тек жеті жылдан соң ғана, яғни 1368 жылы Үрүс хан Ақ Орда тағына отырғандығы жайлы «Қазақстан

¹⁹⁹ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 131.

²⁰⁰ Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. II том. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 159-б.

²⁰¹ Сұлтанов Т.И. К истории Казахстана 70-х годов XIV в. // Известия АН Каз. ССР. общ. наук. 1976. – № 5. – С. 49-50.

²⁰² Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – 110 б.

²⁰³ Ускенбай К.З. Некоторые моменты политической деятельности Урус-хана (анализ средневековой и современной историографии) // Отан тарихы. Ғылыми журнал. № 3. – Алматы, 1999. – С. 104.

тарихының» екінші том авторлары түсіндірмейді. Оның үстіне «1368 жылы державаның тіректері мен сарай шонжарларының» қолдауына сүйенген Үрүс хан Еділ бойы жағына жорық жасады»²⁰⁴. Сонда Үрүс хан билікке келе салысымен жорыққа аттанған болып отыр. Алайда ол жорыққа аттанбас бұрын ел ішіндегі тоқатемірлік сепаратизмді басу қажет еді, ал оған көп уақыт керек болды.

Үрүс хан 1374-1375 жылдары Сарайды алды, Хажы-Тарханды (Астрахань) қоршады, деректерде «Үрүс хан жұрты» деп аталған Кама бұлғарларының жерін бағындырды.

Алайда Үрүс ханның табысы ұзаққа бармады, сөйтіп келесі жылдың өзінде-ақ ол Еділ бойынан кетуге мәжбүр болды. Үрүс хан өзара қырқыс кезеңінде феодалдардың қолдауымен Алтын Орданың батыс бөлігінде едәуір билікке қол жеткізген Алтын Орданың уақытша билеушісі Мамайды жолынан тайдырды. Үрүс хан 1375-1376 жылдары Сырдария жағасына қайта оралды, ал онда Ақ Орданың оңтүстік шегінде Орта Азияның билеушісі әмір Темір өзінің агрессиялық қимылдарын өрістетіп жатқан еді.

Үрүс ханның сыртқы саясатындағы әмір Темірмен қақтығыстары жайлы «Әмір Темір және оның ұрпақтарының жорықтары» атты бөлімде әлі толығырақ тоқталатын боламыз. Осы қақтығыстардың бірінде кенеттен Үрүс ханның ауырып қайтыс болғандығы туралы хабар келеді. Бұл 1377 жылдың көктемі еді. Алайда Үрүс ханның қалай қайтыс болғандығы жайлы деректерде нақты мәліметтер кездеспейді. Шығыс Дешті Қыпшақтың саясатынан көбірек хабардар авторлардың бірі Му‘ин ад-Дин Натанзи «өзінің ажалынан өлді»²⁰⁵, деп жазады.

Үрүс ханның өлімі жайлы жағдайлармен қазақстандық тарихшы-деректанушы В.П. Юдин өзінің «Үрүс ханның қазасы жөніндегі белгісіз дерек» атты мақаласына мәселеге арнайды. Үрүс ханға бағынғысы келмеген Тоқтамыс шырын, барын, арғын, қыпшақ тайпаларының көсемдерімен бірігіп Еділ өзенінің бойына қарай көшіп кетеді. Үрүс хан олардың артынан

²⁰⁴ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – Т. II; Ташкент. – 110 б.

²⁰⁵ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 131.

куып барады. «...Тоқтамыс пен тайпа көсемдері өз кезегінде Үрүс хан басым күшпен келді, сөзсіз қырыламыз деп ойлайды. Осы жағдайда олар кетіп бара жатқан тайпаларды Үрүстан қорғап, мүмкіндіктері келгенше оның шабуылын тойтара тұруға шешім қабылдайды. Алайда ұрпақтарын сақтап қалу мақсатында олар өз беттерінше ерте отыратын ұлдарды бөліп алып, оларға түн құшағында байқатпай шығып кетіп, қауіпсіз қашықтықта болуын тапсырады...» Балалардың арасында Тоқтамыстың 12 жасар ұлы Жалал ад-Дин да бар еді. Әкелерін тыңдамаған «Жалал ад-Дин және оның жолдастары өз кезегінде Үрүс хан әскерінің бір қанатына шабуылдауға ұйғарып, лап береді. Жалал ад-Диннің атқан жебесі әлдеқалай Үрүс ханға тиіп, ол содан қаза табады... Осы кезден бастап «Үрүс ханды Жалал ад-Дин өлтірді» деген қауесет кең тараған»²⁰⁶.

Түрік тарихшысы Мұстафа Кафалы Өтеміс-қажының шығармасына сүйене отырып, ханның өлімі жайлы былайша хабарлайды: «Темір Үрүс ханға қарсы аттанғанда, соңғысы соғыспай Батыс Сібірге қарай қашады. Содан соң, Темірдің өз ордасына қайтқандығын пайдаланып Үрүс хан жорыққа аттанады. Үстірт аймағында қарсыластарының арасында болған шайқаста Үрүс хан жеңіліп, көп ұзамай шайқаста алған жарақатынан қайтыс болады»²⁰⁷.

Үрүс ханның өлімі жайлы мәселені зерттеген Қ. Өскенбай өз мақаласында темірлік деректерге сүйене отырып, Үрүс ханды өлтірген жоқ ол өзінің ажалынан өлді деген қорытындыға келеді. Оны дәлелдейтін бірнеше фактілерді атап-атап көрсетеді. Қай ханның қалай қайтыс болғанына көңіл бөліп қарайтын темірлік тарихшы Натанзи да бұл жолы Үрүс ханның қалай қайтыс болғанын нақты көрсетіп береді: «Когда истекло 9 лет правления Урус-хана, он скончался от естественной болезни»²⁰⁸, – деп көрсетеді.

²⁰⁶ Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 138-139 б.

²⁰⁷ Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII – первой трети XV века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс.на соискание уч.степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 114-115.

²⁰⁸ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромасевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 131.

Зерттеуші З. Қинаятұлы: «...Қадырғали Жалайырдың Үрүс хан солтүстік жақта Қыштам деген жерде дүние салды» деген хабары орындылау сияқты. Үрүс хан қолы 1377 жылдың күзінде Сауранға жетіп, Темір-Тоқтамыс қолымен соғысуға бел буып дайын тұрған болатын. Бірақ үш айға созылған нөсер, қарлы боран ақыры сүйек қарыған аяз соғысуға мүмкіндік бермейді. Му'ин ад-Дин Натанзидің «Қатты аяздан болып Үрүс хан аяқ астынан кері қайтты» дегеніне қарағанда, Үрүс хан осында науқас алды ма деген қорытынды туады»,²⁰⁹ – дейді.

Қорытындылай келе Үрүс хан 1377 жылы өз ажалына қайтыс болды деуге толық мүмкіндік бар екенін байқадық.

Үрүс ханның билік басына келуі Ақ Орда тарихында жаңа бір кезең болып табылады. Оның тұсында Ақ Орда мәдениеті жағынан, экономикасы жағынан да біршама дами түседі. «Алты алаш, жеті арыстың басын бір тудың астында біріктіріп, елін нағыз ел еткен ханды «Алаш хан» деп танитын болсақ, мұндай бағаға лайық адам – ол Үрүс хан», – деген З. Қинаятұлының сөзі бекер емес.

Сонымен жоғарыда атап өткеніміздей Үрүс ханның тұсында Ақ Орда жеке дербес мемлекет ретінде танылады. Ақ Орда біз білетініміздей Қазақстан аумағында өмір сүрген қазақтың алғашқы мемлекеті. Қазақ хандығының құрылуын біз осы Үрүс ханның билік еткен кезеңінен бастауымыз керек. Оны қаншама рет зерттеушілеріміз айтты да.

Темір ұрпақтары шығармаларында Үрүс ханның ұрпақтары жайлы мәліметтерге тоқталып өтелік. Негізінен Үрүс хан Әмір Темірдің замандасы болғандықтан және Темірдің қас жауы ретінде сипатталады. Ондағы басты мәліметтер Темір мен Үрүс хан соғыстары.

Барақтың әкесі Құйыршық хан жайлы Темір шығармаларында көп кездеспейді. Йезди шығармасында Темірдің Тоқтамысқа қарсы соғысы кезінде Үрүс ханның ұлы Құйыршық-оғлан Темір жақтасы ретінде көрсетіледі²¹⁰.

²⁰⁹ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 197 б.

²¹⁰ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 178.

XV ғасырдың 20 жылдарында Темір шапқыншылықтарынан өбден қалжыраған Жошы ұлысы өзара ішкі қайшылықтарға ұшырайды. Жошы ұрпақтарының арасында таққа талас басталады. Осы кезде Құйыршықтың ұлы Барақ бастаған Орыс хан ұрпақтары өз ата тағын қайтарып алуда күрес жүргізеді. Қазақ мемлекетінің бастауы болған Ақ Орданың XIV-XV ғасырлар шебіндегі құлдырауы кезіндегі Шығыс Дешті Қыпшақтағы оқиғалар туралы, Барақ ханның мемлекеттің ыдырауына қарсы әрекеті туралы мәліметтер деректерде бұлыңғыр сипатталады. Сондықтан да Барақ ханның саясатына қатысты мәліметтерге деректанулық талдау қажеттігі туындап отыр.

Қазақ хандығының тарихында Орыс хан әулетінен тараған Барақ ханның алатын орны ерекше екенін атап өтуге болады. Ол жайлы Әмір Темір ұрпақтарының шығармаларында ең алғаш 822 (1419) жылы кездеседі. XV ғасырдың екінші жартысындағы Темір ұрпақтарының тарихшысы Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самарқанди (816/1413- 887/1482) өзінің «Матла' ас-са' дайн ва маджма 'ал-бахрайн» шығармасында Алтын Ордадағы бүліншіліктен бас сауғалап 1419 жылы Барақтың Самарқанға қашып келгендігі жайлы мәліметтер келтіреді²¹¹. «Ребидің айының соңында (23.III. -26.IV.) өзбек ұлысынан қашып шыққан Борақ-оғлан Ұлықбек-Гурген мырзаның сарайына баспана іздеп келді де, мырзаның сеніміне кіріп, ханзадалар мен жошылықтардың да, мырзаның сеніміне кіріп, ханзадалар мен жошылықтардың қатарына енгізілді»²¹². Самарқан билеушісі Ұлықбек оны хан дәрежесінде қабылдап, сый-құрмет көрсетеді. Барақ үш жылдан соң Дешті-Қыпшаққа қайта оралады. Бірақ Абд ар-Раззак Самарқанди ханның неліктен Дешті-Қыпшаққа қайта оралғандығын түсіндірмейді.

Барақтың Сығанаққа қайтып оралуының саяси мәнін З. Қинаятұлы былай деп түсіндіреді: «Ақ Орданың астанасы Сығанақ және Орыс хан әулетінің 15 ханы билік құрған Сарай арқылы қазақтардың астана құру, орталыққа бағыну салты қалыптасты.

²¹¹ Абдураззак Самарқандий. Матлаи саъдайн ва маджмаи бахрайн. Форс – тожик тилидан таржима, кириш суз ва изохлаи луғатлар тарих фанлари кандидати А. Уринбоевники. – Ташкент, 1969. – 347-348 б.

²¹² Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық. – Астана: Фолиант, 2005. – 3-т.: Ортағасырлық тарихи ой. – 310 б.

Орталықтық сезім қазақ этносының топтасуының саяси факторы рөлін атқарды. Орталықтық саясаттың негізінде халықтың этникалық негізі бірыңғайланып, монғолдық этно-фактор ығыстырыла берді. Монғолдық династиялық биліктің сыр-сипаты өзгеріп, Орыс хан шаңырағынан басталатынын биліктің қазақ династиясы қалыптасты. Осылардың арқасында кейін Жошы Қыпшақ ұлысы (Алтын Орда) ыдырағанда, Ақ Орда билігіндегі ел, жер қаймағы бұзылмай ұлт бірлігін сақтап қалды»²¹³. Абд-ар-раззақ Самарқандидің мәліметі бойынша Хорезімнен Әмір Шахмәліктің нөкері келіп: Шахрухқа Барақ-оғланның Мұхаммед-хан ордасын жаулап алып, Өзбек ұлысының үлкен бөлігі оған бағынғандығын хабарлайды²¹⁴. Бұл хабарды хижраның 826 (15.XII.1422-4.XII.1423 жж.) жылы жеткізген. Алайда келесі мәліметінде Абд ар-Раззақ Самарқанди Барақ оғлан Өзбек ұлысының билеушісі Мұхаммед-хан ордасын хижраның 828 (23.XI.1424-12.XI.1425 жж.) жылы жаулап алады. Сөйтіп 829 х.ж. (13.XI.1425-1.XI.1426 жж.) Сығанақ аумағына келеді дейді. Бұл жерде Абд ар-Раззақ Самарқанди Барақтың Өзбек ұлысын жаулап алуын екі түрлі жылдармен береді. Осының біріншісіне сүйене отырып З.Қинаятұлы 826 х.ж. (15.XII.1422-4.XII.1423 жж.) Барақ «Көшпенді Өзбектер ханы Мұхамедтен ел билігін аударып алады»²¹⁵, – деп көрсетеді. Ал Н.Н. Мингулов Абд ар-Раззақ Самарқанди бойынша Орыс ханның немересі Барақ 1423-1424 жылы Ұлы-Мұхаммедті жеңіп, Өзбек ұлысындағы (Ақ Орда) билікті жаулап алды деп хабарлайды²¹⁶. Бұл жерден байқайтынымыз зерттеушілердің сүйенетіні бір дерек, алайда жылдар әр түрлі беріледі. Бұл Абд ар-Раззақ Самарқандидің оқиғаны баяндаудағы жылдарды шатастырғанын байқатады.

²¹³ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 234-235 б.

²¹⁴ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 196.

²¹⁵ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 234 б.

²¹⁶ Мингулов Н.Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак Орды // Казахстан в эпоху феодализма (проблема этнополитической истории). – Алматы, 1981. – С. 91.

Ал енді басқа да Әмір Темір ұрпақтарының деректеріне тоқталатын болсақ, 763/1361-1362-834/1431 жылдары өмір сүрген Әмір Темір ұрпақтарының тарихшысы Хафиз-и Абри Барактың Ұлық-Мұхамедті жеңгені жайлы 1423 жылдың көктемінде Хорезмнен әмір Шахмәліктің нөкері келіп былай хабарлайды деп жазады: «Барак-оғлан Мұхаммед-ханның ордасын жаулап алып, сол жерге өз билігін бекітті; Өзбек ұлысының үлкен бөлігі оған бағынды». Барак-оғланның сол жерлерге келгендігі мен оның Одоевтерге шапқыншылығы жайлы орыс жылнамашыларымен де 6931/1423 жылымен беріледі. «Того же лета царь Барак приходил ко Одоеву ратью и много зла учинил, а града не взял, и со многим полоном поиде в поле; и князь Юрьи Романович Одоевский да Григорей Протасиевич, воевода Мченский, постигоша его в поле и много полона отняша»²¹⁷. Ал Софиялық бірінші жылнама бойынша бұл оқиға 6930/1422 жылы болған²¹⁸. Сонымен Барак хан өзбек ұлысын 1423 жылы басып алған болды.

Мирхондтың (шамамен х.ж.с.б. 837/1433-1434-903/1498 жж.) шамамен 903/1498 жылы жазылған «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал-мулук ва ал-Хулафа» («Пайғамбарлар, патшалар мен өмірбаянына қатысты бақ тазалығы») шығармасы бойынша бұл оқиға «1424 жылы болған секілді» дейді зерттеушілер С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов. Мирхонд 828 х.ж. қысында (1424 жылдың аяғы мен 1425 жылдың басы) Мырза Ұлықбекке осыдан көп ұзамай Дешті Қыпшақтың хан тағына отырған Барак-оғланнан Джумадук келді. Ол уақытта Мырза Ұлықбек Сырдария жағалауындағы Шахрухия маңында болатын, деп жазады. Ол бірнеше ақсұңқар, асыл тұқымды жылқылар алып келіп, оған бақыт тілей отырып, Барак-ханның өз әкелері мен аталарының тағына отырғандығын хабарлайды²¹⁹.

Сый-құрмет пен қошеметке бөленген Джумадук бірнеше күн Мырза Ұлықбек қарамағында болып, кейіннен Барак-оғланға арналған қымбат сыйлықтармен Өзбек ұлысына қай-

²¹⁷ ПСРЛ. Патриаршая или Никоновская летопись. – М., 1965. – Т. 9, 10, XXIII. – 256 [4]. – С. 238.

²¹⁸ Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан трех тысячелетий. – Алматы, 1992. – С. 206.

²¹⁹ Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан трех тысячелетий. – Алматы, 1992. – С. 206.

тады. Мирхонд бұл сыйлықтарды былай тізіп көрсетеді: «алтынмен тігілген шапандар, қылыштар, алтын белбеулер, күміс әбзелдер мен басқа да хан жабдықтары, асыл тұқымды жылқылар, ірі ақшалай сыйлық, дабыл қаққыш пен ту – биліктің нышаны»²²⁰.

Алайда Барақ хан мен Мырза Ұлықбек арасындағы жақсы қарым-қатынас көпке созылмайды.

Барақ Сығанаққа келгеннен соң бұрын өзіне көрсеткен сый құрметіне ізет білдіре отырып, Мырза Ұлықбекке елші жібереді. Алайда «Мырза Ұлықбек оған қанағаттанарлықтай жауап қайтармайды. Өйткені, ол (Барақ) келуге рұқсат алмай тұрып былай деген болатын: Сығанақ жайылымы әдеттегі заң ережелері бойынша маған тиесілі, өйткені менің атам Орыс хан Сығанақта Орда тұрғызған»²²¹.

«Енди эса у Сиғноқ чегарларига келиб, мирзо Улуғбек хузурига элчи юборди ва «Сизнинг тарбиятингиз шарофати билан уз улусимни забт қилдим ва [энди] сизнинг яқинингизга келиб, иноятингиздан умидворман», – деб изхор қилди. Лекин у ижозат берилмасдан илгари келганлиги ва: «Сиғноқ яйлоқи шарият ва урф буйича менга тааллуқли, яъни менинг бувам Урусхон Сиғноқда иморат қурган» – деб юрганлиги жихатидан Улуғбек унга маъкул келадиган жавоб бермади...»²²². Демек, кейбір зерттеушілердің хабарлауынша²²³ Сығанақ жайылымы Бараққа тиесілі екенін ол Ұлықбекке Сығанақты алғаннан кейін емес, оны алмай тұрып-ақ айтқан болатын. Сондықтан Сығанақ аймағына келгеннен кейінгі Барақтың бұрын өзіне көрсеткен сый-құрметіне ізет білдіре келген елшілеріне дұрыс жауап қайтармайды. Оның үстіне сол аймақтың билеушісі Арслан-қожа Тархан Ұлықбекке «Барақ хан нөкерлері елді тонап,

²²⁰ Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – 123.

²²¹ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 197.

²²² Абдуразок Самаркандий. Матлаи саъдайн ва маджмаи бахрайн. Форс – тожик тилидан таржима, кириш суз ва изоҳли луғатлар тарих фанлари кандидати А. Уринбоевники. – Ташкент, 1969. – 347 б.

²²³ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 235 б.; Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII – первой трети XV века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс. на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 133.

талан-таражға түсіргенімен қоймай, өздерін сол аймақтың шексіз билеушілері ретінде есептеп, жоғары билікке арсызданып ұмтылады»²²⁴, – деп шағымданады. Осының бәрі Ұлықбектің Бараққа қарсы соғысуына әсер етіп, өз әскерлерін жинайды. 1427 жылы ол Мұхаммед Джук бастаған Хорасан әскерлерімен біріге отырып, Бараққа қарсы жорыққа аттанады. 3. Қинаятұлы Барақ пен Ұлықбек арасында болған бұл шайқасты тарихтағы ұлы шайқастардың қатарына жатқызады²²⁵. Темірдің жорықтарын асыра сілтеушілікпен суреттейтін Әмір Темір ұрпақтарының тарихшылары да бұл жерде шындықты мойындайды. Бұл шайқасты Абд ар-раззақ Самарқанди өте жақсы бейнелейді: «...Мырза-Ұлықбектің әскері өзінің көптігіне сеніп, алданып қалды. Дұшпандар бір-біріне барлық күштерін салып соғысқа кірісті. Мырза-Ұлықбектің оң жақ және сол жақ қанаты араласып кетіп, ортасында берекетсіздік басталды. Шайқастың соңына қарай жеңіліс пен қашу байқалды. Мырза-Ұлықбек алаңдап көңіліне қорқыныш енді. Жеңіле бастағанын көрген Мауареннахр әмірлері Ұлықбек мырзаның жүйрік атын жетектеп шайқас алаңынан алып кетті... Ал өзін ылғи жеңімпаз атаған әскер жеңіліп, талан-таражға түсті. Жеңген Борақ-Оғланның әскері Мауареннахр мен Түркістан жерлерін тонап, адамдарын қинады. Бұл жағымсыз хабар Хорасандағы Шахрух қағанға жетті»²²⁶. Осылайша Барақ хан өзінің айласының, тапқырлығының арқасында жеңіске жетеді.

Барақ сарбаздары қашқан Ұлықбектің ізіне түсіп Мауареннахрға дейін майдан ашады. Жеңістің арқасында Ақ Ордалықтар Сығанақты ғана емес, сонымен қатар Сырдария өзенінің жоғарғы ағысы бойындағы бірқатар қалаларды өзіне қайтарып алады. Алайда «Барақ оғланның сол аймақтарда жасаған бүліктері басылды. Барақ райынан қайтып, басындағы мындаған күйінішімен бұл елден кетті. Ал Шахрух Мауареннахрды қайта

²²⁴ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 197.

²²⁵ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 235 б.

²²⁶ Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық. 3-т.: Ортағасырлық тарихи ой. – Астана: Фолиант, 2005. – 311-312-б.

қалпына келтіріп, 14 зу-л-хиджа айында (6.Х.1427 ж.) Хорасанға оралды»²²⁷. Барақтың Ұлық Мұхаммед пен Сұлтан Махмұд оғланмен қақтығыстары оның тағдырына кері әсер етті. З. Қинаятұлы Барақтың өлімі жайлы екі пікір келтіреді. Бірі «832 х.ж. (1428-1429) Моғолстан жерінде Сұлтан Махмұд пен Борақ-Оғланның арасында соғыс болып, Сұлтан Махмұд Барақты өлтіреді»²²⁸ делінетін Абд ар-раззақ Самарқандидің пікірі болса, енді бірі, «Барақ 831 х.ж. (1427-1428) шайқаста емес, әмірлерінің астыртын әрекетінің салдарынан өлтірілген»²²⁹, – делінетін Хайдар Рази және Гаффаридің пікірі. З. Қинаятұлы екінші пікірді орынды деп көреді. Ал зерттеушілер С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтановтар Барақ хан өзара соғыстардың бірінде қайтыс болды деп келесі бір пікірді ұсынады. Ал-хаджж Абд ал-Гаффар Киримнің «Умдат ат-таварихіне» сүйене отырып, Мұхаммед-хан мен Барақ хан арасында орын алған қақтығыстардың бірінде Мансур-бектің адамдары Айиас-бек қыпшақ пен Магриб-бек құрлауыт өлтірді деп көрсетеді. Қақтығыс кезінде Магриб-бек Барақты атып жаралайды. Ол жайлы халық аузында мынадай өлеңнің қайырмасы азын-аулақ тойларда айтылады:

Баракини атган бармагым,
Бал тилайдир тамагым.

Жараланған Барақ қандай да бір тауды барып паналайды. Бірінші болып Барақты Айиас-бек тауып алып, өлтіріп оның басын Кучук-Мұхаммед пен Гази-бекке алып келеді²³⁰. Бұл жерден Барақтың өліміне Мансур-бек адамдарының ойластырған астыртын әрекеттері әсер еткендігін көреміз.

Белгілі тарихшы Қадырғали Жалайыр «Барақ алып тұлғалы, ірі, нағыз ер, батыр еді. Тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырды. Ақыр аяғында Еділ төңірегінде, Жайық бойында,

²²⁷ Сонда. – 312 б.

²²⁸ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 198.

²²⁹ Сонда. – С. 212-214.

²³⁰ Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан трех тысячелетий. – Алматы, 1992. – С. 210-211.

Сарайшық қаласында жақын жердегі Қоснаурыз өңірінде опат (уофат) болды» деп жазады²³¹. Ежелгі түрік, қыпшақ ұғымында «уофат болу» деген «Алланың бұйрығынсыз», «оқыс жағдайда, кенеттен» деген мағынаны білдіреді. Бұл Гаффари және Хайдар Разидың «әмірлерінің астыртын әрекетінен аяқ асты өлді» делінетін пікірін растап тұрғандай, дейді З. Қинаятұлы²³². Жоғарыда келтірілген үш пікір де Барақ ханның 1428 жылы өз қарсыластарынан қаза тапқандығын көрсетеді.

«Барақтың өлімі Ақ Орданың тағдырына үлкен соққы болғаны рас. Бірақ ол Ақ Орданың билік жалғастығы үзілді деген сөз емес, дей отырып, З. Қинаятұлы Б.А. Ахмедовтың «Ақ Орданың («Өзі-бек ұлысы» Б. Ахмедов) ата билігін (Барақтың) Керей мен Жәнібек жалғап алды» деген қанатты сөзін келтіреді. «Мұнда «Қозыбасы оқиғасы» жайында емес, Барақтың мұрагерлігі туралы сөз болып отыр. Ата ұлысының билік жүйесін Барақ ұлы, Орыс ханның ұрпақтары қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлына дейін үзбей жеткізгені белгілі. Міне сондықтан да Ақ Орданың саяси ғұмырын Барақтың өлімімен өлшеу қиынсыз»²³³.

Сонымен Ақ Орда мемлекетін біріктіруге әрекет жасаған Барақ ханның тарихта алатын орны ерекше екенін атап өттік. Оның мақсаты ата тағын қайтарумен қатар, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы сақтап келген территориясын қалпына келтіру болды. Осы жолда аянбай күрескен Барақ өз қарсыластарының құрбаны болады. Алайда ол азғана уақыт болса да Ақ Орданың құлдырауын тоқтатады.

Студенттердің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Алтын Орда тарихына қатысты ортағасырлық деректерді жүйелеп көрсетіңіз.
2. Тарихи дерек көздерінде Алтын Орда және Ақ Орда билеушілері туралы мәліметтер.
3. Әмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардағы Орда Ежен, Бату, Өзбек хандардың жүргізген саясаттары.

²³¹ Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов / жалпы редакциясын басқараған М. Мағауин. – Алматы, 1997. – 114 б.

²³² Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 236 б.

²³³ Сонда. – 239-240 б.

4. Қазақ хандарының атасы – Орыс ханның шығу тегі туралы пікір-таластарды талдаңыз.
5. «Ақ Орда», «Көк Орда» терминдерін түсіндіріңіз.

2.2. Моғолстан мемлекетінің саяси тарихы Темір әулетінің деректерінде

Жетісудағы Моғолстан мемлекетінің тарихы ХІХ ғасырдан бері тарихшылардың назарынан түспей, әлі күнге дейін тарихи зерттеу объектісіне айналып отыр. Әсіресе, бұл бағыт бойынша ХІХ ғасырда орыстың шығыстанушы ғалымдардың рөлі зор. Анығырақ тоқталып өтсек, тұңғыш рет ғылыми негізде Қазақ хандығының құрылуына байланысты Жетісудағы ХV ғасырдың ортасындағы саяси оқиғалар орыстың атақты шығыстанушы ғалымы, академик В.В. Вельяминов-Зерновтың 1864 жылы Петербургте жарық көрген «Исследование о касимовских царях и царевичах» атты тарихи еңбегінде қарастырылды. Сонымен қатар академик В.В. Бартольд, қазақ зиялылары Ш. Құдайбердиев, М. Тынышбаев, С. Асфендияровтың еңбектерінде Қазақ хандығының құрылуына байланысты Жетісудың саяси жағдайы, Моғолстанның ХV ғасырдың ІІ жартысындағы жағдайы зерттелінеді.

ХІV-ХVІ ғасырлардағы Моғолстан мемлекетінің тарихы Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары өте жақсы зерттелді деп айтуымызға болады. 50-60-жылдары жалпы ортағасырлардағы шығармаларды зерттеу, аудару ісімен айналысқан С.К. Ибрагимов, В.П. Юдин, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов және т.б. зерттеушілердің еңбектерінің маңызы зор.

Шығыстанушы В.П. Юдиннің 1965 жылы жарық көрген «О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахскими и другими соседними народами» Моғолстан тайпалары және олардың құрамы жөніндегі ғылыми мақаласы бұл мәселені тереңнен зерттеп, ортағасырлық деректердің негізінде нақты тұжырымдар жасауға жол ашты.

Моғолстан тарихына арналған К.А. Пищулинаның «Юго-Восточный Казахстан в середине ХІV– начале ХVІ вв.» атты теңдесі жоқ монографиясы 1977 жылы жарық көрді. Автор бұл

еңбегінде Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның Моғолстан құрылғанға дейінгі саяси тарихына қысқаша тоқталып, негізінен XIV ғасыр ортасында Моғолстан хандығына шағатайлық Тоғылық-Темір қожаның билікке келуін қарастырады. Одан әрі монографияда XIV ғасырдың II жартысы мен XV ғасырдағы Моғолстанның әлеуметтік-экономикалық және ішкі, сыртқы саяси жағдайлары зерттеледі. Моғолстан хандары Уәйіс, Есенбұға, Жүніс хандардың жүргізген саясаттары, жалпы Моғолстан мемлекетінің XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы үшін маңызы қарастырылады. Маркстік-лениндік методологияны басшылыққа алып жазылған еңбек болса да, әзірге К.А. Пищулинаның кітабы XIV-XVI ғасырлардағы Моғолстан мемлекетінің тарихына байланысты жазылған бірден-бір көлемді дүние болып отыр.

Қазіргі таңда М.Х. Әбусейтова, Ә. Дербісәлі, Т.О. Омарбеков, И. Жеменей, Б.Б. Кәрібаев, С. Жолдасбаев және т.б. зерттеушілер Моғолстан тарихы мәселелерімен айналысып жүр.

XIV-XVI ғасырлардағы Моғолстан тарихына қатысты деректердің ішінен ең бастысы, ең құндылығы жағынан маңыздысы – Мұхаммед мырза Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты шығармасы. Сонымен қатар Йаздидің «Зафар наме», Захир ад-дин Мухаммед Бабырдың «Бабырнама», анонимді «Таварихи гузидаи-и нусрат наме», «Фатх нама», «Шайбани нама», «Тарихи Абулхайрхани», Әбілғазы Бақадүр ханның «Түрік шежіресі», Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» және т.б. Олардың әрқайсысының Моғолстан тарихын зерттеуге қомақты үлес қоса алады. Бұл шығармаларда негізінен XV-XVI ғасырлардағы оқиғалары қайталанатын.

XIV ғасыр ортасында Шағатай ұлысының орнына Моғолстан мемлекеті құрылады. Шағатай ұлысының ыдырауына байланысты жазба деректердің хабарына қарағанда Моғол мемлекетінің тағына отыратын көрнекті адам қалмаған. Бұл кездегі сол мемлекеттік жұмыстардың басында кезінде Шағатай ханға адал қызмет еткен дулат тайпасының ұрпақтары әмірлерінің бірі Болаттың қолында болған. Өзінің хан болуға құқы болмағандықтан, ол өзінің айтқанына көнетін, әлі жас Шағатай әулетінен Дува ханның немересі алты жасар Тоғлық Темірді 1348 жылы Моғолстан хандығының тағына отырғызған.

Мұнда XIV ғасыр ортасында саяси өмірдегі басты рөлді Мауараннахрдан бөліну жолындағы қозғалысты басқарған дуғлат тайпасының көсемдері атқара бастады. Дуғлаттар бұл кезде Жетісудағы ең ірі және беделді түрік тайпаларының бірі болатын және едәуір территорияны алып жататын.

Мырза Мұхаммед Хайдар дуғлат руының шонжарлары Шығыс Түркістандағы өз иелігін XIII ғасырда-ақ алған деп жазады. «Шағатай хан өз иеліктерін бөліске салғанда Болатшының атасы Өртөбеге «Маңлай Сүбе» тиген екен... Оның шығыс шекарасы – Құсан (Құша) мен Тарбүкір, батыс шекарасы – Шаш (Ташкент), Ғаз бен Жакшиман, оның соңғысы Ферғана уәлаятында орналасқан: солтүстік шекарасы – Ыстықкөл, ал оңтүстігінде – Жарқон мен Сарыұйғыр»²³⁴.

Өздері қойған адамды хан етіп бекіте отырып, дуғлат әмірлері ел ішіндегі өз ықпалын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар өз иеліктерін түрік әмірлерінің билік үшін шиеленіскен күресі жүріп жатқан Ферғана мен Мауараннахр тарапынан болатын шапқыншылықтан қорғауға, ол былай тұрсын көрші елдің ісіне араласуға тырысты.

Жана мемлекет бұған дейін Шағатай әулеті иеліктерінің бөлігінде қалыптасқан атпен, яғни Моғұлстан («Моғолстан») деп атала бастады. Көрнекті шығыстанушы В.П. Юдин «моғұлдардың тілі түрік тілді болғандықтан, түрік тілдерінің фонетикалық заңдарына сәйкес моғұл, Моғұлстан, Моғұлия нұсқаларының жазылуы мен айтылуы дұрыс болып табылады дейді»²³⁵. Ортағасырлық деректерде бұл ел әр түрлі аталады: Моғол Ұлысы, Жете Ұлысы, Жете Елі, көбінесе – Моғолстан, Мамлакат-и Моғолстан деп беріледі²³⁶. «Моголистан – персидское слово и означает «Страна моголов»».

Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидиіне» сәйкес Моғолстанның шекарасы төмендегідей болды: «... Қазір Моғолстан деп аталатын территорияның ұзындығы мен көлденеңі

²³⁴ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 45 б.

²³⁵ Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 23.

²³⁶ История Казахстана и Центральной Азии: учеб. пособие / Абусейтова М.Х. и др. – Алматы: Білім, 2001. – С. 191.

[ұзақтығы] 78 айшылық жол. [Моғолстанның] шығыс шеті қалмақтардың жерімен шектеседі және Барскөл, Емел және Ертісті [өзіне қосады]. Солүстігінде оның шекарасы Көкшетеніз (Балқаш), Бум мен Қаратал арқылы өтеді, батысында [Моғолстан] Түркістан және Ташкентпен шектеседі; оңтүстігінде Ферғана уәлаятымен Қашғар, Ақсу, Шалыш және Тұрфанмен шектеседі, яғни Моғолстанның едәуір бөлігі Оңтүстік – Шығыс Қазақстан мен Қырғызстанның территориясы құрады²³⁷. Алайда Моғолстанның территориясы тұрақты болмағаны белгілі.

Моғолстан халқының этникалық құрамы негізінен жергілікті түркі тілдес, дулат, қаңлы, жалайыр, керей, найман, үйсін тағы басқа және толық түріктеніп болған моғол тайпалары бұлғашы, шұрас, баарин, арлат, т.б. тұрған²³⁸. Тоғылық Темір хандық билікті өз қолына алғаннан кейін, Шағатай ұлысының өз кезіндегі билігін қалпына келтіру үшін әрекет жасайды.

Тармашырын-хан мұсылман дінін мемлекеттің ресми діні жасаған Мауараннахр хандарының өнегесімен Тоғылық Темір өзінің жоғарғы билігін ортағасырлық Шығыстағы сыннан өткен идеологиялық тірек – мұсылман діні арқылы нығайтуды ұйғарды. Тоғылық Темір кезінде Моғолстанда мұсылмандықты күштеп тарату жөнінде батыл шаралар қолданылды. Мұсылман дінін қабылдамағандарға, тіпті әмірлер мен бектерді қоса, өлім жазасына дейін қатаң шаралар қолданылды.

Тоғылық Темір өз билігін Мауараннахрға да жүргізбек болды. Өзінің сыртқы саяси әскери істерімен Тоғылық Темір өз беделін арттырып, өз мемлекетін нығайтуға тырысты. Ол жайлы Шарафаддин Али Йезди шығармасында былай делінеді: «Тоғылық Темір хан Эмил қожа ұлы еді, Эмил қожа Дува ханның ұлы еді, ал бұл Дува хан Шағатай ұрпағы еді, Жете уәлаятында патшалық етті. Ел ұлысын жинап, жеті жүз алпыс бірінші жылдың II раби айында (1360 ж., қаңтар) тышқан жылында үлкен қолмен Мауараннахрға бет алды»²³⁹. Ал келесі бір темір-

²³⁷ Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін): Бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 163 б.

²³⁸ Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан (Ерте дүниеден XVI ғасырға дейін). – Алматы: Ана тілі, 1995. – 110 б.

²³⁹ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 20 б.

лік дерек «Муджмал-и Фасихи» шығармасында «Тоғылық Темір хан ибн Оғұл қожа ибн Дува-хан Шағатай ұрпағы еді» деп көрсетіледі²⁴⁰.

Әскерімен Ташкентке жақын тоқтап, Тоғылық Темір хан алға әскер жібереді. Әскерлері Сырдариядан өтіп, Шахрисябз қаласына қарай жүріп кетті. Тоғылық Темірдің өзара жауласып жатқан жергілікті әмірлер өзіне қарсылық көрсетпейді деген есебі дұрыс шықты. Олардың бірі – Орта Азияның болашақ жаулап алушысы Әмір Темір – Тоғылық Темірге бағынатынын білдіріп, сол үшін Кеш қаласын үлес жерімен бірге басқаруға алды²⁴¹.

Моғол әскерлерінің одан ары жылжуына Тоғылық Темірдің әскербасыларының өзара іс-әрекетінің үйлеспей кедергі келтірді. Олар ең алдымен хан ордасына келіп, одан соң бүлік шығарып, Моғолстанға кетіп қалды. Моғол ханы Мауараннахрды бағындыру жөніндегі одан арғы әрекетін қоюына тура келді. Бүліктің себебі төмендегідей еді: Тоғылық Темір Шағатай мемлекетін қалпына келтірмекші болды, ал көшпелі шонжарларды Мауараннахрдың отырықшы халқын тонау есебінен баю мүмкіндігі ғана қызықтырған еді²⁴².

Әмірлердің бүлігін басып және өз билігін біраз нығайтқан соң «Тоғылық Темір хан Мауараннахр мемлекетінің билігіне қол жеткізу үшін сансыз әскер жинап 762 жылдың жұмада айында (1361 жылы наурыз, сиыр жылы) Мауараннахр өлкесіне аттанады»²⁴³. Ол қайта елдегі билікті қолына алады. Сол өлкенің әмірлерінің бірі Қажыбек барлас Хорасанға қайта қашып, сол жерде өлтірілді. Темір Кеш өңірінің билеушісі ретінде бекітіліп, Мауараннахрдың билеушісі етіп жарияланған ханзада Ілияс-Қожаның (Тоғылық Темірдің ұлы) көмекшісінің бірі ретінде тағайындалды²⁴⁴.

²⁴⁰ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136.

²⁴¹ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 21 б.

²⁴² Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 166 б.

²⁴³ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 25 б.

²⁴⁴ Тамерлан. – М.: Крафт, 2003. – С. 5.

Ішкі талас-тартыстар мен сыртқы жаулардың соққысынан қалалар мен елді мекендердің бейбіт халқы зардап шекті. Ол жайлы «Зафар-намеде» былай деп әңгімеленеді: «Оның (Тоғылық Темір ханның) әскері Гиндукуштың тау бөктеріне дейінгі аудандар мен территориядағы халықтың жерін тонап, күйзелтті...»²⁴⁵.

Өзінің баласы Ілияс-Қожаны Мауараннахрдың билеушісі етіп қалдырып, Моғолстанға келген соң, Тоғылық Темір қайтыс болады. Оның қайтыс болған уақыты жайлы Темір деректерінде 764/1362-1363 жылдары деп көрсетіледі²⁴⁶.

Өзінің мұрагерлік жағдайын реттеп қайту үшін Ілияс-Қожа Мауараннахрды тастап Моғолстанға баруына тура келеді. Осы кезді пайдаланып Тоғылық Темірдің тірі кезінде тәуелділікті амалсыздан мойындап жүрген Әмір Темір Мауараннахрда билік жүргізуге күш салады. Әмір Темір әмір Құсайынмен біріге отырып Ілияс-Қожаға қарсы шығады. Мұндай күтпеген жағдайда, ешқандай дайындығы жоқ Ілияс-Қожа әскері жеңіліске ұшырайды.

Әмір Темірдің тарихта қандай орын алатындығы баршаға мәлім. Сондықтан ол жайлы қысқаша ғана мәлімет бере кетейік. Темір монғолдың барлас тайпасынан шыққандығы белгілі. Ол 1336 жылы (тышқан жылы) 9 сәуірде, Кештің (Шахрисябз) төңірегіндегі Ходжи-Ильгар ауылында, Тарағай жанұясында, оның үлкен әйелі Текин-Хатуннан туылды. Осы орайда Татьяна Васильченконың кітабынан үзінді келтіріп кетейік: «...Текина қатын Темірді тап сәуір айында дүниеге әкелді. Егер кімде-кім Темір басқа күні немесе басқа айда туылды десе, сенбеңіз. Өйткені, тек Марс планетасының шарпыған атты назарында туылған сәбидің тағдыры ғана осыншалық ұлы, осыншалық қатыгез болуы мүмкін.

Ұлы дейтін себебіміз, Темірді дәл осы тағдыр хан көтерді және халыққа билік ету мәртебесін берді. Қатыгез дейтініміз,

²⁴⁵ Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 166-б.

²⁴⁶ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136; Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 119.

дәл осы тағдыр оны істерінің адалдығына және халықтың ұлы азат етушісі екендігіне сендіре отырып, алдады. Темір бұған күмәнсіз иланды»²⁴⁷. Тарағай Кештің иеленушісі де емес, барлас тайпасының басшысы да емес еді.

Әмір Темір бин Тарағай Бахадыр (1335-1405) өмірінде екі дәуір жақсы көзге түседі. Бірінші дәуір 1360-1386 жылдарды қамтиды. Темір бұл дәуірде Мауараннахрда Моғол хандығынан тәуелсіз күшті орталықтанған мемлекет құру жолында күресті... Темірдің екінші дәуірі негізінен 1386 жылдан басталып, 1402 жылмен аяқталды. Бұл дәуір Темірдің үш жылдық, бес жылдық, жеті жылдық деп аталатын жорықтарымен ерекшеленеді²⁴⁸. «Темір-елде шыңғыстық емес әулет құрған, түркі-монғол бектерінің қатарындағы Мауараннахрдың бірінші ұлысты билеушісі»²⁴⁹. Бойы ұзын, сүйкімді және шымыр денелі, Темір, оны жақсы білген Ибн Арабшахтың айтуынша, күшті физикалық күшімен және өткір батылдығымен ерекшеленді, өлімнен қорықпай, бұза-жара алға ұмтылды. 764/1362-1363 жылдары ол қауіп қатерге бас тігіп, 26 жасында жарымжан (мүгедек) болып қалады. Сеистанда жарақат алуының нәтижесінде оның екі саусағы зақымданған оң қолы шынтағынан бүгілмей қалды, бірақ иық буыны қозғалысын жоғалтқан жоқ, ал оң аяғы тік түзуленбей ұзындығы бойынша сол аяғынан қысқа болып қалды.

Жарақат алған уақыттан бастап Темір Темурленг, яғни Ақсақ-Темір деген лақап атқа ие болды («ақсақ» парсы тілінде – ленг, ал түрікше – ақсақ), еуропалық айтылуы – Тамерлан.

Т.И. Султанов Темірдің әмір лауазымын ғана қабылдағандығын, хан лауазымын ешқашан қолданбағандығын айтып, таққа Шыңғыс тұқымынан жасанды хандарды қойып, өзін «тақты иеленушінің» өкілі (сахиб ат-тахт) деп атайды дейді. Кейбір құжаттарда берілген «Әмір Темір-хан» лауазымы В.В. Бартольдтің айтуынша кейінгілердің жасанды ісі болып табылады. Өз

²⁴⁷ Татьяна Васильченко. Әмір Темір. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2007. – 96 б. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы. – 5 б.

²⁴⁸ Муминов И. Амир Темурнинг урта Осие тарихида тутган урни ва роли. – Ташкент, 1993. – 15 б.

²⁴⁹ Султанов Т.И. Тимур и его империя. – Алматы, 2004. – 152 с. – С. 30.

монеталарында, шетел монархтарына арналған хаттарында ол өзін «Әмір Темір Гурган» деп атайды. Әмір – араб сөзі, бұл жерде түріктің бен, монғолдың ноян сөздеріне сөйкес келеді. Гурган – монғол сөзі, «күйеу бала» деген мағына береді. Бұл лауазым Шыңғыс үйінен шыққан ханшайымдарға үйленгендерге байланысты айтылған. Темір үйінің ханзадалары Мырза лауазымын ұстанған (қысқартылған амирзаде – «Әмір ұлы»).

Темір өз билігін басшылыққа алатын идеясы ретінде парсы ұраны – *расти ва русти* («әділеттік және күш»). Ұран Темірдің мөрі мен жүзігінде белгіленді²⁵⁰.

Моғолстанның ханы болған соң Илияс-Қожа 1365 жылы өз билігіне бұрынғы Шағатай иеліктерін біріктіруге жаңа әрекет жасады. Ол қайта күш жинап, дулат әмірі Шамсидиннің қолдауымен Мауараннахрға қайта келеді.

Бұл жолы Ташкент маңында Сырдарияның жағасында Батпақты деген жерде атақты «Батпақты шайқасы» («Джанг-и лой») болады. Бұл шайқастың екі жақ үшін де зор маңызы болды деп көрсетеді К.А.Пищулина²⁵¹. «Зафар-наме» мәліметі бойынша бұл кезде «қатты жауын жауып, әлемнің барлығы суға толып, жер беті балшық болды»²⁵². «Бұл шайқаста Әмір Темір өз күшін көрсетті, алайда әмір Құсайын әскерінің әлсіздігінен жете әскерлері жеңіп кетті»²⁵³, – дейді Темір тарихшыларының бірі Фасих Ахмад өз шығармасында.

Темір әскерлерінің Илияс-Қожа әскерлерінен басым болғанына қарамастан жеңілу себебін Шарафадин Али Йезди былай деп түсіндіреді: «Жете әскерлері қулыққа басып, қасиетті жада тасының құдыретіне сүйенді». Оның мәнісі біздің ата-бабаларымыздың көп уақыт жауын-шашын жаумай ел-жұрт сусыз қалғанда тасаттық жасап жаңбыр жауғызатын болған. Бұл бүгінгі күнге дейін халық арасында тараған.

²⁵⁰ Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – М., 2006. – 445 с. – С. 190-191.

²⁵¹ Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 166 б.

²⁵² Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсат-кичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 38 б.

²⁵³ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136.

Йезди мәліметтеріне сүйенетін болсақ, күн жарқырап тұрса да, кенеттен бірден ауа бұлттанып жауын кұйып жауып кетеді²⁵⁴. Ал Моғолстанның бұл жауынды-шашынды ауа райына көндіккен Ілияс-Қожа әскерлері бұл шайқасқа дайын еді. Демек, Йезди Темір жеңілісін жаңбырдың жаууымен түсіндіреді.

«Бұл оқиға жеті жүз алпыс алтыншы жылы (1365 жылғы, 22 мамыр) жылан жылы рамазан айында болған еді», – дейді Шарафаддин Али Йезди²⁵⁵. Ал келесі бір темірлік тарихшы Фасих Ахмадтың (1375 жылы қайтыс болған) мәліметі бойынша ««Джанг-и лой» шайқасы 767/1365-1366 жылы болған»²⁵⁶. Ал Натанзи мәліметтері бұл оқиғаға тіптен қарама-қайшы келеді. Ол 765 жылы (1363-64) Әмір Камар ад-Диннің Ілияс-Қожа ордасын басып алып, оның өзін өлтіргендігін хабарлайды²⁵⁷. Яғни, егер Ілияс-Қожа 765 (1363-64) қайтыс болып кетсе, 766/1365 жылы немесе Фасих Ахмад бойынша 767/1365-1366 жылдардағы оқиғаға Ілияс-Қожа қатыспаған болып шығады. Лай деген жер Өзбекстандағы Ахангаран мен Шыршық аралығындағы жергілікті жер²⁵⁸. Демек Натанзи мәліметтері шындықтан алшақтау.

Бұл жеңістен кейін Ілияс-Қожа Мауараннахрға қарай бет алады. Шарафаддин Али Йезди моғолдардың Самарқандқа барар жолдағы тонаушылықтары туралы былай деп хабарлайды: «Жеңістен кейін моғолдар мұсылман елінде талан-тараж бен зорлық-зомбылыққа ден қойып, Амударияның арғы бетіне өтті. Самарқандты қоршауға алған моғолдар қаланы ала алмады: себебі жергілікті қала халқы қаланы аяңбай қорғады. Оның үстіне «жете «әскерінің аттарына жамандат тиіп, бұдан аттардың қырылғаны сонша, төрт жауынгерге бір аттан да қалмады»²⁵⁹. Сондықтан Самарқандты алуға мүмкін еместігіне көзі жеткен

²⁵⁴ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 38 б.

²⁵⁵ Сонда. – 39 б.

²⁵⁶ Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – М., 2006. – С. 181.

²⁵⁷ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 119.

²⁵⁸ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136.

²⁵⁹ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 40 б.

хан Моғолстанға қайтуға мәжбүр болған. Осылайша, Шағатай ұлысын қалпына келтіру әрекеттері сәтсіздікпен аяқталған.

К.А. Пищулина Ілияс-Қожаның үстемдігінің күйреуі мен оның өлімінің нақты жағдайлары деректерде қарама-қайшы келтірілетіндігін айтады. Автор әдетте бұл жағдайлар дуғлаттардың феодалдық үстем тобының көрнекті өкілдерінің бірі Әмір Камар ад-диннің қарсылығымен байланыстырылатындығын атап көрсетеді. Камар ад-дин, Мұхаммед Хайдардың хабарлауы бойынша, Тоғылық Темір хан өлген соң бірден Моғолстандағы жоғарғы өкіметті қолға алмақ болған. Мұхаммед Хайдардың жазуында, оның ханға деген ежелгі дұшпандылығының себебі – Тоғылық Темірдің оған моғол мемлекетіндегі феодалдық әкімшіліктің мұраға қалып отыратын ұлыс бегінің (ұлысбегі) жоғарғы лауазымды қызметін бермегендігі. Поладшының өлімінен кейін Тоғылық Темірдің бұйрығы бойынша дуғлаттың қалған көсемдерінің ішіндегі үлкені Камар ад-дин емес, Поладшының жасы әлі жетпеген мұрагері Хұдайдад ұлысбегі болып тағайындалды. Тоғылық Темірдің ұлысбегілікті Камар ад-динге бермеу себебі ұлыстық барынша қуатты билеушісінің аузына қараудан құтылғысы келген еді. К.А. Пищулинамұның өзі ханның феодал аксүйектердің сепаратизмімен күресі жағдайында әбден түсінікті болатындығын хабарлады²⁶⁰.

Муин ад-дин Натанзидің пікірі бойынша, «әмір Ширамун, әмір Қажы, әмір Тұнам, әмір Камар ад-дин, әмір Шамс ад-дин және басқа да моғол әмірлері, кеңесіп, жалпы шешімге келеді, сөйтіп хан тағына Ілияс-Қожа-оғланды отырғызады»²⁶¹. Бірақ бір жыл өткен соң, яғни 765 х.ж. (1363-1364) ханның феодалдық таластарды тоқтата алмайтынын көрген соң Камар ад-дин Ілияс-Қожаны өлтіреді. Шарафадин Әли Йездидің жазуы бойынша, Камар ад-дин Ілияс-Қожа-хан өлген соң барып бүлік шығарған²⁶². Ілияс-Қожа-хан өлгеннен кейінгі жағдай деректерде әр түрлі баяндалады. Темір ұрпақтары шығармасы «Ескендір ано-

²⁶⁰ Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 168 б.

²⁶¹ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 119.

²⁶² Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 168 б.

нимінде» Илияс-Қожа-ханның өлімінен кейін оның інісі Қызырқожаны оның атабегі Мирак-ага өз қорғанына алып, жаулардың зұлым қолынан сақтайды. Сөйтіп Мирак-ага хан тағына Қызырқожаны отырғызады деп көрсетілген²⁶³. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати бойынша «Тоғылық Темір ханның емшектегі бір ұлы қалған еді. Оны Әмір Хұдайдад Мир аға деген шешесімен бірге жасырды. Әмір Камар ад-дин оған сұрау салып бірнеше рет адамдарын жібереді. Бірақ олар дер кезінде айласын асырып жасырып отырды. Сонымен әмір Камар ад-диннің іздеуші адамдары оларды таба алмады»²⁶⁴, – деген. Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда Әмір Камар ад-дин Қызырқожаны да өлтірмекші болған, немесе өз мүддесі үшін пайдаланғысы келген.

Қызырқожа хан жайлы Темір ұрпақтары шығармаларында біршама мағлұматтар кездеседі. «Ескендір анонимінде» Темір әмір Камар ад-динді талқандағаннан кейінгі жағдайды пайдаланып, Қызырқожа-оғлан моғол ұлысындағы билікті жаулап алып, Темірге бағынатындығы жайлы хабармен оған елші жіберетіндігін хабарлаған²⁶⁵. Алайда ол келісімдері ұзаққа созылған жоқ. Шарафаддин Әлі Йезди шығармасында Қызырқожа мен Темір арасындағы қақтығыстар баяндалған. «...Тимур утвердился в своем решении, чтобы лично выступить вслед за Токтамыш-ханом. Нойоны и эмиры, сговорившись, преклонили колена и языком искренности и доброжелательства доложили: «Если высокая мысль почтет справедливым, то мы отправимся против Инга-тюри и Хызр-ходжа-оглана, сына Тоглук-Тимур-хана, и, воздав им по заслугам, поступим таким образом, дабы они в другой раз не допускали на ум своевольных и дерзновенных мыслей. А по окончании этого дела мы бы отправились в поход на Токтамыш-хана». Тимур благосклонно выслушал их речи»²⁶⁶. Содан ары қарай Йезди Темірдің Қызырқожа мен Еңке-төреге

²⁶³ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 119-120.

²⁶⁴ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 46 б.

²⁶⁵ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 120.

²⁶⁶ Сонда. – С. 136.

қарсы Моғолстанға жорыққа аттанатындығын баяндай келе, моғол елін жаулап алғандығын хабарлайды.

Алайда Қызыр-қожа билік басына келмес бұрын Моғолстанда Камар ад-диннің билік құрғаны белгілі. Оған феодалдық-тайпалық ақсүйектерді бағындыру оңайға түскен жоқ. Ірі тайпалардың көсемдері ең жоғары әкімшілік қызметтерге ие болып, айырықша артықшылықтармен пайдаланған дуғлаттардың одан әрі күшеюіне жол бергілері келмеді. Алайда, Камар ад-дин біраз уақытқа болса да, моғол тайпалардың едәуір бөлегін бағындыра алды.

Камар ад-дин мен оның аға-інілері тәрізді дуғлаттардың үстем тобымен қатар деректер бұл кезде Моғолстанда бірқатар басқа тайпалардың басшыларын да атайды. Шарафаддин Әлі Йезди феодалдық бытыранқылық, Моғолстанның билеуші тобының ішкі қарама-қайшылықтары мен талас-тартыстары туралы жазады. «Жете әмірінің арасында, – деп хабарлайды ол, – жаулық орын алды. Дуғлат омағынан шыққан Камар ад-дин, Кебек, Темір және Ширавул біраз әскерімен аргинуд Қажыбекке қарсы біріктіреді»²⁶⁷. Камар ад-диннің Темір әскерлерімен жүргізген соғыстары жайлы әлі төменде толығырақ тоқталатын боламыз. Енді Қызыр-қожа тарихына қайта оралатын болсақ, Темірдің әскері Қызыр-қожа елін шапқаннан кейін біраз жылдар Қызыр-қожа өз бетінше билік жүргізе бастайды. Бартольдтің пікірінше батыстағы соғыстардан қолы босамаған Темір Қызыр-қожаға Моғолстандағы билігін нығайтуға кедергі келтірмеген²⁶⁸. Йезди деректеріне сенетін болсақ, тіпті Темір мен Қызыр-қожа арасында құдандалық байланыс болған тәрізді. В.В. Бартольдта: «В 1397 г. Хизр-ходжа отправил послом к Тимуру своего старшего сына Шам'-и Джехана ('Светоч мира'); Тимуру через него просил руки его сестры Тевеккель-ага, которая и была прислана к Тимуру и получила при его дворе титул «малой госпожи»(Кичик-ханым)»²⁶⁹. Ол жайлы шығармада былай делінеді: «В это время Тимур, пожаловав Шам'-и Джехана, сына

²⁶⁷ Сонда. – С. 169.

²⁶⁸ Бартольд ВВ. Очерк истории Семиречья // Бартольд ВВ. Сочинения. – Т. II. – Ч. I. – М., 1963. – 1020 с. – С. 84.

²⁶⁹ Бартольд ВВ. Очерк истории Семиречья // Бартольд ВВ. Сочинения. – М., 1963. – Т. II. – Ч. I. – 1020 с. – С. 84.

Хызр-ходжа-оглана, роскошными царскими халатами и почтив государевыми милостями, отправил его из Самарканда к отцу, дабы он испросил у отца свою сестру для него (Тимура), и ради этого важного дела послал вместе с ним Гийас ад-Дин-тархана со многими дарами из редкостных животных и вещей...»²⁷⁰.

Натанзи мәліметтеріне сүйенсек Қызыр-қожа отыз жылдай билік құрып, 799 (1396-1397) жылы өз ажалынан (ауырып) қайтыс болған. Ол өлген соң оның ұлдары тақ үшін таласады. Ол жайлы Йезди шығармасынан кездестіруге болады: «...известие о том, что так как Хызр-ходжа-оглан, который был правителем Джете, предстал перед богом, то между его сыновьями Шам'-и Джахан-огланом, Мухаммад-огланом, Шир Али-огланом и Шах-Джахан-огланом возникла вражда вследствие наущения дурных людей»²⁷¹. Ал Самарканди деректерінде Қызыр-қожа өлімінен соң Моғолстан оның ұлдары Шам'-и Жахан, Мұхаммед-оғлан және Хұдайдад Моғолдың талас-тартысының салдарынан біренеше жауласушы жақтарға бөлініп кеткендігі баяндалады. Темірлік деректерде Темірдің немересі, Ферғана билеушісі Ескендір елдегі осы жағдайды пайдаланып 1402-1403 жылдары өз әскерімен Үш-Фирман, Ақсу қалаларын тонайды, сонымен қатар Бай, Күш (Құсан), Тарим, Хотан қалаларын талан-таражға салды деген мәліметтер кездеседі²⁷². Ал моғол билеушілері оған қарсылық көрсете алмай, Шам'-и Жаханның өзі әрең дегенде құтылған тәрізді. «В продолжении трех лет он жил то независимо, то в бегах и затем умер в 802 (1399-1400 гг.) г. естественной смертью [от болезни]. Его могила расположена на Иртыше возле [могилы] его отца»²⁷³.

XV ғасырдың I жартысында Моғолстанның ішкі саяси жағдайы қиындап, өзара қырқыс күшейе түсті. Жағдай Қызыр-қожаның ұлы Мұхаммед хан (1408-1416) тұсында ғана біршама жақсарды. Самарканди мәліметтеріне сенетін болсақ, ол билік басына келісімен сол кездегі Темір әулетінің билеушісі Шахрухқа елшісін жіберіп өзінің оған тәуелді екенін

²⁷⁰ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 144 б.

²⁷¹ Сонда. – 146 б.

²⁷² Сонда. – 158-159 б.; 146-147 б.

²⁷³ Сонда. – 121 б.

жариялайды. Ал Натанзи деректерінде ол жайлы мынадай мәлімет кездеседі: «Сел на ханский престол после кончины брата и раза два после кончины Тимура выступал в поход в надежде захватить владение Мавераннахр. И так его дело не продвинулось, он втянул ногу довольства в полу терпения. Ныне он уповает на милостивое внимание его величества султана [Шахруха], да сделает Аллах вечным его царство, а султанзаде Ахмад-бахадуром он блюдет искреннюю дружбу и согласие, как [это] будет упомянуто в своем месте»²⁷⁴. Мұхаммед ханды М.Х. Дулати «дәулетті, мұсылман пейілді, әділ, іскер билеуші болды»²⁷⁵, – деп сипаттайды. Десек те Мұхаммед хан билік еткен кезде Моғолстан Темір әулетіне тәуелділіктен құтылып, Шу, Талас аймағы азат етілді. Моғолстанда мұсылман діні кеңірек тарай бастады. М.Х. Дулатидіңол «...Исламды пір тұтып, дәріптегені соншалықты, егер бір моғол басында сәлде болмаса, оның кәлләсіне таға шегесін қағатын еді»²⁷⁶, – дегеніне қарағанда Мұхаммед хан елде қатаң тәртіп орнатқан. Сонымен қатар ол сыртқы саясатта да табысқа жетіп отырды. Жоғарыда айтқанымыздай Мұхаммед хан тұсында Моғолстан Темір әулетіне тәуелді болған жоқ. Және де Темір әулеті билігінен Моғолстанның батыс аудандарын, Шу-Талас алқабын азат етті. Мұхаммед ханның Темір әулетінің билеушісі Шахрухпен құдандалық байланыс орнатқандығы жайлы да деректер бар: «...Мухаммад-хан, чрезвычайно обрадовавшись, скрепил доказательства дружбы узами родства и со всевозможнейшей пышностью и сопровождении столпов государства соизволил отправить из Моголистана Михр-Нигар-агу, дочь Шам'-и Джахана и внучку государя Хызр-ходжи, которая среди благородных дочерей и целомудренных девиц была светильником и родником дома султанского и блеском рода ханского...» Самарқандидің шығармасындағы бір кемшілік үнемі зерттеушілермен ескертіліп жүрген тарихи оқиғаның болған уақытын шатастырып беруінде. Бұл оқиғаның да болған уақыты өкінішке орай қате берілген. Яғни оқиға желісі 822/1419 жыл

²⁷⁴ Сонда.

²⁷⁵ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 94 б.

²⁷⁶ Сонда.

деп көрсетілген. Мұның шындыққа жанаспайтындығын біз білеміз. Өйткені бұл уақытта Мұхаммед хан өмірден озған болатын.

Мұхаммед хан қайтыс болғаннан соң Моғолстанда өзара қырқысулар толастамай қойды. Бұл жағдайды пайдаланған Темір әулетінің билеушілері 1414 жылы Қашқарияны қайтадан өздеріне қаратты.

Самарқанди Мұхаммед ханнан кейін Моғолстанның билеушісі ретінде Қызыр-қожаның немересі, Шам'и-Жаханның ұлы Накш-Жахан тағайындалады деп хабарлайды. «...К тому времени, когда Шахрух прибыл в Хорасан из владений Фарса, из Моголистана прибыли послы Накш-Джахана, сына Шам'и Джахана, поднося редкие и диковинные дары тех вилайетов...»²⁷⁷ – деген темірлік тарихшы Самарқанди мәліметінен Накш-Жаханның Темір әулетімен жақын қарым-қатынас ұстауға тырысқандығын байқаймыз. Алайда бұдан басқа Накш-Жаханға қатысты темірлік деректе көп мәлімет кездеспейді. Тек оның 1418 жылы 19 наурызда қайтыс болғандығы және оның қалай өлгендігі жайлы хабарланады. Самарқанди шығармасында: «В [месяце] раби' I (8 апреля – 7 мая) из Кашгара прибыл нукер Сиддик-бахадур и доложил, что Увайс-оглан убил Накш-Джахана, хана Джете, и что среди моголов волнения. Мирза Улугбек отправил надежного человека для расследования обстоятельст могольских эмиров и даровал свободу группе моголов, которую он держал в заточении в самаркандской цитадели...»²⁷⁸ деген дерек кездеседі. Деректерден Накш-Жаханның екі жылдай билік құрып, талас-тартыстың құрбаны болғанын көреміз. Осылайша енді Моғолстандағы билік Уәйіс ханның (1418-1428) қолына көшеді. Бұл уақытта моғол тағынан екінші бір үміткер Шер-Мұхаммед пен Уәйіс хан арасында үнемі қақтығыстар болып отырды. Осы елдегі алауыздық қақтығыстарға сипаттама беруде Хафиз-и Абрудың Темір ұрпағы Ұлықбек елшілігінің Моғол жері арқылы Қытайға барған жолын баяндайтын әңгімесі көңіл аудартады. Елшілік солтүстік

²⁷⁷ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 160.

²⁷⁸ Сонда. – С. 161-162.

жолмен, яғни Оңтүстік-Шығыс Қазақстан арқылы Ташкент – Сайрам – Ашпара – «моғол елі», яғни Моғолстан арқылы өтеді. Осы кезде елшілер «...так как Увайс-хан выступил против Шир-Мухаммад-оглана, улус перемешался. И снова пришло известие о примирении и прекращении смуты...»²⁷⁹, – деген хабар алады.

Ұлысбегі Хұдайдадтың қолдауымен Уәйіс хан біраз жылдар билік етті. Ал Шер-Мұхаммед бұл кезде Моғолстандағы билікті өз қолына алу үшін Ұлықбектің көмегіне сүйенеді. Темір әулетінің билеушісі «оны керек жабдықтармен жасақтап Моғолстанға жібереді». Сөйтіп Шер-Мұхаммед 1421 жылы елдегі билікке қол жеткізеді. Моғол әмірлері мен бектерінің бір бөлігі оны қолдаса, келесі бір бөлігі Уәйіс ханды қолдаған болатын. Шер-Мұхаммед билікке келісімен өз бетінше билік етуге ұмтылады. «Когда Шир-Мухаммад-оглан прибыл в свой вилайет, эмиры, стакнувшись, возвели его на царство. Только он укрепился на троне султанства, как царское высокомерие и чрезмерное стремление к величию отвернули его нрав от соблюдения прав мирзы Улугбека и он водрузил знамя независимости на кровлю небес. Из его посланий явствовало, что он сошел с пути повиновения». Осылайша билік басына келген Шер-Мұхаммед Ұлықбекке бағынудан бас тартады. Екі билеуші арақатынасының бұзылуын темірлік тарихшы тағы да мынадай себеппен түсіндіреді: «...сын Али Мекрита, бежав за реку, укрылся у него. Хотя мирза Улугбек потребовал его, но Шир-Мухаммад-оглан его не послал. И именно это послужило причиной того, что мирза Улугбек отправился в вилайет Ходжент...»²⁸⁰.

1425 жылы 16 ақпанда Ұлықбек Моғолстанға жорыққа аттанады. Жол жөнекей ол жау әскерлерінің бір бөлігі Ашпара маңында қыстап жатқандығынан хабар алады. Темір әулетінің билеушісі онда әмірлері Лұқман, Абұқа-Бүзүрк, Шах-Уәли мен Уәйіс Қаушынды әскерлерімен жібереді. Темірлік деректерге орай олар он күннен кейін сардар Ибраһим, Азйуран, Ұлжайту елдеріне тап болады²⁸¹. Біз тарихтан білетініміздей бұл кезде Ибраһим керейлердің (керейіттердің), Азйуран ба'риндердің,

²⁷⁹ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 163.

²⁸⁰ Сонда. – С. 165.

²⁸¹ Сонда. – С. 166.

Ұлжайту салжұқтардың басшылары болған. Ұлықбектің жеңімпаз әскерлерімен Ибраһим, Азйуран, Ұлжайтудың ел мен ұлыстары талқандалып, көптеген олжаны қолға түсіреді. Темір әулеті әскерлерінің Қазақстан территориясына жасаған жорықтары жайлы төменде әлі толығырақ тоқталатын боламыз. Осылайша Уәйіс хан мен Шер-Мұхаммедтің Моғолстан тағы үшін таластартысы Темір әулетінің басшысының ол елдің аймақтарын басып алу үшін қолайлы сәт тауғызды. «Жалпы айтқанда, Шир Мұхаммед қайтыс болғанша үнемі қорқыныш, үрей халде күн кешті. Шир Мұхаммед хан өз ажалынан қайтыс болды да ақырында хан тағына Уәйіс ханның қолы жетті», – дейді Мұхаммед Хайдар. Оның тұсында елдің шығыс жағынан ойраттардың шабуылы жиілеп кеткен болатын. Уәйіс ханның олармен бірнеше рет шайқасуына тура келді. Ол Моғолстан астанасын Түрфаннан Жетісудағы Ілебалыққа көшіруге мәжбүр болды. М.Х. Дулати Уәйіс ханды «Ол өз тұқымының ішінде шын пейілді мұсылман, отаншыл, іскер және ержүрек адам еді»²⁸², – деп сипаттайды. Уәйіс хан Темір әулеті әскерлерімен шайқасы кезінде 1428 жылы қаза табады.

Енді Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейін Моғолстанда өзара қырқыс одан сайын күшейіп, «моғол ұлысы екіге жарылды: бір бөлегі – Жүніс ханға, екінші бөлегі Есен-бұға ханға қарады». Бұл екі моғол хандарының күресінің нәтижесінде Есен-бұға билікке қол жеткізгендігі бізге мәлім. Билік басына келіп орныққан Есен-бұға хан өз жерін кеңейту мақсатымен Сайрам, Түркістан, Ташкентке жорықтар ұйымдастырады. Ұлықбек пен оның ұлдарының арасындағы жанжалды пайдаланып, Есен-бұға хан Ферғанаға шабуыл жасап, атының басын Қанди-Бадамға келіп тіреді. Ол Әндіжанды басып алып, барлық тұрғындарын тұтқынға алды. Бабырдың мәлімдеуінше таққа Темір әулетінің ұрпағы Сұлтан Әбу Саид отырған соң, Есен-бұға ханға қарсы жорыққа шығады. Янгидің ар жағында Ашпарада, Моғолстанда ол Есен-бұға ханның быт-шытын шығарды²⁸³.

²⁸² Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хак жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 98-99 б.

²⁸³ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 29 б.

Есен-бұға тұсында Жәнібек пен Керей сұлтандар бастаған қазақтардың бір бөлігі Дешті Қыпшақтан Жетісуға қоныс аударды. Моғол ханы оларды қуана-қуана қарсы алды. Батыс Жетісуға келген қазақтар Жәнібек пен Керейді Есен-бұға ойраттар бетін қайтару үшін пайдаланбақ болды. Бұл оқиғалар жайлы темірлік деректерде ешқандай да мәлімет жоқ, керісінше дулат тайпасынан шыққан тарихшы мырза Мұхаммед Хайдар шығармасында көптеген деректер бар. Осы уақытқа дейін Мұхаммед Хайдар шығармасы Қазақ хандығы құрылуының бірден бір дерек көзі болып келгендігі бізге белгілі. Жетісудың түркі және түркіленген тайпалардың Ақ Орданың, кейінірек Өзбек хандығы мен Ноғай Ордасының тегі бір тайпаларымен бірге қазақ халқы болып қалыптасу кезеңінің аяқталуы Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстанның бірте-бірте оқшаулануына және осыған байланысты Моғолстанның ыдырауына алып келді. Жергілікті халықтың мемлекеттілік және экономикалық жағынан дербес дамуы жолындағы күресі де осы этникалық процеспен тығыз байланысты болғандығын К.А. Пищулина өз мақаласында атап өткен еді²⁸⁴. Дегенмен Жүніс ханның (1469-1487) билік басына келуі біршама болса да құлдыраушылықты тоқтатты. Темір әулеті тарихшыларының шығармаларында осы Жүніс хан жайлы қызықты оқиғалар баяндалған. Осы жерде ойландырылғық бір жайт темірлік тарихшылардың бірер ауыз сөз болса да Қазақ хандығын құрушы Керей мен Жәнібек жайлы хабар бермеуі. Мысалы, Самарқанди Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Қырғызстанның аумағында болған оқиғалар желісінен хабар береді. Сонымен қатар Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі оқиғаларды да баяндайды. Өзбек ұлысының билеушілері мен Моғолстан және тағы да басқа сол кезеңде өмір сүрген мемлекеттердің билеушілерінен мәліметтер келтіреді. Алайда Керей мен Жәнібек жайлы еш хабар жоқ.

«Бабырнамада» Жүніс хан Темір әулетінің ұрпағы Әбу Саидтің көмегімен моғол елінің тағын иеленгендігі айтылады. «Сұлтан Әбу Саид мырза Жүніс ханды моғол ұлысына хан тағына отырғызғанда, бұрын Есенбұға ханға өкпелеп кеткен Сағараш түменінің барлық бектері Моғолстанға қайтып оралды.

²⁸⁴ Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2002. – Т. 4; Ташкент. – 177-б.

Ол кезде Сағараш туманының бегі Шир Қажы бек болатын. Жүніс хан оның қызы Исан Дулат бикеге үйленді. Моғолдардың әдеті бойынша Жүніс хан мен Исан Дулат бикені ақ киізге отырғызып, хан көтерді», – деп Бабыр ата-бабамыздың хан сайлау дәстүрінен хабар береді²⁸⁵.

Темір әулеті шығармаларында Жүніс хан билік басына келген соң Әбу Саидсұлтан оған үнемі қолдау көрсетіп отырғандығы хабарланады. Самарқанди Әбу Саидсұлтанның Жүніс ханға деген қамқорлығын көрсетуге тырысады. Темір ұрпағының моғол ханының құрметіне қымбат тағамдарын ұсынған үлкен тойлар ұйымдастырғандығын айтады. «Еще заботливость Абу Са'ид-сұлтана предоставила [Йунус-хану] то, что является основой царствования и необходимыми принадлежностями султанства. Он соизволил почтить и уважать [его] быстроногими лошадьми, царскими одеждами, палатками, шатрами, ставками и тентами, верховыми лошадьми под золотыми седлами, вьючными лошадьми и верблюдами, шапкой и поясом. Он соизволил пожаловать [ему] августейший указ о том, что несколько туманов из войск вилайета Мавераннахра будут в помощь хану и, куда он ни пойдет, они будут кочевать при его стремени...»²⁸⁶. Осылайша темірлік тарихшылар өз қожайындарының іс-әрекетін үнемі асыра сілтеушілікпен сипаттап отырған. Алайда біз білетін Темірдің өзі болсын, оның ұрпақтары болсын осындай саясат ұстанған. Яғни әлсіз мемлекетке көмектесу арқылы оны өз мүддесі үшін пайдаланған. Ол мемлекеттің билеушісін керек-жабдықпен қамтамасыз ете отырып, оны жауын жеңу үшін өз саясатына араластырып отырған. Бірақ тарихта белгілі болғандай Темірдің де оның ұрпақтарының да бұл саясаттары көбінше өз нәтижесін бермеген. Ол көмектескен мемлекет билеушісі күш жинап алған соң өзіне қарсы шыққан.

Самарқанди мәліметтеріне сенетін болсақ, мырза Әбу Саидсұлтан мырза Омар Шейхті әмірлер мен әскерлер беріп Әндіжанды билеуге жібереді. Бабыр деректерінде де «...Әбу Саид мырза да ұлы Омар Шейх мырзаға Әндіжан аймағын

²⁸⁵ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 30 б.

²⁸⁶ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 168.

сыйлап, ұстаздыққа Құдайберді Тұқашы Темір ташаны тағайындады да, оларды солай қарай жөнелтеді», – деген мәлімет кездеседі. Самарқандиде Әбу Саидсұлтанның қолдауымен аяққа тұрған «Жүніс хан қанша айла қолданса да ол аймақты (Әндіжанды) ала алмаған. Ақыр аяғы бар үмітінен айрылып Моғолстанға қайта оралады»²⁸⁷, – деп берілсе, «Бабырнамада» Әндіжанның солтүстігінде Сейхун өзенінің жағасында, Текесаңыратқан (орысшаға «теке секірген» деп теріс аударылған. Сол замандағы Ферғананың байырғы тұрғындары түркілердің ежелгі сөзі – сыңаржак) деген жерде Жүніс хан мен Омар Шейх арасында болған шайқаста Темір ұрпағы жеңіліп, қолға түскен Омар Шейхті Жүніс хан қайырымдылық жасап еліне жіберілгендігі айтылады. «Соғыс осы жерде өткендіктен, бұл оқиға Текесаңыратқан аталып кеткен»²⁸⁸. Сонымен бірге Бабыр Омар Шейхтің Шаһрұхи мен Үратепе арасындағы Хавас қыстағының маңында Ахмет Сұлтанмен айқасып, одан жеңіліс тапқандығын да атап өтеді. Ал Самарқандидің Омар Шейхтің жеңілісін мойындамауының себебі мүмкін өз қожайынының ықпалынан шыға алмауынан шығар.

Бабыр Омар Шейхтың өзге елдерді жаулап алуға ынтық болғандығын айта келе, Самарқанға қанша рет жорық жасаса да жеңіле беретін еді дейді. «Ол Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның ұрпағы, өзінің қайын атасы Жүніс ханды әлденеше қайтара шақырды. Ол кезде моғол халқының Шағатай шаңырағынан шыққан ханы – нағашы атам Жүніс хан болатын», – деп Жүніс ханның билеген тұсынан мәлімет береді. Деректе Жүніс ханның Омар Шейхке қайын ата болып келетіндігі көрсетілген. Яғни Темір ұрпағы моғол ханының екінші қызы Құтлық Нигар ханымды әйелдікке алған болатын. Ал ол Бабырдың анасы еді. Сонымен қатар Омар Шейхтың Жүніс ханға шақырған сайын бір аймақтың билігін ұсынатындығын айтады. «Омар Шейх мырзаның ісі ойынан шықпағандықтан ба, әлде оның шөлкес мінезінен бе, кейде моғол ханның наразылығынан ба, әйтеуір, менің нағашы атам Жүніс хан біздің

²⁸⁷ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 169.

²⁸⁸ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 27 б.

аймаққа тұрақтай алмай, Моғолстанына қайтып кететін», – деп моғол ханының өз еліне қайта оралуын осылайша түсіндіреді. Бабыр соңғы шақырғанында Омар Шейхтің Жүніс ханға Ташкент аймағын бергендігін хабарлайды. Темір ұрпағының бұл мәліметі біз үшін құнды деректердің бірі. Өйткені ол: «Кітаптарда Ташкенттің аты Шаш, кейде Чач деп жазылатын. «Чач садағы» деген сөздің төркіні де содан шыққан болу керек²⁸⁹, – деп қазіргі Өзбекстанның астанасы, кезінде Қазақстан қалаларының бірі болған Ташкент жайында қызықты мәлімет береді. В.В. Бартольд Жүніс ханды 1487 жылы сал ауруынан қайтыс болды деп көрсетеді²⁹⁰. Енді Моғолстандағы билік оның ұлы Махмұтқа бұйырады.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр «Сол кезден бастап тоғыз жүз сегізінші (1502-1503) жылға дейін Ташкент пен Шаһрух Шағатай ұрпағынан шыққан хандардың қол астында болды. Сол кезде Моғолстанның хандық билігі Жүніс ханның үлкен баласы, менің нағашы ағам Сұлтан Махмұт ханның қолында еді»²⁹¹, – деп көрсетеді. «Бабырнамада» Омар Шейхтің ағасы, Самарқанның әмірі Сұлтан Ахмет пен Сұлтан Махмұд екеуінің оған қарсы одақ құрғандығы баяндалады. Сұлтан Ахмет мырза Сұлтан Махмұд ханға қызын беріп, өзіне күйеу бала еткендігі айтылған. Бұдан көретініміз Темір әулеті ұрпақтары мен моғол хандары арасында құдандалық байланыс жиі болып отырған.

Махмұд хан (1487-1508) Жетісу мен Түркістанда қазақ хандарымен соғысқан. Бабыр өз шығармасында Сұлтан Махмұдтан кішісі Сұлтан Ахмет болғандығын айтады. Ал ол әкесі Жүніс хан билік еткен тұста 1474 жылы Қырғызстанда тәуелсіз иелік құрған болатын. Сұлтан Ахмет «Алаша хан» деген есіммен де әйгілі еді. Оның «Алаша хан» аталуының себебін Бабыр былайша түсіндіреді: «...қалмақтар мен моғолдар кісі өлтірген адамды «алаш» деп айтады-мыс. Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан,

²⁸⁹ Сонда. – 25 б.

²⁹⁰ Бартольд ВВ. Очерк истории Семиречья / Бартольд ВВ. Сочинения. Т. II. – М., 1963. – Ч. I. – С. 88.

²⁹¹ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 25 б.

сондықтан да ол алаш аталып, келе-келе Алаша есіміне айналған»²⁹².

Жүніс ханның немересі Сұлтан Саид хан 1514 жылы Әбу-бәкір Мырза Дулаттан Қашғарды тартып алып, Шығыс Түркістанда жаңа Моғол мемлекетін құрды.

Моғолстан мемлекетінің жағдайы Қызыр-Қожа хан, Мұхаммед хан, Уәйіс хан тұстарында біршама болса да жақсарды. Алайда ішкі талас-тартыс, Темір әулетінің әскерлері және шығыстан келген ойраттардың шабуылы елдің өз бетінше дамуына үнемі кесірін тигізіп отырды. XV ғасырдың 60-жылдарынан бастап Жетісуды мекендеген түркі тайпалары Қазақ хандығының құрамына енді.

Студенттердің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Моғолстан тарихындағы саяси билеушілердің рөлі.
2. Тоғлық Темір, Есен бұға хан, Сұлтан Саидтің тарихи портреттерін деректер бойынша баяндаңыз.
3. Есенбұға мен Жүніс хан арасындағы қақтығыстардың ортағасырлық дерек көздерінде талдануы.
4. Әмір Темір мен Моғолстан мемлекеті арасындағы соғыстардың тарихи деректерде сипатталуы.

2.3. Темір ұрпақтарына арналған шығармалар – Қазақ хандығы тарихының дерек көзі

Қазақ хандығының 550 жылдық мерей тойын өткізу бүгінгі таңда мемлекетіміз үшін аса қажет идеологиялық қадамдардың бірі болды. Өйткені, қазақ мемлекеттілігінің түп-тамыры тереңде екендігін негіздеп, тарихи тұрғыда дәлелдеп, жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеу болашақта ұлтымыздың тұтастығы мен бірлігін нығайта түспек. Әсіресе, жастарымыз қазақ мемлекеттілігінің бастауы сонау сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, түркі кезеңінде бастау алып, кейіннен осы кезеңдердегі этникалық, рухани-мәдени, саяси үрдістердің заңды қорытындысы ретінде Қазақ хандығы құрылғандығын білуі тиіс.

²⁹² Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекулы. – Алматы, 1993. – 32 б.

Қазақстан тарихында ерекше маңызға ие болған ірі тарихи оқиғалардың бірі – Қазақ хандығының құрылуы болды.

Қазақ хандығының құрылуы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы, Шығыс Дешті Қыпшақтағы ертеден келе жатқан әлеуметтік-экономикалық және этно-саяси үрдістердің заңды жалғасы болып табылады. Оның құрылуында сол кездегі Қазақстан жеріндегі Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан секілді мемлекеттерде орын алған саяси жағдайлар тікелей әсерін тигізді. Сондықтан да ең алдымен біз Темір ұрпақтары шығармаларындағы мемлекетіміздің негізі болып саналатын Ақ Орда тарихына сонымен қатар Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысы бар Моғолстан мен Әбілқайыр хандықтарының тарихына қатысты мәліметтерді қарастыруымыз қажет.

Қазақ хандығының құрылуы мен «қазақ» атауы және қазақ халқының қалыптасу кезеңі туралы мәселе XVIII-XIX ғасырдың ортасынан бері зерттеушілердің назарына ілініп, қарастырылып келген өзекті тақырыптардың бірі. Ендігі кезекте Әмір Темір және оның ұрпақтарының шығармалары бұл жайлы қандай мағлұматтар береді? Негізінен Темірлік деректерде Қазақ хандығының құрылуы жайлы нақты мәліметтер жоқ, алайда оның алғышарттары, саяси себептерді, этникалық мәселелерді анықтауда маңызы зор дерек көзі екендігінде дау жоқ.

«Қазақ хандығының құрылуын біз «қазақ» деген сөзден іздемеуіміз керек. Қазақ хандығы Керей мен Жәнібек сұлтандардың XV ғасырдың екінші жартысында Жетісу өңіріне көшіп келіп қоныстануынан бастап емес, Ақ Орда мемлекетінің құрылуынан басталады», – дейді т.ғ.к. К.А. Пищулина. Белгілі ғалым, академик М.Қ. Қозыбаев та: «Ақ Орда была в сущности Казахским государством»²⁹³, – дейді. Тарих ғылымдарының докторы М. Әбусейітова да Алтын Орда мен оның құлауы нәтижесінде пайда болған мемлекеттердің тарихын зерттемейінше қазақ хандарының әулетінің шығу тегі, олардың бір-бірімен туысқандық қатынасы жайлы мәселені шешу мүмкін еместігін айтады²⁹⁴.

²⁹³ Қозыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана // Избранные труды. – Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с. – С. 18.

²⁹⁴ Әбусейітова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998. – 268 с. – С. 75.

Зерттеушілердің көп бөлігі Қазақ хандығының құрылуының негізгі дерегі ретінде М.Х. Дулатидің шығармасына сүйенеді. Ал М.Х. Дулати еңбегін Ж.М. Тулебаева бабырлық шығармалар топтамасына жатқызғандығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Дегенмен, біздің пікірімізше ол шығарма бабырлық деректерге емес, шағатайлық деректер топтамасына жататындығы зерттеушілермен дәлелденген болатын. Сондықтан оны біз негізгі дерек ретінде емес, қосымша дерек ретінде пайдаланамыз.

Ең алдымен «қазақ» деген сөздің темірлік деректерде кездесетініне тоқталып өтейік. Зерттеуші Ислам Жеменей Шарафеддин Әли Йездидің 1424-1425 жылдары жазған «Зафарнама» атты кітабынан және Рузбеханның «Михман наме Бұхара» атты еңбегінің қазақ жұрты жайында жазған мәтінін келтіреді: «...ол жақтан қайта оралып Ташкентке қарай бет алды. Ол уәлаятты жомарттық пен алғысының ізгілік, әділдік нұрына сәндендірді. Аталмыш өлкенің тұрғындары алдын ала келіп, өздерінің бағынғанын, оны мойындағанын айтып, сый-сипатын тапсырған-ды. Сөйтіп, (Әмірдің) кең пейілдік ілтипатына ілігіп, қан төгіс пен үрей қауінінен аман қалды. Өйткені, тағдыр бұйрығы орындалып, әскерлердің шапқынынан дін аман қалды. Ешкімге де титтей де зиян келмеді. Содан барлық жұртшылыққа жақсы мен жамандық өздерінің іс-қимылдарының нәтижесіне байланысты екені белгілі болды. Сондай-ақ, Құран Кәрімнің мына аятына сай: «Бұл дүниеде кім жақсы іс істесе, оны өзінің пайдасы үшін істейді, ал кім жаман іс қылса, оның зиянын өзі тартады» [45-сүре, 15-аят] (кейін бәрің де Темірдің алдына барасындар) болғандай, Әзірет Саһиб Қыран ол аймақтан өтіп, қазақ жұрты уәлаятына шабуыл жасады. Жеңімпаз әскердің жауынгерлері... барлығын билік күйдіруші семсерінің қармақ жеміне айналдырды. Қазақ елінің жұртын талан-таражға салды. Ол жерде көптеген мал-мүлік пен олжаға қол жеткізді...»²⁹⁵, – делінген.

Автор сонымен қатар «Зафарнамадағы» «Әмір Темір Жалайыр мен қыпшақтарды жеңгеннен кейін Қамареддин Әндіканға жорыққа шығады. Әндікан (Әндіжан) уәлаятына ат басын тірегенде «һәзәрә қазақ» Әмірзада Омар шейхтан бөлініп, оған

²⁹⁵ Жеменей И. Қазақ хандығы – Мырза Хайдар шығармасында // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2007. – № 1 (44). – 25 б.

қосылады. Шахзада тауға тығылып, «Данышпан» атты біреуді Саһиб Қыранның жанына жіберіп хабар жолдайды. Ал, Омар шейх бүлікшілік түгелдей жеңіске жетіп, Әндіканды тас-талқанын шығарды деп хабарлады. Әзірет хабарды естісімен ызаашу өртіне бөленеді. Кенет сол жаққа қарай жедел түрде жүріп кетеді. Қамараддин Әзіреттің жүрісін есітіп, тоқтамастан қайтып кетеді», – деген мәліметтерге де сүйене отырып «қазақ атауы» қалыптасқан қазақ халқына тікелей қатысы бар деп көрсетеді. Осылайша Ислам Жеменей өз ойын былай қорытады: «Шарафеддин Әли Йездидің «Зафарнама» атты еңбегі 1424-1425 жылдар аралығында жазылды. Фазлаллах Рузбехан Қожа Маулана Исфханидың «Михман наме Бұхара» атты кітабы автордың өлген жылы 1495 жылға назар салсақ, оның өлген жылы Мырза Хайдардың туған 1499 жылынан бұрындау болған. Ал, Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін 1541-1542 және 1546 жылдары жазды. Демек, «қазақ атауы» қазақ хандығынан әлдеқайда бұрынырақ тарихи жазба деректерге еніп үлгергенін дәлелдейді»²⁹⁶. Алайда біз «қазақ» этнонимінің қашан пайда болғанына қарап қазақ ұлтының халық болып қалыптасуын айқындайтын болсақ үлкен қателікке жол береміз. Темірлік деректерде «қазақ» сөзі бір емес бірнеше жерде кездеседі. Мысалы, Әбд ар-раззақ Самарқанди шығармасында: «Мырза Сұлтан Хүсейн біраз уақыт Дешті Қыпшақта қазақ болды...»²⁹⁷ – деп көрсетіледі. Алайда бұл жердегі «қазақ болды» деген сөз тіркесінің мағынасы Темір ұрпағы Сұлтан Хүсейннің жартылай қарақшылық өмір сүргендігімен түсіндіріледі. Осы орайда, тарихшымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің пікіріне сүйеніп, «қазақ» этнонимінің XV ғасырда пайда болғанын мойындағанымыз жөн. Ал темірлік деректерде «қазақ» сөзінің кездесуі кездейсоқтық емес деп білеміз. Осы жерде «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты кітаптың алғы сөзін жазған авторлардың көзқарастарынан үзінді келтіріп өтейік: «Қазақ» атауымен ұлтымызды құраған рулар мен тайпалар арасында этникалық құрылымның кездеспейтіні тарихымыздан белгілі. Мұндай атаумен

²⁹⁶ Сонда. – 25 б.

²⁹⁷ Материалы по истории туркмен и Туркмении. Иранские, бухарские и хивинские источники XVI-XIX вв. / под ред. ВВ. Струве, А.К. Боровкова, А.А. Ромаскевича, П.П. Иванова. – М.-Л., 1938. – Т. 2. – С. 535.

аталатын ру немесе тайпа түрік қағанаттары құрамында да, қыпшақ-оғыз және қарлұқ бірлестіктерінде де, көшпелі өзбектер ұлысында да, Ноғай Ордасы құрамында да жоқ. «Қазақ» этнонимін ерте ортағасырларға апарып жүрген зерттеушілердің ең басты осалдығы ерте түрік дәуірінен бері қарайғы тарихымыздағы рулар мен тайпалар тарихын терең білмеумен байланысты. Ортағасырлық мемлекеттік бірлестіктердің басым көпшілігі белгілі бір тайпаның мемлекет билігін басып алуымен байланысты болғаны (Қимақ қағанаты, Керейт ұлысы, Оғұздар мемлекеті деген тәрізді) белгілі. Бұл тайпалық бірлестіктер, тіптен оларға кірген руларарасында «қазақ» атауы кездеспеді. Мұның өзі қазақ деген халықтың оны құраған 40-тан астам рудың сан ғасырларға созылған тарихының негізінде ғана біртіндеп қалыптасқанын дәлелдей түседі.

Тарихымызда рулар мен тайпалар тарихы жеткіліксіз зерттелгендіктен тіптен қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да «қазақ» деген тарихымызда шын мәнінде боламаған тайпаны тарихымыздан іздестіріп жүргендер баршылық. Мұның ешбір нәтиже бермесі де түсінікті. Қазақ халқын құраған нақты рулар мен тайпалардың ғасырлар тереңіндегі тарихын шүкшия зерттеудің орнына тарихымызда жоқ тайпаны қолдан жасаудың не қажеті бар. Қазақ халқы XV ғасырда «қазақ» этнонимі пайда болмай тұрып-ақ халқымызды құраған 40-тан астам рулар мен тайпалардың қанында, жанында, рухында, тілінде және ділінде өмір сүріп келді десек ақиқатын айтамыз»²⁹⁸ – дейді. Әрине бұл зерттеушілердің пікірі өте орынды. Сондықтан біз темірлік шығармалардағы «қазақ» деген сөздің төңірегінде зерттеу жүргізбеуіміз қажет. Керісінше қазақ ұлты болып қалыптаспай тұрып-ақ қазіргі кездегі үш жүз құрамына енген, неше ғасырлар бұрын пайда болған ру-тайпалар тарихына қатысты мәліметтерді қарастырсақ қателеспейтін шығармыз. Ал ол ру-тайпаларға қатысты темірлік деректерде мәліметтер баршылық. Қазақстан аумағына келіп қоныстанып, кейінгі кезде қазақ жүздерінің құрамына еніп, араласып кеткен дулат, жалайыр, қаңлы, арғын, керейіт, қыпшақ, қоңырат, найман ру-тайпала-

²⁹⁸ Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Керейт IV том. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 408 б. – 101-102 б.

рының тарихына темірлік деректер негізінде төменде толығырақ тоқталып, Ұлы жүздегі дулат, жалайыр, қаңлы, Орта жүздегі арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат ру-тайпаларының темірлік деректердегі дуғлат, жалайыр, қаңлы, аркенут, қыпшақ, керейіт, найман, қоңырат тайпалары болып табылатындығын зерттеу нәтижесінде анықтап көрсетететін боламыз. Бұл мәселе бізде жеке бөлім ретінде қарастырылған.

Ал Қазақ хандығы қай жылы құрылғандығы жайлы темірлік деректерде мәлімет жоқ. Неге екені белгісіз темірлік тарихшылар ол жайында ешқандай мәлімет келтірмейді. Алайда Темір ұрпақтарының шығармалары бізге Қазақ хандығының құрылуының алғышарты болған мемлекеттер мен оларды билеген хандар тарихынан көп мәлімет береді. Сонымен қатар Қазақ хандығы құрылып, нығайғаннан кейінгі кездегі Қасым хан, Хақназар, Тәуекел сияқты тарихта аты қалған хандар жайлы да біршама деректер бар.

«Муизз ал-ансаб» деп аталатын авторы белгісіз темірлік шығармада еліміздің алғашқы мемлекеті болып табылатын Ақ Орда ханы Орыс хан шежіресі берілген. Қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Орда-Ежен ұрпағы Үрүс хан болғандығы бізге тарихтан белгілі.

Үрүс ханның әулет шежіресінің «Муизз ал-ансаб» бойынша кестесін В.Г. Тизенгаузен Рашид-ад-диннің «Шежірелер жинағынан» үзіндіге қосымша ретінде берген болатын. Үрүс ханның шежіресі үш бөлікке бөлінген: а) оның ұлы Тоқтақияның ұрпақтары; б) оның келесі ұлы Темір-Мәліктің ұрпақтары; в) үшінші ұлы Құйыршықтың ұрпақтары. Тоқтақияның алты ұлы болған деп көрсетіледі. Олар: 1) Бахши-бий, 2) Севді, 3) Татлы, 4) Әніке-Болат, 5) Бұғұшақ, 6) Тәңірберді. Олардың ішінен Бұғұшақтың төрт ұлы болғандығын жазады: 1) Мұхаммед, 2) Ахмет, 3) Әлия және 4) Имен-бий. Ал қалған бесеуін ұрпақсыз етіп көрсетеді.

Темір-Мәлікте он екі ұл болған: 1) Сейіт Әлі, 2) Сейіт-Ахмет, 3) Тоқта-Болат, 4) Тоғылық-Болат, 5) Шүкір, 6) Тұғлы бий, 7) Иран бий, 8) Сұду бий, 9) Меңлік Төркін, 10) Ұлан бий, 11) Меңлі бий және 12) Құтылық-Бұқа. (Осы жерде В.Г. Тизенгаузен «Муизз ал-ансаб» түпнұсқасында есімдердің орналасуы түсініксіз болғандықтан жоғарыда аталған Темір-Мәліктің

12 ұлдарының кейбіреуін Үрүс хан ұлдары деп санау керек дейді). Олардың ішінен үшіншісі Тоқта-Болатта екі ұл: 1) Тоғай-Болат, 2) Сарай-Болат; ал төртіншісі Тоғылық-Болатта да екі ұл: 1) Ақ-Болат, 2) Берді-Болат; он екіншісі Құтылық-Бұқада төрт ұл: 1) Жың-Болат, 2) Құтұшақ, 3) Жадгер және 4) Нүсрет.

Құйыршық үш ұлдың әкесі ретінде көрсетіледі: 1) Барақхан, 2) Рақия, 3) Паенде-сұлтан; соңғы екеуі ұрпақсыз, ал бірінші ұлы Барақханның төрт ұлы болған: 1) Сеадет-бек, 2) Әбу-Сейіт, 3) Мір-Қасым, 4) Мір-Сейіт [6, 62-63]. Бұл жерден Үрүс ханның ұрпақтарында қыздар болмағандығын байқаймыз. Алайда ондай болуы мүмкін емес екендігі белгілі.

3. Қинаятұлы «Муизз ал-ансаб» бойынша Үрүс ханның он бес баласы болғанын атап көрсетеді. Олардың жетеуі қыз, сегізі ұл. Ат-атымен тізсек төмендегідей: 1) Шукур (Шүкір немесе Шекер), 2) Туглубий (Тұғлыбике), 3) Ирен-бий (Иренбике), 4) Суду-бий (Сұлубике), 5) Менглик-Туркан (Мәңгілік Төркін), 6) Оглан-бий (Ұлан бике), 7) Менгли-бий (Меңді бике) аталғандар жалпы кестенің 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 тізімінде тұр. Ал Үрүс ханның сегіз ұлының аттары төмендегідей: 1) Тоқтақия (Тоқтақия), 2) Сайид-Али (Сейіт Әли), 3) Сайид-Ахмад (Сейіт-Ахмет), 4) Тоқта-Булад (Тоқта-Болат), 5) Туглук-Булад (Тоғылық-Болат), 6) Кутлу-Бука (Құтылық-Бұқа), 7) Тимур-Малик (Темір-Мәлік), 8) Куйурчук (Құйыршық). Олар кестедегі жалпы тізімнің 1, 2, 3, 4, 5, 13, 14, 15 санында тұр («Муизз ал-ансабтың») ²⁹⁹. Ал Қ. Өскенбай «Нусрат-намеге» сүйене отырып Үрүс хан өзінен кейін жеті ұл мен бес қыз қалдырғанын атап өтеді ³⁰⁰.

Осы жерде Т. Сұлтанов «Муизз ал-ансабтың» түпнұсқасын Рашид-ад-диннің «Шежірелер жинағымен» салыстыра отырып, В.Г. Тизенгаузен үлкен қателік жіберген деп түсіндіреді ³⁰¹. Т. Сұлтанов «Муизз ал-ансабтағы» қыздардың аттары төрт-

²⁹⁹ Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 232 б.

³⁰⁰ Ускенбай К.З. Некоторые моменты политической деятельности Урус-хана (анализ средневековой и современной историографии) // Отан тарихы. Ғылыми журнал. – Алматы, 1999. – №3. – С. 106.

³⁰¹ Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. – СПб., 2004. – 350 с. – С. 345.

бұрыш ішіне, ал ұлдардың аттары шеңбер ішіне белгіленгендігін анықтап Үрүс ханның ұлдары мен қыздарын бөліп көрсетеді.

3. Қиянатұлы В.Г. Тизенгаузен мәліметтеріне сүйене отырып, Үрүс ханның тұңғыш ұлы Тоқтақияның алты ұлы болған деп көрсетеді. Олар: Бахши-Би, Севді, Татлы, Әніке-Болат, Бугурчук және Тәңрі берді³⁰². Т. Сұлтанов «Муизз ал-ансабтың» парсы тіліндегі түпнұсқасын зерттей отырып, белгісіз автор негізгі мәтіннің шежірелік мәліметтерінің құрылу принципін айқын көрсететіндігін айтады. Ол оның әулеттік кітабында кестелер және басқа кескіндік фигуралар мен құрылымдар қолданғандығын анықтайды. Сөйтіп, ханшайымдарды тікбұрыш ішіне, ал ханзадаларды шеңбер ішіне, ал жоғарғы билікке қолы жетіп, патшалық еткен ханзадаларды екі линиялы тікбұрыш ішіне жазғандығын көрсетеді. Осыған орай Тоқтақияның алты ұлы емес, үш қыз: 1) Яхши-бий, 2) Севди, 3) Татлы (әрқайсысының есімдері жеке-жеке төрт бұрыш ішіне жазылған) және үш ұлы: 1) Әніке-Болат, 2) Бұғұшак, 3) Тәңірберді (аттары шеңбер ішіне жазылған) болған³⁰³.

3. Қиянатұлы В.Г. Тизенгаузеннің мәліметтеріне сүйене отырып Темір-Мәлікте 12 ұл болған, олардың ішінен белгілері: Сейид-Ахмет, Тоқта-Болат, Құтлық-Бұқа және Тұғлұқ-Болат деп көрсетеді³⁰⁴. Ал Т.И. Сұлтановтың мәліметтеріне сүйене отырып, Үрүс ханның ұлдарын бергенде, қайтадан Сайид-Ахмет, Тоқта-Пулат, Құтлық-Бұқа, Тұғлұқ-Болат есімдері қайта қайталанады. Аталған төрт ханзаданы автор біресе Үрүс ханның, біресе Темір-Мәліктің ұлдары етіп көрсетуінің өзі бұл жоғарыда келтірілген В.Г. Тизенгаузеннің түпнұсқаны түсінбегендігімен көрсетуге болады. «Муизз ал-ансабта» Темір-Мәліктің ешқандай балалары көрсетілмейді, яғни оның ұрпағының болмағандығына саяды. Т.И. Сұлтанов оның ішкілікке салынып, уақытын босқа кетіргендігімен түсіндіреді.

³⁰² Қиянатұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 232 б.

³⁰³ Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. – СПб., 2004. – 350 с. – С. 346.

³⁰⁴ Қиянатұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 232 б.

3. Қинаятұлы ары қарай Үрүс хан шежіресін жалғастыра отырып, Құйыршықтың Барақ, Рақия және Паенде-сұлтан атты үш ұлы болғандығын, ал Барақ ханның Сеадет-бек, Абу-саид, Мир-Касил, Мир-Сейид деген төрт ұлы болған деп көрсетеді. Тағы да «Муизз ал-ансаб» дерегіне жүгінетін болсақ, Пайанде-сұлтан мен Рукияа ұлдары емес, Құйыршықтың қыздары болғандығын, тек еркек кіндіктен Барақ қана болғандығын байқаймыз. Ал Барақтың 4 ұлы емес, бір қыз, үш ұлы, оның ішінде жоғарыда келтірілген төрт есімнің Сеадет-бегін қыз деп береді³⁰⁵. Құтлық Бұға Үрүс ханның ұлы екені жайлы Натанзиде де көрсетіледі³⁰⁶.

Қ. Салғараұлы өзінің «Хандар кестесі» атты еңбегінде Шыңғыс ханның шежіресін кесте түрінде келтіре отырып, онда Үрүс ханды Тұқа Темір ұрпағы Бәдіктің ұлы ретінде көрсетеді. Алайда жоғарыда келтіргеніміздей Үрүс хан Орда Еженнің тікелей ұрпағы екендігі анықталған болатын. Осы кестесінде жеті ұлын ғана келтіреді. Олар: Тоқтақия, Құтлық Бұға, Тұлүк Болат, Құйыршық, Тоқта-Болат, Сейіт-Ахмет, Сейіт Әлі. Көріп отырғанымыздай мұнда Темір Мәліктің аты аталмаған. Сонымен қатар Барақ хан Құйыршықтың емес Құтлық Бұғаның немересі, яғни оның ұлы Құтужақтың ұлы ретінде көрсетілген. Және Тоқтақия мен Құйыршықтан басқасының ұрпақтары көрсетілмеген³⁰⁷. Осы сияқты шиеленіскен жағдайларға жол бермеу үшін, Үрүс ханның шежіресі жөніндегі мәселені толығырақ зерттеу қажет.

«Муизз ал-ансаб» бойынша Үрүс хан әулетінен: 1) Тоқтақия, 2) Темір-Мәлік, 3) Құйыршық хан шаңырақтары тарайды³⁰⁸. Бұл үш есім деректе екі сызықпен сызылған тікбұрыш ішінде жазылған. Мұның мәнісін жоғарыда түсіндірген бола-

³⁰⁵ История Казахстана в персидских источниках. Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии). Т. III / отв. ред. А.К. Муминов; пер. с персидского, предисл., прим., подгот. факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – С. 44-45.

³⁰⁶ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 135.

³⁰⁷ Салғараұлы Қ. Хандар кестесі (Шығыс хандарының жылнамалық кестесі). – Алматы: Жалын, 1992. – 44 б.

³⁰⁸ Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. – СПб., 2004. – С. 346.

тынбыз. Тоқтақия шаңырағынан Қазақ хандығының алғашқы ханы Керей хан ұрпақтары тарайды. Құйыршық хан шаңырағынан Барақ хан тарайды. Барақ ұлы Жәнібектен Кеңесары Қасымұлына дейінгі барлық хандар – Құйыршық хан шаңырағының түлектері.

Сонымен қатар «Муизз ал-ансаб» шығармасында Қазақ хандығының алғашқы ханы Жәнібек жайлы мынадай мәлімет бар: «Барақ және оның ұрпақтары: ұлдары – МірСейіт, МірҚасым, ӘбуСейіт, қызы – Сеadetбике»³⁰⁹. Зерттеушілер бұл жердегі «ӘбуСейітті» «Жәнібек» деп тануымыз керектігін айтады.

Ал Бабырдың шығармасында Қасым хан жайлы құнды мәлімет кездеседі. Онда: «Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам бар еді»³¹⁰, – деп көрсетіледі.

269-шы нөмірімен Бодлеян кітапханасының қолжазба қорында сақталған «Силсилат ас-салатин» атты шығарманы шығыстанушы Ж.М. Тулебаева алғаш рет ғылыми айналымға енгізген болатын. Ол шығармада қазақ тарихына қатысты қызықты әрі қажетті мәліметтер кездеседі. Шығарма авторы Мір Мұхаммед Сәлім Шайбани ханның (905\1500-916\1510 жж.) өмірін баяндай отырып, оның Сыр бойы қалалары: Сауран, Сығанақ, Отырар қалаларын иемденгенінен хабар береді. Күшкінжі ханның (916\1510-937\1531 жж.) билігі жайлы тоқталғанда автор оның қалмақтарға қарсы Дешті Қыпшаққа жорығын сипаттайды. Ал Әбд әл-Әзіз ханның (1055\1645-1092\1681 жж.) билігін баяндай отырып, Мір Мұхаммед Сәлім оның бес жыл бойы қазақтармен, қырғыздармен, қалмақтармен, үргенштермен жүргізген соғысына тоқталып өтеді³¹¹.

1931 жылы жаздың ыстық күні жас геолог Қаныш Сәтбаев Орталық Қазақстанда Сарысу өзенінің оң жағалауы мен

³⁰⁹ История Казахстана в персидских источниках. Му'изз ал-ансаб (Прославляющее генеалогии). Т. III / отв. ред. А.К. Муминов; пер. с персидского, предисл., примеч., подгот. факсимиле и изданию Ш.Х. Вохидова; сост. указателей У.А. Утепбергеновой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – С. 44.

³¹⁰ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 32 б.

³¹¹ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 21.

Ұлытау маңынан жаңағы Темір орнатқызған тас ескерткішті тауып алған болатын. «Темір тасындағы» жазбада былай делінген:

«Жеті жүз тоқсан үшінші (1391 ж.) Қой жылының жазында, көктемнің ортаңғы айында, Тұран сұлтаны Темір бек екі жүз мың әскерімен өз есімі үшін Бұлғария ханы Тоқтамыс ханға қарсы жүрді. Осы жерге жетіп, ол белгі болсын деп осы обаны орнатты. Құдай әділетіне бастасын! Адамдарға Құдай рақым сыйласын! Біз ізгі жадында болайық!»³¹²

II Абдаллах ханның билігі жайлы баяндағанда шығарма авторы былай деп жазады: хан «очистив от сора и недругов территорию [Мавераннахра и Туркестана] до Улуг-тага (Ұлытау) и Кичик-тага (Кішітау) приказал построить минарет рядом с аналогичным сооружением, воздвигнутым в свое время эмиром Тимуром на одной из этих гор. Так как Тимур велел выбить на башне слова – «Если кто из витязей арены сражения после нас захватит эти страны, то и царствовании возвысится на подобные высоты, [то] Абдаллах хан приказал выбить на минарете следующее слова – Кто достигнет этих мест, пусть вспомнит нас с доброй молитвой»³¹³. Сонымен қатар шығармада II Абдаллах-хан тұсында Мауараннахр, Хорасан, Түркістан, Дешті Қыпшақ территорияларында көптеген мешіттер, медреселер, кесенелер салынғандығы жайлы айтылған.

Тәуекелдің Орта Азияға 1598 жылы жасаған шапқыншылығы парсы тіліндегі бірнеше нарративтік еңбектерде көрініс тапқан болатын. Соның бірі осы Мір Мұхаммед Сәлімнің «Силсилат ас-салатин» шығармасы. Автор өз шығармасында Бұхара маңындағы Тәуекел хан мен соңғы шайбандық билеуші Пірмұхаммед ибн Сүлеймен-сұлтан арасындағы соғысты сипаттап жазады. «Силсилат ас-салатин» шығармасына сенетін болсақ, қазақ Тәуекел хан хандардың ауысқанын естіп Ташкент пен Мауаренахрды жаулап алуды ұйғарды. Ташкент пен Самарқанды жеңіспен жеңіп алғаннан кейін Бұхараға қарай жыл-

³¹² Сұлтанов Т.И. Темір және оның империясы. – Алматы: Мектеп, 2007. – 152 б. («Жетінші сөз» сериясы). – 108-109 б.

³¹³ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 21.

жыды³¹⁴. Бұл оқиға Ескендір Мұңшының «Тарих-и аламара-йи Аббаси» атты шығармасында толығырақ баяндалады. Онда: «Тәуекел хан Түркістан және Мауараннахр уәлаяттарын, ең алдымен Ахсиді, Әндіжанды, Ташкент пен Самарқандты тура Мийанкальға дейін басып алып, жиырма мың адамымен інісі Есім сұлтанды Самарқандта қалдырды, ал өзі жетпіс-сексен мың адамымен Бұхараны бағындыру мақсатымен [әрі] аттанды»³¹⁵, – деп сипатталады. «Силсилат ас-салатин» шығармасына сенетін болсақ, Пірмұхаммед қарсылық көрсетпекші болады. Бұхара маңына келгеннен кейін Тәуекел әскерлері мен Пірмұхаммед әскерлері арасында кескілескен соғыс болады. Мір Мұхаммед Сәлімнің хабарлауынша таңнан кеш батқанша жиырма күн соғысқан³¹⁶. Ал Ескендір Мұңшының мәліметінше соғыс он бір күнге созылып, он екінші күні бұхарлықтар ашық шайқасқа шығып, жеңісті өз жағына қаратқан³¹⁷. «Силсилат ас-салатин» шығармасында да қазақ әскерлері жеңіліс тауып, ал Тәуекелдің Самарқанға қашқандығы айтылады. Оқиғаны «Тарих-и аламара-йи Аббаси» шығармасы толықтыра түседі: «...Бұл жағдайға ашуланған Есім сұлтан (оның) ізінен ерген қисапсыз көп әскердің Бұхараның шағын қосынынан жеңіліс тауып, қашуы сүмдық масқара екенін [айт] деп ағасына жаушы жіберді. Ал егер хан қашып құтылып, Самарқандқа келсе, самарқандықтар қарсы әрекет қақпасын ашып, олардың алдынан келісу қақпасын жабуы (солдай болуы) мүмкін деді. Жағдайдан шығудың ең жақсы жолы мынау: хан кері бұрылсын, ал өзі болса (өзінде бар) әскермен аса мәртебелінің үзеңгілесі болып қосылады. Тәуекел хан інісінің ақылына құлақ асып, тізгінді кері бұрды, (ал) Есім сұлтан оған келіп қосылды, сөйтіп олар тағы да шайқасқа әзірлене бастады»³¹⁸.

³¹⁴ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 21.

³¹⁵ Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 85.

³¹⁶ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 21.

³¹⁷ История Казахстана и Центральной Азии: учеб. пособие / Абусейтова М.Х. и др. – Алматы: Білім, 2001. – 620 с. – С. 321.

³¹⁸ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – Т. II; Ташкент. – 417-б.

«Силсилат ас-салатин» шығармасында Тәуекел хан өзінің інісі Есім ханмен бірігіп, қайта жорыққа аттанады. Ақыр соңында Пірмұхамедхан мен Тәуекел хан өз араларында бейбіт келісімге келеді. Оның шарты бойынша Пірмұхамедхан Тәуекелге Ташкентті беріп, ал өзі Бұхара мен Самарқандтан әскерлерін алып кетеді деп сипатталады. Сонымен бірге шығарма авторы Пірмұхамедтің Самарқандты Бақи Мұхаммедке, ал Ұзынсақалды (Мийанкальды) сойырғал ретінде Жармұхаммедке береді деп көрсетеді³¹⁹ (Сойырғал жерді иқта түрінде феодалдық сыйға тартудың одан әрі дамуы болды). Оқиға барысынан байқағанымыздай жеңіс қазақ әскерлерінің жағында болған секілді. Өйткені Пірмұхамедханның Ташкентті Тәуекелге беріп, өзінің Бұхара мен Самарқандты тастап кетуі бұл оның өз жеңілісін мойындағанын байқатады. Алайда «Тарих-и аламарайи Аббаси» шығармасындағы мәліметтер оған қарама-қайшы. Онда оқиға барысы былай сипатталады: «Пір-Мұхаммед хан мен оған ергендер Тәуекел хан қашқаннан кейін оның ізіне түсіп қуу және аталған (ханның) қол астында қалған жерді қайтарып алу мақсатымен Бұхарадан шықты...

Олар Ұзынсақал (Мийанкаль) маңында жаумен кездесіп, соғыс оты бұрқ етті. Сол кезде Пірмұхаммед ханға Дінмұхаммедханның бауыры Бақи сұлтан келіп жетті, ол қызылбастардың жеңімпаз әскерінің соққысынан Пул-и Салар майданынан қашып шыққан еді... Бақи сұлтан Тәуекелдің адамдарымен ұрыстарға қатысты және шайқастардың көпшілігінде жеңіс соның жағында болды. Шамамен бір ай бойы екі жақ арасында соғыс өрті лаулап тұрды. Тәуекел хан ұрыстарда күшін сарқып, Пірмұхаммед ханның әскеріне түн жамылып шабуыл жасағанға дейін Бақи сұлтан өзінің Пірмұхаммед ханға адалдығын дәлелдеп, ерлік пен адалдықтың үлгісін көрсетті, сөйтіп олардың арасында ауыр шайқас болды. Тәуекел хан жауынгерлерінің түнгі шабуылы кезінде Пірмұхаммед ханның туысы Сайид-Мұхаммед сұлтан мен Мұхаммед-Бақи аталық-диуанбегі қаза тапқанымен, Тәуекел де жараланып, табысқа жете алмады. Ол Ташкентке шегінді. Онда оның ауруы меңдеп, ол мәңгілік сапарға аттан-

³¹⁹ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 21.

ды»³²⁰. Бірақ Тәуекелдің Ташкентке шегінгеніне қарағанда Ташкент ол кезде қазақ ханының қолына өтіп үлгерген. Оның мұрагері болған Есім сол жылы Самарқанд пен Бұхараның әміршілері Бақи-Мұхаммед-сұлтанмен және Пірмұхаммед-ханмен «Самарқанд әскерлері Ташкентке қарсы ешқандай дұшпандық қимылдар жасамайды деген шартпен» келісім жасасты³²¹.

Тағы бір көңіл аударарлық жайттардың бірі Шайбан ұрпақтарының қай жылы өмір сүруін тоқтатқандығы жайлы факт. Алдын зерттеушілермен ол жыл 1599 жыл деп айтылып келген болатын. Кейіннен М.Х. Әбусейтова «Тарих-и Кипчак-хани» шығармасының мәліметтеріне сүйене отырып, бұл фактінің шындыққа сай келмейтіндігін айтып, Шайбани ұрпақтары өмір сүруін 1601-1602 жылы тоқтатқан деген шешімге келеді³²². «Силсилат ас-салатин» мәліметтері бұл пікірдің орынды айтылғандығын тағы да дәлелдей түседі. Онда: «...Впоследствии Баки Мухаммад окрепнув стал проводить независимую политику от верховного хана. В месяце зу-л-хиджа 1009/июне 1601 г. произошло решающее сражение между Пирмухаммед-ханом и Баки Мухаммадом, которое окончилось поражением Пирмухаммад-хана и сменой династии Шейбанидов Аштарханидами»³²³, – деп 1601 жылы Шайбандықтардың орнына Аштарханидтер келгендігін атап көрсетеді.

Шығарамада Аштарханидтік хан Бақи Мұхаммед-хан мен XVII ғасырдың басында билік еткен қазақ ханы Келді Мұхаммед екеуінің арасындағы қақтығыстар мен шайқастаржайлы да баяндалады. Бақи Мұхаммед-ханның жауынгерлері Хорасанға жорық жасауға дайындалып жатқан болатын. Осы кезде қазақ Келді Мұхаммед хан өзінің көптеген жауынгерлерімен келіп Ташкентті бағындырып, Самарқандқа аттануды ұйғарады. Сол себептен әлемді жаулаушы хан ең алдымен қазақ Келді Мұхаммедті жазалап, жолдан алу маңызды деп тауып, Хорасандағы

³²⁰ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – 417 б.

³²¹ Қазақ ССР тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. – 291 б.

³²² Әбусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 84.

³²³ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 21.

маңызды істерін кейінге қалдырады. Сөйтіп Келді Мұхаммед хан Бақи Мұхаммед-ханнан жеңіліп, оған тәуелділігін мойындайды. Ол жайлы шығармада былай сипатталады: «Словом, Кельди Мухаммад-хан еще не испытал жар удара, победоносного войска [Баки Мухаммад-хана], собрав старейшин и аксакалов, прибыл на место прощения и извинения. Оставив Ташкент слугам хана, возвратился в Дашт-и Кипчак, в место постоянного обитания... После этого все подвластные государству владения находились в полной безопасности»³²⁴.

Мір Мұхаммед Сәлім өз шығармасында Бақи Мұхаммед-ханның төрт жылдай уақыт билік құрып, елу алты жасында 1013/1604-1605 жылы қайтыс болғандығын хабарлайды.

Шығарма авторы аштарханидтік, бұхар ханы Имамқұли ханның (1611-1642) билеген уақыты жайлы баяндай отырып, бұхар-қазақ қатынастарының қалпына келе бастағанын айтады. Ал келесі бір аштарханидтік, бұхар ханы Надр Мұхаммед ханның тұсындағы оқиғаларды сипаттай отырып, Надр Мұхаммед хан таққа отырғаннан кейін тату көршілік қатынас орнату мақсатымен Иран, Индия, қазақ және қарақалпақ сұлтандарына елшілер жібергендігі жайлы хабарлайды³²⁵.

1052\1642-1643 жылдары Хива ханы Исфандийар (1032\1623-1052\1643 жж.) қайтыс болады. Ханның ұлдары Надр Мұхаммед ханға Хорезмге өз өкілін тағайындауын сұрап елші жібереді. Надр Мұхаммед хан хивалықтардың өтініші бойынша Хорезм билеушісі ретінде Софы сұлтанды тағайындайды.

Бұхар ханының билеген алғашқы жылдары Ташкент пен Ходжентте халық толқуы бүрк ете түседі. Бұл көтерілістер аса қатыгездікпен басып-жаншылады. Осы оқиғамен бір мезгілде әндіжандық әмірлерден қырғыз тайпаларының олардың жерлерін талан-таражға түсіргендігі жайлы шағым түседі. Ол жерге бір өкіл жіберу керек болады, таңдау диуанбегі Әбд әр-Рахманға бұйырады. Ханның бұйрығына орай диуанбегі Әбд әр-Рахман алдымен Балхтан Ташкентке, ол жерден Дешті Қыпшаққа қазақ

³²⁴ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 23.

³²⁵ Сонда. – С. 21-22.

сұлтаны Жәңгірге (1629-1630 – 1651-1652 жж.) аттану қажет болатын. Қазақтармен одағын күшейту үшін диуанбегі Әбд әр-Рахман бұхар ханының уәкілдігі бойынша өзінің үлкен ұлы Әбд әл-Әзізге Жәңгір ханның қызын қалыңдыққа сұрайды. Жәңгір хан да қалмақтарға қарсы Надр Мұхаммед ханмен әскери одақ құруға қызығушылық танытқан болатын, сондықтан да ол өз келісімін береді. Ханның бұйрығын алған диуанбегі Әбд әр-Рахман қазақ жауынгерлерімен бірге Өндіжанға қарай аттанады. Болған шайқаста қалмақтар жеңіліс табады.

1053\1643 жылы Жәңгір ханға қалмақтардың Түркістан мен Ташкентті басып алғандығы жайлы хабар келеді. Надр Мұхаммед хан дереу әскерлерін жарақтап, оған Жалаңтөс биді (Йалангтуш-би) басшылыққа тағайындап қазақтарға көмекке жібереді... Қалмақтар жан-жақтан қаумалап, қиян-кескі соғыс болады. Шайқас кезінде көптеген әскерлерімен Әбд әр-Рахман келіп үлгереді. Сол уақытта Жалаңтөс би ұланғайыр әскерлерімен Әбд әл-Әзізге келіп қосылады. Сөйтіп біріккен әскерлер күші қалмақтарға ойсырата соққы береді. Ержүрек өзбектер бірнеше өткелге дейін қалмақтарды қуып, бірталайын өлтіріп, бірнеше мың қалмақ қыздары мен жігіттерін тұтқынға түсіреді...

Надр Мұхаммед ханға көңілі толмаған әмірлер оған қарсы қастандық ұйымдастырып, қазақтар Ходжентті жаулып алды деген сылтаумен Әбд әл-Әзіздің басқаруымен әскер жасақтауды талап етеді. Қастандық ұйымдастырушылар қазақ сұлтандардың бірін Бақи бимен Ходжентке жіберіп, оны Ходженттің қазақ ханы етіп тағайындайды. Ол жерге әмірлер де құпия түрде аттанады.

Әбд әл-Әзіз сұлтан Ходжентті қоршауға кіріседі. Он бесінші күні оларға бұхарлық жауынгерлердің белгілі әмірлері келіп, оларға бекіністен өзен сағасына дейін артқа шегініп, күтуді ұсынады. Олар оған Бақи биді алып келуге уәде етеді. Әбд әл-Әзіз сұлтан өз уәдесін орындаған кезде оған бұхарлық әмірлердің уәкілдері Мүмін би мен Қазақ би келеді. Олар оған былай дейді: «Мы все являемся рабами и слугами падишаха [Надр Мухаммад-хана] и подобного Искандуру царевича [Абд ал-Азиз-султана]. Однако больше не [можем] выносить дерзости и горечи [со стороны хана] и выдержать господствующее положение балхцев. В интересах создавшегося положения, от-

правьте балхское войско во главе с Абд ар-Рахманом диванбеги к его величеству падишаху, оставив при себе некоторых сановников и прислугу. Пусть хан как прежде находится в Балхе, а вы правили бы в Мавераннахре и подобно покойному Имамкулихану утвердились бы в Бухаре. Мы приведем к вам Баки-бия при условии прощения его проступков, потому что, все, что до сегодняшнего дня связано с ним было задумано нами. В противном случае все будет сведено на нет».

Надр Мұхаммед хан бұл кезде Қаршын даласында еді, ол болған жағдайды ести сала Балхқа асыға жөнеледі. Әбд әл-Әзіз сұлтан Ходженттен Бұхарға оралып, оның хан болып тағайындалуы ақсүйектермен заңдастырылады.

Сонымен қатар Мір Мұхаммед Сәлімнің шығармасында бай жағрафиялық мәліметтер бар. Автор көптеген жергілікті жерлер мен аймақтардың атын атайды және де олардың орналасу жерлерін көрсетеді. Дешті Қыпшақ ауқымы жайлы мәліметтері көңіл аударарлық. Онда ұзындығы 1000 фарсах, ал ені – 600 фарсахты құрайды деген мәлімет көрсетілген³²⁶.

Қорыта айтатын болсақ Темір ұрпақтары шығармаларының Қазақ хандығы тарихының дерек көзі ретінде алатын орны ерекше. Онда қазақ елін ел ретінде қалыптасуына ат салысқан басқарушылары жайлы мәліметтер көптеп кездеседі. Және жоғарыда байқағанымыздай қазақ-бұхар қатынастары, қазақтардың қалмақтармен соғысы жайлы мәліметтер жақсы баяндалған. Сонымен қатар Темір әулеті шығармаларындағы қазақ хандарының шежіресіне қатысты мәліметтердің орны бөлек.

Студенттердің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Темірлік және Шағатайлық деректердегі бір оқиға немесе оған қатысты мағлұматтардың сабақтастығы мен ерекшелігі.
2. Темірлік және Шайбани әулетінің деректерін салыстырмалы талдау?
3. Қазақ-бұхар қарым-қатынастары қандай деректерде талданған.
4. Қазақ-жонғар қарым-қатынастары туралы темірлік дерек көздері.
5. Қазақ хандарының тарихи портреттері ортағасырлық темірлік деректерде.

³²⁶ Тулибаева Ж.М. Мир Мухаммад Салим и его сочинение «Силсилат ас-салатин» // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – № 2(23). – Алматы, 2003. – С. 21-23.

III бөлім

XIII-XV ҒАСЫРЛАРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЭТНОСАЯСИ ПРОЦЕСТЕР ТЕМІР ӘУЛЕТІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА

3.1. Әмір Темір және оның ұрпақтарының жорықтары

Темірлік тарихнамашылар Әмір Темір және оның ұрпақтарының жорықтарын өз шығармаларында үздіксіз жазып отырған. Темір мен оның мирасқорларының көрші елдерге жасаған қиян кескі соғыстары темірлік тарихшылармен жақсы бейнеленген. Олар көбінесе өз көздерімен көргендерін, естігендерін жазумен қатар кейбір тұстарында өздері ойдан құрастырып та жіберетін болған. Оған зерттеу барысында көз жеткізуге болады.

Енді Темірдің билік басына қалай келгені жайлы қысқаша мәліметтер келтіріп өтейік. XIV ғасырдың екінші жартысында, Алтын Орда мен Шағатай ұрпағы мемлекеті күлдырап, ыдырап кетті. Шағатай ұрпағы мемлекетінің батыс бөлігінде 50-60 жылдарда ірі түрік-монғол тайпаларының көсемдері арасындағы қиян-кескі күрес одан әрі жүріп жатты. Халық бұқарасы жаудың басып алу қаупі төнген жағдайда азаттық күресіне көтеріліп, оны сарбадарлар басқарды. Сол кезде Мауараннахрдың ірі феодалдары мен көпестері халықтық азаттық қозғалысын баса алатын және берік саяси билік орната алатын адамды іздестіре бастады. Олар түріктенген монғолдың барлас тайпасынан шыққан Тарағай-бектің баласы әмір Темірге (1336-1405) тоқтады. Өзінің мансапқа жету жолын шағын әскери жасақтың басшысы ретінде бастап, Темір Мауараннахрдағы соғыстар мен таластар кезінде, кейін 1360-1361 жылдары Тоғлық-Темірге қызмет етуге ауысқанға дейін екі жаққа бірдей әр феодалдық шиеленістерге қызмет көрсетумен болды. 1366 жылы Темір Әмір Хұсайынмен

бірге Самарқанд қаласы тұрғындарының халық-азаттық қозғалысын аяусыз басып жаныштады да, қаланы моғол әскерінен қорғаған сарбатарларды талқандады. Ал көп ұзамай 1370 жылы Темір Хұсайынды жеңіп, оны өлтірді де, Мауараннахрдағы билікті басып алды.

XIV ғасырдың 70-90 жылдарында Темір Шығыс Дешті Қыпшаққа, Жетісу мен Тянь-Шаньға оннан астам жорық жасады.

1370 жылы наурыз айында Темір жақсы қаруланған қосынымен Кештен шығып, Балхты қоршауға алады. Мауараннахрдың билеушісі Әмір Хусайн өлтірілді. Бұл оқиғалардан кейін мемлекетте Темірдің саяси дәрежесі күшейіп кетеді. Өйткені енді Мауараннахрда ол үшін күшті адам қалмаған еді³²⁷.

Әмір Темір өзі билік құрған 35 жыл ішінде Мауараннахрдағы саяси бытыраңқылықты тоқтатты, және өзі құрған мемлекетін империя дәрежесіне көтерді. Әмір Темірге Моғолстан, Хорезм, Оңтүстік Қазақстан, Иран, түркмендер, Қорасан, Бадақшан, Солтүстік Ауғанстан жерлері бағынды. Сондай-ақ Осман түріктеріне, Алтын Ордаға, Индияға бірнеше сәтті жорықтар жасайды. Хорезмге 7-8 рет, Алтын Ордаға 4 рет, Үндістанға 2 рет, Ақ Ордаға 2 рет, Моғолстанға 13 рет жорық ұйымдастырады. Басқа елдер мен халықтарға қатысты Темір жаулаушылық тонаушылық саясат жүргізді³²⁸. Оның агрессиясының ең алғашқы құрбандарының бірі – Оңтүстік Шығыс Қазақстан, Қырғызстан (Моғолстан) және Шығыс Дешті Қыпшақ (Ақ Орда) халықтары.

Темірдің Моғолстанға жорығы В.В. Бартольдта қысқаша мазмұндалған³²⁹. К.А. Пищулина XIV ғасырдың үшінші жартысында Темірдің Моғолстанға қатысты мақсаты мен міндеттерінің қалай өзгергендігі және Моғолстанның саяси-мемлекеттік, мәдени-шаруашылық өмірі үшін оның жорықтарының салдары қандай болғандығы жайлы түрлі деректердегі мәліметтерді салыстырады. «Мынаны ескерген жөн, бұл мәселеге қатысты

³²⁷ Мухаммоджанов А.Р. Темур ва Темурийлар салтанати. Тарихи очерк. – Ташкент, 1996. – 128 б. – 14 б.

³²⁸ Новосельцев А.П. Об исторической оценке Тимура // Вопросы истории. – 1973. – № 2. – С. 4.

³²⁹ Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Бартольд В.В. Сочинения. – М., 1963. – Т. II. – Ч. I. – С. 81-83.

темірлік деректер жалғыз дереккөз болып табылады. Онда тек әскери жорықтар ғана бейнеленіп қоймаған, сонымен қатар Оңтүстік Шығыс Қазақстанның ішкі жағдайы да сипатталады», – дей келе К.А. Пищулина Темір мен оның ұрпақтарының мүддесін қорғайтын бұл шығармаларға сақтықпен қарау керектігін ескертеді. Деректердің көпшілігі Темірдің жорықтарын моғол әмірлерінің тонаушылық мақсатта Мауараннахрға жүргізген жаулаушылық әрекеттеріне қарсы реакция ретінде түсіндіреді. Алайда бұл шындыққа сай келмейді. Низам ад-Дин Шами моғол әмірлері Кепек-Темір мен Өзбек-Темірдің (Өзбек-Темір-Шамиде Урунг-Темір; «Та'рих-и Рашидиде» Өзбек-Темір керейіт тайпасының әмірі болып табылады) шапқыншылықтары және Темірдің оларға қарсы жауапты жорығы 773 х.ж. (1371-1372 жж.) жайлы жазады. Мұхаммед Хайдар Темір Моғолстанға қарсы алғашқы жорығына өзі барған жоқ деп есептейді, керейіт Өзбек-Темірге қарсы әскер жіберіп, олар «Алмалық маңына дейін» жетті. Керейіт тайпасымен соғысып, соңынан бейбіт келісімге келіп әскерлер кері қайтты. Темірдің жауапты жорығын тудырған моғол әмірлерінің Мауараннахрға шапқыншылықтары жайлы Му'ин ад-Дин Натанзи мен Мирхонд та хабарлайды³³⁰.

Керейіттермен жасалған бейбіт келісім Темірді қанағаттандырмай, ол Моғолстанға әскерлерді өзі бастап жорыққа аттанды. Алғашқы екі жорығы жайлы мәліметтер қарама-қайшы. Шами моғол әмірлеріне қарсы Темір жіберген әскерлер оларды Ыстықкөл маңындағы Сегіз-ағашқа дейін қуып барды деп хабарлайды³³¹. Жорықтың сипаты мен нәтижесіне баға берерде шығарма авторларының пікірлері бір жерден шығады. «Жеңімпаз әскерлердің қолына көптеген тұтқындар мен сансыз олжа түсіп, жеңімпаз әскерлер көп олжамен қайтты...» (Йазди, Шами, Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини, Раузат ас-сафа, Та'рих-и Рашиди) – Темірдің Оңтүстік Моғолстанға жасалған жорығының бұл қорытындысы барлық авторлармен осы немесе басқа нұсқа-

³³⁰ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 63-64.

³³¹ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 64 б.

ларда бейнеленген³³². Бұл жолғы жорық келешектегі жорықтарының барлауы іспеттес болса ғана керек.

С. Жолдасбайұлы Әмір Темірдің 1375-1377 жылдары Моғолстанға жасаған жорығын бірінші жорығы деп көрсетеді³³³.

«Жорықтың алғашқысы 1375 жылы Моғолстанның бір бөлігі болып табылатын Оңтүстік Қазақстан арқылы өтіп, Жетісудің Шарын өзеніне дейін Моғол әскерлерін қуып жетіп, сол жерде оларға қатты соққы береді», – дейді автор. Му'ин ад-Дин Натанзи бұл жорықтағы Темір мақсатын тікелей жаулаушылық деп атайды: «Моғол елдерін басқару мүддесі үшін [Темір] сол ауданға жорыққа (йуреш) аттануға шешім қабылдады»³³⁴.

Бұл жорық Шараф-аддин Али Йаздидің «Зафар-намесі» бойынша Моғолстанға жасалған үшінші жорық ретінде көрсетіледі. Бейсенбі күні, шағбан айының басында, 776 (1375 жылғы 5 қаңтарда) Хазірет Сахибқыран жеңімпаз әскерін жинап, Жетеге бет алды, Қатаған* (Рабат-и Қатаған – Ауғаныстанның солтүстік бөлігіндегі қала) мекеніне түсті. Ауа бұлт болып, қар мен жауын-шашын селдетіп, суық болғаны соншалық ешкім еркін шыға алмас еді³³⁵. «Суықтың күшейгені соншалық мықтымын деген адамдардың өздерінің қол-аяғы жансызданып қалды. Шыбын жандарына қауіп төніп тұрғандықтан адамдардың күшкөліктері жайына қалды: адамдар да, жануарлар да шығынға ұшырады. Хазірет Сахибқыранның оларға деген рақымшылығы мен шапағат сезімі Самарқанға қайтып оралуға себеп болды.

Екі ай бойы суықтың беті бері қарағанша Самарқандқа тоқтады. Сонымен тағы да тышқан жылының басында, шаввал айының бірінші күні, дүйсенбіде, жеңімпаз жауынгелерін жасақтап жете бағытына, яғни Моғолстанға бет алды. Әмірзада

³³² Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 64.

³³³ Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан (ерте дүниеден – XVI ғасырға дейін). – Алматы: Ана тілі, 1995. – 111 б.

³³⁴ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 63-65.

³³⁵ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 383 б.

Жаһангерді маңлай салты бойынша алға жіберді және Шейх Мұхаммед сулдуз бен Әділ шах Баһрам Жалайыр ұлын әкесі қайтыс болған соң Хазірет Сахибқыран жалайыр елінің билігін оған тапсырған-ды. Әмірзаданың қоштаушысы етіп оның жанына қосты. Олар Сайрамнан өтіп Жарун (Шарын)* мекеніне жеткенде бір жетені тұтқынға алып, Сахибқыранға жөнелтті. Одан жауап алғанда: дулат* тайпасынан шыққан Камар ад-диннің өз әскерлерін жинап Көктөбе жерінде Қажыбекті күтіп отырғандығын және бұлардың әрекетінен бейхабар екендігін мәлім етті»³³⁶ [40, 77]. Му'ин ад-Дин Натанзидің хабарлауы бойынша бұл уақытта «Моғолстанның басқа сардарлары [әскербасшылары] Мауараннахрға шапқыншылық жасауға кетті»³³⁷. Яғни елдің жоғарғы билеушісі ретінде Камар ад-динге бағынбады.

Алынған мәліметтерге қарамастан Темір Камар ад-дин әскерлеріне тұтқиылдан соққы бере алмады. Моғол билеушісі Темірдің жорығы жайлы есітіп, Арышлар («Та'рих-и Рашиди» бойынша) немесе (басқа шығармалар бойынша) – Берке-и Гуриан деп аталатын адам аяғы баспайтын жерге тығылып қалады. В.В. Бартольд бұл Шарын өзенінің саласындағы шатқал екендігін анықтады: «Онда адам аяғы жетпейтін, Берке-и Гуриан деп аталатын шатқал бар, онда 3 үлкен өзен ағады. Камар ад-дин екеуінен өтіп, үшіншісінің маңына тоқтайды, ал өткелдерді жауып қояды»³³⁸. Жаһангер басшылығымен алдыңғы қатарлы әскерлер осы жерге келеді. Шайқас болып, моғолдар Іле өзені бағытында қашады. Ертесі Темір тағы да әскер жіберіп, олар моғолдарды Іле өзеніне дейін қуып, сол жерде олардың елін талан-таражға түсіреді.

Натанзи темірлік әскерлер Іледен артқа қайтып, Камар ад-дин Үш (Шығыс Түркістандағы Үш-Түрфан) жаққа қарай қашады деп хабарлайды. Әмір Камар ад-динді ұстап тұтқындау

³³⁶ Дулати М.Х.Тарих-и Рашиди (хак жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 77 б.

³³⁷ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 65.

³³⁸ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 69-б.; Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века (вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 65.

үшін Әмір Жаһангерге қосып бір жеңімпаз әскерді жібереді. Әмірзада бұйрық бойынша әскерлерімен жолға аттанады. Йазди бойынша, Камар ад-диннің «елі мен ұлысы арқылы өткенде», «оның барлық қоныстары мен тұрақтарын тонап» және әйгілі дулаттықтар Шамс ад-Диннің әйелі мен қызын тұтқындайды. Барлық авторлар Жаһангердің Темірге «тұтқындар, жылқылар мен қойлар ретіндегі көптеген олжа алып келгендігін» белгілейді³³⁹.

1376 жылы жорық Темір үшін сәтсіз болған. Өйткені, Моғолстанға аттандырған 30 мың әскерінің ішінде Темірдің Хорезмді жаулауға кеткенін пайдаланып, бүлік шыққан. Алайда бүлікшілер Самарқанға жетпей сәтсіздікке ұшырады. Олардың кейбіреулері Ақ Ордаға қарай қашып, шамасы онда қолдау таппай, Моғолстанға келіп Камар ад-динді Мауараннахрға шабуыл жасауға шақырады. Камар ад-дин бүлікшілерді қосып алып, Әмір Темірдің жоқтығын пайдаланып, Мауараннахрға шабуылға аттанады. Бұл жағдайды естіген Темір өз әскерін дереу қайтарады. Мұны естіген Камар ад-дин кері бұрылуға мәжбүр болған, Темір әскерлері олардың артынан түсіп Нарын жазығында Ат басы жерінде жеңіске жетеді. Камар ад-дин басты күшін сақтап қалу үшін қашып құтылуға мәжбүр болған. Бұл жорық Али Йазди бойынша Хорезмге жасалған үшінші-төртінші жорық ретінде көрсетіледі.

«...Одан көшіп, Сегіз ағашта және Камар ад-динге жетіп, соғыс болды, және Камар ад-дин қашып, Үш Қарабек оның ізіне түсіп қуды. Камар ад-дин сегіз кісімен қайта соғысты, көп зақым алып, шығып қашты...»³⁴⁰.

Әмір Темір Моғолстанға деген қаһарын бұрынғыдан да төге түседі. 1377 жылы тағы шабуылға шығады, бұл жолғы шайқаста Камар ад-дин Абақұм, Бұғым жерлерінде Темірден жеңіліп, қашып құтылады. Шапқыншылық кезінде жергілікті халық қатты зардап шеккен. Бұл жайлы деректерде былай деп көрсетіледі: «Темір Әмір Ақ-Бұға, Хитай-баһадүр және басқа да әмірлермен бірге Әмірзада Омар-шейхке Камар ад-динге қарсы

³³⁹ Пишулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 65.

³⁴⁰ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 80 б.

аттанып және оны ығыстырып, көзін құртуға барлық күштерін жұмсауды бұйырады. Олар бұйрыққа сай барынша қимылдап жедел Қаратау етегінде Камар ад-динге жетіп, патшаның жарлығына сәйкес ұрысқа кірісті³⁴¹. Лағыл түстес қылыш анардың түсіне айналды. Жаудың зәресі ұшып, жүзі қан сөлсіз бозарып жел ұшырған сабандай жан-жаққа бытырап қашты. Камар ад-дин қашып, жеңіске ие болған әскерлер, оның ұлысын тонап, біраз адамдарын тұтқынға алып, үлкен олжамен оралды. Соның нәтижесі мына бір өлеңде: Елің сүйген, ел сүйген шаһ әскері жеңіскер, Атажауын қашанда таптап өтер, тегістер», – деп беріледі³⁴².

...Камар ад-дин Оңтүстік Шығыс Қазақстандағы тек өз тайпасына ғана билік жүргізген жоқ, сонымен қатар жоғарғы билеуші ретінде Жетісу мен Тянь-Шаньнің басқа да тайпаларына біршама ықпалы болған. Алайда, елдегі оның билігі шектеулі болатын. Шығарма авторлары жорықтардың ішінен «Камар ад-динге қарсы» жорықтарды көп атайды. Бірақ бұл жерде «моғол ұлысына қарсы», «жете ұлысына» деп айтылады, яғни Камар ад-дин замандастарымен Моғолстанның жоғарғы билеушісі ретінде қабылданған.

1377 жылы Камар ад-дин екі жақтан да қаза болғандар саны көп болған Аба-Құм шайқасында жеңілгеннен кейін, «адам таба алмайтын жерге» тығылады. «[Темірлік Омар-Шейхтің] бұл жеңісінен кейін оның [Камар ад-диннің] әскері тәсілі толығымен үзіліп, әлі де аман қалған... моғол ұлысының қалғаны тұтқынға алынды. Камар ад-диннің Моғолстанның ешқандай аймағында қалуына мүмкіндік болмады». Тұтқындармен бірге «сансыз көп» олжа Мауараннахрға жеткізіліп, құлдыққа сатылды. «Сол уақыттан бастап Мауараннахр мен басқа да елдерде моғол гуламдары мен құлдары (барда) белгілі болды»³⁴³.

³⁴¹ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 133-134.

³⁴² Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 88 б.

³⁴³ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 68.

Темірлік тарихнамашылар Камар ад-динге қарсы жасалған жорықтардағы оның жеңілісін асыра бағалап көрсетеді. Алайда, Темірдің қайта-қайта Камар ад-динге қарсы жорық жасап, оны бірден толық күйрете алмағандығы, оны қолға түсіре алмағандығы Камар ад-дин әскерлерінің де күшінің орасан болғандығын байқатады. Камар ад-дин барлық өзінің негізгі күшін және де бүкіл моғол ұлысын жоғалтып, ұзақ уақыт бойы күш жинай алмады. Оның үстіне 1377 жылы Темір тағы да енді жеке өзі, Ыстықкөл маңына шапқыншылық жасап, Жұмқала мен Қошқар шегіне жетті. Құрамында бірнеше әмірлер мен әскерлері бар алдыңғы қатарлы отряд (манглай) Боам шатқалына (Шу өңірінен Ыстық-көлге барар жолда) жетіп, сонда Камар ад-динді қуып жетіп, «оның елін талан-таражға түсіріп, ал адамдарын тұтқынға алады»³⁴⁴. Камар ад-дин біршама өзін қолдаушылармен қашып кетеді. Темірдің өзі бұл кезде Тоқтамыстың Мауараннахрға көмек сұрап келгеніне байланысты еліне оралады.

1383 жылы Моғолстанға Темір жіберген әскерлер барин (бахрин, баарин) тайпаларымен соқтығысып қалады. Шайқаста моғолдар жеңіп, билеушісі өлтірілді. Моғол ұлысының басшысы Камар ад-динді табу үшін Темір тағы бірнеше қосымша әскер жібереді. Әскерлері бірігіп, Ыстық-көл маңынан өтіп, Көк-төбе жеріне жетеді. Алайда Камар ад-дин Жетісудің солтүстігіне кетіп үлгереді. Темір әскерлері Мауараннахрға қайтады.

Камар ад-диннің Темірден қайта-қайта жеңілуі оның ұлыстың басшысы ретіндегі ықпалын тұтастай үзді. Моғол тайпаларының арасында бытыраңқылық орын алып, орталықтанған биліктің болмауы Темірдің Жетісу аймағындағы халықтарды жекелеп шабуына жол ашып берді.

Алты жылдан соң, 1389 жылы, Темір Оңтүстік Шығыс Қазақстанға қарсы талқандаушылық жорық ұйымдастырды. Темірлік және де басқа деректердің мәліметтері бойынша бұл уақытта Моғолстанда бір-біріне тәуелсіз бірнеше иеліктер болған: Камар ад-диннің негізгі моғол ұлысынан басқа булгачи, баарин, аркенут, Енге-төре ұлысы және т.б. тайпалар тәуелсіз болды³⁴⁵.

³⁴⁴ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткич-лар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 65 б.

³⁴⁵ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 69.

Әмір Темірдің алдындағы басты мақсат Моғолстанды біржолата өз қол астына қаратып алу болды. Бұл мақсатына жету үшін 1380-1390 жылдар арасында Моғолстан жеріне және бірнеше рет өзінің балаларымен бірлесе отырып, 120 мыңдай әскермен жойқын жорықтар жасаған. Моғол ханы Қызыр Қожа хан мен Темір әскерлерімен шайқасуға әлі ерте деп қаша берген, Камар ад-дин де, Енге-төре де Темір әскерлерімен шайқаста жеңіле берген. Мұндай жеңілістерден кейін, Әмір Темірді өз күштерімен жеңе алмайтындарына көзі жеткен Камар ад-дин Ақ Орданың ханы Тоқтамыспен келісіп, Темірге қарсы саяси одақ құрған. Алайда бұл одақтан да еш нәтиже шықпаған. Әмір Темір бұл жасалып жатқан одақтан хабардар болып, алдымен Тоқтамыстың өзіне соққы беруге аттанып, одан Балқашқа қарай жүріп, Моғол әскерлерін Оңтүстік Шығыс Қазақстан жерінде талқандаған. Ал Темірдің баласы Омар шейх Алакөл маңында Итішпес жерінде моғолдардың екінші бір шағын бөлімшесін талқандаған. Низам ад-Дин Шами³⁴⁶ Моғолстандағы Темірдің қарсыласы Енге-төре болды деп жазады Шараф ад-Дин Али Йазди, соңынан Мирхонд қарсыластары ретінде Хызр-Қожа-ханды да атайды³⁴⁷.

Сөйтіп, 80 жылдың аяғында Моғолстан әскерлері Темір әскерлерінен Күнгес пен Текес өзендерінің аралығында Жұлдыз жазығында, Ыстықкөлде, Алмалыда, Қаратал өзенінің бойында ойсырата жеңіледі. Әмір Темір Моғолстанның әкімі етіп өзінің баласы Жанақшах баһадүрді сайлайды³⁴⁸.

Әмір Камар ад-диннің одан кейінгі жағдайын М.Х. Дулати былай деп баяндайды: «Әмір Камар ад-диннің өмірінің соңғы сәттері туралы Моғолстанның сенімді адамдарының айтуы бойынша ол Көл Качурде шемен ауруына шалдығып, дертінің күшейіп кеткені соншалық, кіндік астының терісі жарылып, сұйық зат тиылмаған. Дәл осы мезетте Әмір Темірдің қолы оған қарай бет алғанын есітіп жатты, алайда оның атқа мініп, тізгін

³⁴⁶ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 114-б.

³⁴⁷ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 74.

³⁴⁸ Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан (Ерте дүниеден XVI ғасырға дейін). – Алматы: Ана тілі, 1995. – 112 б.

ўстауға әл-дәрмені жетпеді. Әйтеуір елі оны бірнеше күнге жететін азық-түлікпен жанына екі адам және елші қосып, орман ішіне жеткізген болатын. Қалған кісілер қашып кетті. Қуғыншылар оны және оның адамдарын орман ішінен қанша сарылып іздесе де таба алмай қойды. Біртіндеп халық оның бүлікшілік әрекетін ұмыта бастады.

Өмір Темір де содан кейін көңілі жайланып, Моғолстанға алтыншы рет жорыққа шығуға кіріспеді. Қорытып айтқанда, Моғолстанда тыныштық орнады»³⁴⁹, – дейді Мұхаммед Хайдар Дулати.

Үрүс хан өлтірткен (Сарайды жаулап алуға қатыспағаны үшін) Маңқыстаудың үлесті билеушісі Жошы әулетінің Түй-Қожа-оғланның баласы Тоқтамыстың Темірге қашып келуі³⁵⁰ Ақ Ордамен соғысуға себеп болды. Мауараннахр билеушісі өзінің бұрыннан ойында жүрген Алтын Орданы немесе Жошы ұлысын қалайда болмасын әлсірету ойын іске асыру мезгілінің туғандығын ескеріп, Тоқтамысты пайдаланып қалуды қолға алған еді. «Темір Алтын Орданы өз мемлекетіне қосып алмақ ойы жоқ еді, тек өзінің мемлекеті үшін өте қауіпті күш болған хандықты жойып, оның жарты бөлігін өз қол астындағы хандарға тапсырып, Сарай Берке арқылы өтетін керуен жолын да Мауараннахр арқылы өтуі үшін күреседі»³⁵¹, – дейді өзбек тарихшысы А.Р. Мұхаммеджанов.

1876 жылы Темір Самарқандқа келгенде, Жошы тұқымынан шыққан шыңғыстық Тоқтамыс Үрүс ханға қарсы күрес үшін көмек сұрап келгені белгілі болды. Тоқтамыс ханның Темірге бас сауғалап келуін Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармаларда әр түрлі баяндайды. Мысалы: Шами «Тоқтамыс оған қатысты зұлымдық ойластырған бір топ адамдардан қорқып»³⁵², Темірге қашып келетіндігін айтады. Йазди бойынша,

³⁴⁹ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 89 б.

³⁵⁰ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 61-62.

³⁵¹ Мухаммоджанов А.Р. Темура ва Темурийлар салтанати: тарихи очерк. – Ташкент, 1996. – 13-14 б.

³⁵² Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 106.

«Тоқтамыс-оғлан Орыс ханнан күмәнданып, Темір сарайынан бейбіт қорғаныс іздеп келеді»³⁵³, – деп берілсе, Фасих Ахмед бойынша, «Тоқтамыс-хан Орыс ханнан теріс айналып Әмір Сахыбқыранға келеді»³⁵⁴ – деп беріледі. Бұл оқиға жайлы «Темір ережелерінің» орысша, өзбекше аударамаларының өзінде екі түрлі беріледі: «Тоқтамыс Орыс ханнан жеңіліп, менен қамқорлық іздеп келгенде, мен оған әскерімді сенсем ба екен, немесе мән бермесем ба екен деп көп ойландым»³⁵⁵. Немесе, «Дешті Қыпшақ ханы Тоқтамыс хандыққа таласып, Орыс ханнан жеңіліп, менен пана іздеп келген еді»³⁵⁶, – деген мәліметтер келтіріледі. Десек те, барлығы да Тоқтамыстың Орыс ханнан қашып келгендігін көрсетеді.

Бұл хабарды естіген Темір оның алдынан күтіп алу үшін Әмір Тұман-Темірді жібереді³⁵⁷. Ал Самарқанди бойынша, «Бек-Полад Тоқтамыспен соғысып, Тоқтамыс Темірден пана іздеп, жақын маңда екендігі» белгілі болды. «Темір оның алдынан күтіп алу үшін сый-сыяпатпен Темір ноянды жібереді»³⁵⁸. Алайда, Самаркандиде бұл уақыт 1378-79 жылдары болған деп көрсетілуі қисынсыз.

Шыңғыстық ханзаданың өзіне көмек сұрап келіп отырғанына ырза болған Темір өзінің жоспарларын жүзеге асыру барысында оған Ақ Орда шекарасындағы Сырдарияның орта ағысының солтүстік жағалауында орналасқан Отырар, Чабран және Сығанақ қалаларын береді³⁵⁹.

³⁵³ Сонда. – С. 146.

³⁵⁴ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136.

³⁵⁵ Уложение Тимура / ред. Р. Азимова. – Ташкент, 1992. – С. 108.

³⁵⁶ Темур тузуклари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Кароматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изоҳлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 55 б.

³⁵⁷ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 106. – 146 с.

³⁵⁸ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 191.

³⁵⁹ Рене Груссе. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. II / пер. с франц. Х.К. Хамраева; сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2005. – С. 184.

Шами мен Фасих «Темір Тоқтамысқа Отырар және Сауран аудандарын береді»³⁶⁰, дейді. Али Йазди бойынша оған «бүкіл Сабран (Сауран) және Сығанақ аудандары беріледі»³⁶¹; Натанзи шығармасында³⁶² Сауран, Отырар, Сығанақ қалаларын бергендігі баяндалады. Алайда, ол жерлердің барлығын Тоқтамыс жаулап алғаннан кейін ғана, оның иелігіне айналатын еді. Осылайша, Темір Тоқтамысты өзінің сыртқы саясатында шебер пайдалана білді.

Әмір Темірдің Тоқтамысқа әр түрлі сыйлықтар бергендігі жайлы Низам ад-дин Шами былай дейді: «Тоқтамыс оғлан келгесін әмірлер ара ағайындық жасап, оны Темірге таныстырады. Ұлы мәртебелі оған (Тоқтамысқа) ханзадаларға ең жоғарғы дәрежеде көрсетілетін тағлым салты бойынша үлкен құрмет көрсетіп қабылдады. Темір оны қасына ертіп Самарқанқаласына келіп, хан салатанаты дәрежесіндетой жасап, оған (Тоқтамысқа) және оның жора-жолдастарына қаншама алтын және әшекей заттар, мал және кездемелер, жылқы мен қашар, шатыр мен лашықтар, тіпті адам пенденің ойына да кіріп шықпайтындай, байрақты жасағымен әскерлерді сыйға тартады»³⁶³, «Отырар мен Сауранға әкім етіп сайлады»³⁶⁴. Бұл жерден Темір ұрпақтары тарихшыларының қамқоршыларын мадақтауы анық байқалады. Оның жанашырлығын көрсеткісі келеді.

Му'ин ад-дин Натанзи Тоқтамысқа Сырдарияның бүкіл өңірі берілді деп түсіндіреді: «Темір оның (Тоқтамыстың) атымен Түркістанды басқару жөніндегі грамота жазылсын деген бұйрық берді»³⁶⁵.

³⁶⁰ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – с. 106; Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136.

³⁶¹ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 82 б.

³⁶² Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 106.

³⁶³ Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 томдық. – Астана: Фолиант, 2005. 3-т.: Ортағасырлық тарихи ой. – 2005. – 255 б.

³⁶⁴ Абдураимов М. Темур ва Тухтамиш. – Ташкент, 2000. – 6 б.

³⁶⁵ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 106.

Тоқтамысты жорыққа шығарып, Темір өз жеріне Түркістанды қосып алуға ұмтылды, бұл оған Ақ Орда мен Алтын Ордаға жол ашар еді. Бірақ Тоқтамыстың 1374-1375 жылдардағы алғашқы жорығы сәтсіз болды. Сауран түбіндегі шайқаста Үрүсханның балаларының бірі Құтлығ Бұға талқандалып, өлтірілгенімен, Тоқтамыстың Самарқандқа өзінің қамқоршысына қашуына тура келді. Бұл жайлы деректер былай дейді: «Сахыбқыран Сабран мен Сығанақты Тоқтамыс оғланға берді. Тоқтамыс сонда барып отырды. Құтлығ Бұға ол ұрыста оқ тиіп өлді; Тоқтамыс тұралмай қашты, ондағы елді тонады. Тоқтамыс қашып сахыбқыран қасына келді. Хазірет оны алдын келгенінен де жақсырақ ізет тұтып, қайта жарақтап, аттандырды»³⁶⁶, – деп тағы да Темір ұрпақтары тарихшылары өз қорғаушысының ізеттігін көрсетуге тырысады. Алайда деректің астарынан Темірдің күйтырқы саясатын байқауға болады. Ол Тоқтамысты өз жоспарын іске асыруда пайдаланғандығын жоғарыда атап айттық.

Әмір Темірден әскер жарақтап алып Тоқтамыс тағы да жорыққа шығады. Жау жақтан Орыс ханның ұлы Тоқтақия болса Әлібек пен әйгілі шахзада әмірлермен бірігіп, Тоқтамысқа қарсы жолға шығып, онымен соғысып, оны тағы да қашырады.

Осылайша Тоқтамыс Сауран түбінде бір емес бірнеше рет Орыс ханның балаларынан жеңіліп қалады. Бірақ Әмір Темір Тоқтамысты қайта-қайта қаруландырып, әскерлерімен бірге аттандырып отырды.

Темірдің жорықтары, оның ішкі мұрагерлік талас-тартыстарға араласуы Орыс ханды Сарайдан тез арада кетіп, Ақ Ордаға оралуға мәжбүр етті. Темір тағы да Тоқтамысқа әскер жасақтады, бірақ ол жорыққа шығып үлгермей-ақ, Орыс ханның елшісі келіп, оның әскері Түркістанға келе жатқаны және Тоқтамысты қайтару туралы талапты хабарлады. «Тоқтамыс менің ұлдарымды өлтірді, және де сіздің жаққа барды. Дүшпанымды маған тапсырыңыз, болмаса соғыстың орнын белгілеңіз!» – дейді, Орыс хан. Осыған байланысты айтылған Темір жауабы Темір мен оның ұрпақтары тарихнамасында әр түрлі баяндалады:

³⁶⁶ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 82 б.

«Ірі мемлекеттерді иеленушілердің батылдық пен әдет-ғұрыптарының қай заңында бірер мемлекеттен пана іздеп келген адамды дұшпан қолына тапсыруға жол беріледі?! Бұндай болу мүмкін емес. Әрине, бұл сылтауға бола жанжал көтерілсе, ықтиярсыздан соғысқа дайын болу керек»³⁶⁷. «Ол бізге сеніп келіп тұр. Мен оны ешкімге бермеспін. Алайда ұрыс десеніз дайын тұрмыз»³⁶⁸. «Темір қатты ызаланып, Кандахар аймағынан Хотан шекарасына дейінгі барлық атты, жаяу әскерлер белгілі уақытта жиналып, жауға тойтарыс беруге аттансын, деген қаһарлы бұйрық берді»³⁶⁹.

«Шынымен де Темір соншалықты ашық түрде қастықпен жауап берді ме?» – деп Қ. Өскенбай жауаптың мәтінде әр түрлі нұсқада берілуі ақпаратшылардың мәліметтерінің шынайылығына күмән туғызатындығын атап көрсетеді³⁷⁰.

«Темір ережелерінде» Орыс хан елшілігі жайлы нақты мәліметтер бергенімен, елшінің аты мен келу мақсаты аталмайды, бірақ темірлік тарихшылар Шами, содан соң Натанзи мен Йазди Орыс ханның тек бір елшілігі жайлы ғана ескертеді. Оның басында Кебек тұрды.

Қ. Өскенбай кейбір зерттеушілердің «Темір ережелеріндегі» елшіліктің Темірге кейінірек соғыс қимылдары кезінде келді деп жорамалдайтындығын айтады.

Елшілікке қатысты «Темір ережелерінен» мәтін келтірейік: «Дешті Қыпшақ ханы Тоқтамыс хандыққа таласып Орыс ханнан жеңіліп, менің қарамағыма қашып келген еді. Онымен бірге қосын жіберсем ба екен, жоқ өзім барсам ба екен деп тұрғанымда Орыс ханның елшілері келіп қалды. Кеңесіп, елшінің көңілін аулап, содан соң кетулеріне рұқсат беріп, елшінің соңынан әскер жіберуді немесе, елші жайбарақат барып, болған оқиғаларды Орыс ханның мәжілісінде баяндасын, ертесі күні менің

³⁶⁷ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 103-104 б.

³⁶⁸ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 83 б.

³⁶⁹ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 136.

³⁷⁰ Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII-первой трети XV-века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс. на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 106.

әскерлерім тосын жағдайда олардың үстінен бастырып кірсін деп ойластырдым»³⁷¹.

«Ережелерде» суреттелген елшілердің Темірге келу жағдайы, бұл жерде Кебек-маңғыт басшылық еткен елшілік жайлы сөз болып жатыр деп топшылауға болады. Ал жоғарыда келтірілген Темірдің елшілерге айтқан қаһарлы сөздерін ғайбарлы, біржақты темірлік тарихнамаға тән тағы бір бұрмаланған мәліметтер деп санауға болады»³⁷², – дейді Қ. Өскенбай.

Алайда деректегі мәліметті әрі қарай жалғастыра болсақ былай делінеді: «Ойлағанымдай іс жасаған едім, жоспарым жүзеге асты. Орыс хан елшісі болған оқиғаларды баяндап жатқан уақытта, менің қорықпас әскерім тосыннан Орыс хан үстінен түсті. Орыс хан қарсылық көрсете алмай, қашуды ұйғарды. Дешті Қыпшақ мемлекеті маған бой ұсынды»³⁷³. Ал Темір тарихшыларының айтуынша³⁷⁴ Әмір Темір тосыннан емес, алдын ала даярлықпен жорыққа аттанды. Соның өзінде бірден соғыспайды. Өйткені тылсым табиғат кедергі болады.

Темірлік тарихшылар бірауыздан Темір әскерінің Сырдариядан (Сейхуннан) өтіп, Отырар даласында орналасқанын³⁷⁵, – айта отырып Қ. Өскенбай Отырардың жақын маңайларында Темір әскерлері орнықпағандығын, ол туралы әскери-саяси оқиғаның келесі қадамы көрсететіндігін хабарлайды.

Ақ Орда әскерлерінің орналасқан жерін Шами мен Йазди Сығанақ деп атайды: «Орыс хан, барлық Жошы ұлысын жинап, Сығанаққа жетіп тоқтады. Ол жерден Отырарға дейін 24 фарсах»³⁷⁶ Натанзи бойынша³⁷⁷ Орыс хан әскерлерімен Сауранға

³⁷¹ Темур тузуклари / Форсчадан А. Соғуний ва Х. Кароматов тарж.; Б. Ахмедов тахр.; сузбоши ва изохлар Б. Ахмедовники. – Ташкент, 1996. – 55 б.

³⁷² Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII-первой трети XV-века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс.на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 106.

³⁷³ Уложение Тимура. ред.: Р. Азимова. – Ташкент, 1992. – С. 54.

³⁷⁴ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 104-105-бб.; Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 83 б.

³⁷⁵ Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII-первой трети XV-века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс. на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 107.

³⁷⁶ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 148, 107.

орнықты және де екі әскерлердің аралығы шамамен жеті фарсахты құрады.

«Біздің санауымыз бойынша, – дейді Қ. Өскенбай, бір фарсах бес-жеті киллометрді құраса, бірінші жағдайда жау әскерлерін 120-170 км қашықтық бөліп тұрды, екінші жағдайда – 35-50 км. Екі жақтың барлаушы отрядтарының арасында үнемі болып тұрған қақтығыстарды ескеретін болсақ, Натанзи пікірі біршама шындыққа жақын екендігін мойындау қажет³⁷⁸.

«Бір-біріне қарама-қарсы тұрған жау келесі күні соғысқа дайындалумен айналысты»³⁷⁹. Алайда Орыс хан мен Темір арасында шешуші соғыс болған жоқ. Оқиғаның болуына табиғат кедергі жасады. «Сол кеште ауа бұлттанып, қар мен жауын жауды. Қатты суық болғаны соншалық, екі жақтан да бірде бір жанның әрекет етуге батылы жоқ еді. Үш айға жуық бір-біріне қарсы отырып, Сахыбқыран дұшпан әскерлеріне алдын ала соққы беру үшін әмірзада Ярық Темір, Мұхаммед Сұлтаншах, Хитай-баһадүр мен Мубашширді жіберді. Бұйрыққа сәйкес бес жүз кісі атқа мінді»³⁸⁰. «Кешкісін Орыс ханның ұлы Темір Мәлік оғланға кезікті. Олар үш мың кісі бар еді»³⁸¹, – дегеніне қарағанда Орыс хан әскерлерінің жеңілуі мүмкін емес еді. Ал темірлік тарихшылар «жаудың қашқаны»³⁸² жайлы мәлімдейді. Олар тағы да шындықты бүгіп қалуға тырысып, Темір әскерлерінің артқа шегінгендігін мойындағылары келмейді. Дегенмен, болған оқиғалар мұның растығын дәлелдейді: «Бұл соғыста Ярық Темір мен Хитай-баһадүр қаза тапты. Темір Мәлік оғлан-

³⁷⁷ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 136.

³⁷⁸ Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII-первой трети XV-века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс. на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 107.

³⁷⁹ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 136.

³⁸⁰ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 104-105 б.

³⁸¹ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 83 б.

³⁸² Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 104 б.; Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 83 б.

ның аяғына Елші бұға атқан оқ, аяғынан өтіп атқа қадалды»³⁸³. Ал тірі қалған Мұхаммед Сұлтаншах қайта оралды. Бұл жағдайдан кейін Темірдің негізгі күші өзінің жоғарғы билеушісімен Кеш қаласының бағытында артқа шегінді. Сол маңда бір аптадай уақыт өзінің әскерін ретке келтірумен айналысты, сөйтіп Тоқтамысты жол көрсетуші ретінде жанына алып, бір аптадан соң қайта жорыққа аттанды. Екі аптадан соң ол Орыс ханның ұлысы орналасқан Жайран-Қамыс деген жерге жетеді. Кейінгі болған жайт темірлік тарихнамашылардың шығармаларында жеңісті жағдайлар қысқа ғана беріледі. Сол уақытта олардың басты жауы – Орыс ханның өлімі жайлы, оның орнына үлкен ұлы Тоқтақия тағайындалғаны туралы хабар келеді. Алайда кейбір зерттеушілер бұл жайтты былай көрсетеді: «Сахыбқыран Орыс ханға қарсы күресу үшін Сығанаққа жақын келіп орналасады. Ауа райының жамандығы, қаһаған қыс пен жауыншашынға байланысты артқа қайтып бірнеше ай Кеште тұрды. Содан соң Орыс ханға қарсы соғыс бастау үшін Тоқтамысты жолбасы етіп алған бір уақытта жоспар бірден өзгеріп, бірінші Орыс хан, кейінірек оның ұлы Тоқтақия қаза тапты»³⁸⁴. Яғни Орыс хан мен Темір әскерлері арасында болған қақтығыстарды соғыс деп есептемейді. Орыс ханның өлімі Темірге жол ашып беруі керек еді. Ол сол мезетті пайдаланып шешуші соғысқа кірісуі қажет еді. Алайда, ол өз иелігінің шекарасында Тоқтамысты Хынкоғлан атты ат³⁸⁵ сыйлап қалдырып, өзі Самарқандқа қайтты. Мауараннахр билеушісінің бұлай тез қайтуы және артынша Тоқтамыстың жеңіліс табуы 1377 жылы көктемде орын алған оқиға нәтижесіне басқаша қарауды қажет етеді³⁸⁶. Яғни бұл Темір әскерлерінің Орыс хан әскерлерінен жеңілуі деп қорытындылауға келеді. Тоқтақия өлгеннен соң Алтын Орда

³⁸³ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 105 б.

³⁸⁴ Абдураимов М. Темур ва Тухтамиш. – Ташкент, 2000. – 7 б.; Улжаева Ш. Амир Темур ва Темурийлар даврида миллий давлатчиликнинг ривожланиши. – Ташкент, 2005. – 197 б.

³⁸⁵ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенom и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 108, 149, 137.

³⁸⁶ Ускенбай К.З. Восточный дашт-и кыпчак в составе улуса джучи в XIII-первой трети XV века: аспекты политической истории Ак-Орды: дисс.на соискание уч. степени к.и.н. – Алматы, 2002. – С. 110.

тағына Темір Мәлік отырды. Тоқтамыс Әмір Темір әскерлерінің күшімен Темір Мәлікке қарсы күреседі. Темір Мәліктен Тоқтамыстың әскерлері үш рет жеңіледі. 1379 жылы Темір Тоқтамысқа және көмек береді. Бұл жолғы шайқаста Тоқтамыс Қараталда қыстап жатқан³⁸⁷ Темір Мәлікті біржола талқандайды. Сығанақтың жаңа билеушісі алғашқы кезде өз қамқоршысының бұйрығын орындап жүрді. Кейіннен Ақ Орданың атақты әміршісі толық қожасы саналған Тоқтамыс хан енді Әмір Темірге деген тәуелділіктен бас тартып оның өзіне қарсы әрекеттер – жасап, енді Алтын Орданы өз қолына толық алуға күрес жүргізеді.

«Барлық тарихшылар мен аңыз-жыр айтушылардың пікірі бір жерден шығып, Темір-Тілек-ханның билігі біткенде жеңіскер ұлы Сахыбқыран Әмір Темір Гураганның қолдауымен Тоқтамыс-хан хан тағына отырды³⁸⁸. Алғашқыда Сахыбқыран акбар Әмір Темір Кураганның Тоқтамысқа деген игі ниеттілігінде шек жоқ болатын, соңында пайдакүнем адамдардың өсек-аяндарынан олардың арасына суықтық түсіп, Сахыбқыран акбар Әмір Темір Кураганның мейірбандығы Тоқтамысқа қатысты жеккөрушілік пен дұшпандыққа айналды, тіпті, бірнеше рет соғыс та жүз берді». Осылайша, Тоқтамыс өзін Ақ Орданың билеп-төстеушісі деп есептеп, Ақ Орданың көптеген әмірлері оның жағына шықты. 1380 жылы ол Сарайды, Қажы-Тарханды, Қырымды және Мамай Ордасын басып алды³⁸⁹. М. Абдураимовтың пікірінше, Темір мен Тоқтамыс ортасындағы қарым-қатынастың бұзылуына тағы бір себеп Хорезм мәселесі барысында келіп шыққан. Өйткені, Хорезм XIV ғасырдың 60-жылдарға шейін Алтын Орданың негізгі бөлігі есептеліп келген, Тоқтамыстың Әзірбайжанға жүрісі Әмір Темірдің Хорезмді өз қарамағына кіргізу үшін бір әдісі еді³⁹⁰.

³⁸⁷ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 108-109.

³⁸⁸ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 332.

³⁸⁹ Омарбеков ТАШКЕНТ, Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – С. 153.

³⁹⁰ Абдураимов М. Темур ва Тухтамиш. – Ташкент, 2000. – 19-б.; Улжаева Ш. Амир Темур ва Темурийлар даврида миллий давлатчиликнинг ривожланиши. – Ташкент, 2005. – 197 б.

Тоқтамыс өзінің қамқоршысы болған Темірден біржола бас тартып, орыс жеріне және Хорезм жеріне шабуыл жасауға әрекет жасайды.

1380 жылы 8 қыркүйегінде Алтын Орда билеушісі Мамай Куликово даласында Дмитрий Донской басқарған орыс әскерлерімен талқандалды, содан соң Азов теңізінің жанында Тоқтамыспен талқандалып, жаңа ханның жеңісі жайлы орыстар сол жылы ақ біледі. 1381 жылы орыстар Тоқтамысқа бағынудан бас тартқанда, ол келесі жылы (1382) Ресейге қарсы қанды жорығын ұйымдастырады. 26 тамызда Мәскеуді толығымен құлатып, тонайды, осылайша Ресейдегі татар үстемдігін тағы да жүз жылға бекітеді³⁹¹.

Мамай мен Тоқтамыс соғыстары жайлы темірлік шығармаларда қысқа ғана мәлімет беріледі. «...Көктемде Тоқтамыс хан өзінің сансыз көп әскерін жарақтап, жорыққа аттанды. Сарай патшалығы мен Мамак (Мамай) елін бағындырды. Оның билігі мен ықпалы күшейе түсті, Темірдің бұйрығына орай бүкіл Жошы ұлысы оның билігінде еді»³⁹². Ал «Шыңғыс наме» бойынша ол толығырақ баяндалады: «[Содан кейін ол] Қийат Мамайға қарсы жорыққа аттанды. Мамай да көп әскерімен қарсы шықты. Қырғын соғыс болды. Мамайдың әскері жеңілді, өзі қолға түсті. [Оны] өлтірді. Ел-жұртын Еділ дариясының бойына алып келіп орналастырды. Осы кезде Тоқтамыс хан Сарай шаһарына Сайын хан тағына отырып, ұлы хан болды.

Жәнібек ханнан қалған елдерінің көбі Мамайда еді. [Тоқтамыс хан] Мамайды өлтіріп, ел-жұртын және нөкер сарбаздарын алып Сарай уәлаятына келген кезде Дешті уәлаятындағы өз беттерінше серкеш болып, бас көтеріп жүрген кісілер шарасыздан өздері келіп, бағынып, нөкері болды»³⁹³. Араб деректерінде де біраз мәлімет бар. Бірақ онда Мамайды оның Тоқтамыс өлтіргені жайлы айтылмайды. Тоқтамыстың Мамайға қарсы Қы-

³⁹¹ Бартольд ВВ. Тоқтамыш / Бартольд ВВ. Сочинения. – М., 1968. – Т. V. – 757 с. – С. 565.

³⁹² Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 150-151.

³⁹³ Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 197-б.

рымға жорыққа шыққандығы жайлы баяндалып, көп уақыт Мамай жайлы ешқандай мәлімет болмай, кейінірек оның өлгендігі жайлы хабар анықталғандығы көрсетіледі³⁹⁴.

Ақ Орда ханы болып танылған Тоқтамыс Алтын Орда мен Ақ Орданы біріктіреді. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл алдыңғы Жошы ұлысының территориясын Сырдарияның төменгі ағысынан бастап Днестрге дейін, Сығанақтан Отырар, Киев қалаларына дейін. Шыңғыстық ата-бабаларының дәстүрін жалғастыра отырып, ол ұлы моңғол жорықтарын жаңғыртты. Христиандық Русь елін жаулап алды, 1382 жылы 26 тамызда Мәскеуді өртеді. Владимир, Юрьев, Можайск және тағы басқа орыс қалаларын қиратып, тіпті араға түспек болған Полтаваның литовтықтарын да талқандап, бір ғасырға Мәскеуді моңғол бағыныштылығына айналдырады³⁹⁵. А.Р. Мұхаммеджанов «Тоқтамыс Мәскеуге 1384 жылы бастырып кіріп, қалаға өрт қойды»³⁹⁶, – дейді.

Алтын Орда мен Ақ Орданың бірігуі, Мәскеудің талқандалуы Тоқтамысты жаңа Батый мен жаңа Берке ретінде танытты. «Шыңғыс хандықтардың Қытайдан ығыстырып, Парсы елінде жойылып, Түркістанда мүлдем жоқ болып кеткен тұсында бұл қайта өрлеу ерекше мәнге ие болды»³⁹⁷.

Көптеген табыстардан басы айналған Тоқтамыс үшін Әмір Темір ешкім де болмай қалады. «Белсенді, күш-жігерге толы, дене бітімі тамаша (Ескендір анонимі оны осылайша суреттейді), әділеттілігі үшін моңғолдармен сыйлы ол (Тоқтамыс) оны өзімнің ұлым деп атаған, мансапқор түріктің көлеңкесінде жүріп шаршады. Әлбетте, ол жасаған жақсылығын ұмытып, оған өзінің мансабымен міндетті екенін ұмытып

³⁹⁴ Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 277.

³⁹⁵ Рене Груссе. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. II / пер. с франц. Х.К. Хамраева; сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2005. – С. 185.

³⁹⁶ Мухаммеджанов А.Р. Темур ва Темурийлар салтанати. Тарихи очерк. – Ташкент, 1996. – 14-б.

³⁹⁷ Рене Груссе. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. II / пер. с франц. Х.К. Хамраева; сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2005. – С. 156-157, 185

кетеді. Тамерланға тән қаһарлы күшті бағаламай ол қателікке бой ұрады»³⁹⁸.

«Дешті мен Татар сұлтаны Тоқтамыс Темір мен Хусейн сұлтан арасында болған істі көріп, (Хусейнмен) туыстық пен көршілік себебінен, қаны қайнап, долдана түсті. Ол көп санды, қыруар әскер дайындап, Сығанақ пен Отырар жақтан Темірмен соғысуға жол алды»³⁹⁹, – деп Ибн Арабшах Темір мен Тоқтамыс арасындағы соғыстың басталу себебін түсіндіреді. Оның пікіріне сүйеніп, М. Абдураимов тағы бір екінші дәрежелі себепті әмір Хусайнның өлтірілуінен келіп шыққан деп көрсетеді⁴⁰⁰. Ал В.Гатцук⁴⁰¹ Тоқтамыс Темірге ренішті болды ма, немесе Темір табыстарын көре алмады ма екен деп болжайды. Сонымен, Әмір Темір мен Тоқтамыс арасындағы араздықтың басталуы мынадай себептермен түсіндіріледі:

1. Хорезм мәселесі;
2. Мансапқорлық;
3. Хусайнның өлтірілуі;
4. Темір табыстарын көре алмаушылық.

Тек бірінші себеппен түсіндірсек, Тоқтамыс тек Хорезмді емес, ол бүкіл Жошы ұлысын біріктіріп, бұрынғы ата-бабасының билігін қалпына келтіруге тырысты. «Монғол ұлылығын қалпына келтіруші, ол өзінің ата-бабасы Шыңғыс ханның іс-әрекетін толығымен қайта жандандыра аламын деп ойлады, осы ойлар оны Мауараннахр мен Парсы еліне шапқыншылықты бастауына итермеледі. Мүмкін егерде бұл осы екі территория орналасқан, анархия кезеңінде, жиырма жыл бұрын болғанда, ол табысқа жетер еді. Алайда соңғы бірнеше жыл ішінде Мауаран-

³⁹⁸ Рене Груссе. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан // История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. Т. II. Пер. с франц. Х.К. Хамраева / сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2005. – С. 186.

³⁹⁹ История Казахстана в арабских источниках: сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном. Т. I / подготовка к новому изданию, введ., дополн.я и коммент.: Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. – Изд. перераб и дополн. издание. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – С. 330.

⁴⁰⁰ Абдураимов М. Темур ва Тухтамиш. – Ташкент, 2000. – 19 б.

⁴⁰¹ Тамерлан. – М.: Крафт, 2003. – 208 с. – С. 114.

Рене Груссе. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан // История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. Т. II / пер. с франц. Х.К. Хамраева; сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2005. – С. 156–157.

нахр мен Парсы елі Тоқтамыстың әрбір қадамын бақылап отырған, Әмір Темірдің жеке меншігіне айналған болатын. Олардың арасындағы тұтанған 1387 жылдан 1398 жылға дейін жалғасын тапқан соғыс, Ұлы даланың ескі моңғол әулеті билігінде қалдыра ала ма, немесе оның түріктердің жаңа жаулаушылығына ұшыратады ма деген мәселені шешуді түспалдады»⁴⁰², – деп Рене Груссе тағы бір себепті көтереді. Осы бесінші себеп шындыққа жақын. Өйткені, Тоқтамыстың жаулаушылық бағыттары өзінің шынғыстық ата-бабаларының бағытын қайталайды.

Сонымен, Темірдің жауы ретінде Тоқтамыс өзінің билігі күшейген жақын жылдардың өзінде-ақ жорыққа шығады. 781/1379 жылы Темір иелік еткен Хорезмде 785/1383 жылдың өзінде Тоқтамыстың атынан теңге басылып шыға бастайды⁴⁰³. «Бұл жорық кейбір орыс тарихшылары айтып жүргендей, әмір Темірге қоқан-лоқы көрсету немесе оның беделін көзге ілмеу мақсатымен жасалған жоқ. Тоқтамысқа Алтын Орданы бөлшектеуге бейім тұрған әмірлердің көз алдына өзінің беделін берік орнықтыру аса қажет болды»⁴⁰⁴. Мәлім болғандай сол уақытта Темір Хорезмге қарсы да, Тоқтамысқа қарсы да еш шара қолданған жоқ. Али Йаздидің «Зафар-намесі» бойынша⁴⁰⁵ Тоқтамыстың Темірге қарсы алғашқы дұшпандық әрекеті оның 789 х.ж. (1387, қоян жылы) Дербент арқылы Әзірбайжанға жорығы есептеледі. 1385/1386 жылдың қысының өзінде Тоқтамыс Тебризге әскер жіберді⁴⁰⁶. Бірақ ол уақытта Темір онда жете қоймаған еді. Шарафаддин Али Йазди мен тарихшы Хамдаллах Казвинидің ұлы Зейн ад-дин Казвинидің айтуларына⁴⁰⁷ Теб-

⁴⁰² Рене Груссе. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. II / пер. с франц. Х.К. Хамраева; сост. Б.М. Сузиков. – Алматы: Санат, 2005. – С. 156-157.

⁴⁰³ Бартольд ВВ. Токтамыш / Бартольд ВВ. Сочинения. – М., 1968. – Т. V. – С. 365. – 757 с.

⁴⁰⁴ Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 112 б.

⁴⁰⁵ Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 151.

⁴⁰⁶ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 106 б.

⁴⁰⁷ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 106 б.; Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений, собранные

ризде сұмдық қантөгіс орын алған. Адам өлтірулер мен тонаушылық 8 күнге дейін созылып, Тоқтамыс әскерлері Тебризді талқандайды. «Бұл жолы да Темір өзінің қарсыласына қатысты үлкен ұстамдық танытты»⁴⁰⁸. Байқағанымыздай Темір тарихшылары өз әмірлерін үнемі жақсы жағынан көрсеткісі келеді, керісінше Тоқтамыс ханды жақсылықты түсінбейтін адам ретінде бейнелейді.

Темір жасаған жорықтары кезінде Қазақстанның көптеген аймақтарын басып өткен. Темірдің 1389 жылғы жорықтарының бағыттарын зерттеуші А. Исин өз мақаласында сипаттап көрсетеді. Ол шығысқа аттанған әскерлер Ортау, Тоқырау өзені, Шұбартау, Көксала өзені, Аягөз өзендері арқылы Тарбағатайға бағыт алғандығын баяндайды. Автор Темірдің 1389 жылғы жорығы Орталық Қазақстанның Сары-Арқа жерлерінде өткен деп қорытындылайды⁴⁰⁹. Сонымен бірге А. Исин Темір әскерлерінің қозғалысы Қаратау аудандары мен Шу өзенінің жоғарғы ағысынан бастау алады дейді. Автор Темір Бетпақ-Даланың батыс жағына, ал Сарысу өзенінің шығыс жағына қарай өткен болуы мүмкін деген болжам жасайды. А. Исин Шами мен Йазди шығармаларындағы территориялық атауларды қазақша қалай оқылатындығын көрсетеді. «Зафар-наме» мәтіндерінде Уртаг, Уртақ; Туграут, Тугратлыг; Шипартау, Шиберту; Коксали, Кульсали; Айакуз, Пайакуз; Карагучур деп берілген, ал олардың қазақша атауларын А. Исин былайша береді: Ортау, Тоқырау, Шұбартау, Көксала, Аягөз, Тарбағатай⁴¹⁰. Осылайша автор деректер негізінде Темір әскерлерінің Қазақстанның қай аймақтарын басып өткендігін бейнелейді. Ал келесі бір зерттеуші Т.И. Сұлтанов 1391 жылы ақпанның аяғында ұланғайыр әскерімен Ясы, Сауран арқылы өтіп, Қазақстанның орталығына бағыт алғандығын баяндайды. «Сәуірдің басында әскерлер Сары-Өзен (бұрын Сарысу деп аталған) аймағына

В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – С. 97.

⁴⁰⁸ Бартольд ВВ. Токтамыш / Бартольд ВВ. Сочинения. – М., 1968. – Т. V. – 757 с. – С. 365.

⁴⁰⁹ Исин А. Тимур в Восточном Казахстане: план и направление похода 1389 г. // Отечественная история: научный журнал. – 2000. – №1-2. – С. 125.

⁴¹⁰ Сонда. – С. 126.

келеді, бұл жерде су көп еді, ал адамдар мен жануарларға бұл өте қажет еді. Біршама демін алған Темір әскерлері өзеннен өтеді»⁴¹¹.

Шамидің шығармасында «26 сәуірде әскерлер «Кіші-Тауға» келеді, ол жерден екі түннен кейін жұма күні, «Ұлы-Тауға» жетеді»⁴¹², – деп берілген. Ал Йазди мәліметтеріне сенсек Темір әскерлері Кіші тауға 1391 жылдың 28 наурызында жеткен, ол жерде бір күн түнеп таң ертеңгісін шығып Ұлы Тауға жеткен⁴¹³. «Амир Соқибқирон тоғ устига чиқиб, хар ён назар солди. Атроф поёнсиз сахро ва чули биебон эди. У куни шу жойда тухтаб, хамма лашкарга тош келтиришни буюрди. У жойда баланд бир нишона-минора кутардилар. Тоштарошларга буюрди, улар у кунлар тарихини тошга накш қилдилар, токи у нишона турар экан, замона сахифасида бу юриш зикри боқий қолгай»⁴¹⁴. Жазуы бар ескерткішті қойғаннан соң Темір әскерлерімен ары қарай жылжыды. 1931 жылы жаздың ыстық күні жас геолог Қаныш Сәтбаев Орталық Қазақстанда Сарысу өзенінің оң жағалауы мен Улытау маңынан жаңағы Темір орнатқызған тас ескерткішті тауып алған. Ерекше бір затты тауып алғандығын сезген Қ. Сәтбаев оны басқа да геологиялық үлгілермен қосып Алматыға жібереді. Арада біраз уақыт өткен соң Сәтбаев ден қойған тас Ленинградқа, кейін шығыстану орталықтарының бірі Мемлекеттік Эрмитажға жіберілген болып шықты, бұл тас қазір де сонда тұр.

Алайда Қаныш Сәтбаев тапқан, «Қарсақпай жазбасы» деп аталатын тастағы жазудың алғашқы ажыратып оқылуы баспасөзде шыққанша арада тоғыз жыл өте шықты. Белгілі монғолтанушы және түркітанушы Николай Николаевич Поппе араб әрпімен жазылған жазбада араб тіліндегі мәтін бар екенін анықтады, ал ұйғыр әрпімен жазылған екінші жазба түркі мәтіні болып шықты.

Темір қойдырған тастағы жазудың алдын ала оқылуына Ленинград түріктанушысы А.И. Пономарев 1945 жылы түзетулер енгізді.

⁴¹¹ Султанов Т.И. Тимур и его империя. – Алматы, 2004. – С. 107.

⁴¹² Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 158 б.

⁴¹³ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 131 б.

⁴¹⁴ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 158 б.

«Темір тасындағы» жазбада былай делінген: «Жеті жүз тоқсан үшінші (1391 ж.) қой жылының жазында, көктемнің ортаңғы айында, Тұран сұлтаны Темір бек екі жүз мың әскерімен өз есімі үшін Бұлғария ханы Тоқтамыс ханға қарсы жүрді. Осы жерге жетіп, ол белгі болсын деп осы обаны орнатты. Құдай әділетіне бастасын! Адамдарға Құдай рақым сыйласын! Біз ізгі жадында болайық!»⁴¹⁵. Осылайша 1391 жылы 28 сәуірде Темір әскерлерімен қойылған жазуы бар тас XX ғасырдың 30-жылдарында кездейсоқ табылып, оны кеңес ғалымдары, мүлдем басқа дәуірдің, басқа өркениеттің адамдары алғаш рет ажыратып оқыды.

Тасты қойғызғаннан соң Темір өз әскерлерімен жорығын жалғастырады. 1391 жылы 18 маусымда Темір Қондырша өзені алқабына (Құндызша деген жерге) жетеді. Сол жерде Темір мен Тоқтамыс арасындаулы шайқас болады. Шайқас Тоқтамыстың жеңілісімен аяқталады. «Осы жерде Тоқтамыстың Дешті Қыпшақ даласымен сонау Еділ бойына дейін шегінуін кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, батылсыздық, яғни әмір Темірден қорқақтап, оларды артына қарамай қашу ретінде сипаттау дұрыс емес», – дейді «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбек авторлары⁴¹⁶. Бұл жолғы жорығынан да Темір мол олжамен оралады. Ол Самарқанға Жайық, Сауран, Отырар арқылы қайтады. Йаздидің мәліметтері бойынша оның 1391 жылғы Дешті Қыпшақтық жорығы он бір айға созылған.

Темірлік тарихшы Фасих Ахмадтың мәліметтері бойынша Темір 1395 жылы тағы да Тоқтамыспен соғысу үшін Дешті Қыпшаққа аттанады. Терек өзенінің бойында Тоқтамыс әскерлеріне соққы береді. «Тоқтамыс хан жеңіліске ұшырайды»⁴¹⁷. Ол Қазан ауданындағы Бұлғарияға қашып құтылады. Зафарнаменің мәліметтері бойынша Тоқтамыс Темір әскерлері келгенге дейін сол аймақтың ормандарына тығылып үлгереді.

⁴¹⁵ Сұлтанов Т.И. Темір және оның империясы. – Алматы: Мектеп, 2007. – 152 б. – («Жетінші сөз» сериясы). – 108-109-б.

⁴¹⁶ Омарбеков Ташкент, Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 115 б.

⁴¹⁷ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136.

Әмір Темірдің Отырарда қайтыс болуы Тоқтамыстың жағдайын жеңілдетуі керек еді. Бірақ соңынан бір елі қалмай қойған Шәдібек Тобыл өзенінің төменгі ағысында Тоқтамысты өлтірді⁴¹⁸. Алайда Тоқтамыстың өлімі жайлы деректерде түрлі мәліметтер келтіріледі. Натанзидің хабарлауынша Тоқтамыс 807/1404-1405 жылы Едігенің қолынан қаза табады⁴¹⁹. Орыс деректері бойынша Тоқтамыс 1406 жылы Түменмаңындағы Сібірде Шәдібек әскерлерімен соғысы кезінде өлтіріледі; ал Ескендірдің анониміне сүйенсек ол өз ажалынан өлген⁴²⁰. Қадырғали Жалайыр деректеріндегі мәліметтерде Тоқтамыс Едігенің баласы Нұраддиннің әскерлерімен шайқаста көз жұмады⁴²¹.

«Ортағасырлық тарихымызда да қайшылықты, тағдырлары айтыс туғызатын ерен тарихи тұлғалар аз емес. Солардың қатарына мысалы Тоқтамыс хан мен Ер Едіге жатады. Бұлар шын мәнінде дүниежүзілік тарихи әдебиеттерден орын алған қыпшақ даласының ұлы қайраткерлері. Кезінде кеңестік жүйе тұсында ұлттық көзқарастарға жол берілмегендіктен еліміздің тарихымен тығыз, біте қайнасқан бұл тұлғалар туралы әділетті де, толық шынайы пікірлер айта алмадық»⁴²², – деген «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбек авторларының пікірі өте орынды айтылған. Кеңес заманыныңда біршама зерттеушілер жерін сақтап қалу жолында күрескен ұлы қайраткерлеріміздің бірі Тоқтамысты қуыршақ хан ретінде сипаттайды. Оған темірлік деректер де жақсы сылтау болды. Өйткені жаңа жоғарыда айтқанымыздай Әмір Темір мен Тоқтамыс арасындағы қарым-қатынасты баяндайтын темірлік тарихшылар өз шығармаларында Әмір Темірді жақсы көрсету үшін Тоқтамысты сатқын, жақсылықты түсінбейтін адам ретінде сипаттайды. Алайда біз деректерге мұқияттылықпен қарау керек екендігін жақсы білеміз. «...Тарих ғылымы белгісіз болған

⁴¹⁸ Сонда. – С. 121.

⁴¹⁹ Сонда. – С. 111.

⁴²⁰ Бартольд В.В. Тоқтамыш // Бартольд В.В. Сочинения. – М., 1968. – Т. V. – 757 с. – С. 567.

⁴²¹ Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтенизов / жалпы ред. басқ. М. Мағауин. – Алматы, 1997. – 14 б.

⁴²² Омарбеков ТАШКЕНТ, Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 3 б.

деректерді ғылыми айналымға түсіру арқылы ғана дамып қоймайды (экстенсивті жол), сонымен қатар бұрын ғылымға белгілі деректер мазмұнына терең үңілу арқылы ондағы жасырын ақпараттарды жаңа тәсілдер көмегімен алу арқылы да дамиды (интенсивті)»⁴²³, – деген Қ. Атабаев пікірін қолдай отырып, темірлік деректердің мазмұнын мұқияттылықпен зерттеу арқылы ғана жасырын ақпараттарды ала аламыз.

Тауыпқ Рымжанов «Бір өкініштісі, арғын, барын, шырын, қыпшақ тайпаларының арасында бізге бір табан жақын өсіп ер жеткен Тоқтамысты орыс жылнамашылары жеңілтек саясатқа жоқ әпербақан қолбасшы деп жамандады деп қоса жамандадық. Бір кезде оны хан тұқымы емес (самозванец) деп айыптаған тағы өзіміз. Оның оң қолы, қазақ арғындарының атасы деген атқа ие болған Қарақожа батыр есімін де көпшілік біліп жатқан жоқ. Қасақана білмегенситіндер де бар; шын білмейтіндері қазақ арасына мұсылман дінін таратуға келген араптардың өкілі деп ұқты», – деп өз пікірін бідіреді⁴²⁴.

Десек те Тоқтамыс хан Жошы Ұлысын уақытша болса да біріктіре алды. Оның әмір Темірмен жүргізген саясаты оның шеберлігін көрсете отырып, дипломат ретінде танытады. Алайда Тоқтамыс қанша әрекеттенсе де елдегі ыдыраушылықты тоқтата алмады.

Тоқтамыстан кейін бүкіл Жошы ұлысы мойындайтындай билікке ешкім қол жеткізе алмады. Сонымен қатар XV ғасырдың 30-жылдарында орталығы Еділдің төменгі бөлігінде орналасқан Алтын Ордалық мемлекет толығымен күйреп, оның орнына бірнеше жаңа түріктік мемлекеттер құрылды: Қырым хандығы, Қазан хандығы, Астрахан хандығы, Сібір хандығы, Қазақ хандығы және сонымен қатар басқа да бірқатар саяси бірліктер – Үлкен Орда (Еділ мен Днепр аралығындағы далада), Ноғай Ордасы (орталығы Жайықтың төменгі ағысы бойында орналасқан жергілікті аймақ)⁴²⁵.

⁴²³ Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері: оқу құралы. – Алматы, 1999. – 9 б.

⁴²⁴ Рымжанов Т. Аруг гун немесе арғын тайпасының тарихына шолу. – Алматы: «Өркениет» баспасы, 2003. – 113 б.

⁴²⁵ Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. – СПб., 2004. – С. 231.

Темірдің Қазақстан территориясына жасаған жорықтары сол жерде мекен еткен ру-тайпалардың ыдыраушылығына алып келді. Ол жайлы төменде әлі толығырақ тоқталатын боламыз. Э. Кульпин «дала өркениетіне соңғы соққыны 1395-1396 жылдары Темір жасаған болатын», – дейді. Автордың пікірінше Темір мәдениетке орны толмайтындай шығын алып келген⁴²⁶. Батыс деректерінде Дмитрий Донскойге қарағанда Темір Алтын Орданы тым әлсіретіп жіберген. «Қара өліммен» қаңырап қалған қалалардың тас-талқанын шығарып, Азияның керуен жолдарымен Орданың байланысын үзіп тастаған⁴²⁷.

«Бүгінде біз қазақ тарихшылары, бұған керісінше мынандай қорытынды жасай алар едік: Алтын Орданы әмір Темірдің әлсіретуі, оның басты қалаларын талқандауы Дешті Қыпшақ даласында бір орталыққа бағынған көшпелілердің мықты мемлекетін қалыптастыру процесін бір ғасырдай мерзімге тежеп тастады»⁴²⁸. Әмір Темірдің өмірі мен оның шет елдерге жорықтары зерттеушілермен өз бағасын алған болатын. Ал Әмір Темірдің өзі әділетті адам болды ма деген сұраққа Т. Васильченко былай деп жауап береді: «...Бұл сұрақ әлдекімдердің намысына тиетін де шығар. Әр түрлі елдердің тарихында Темірлан бейнесі түрліше суреттеледі. Бірде өз заманының жарық жұлдызы ретінде бағаланса, енді бірде халықтың қанын төккен зұлым ретінде бейнеленеді. Десе де, өзі билік құрған уақытта әділеттілік туралы жиі айтатын және қол астындағылардан әділеттілікті талап ететін»⁴²⁹.

Белгілі жазушы, ғалым Тарақты Ақселеу «Ұлы Темір ұлысы Орта Азия мен Иранға қанат жайғанымен, түптеп келгенде, түріктектес халықтардың тарихи тағдырына зор кесел келтірді...». Жорықтарының «Нәтижесінде түркі тектес халықтар

⁴²⁶ Кульпин Э. Золотая Орда. Проблемы генезиса Российского государства. – Изд. 2-е, испр. – М.: КомКнига, 2006. – С. 95-96.

⁴²⁷ Рене Груссе. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. II / пер. с франц. Х.К. Хамраева; сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2005. – С. 240.

⁴²⁸ Омарбеков ТАШКЕНТ, Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнама-сына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 119 б.

⁴²⁹ Татьяна Васильченко. Әмір Темір. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2007. – 96 б. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы. – 5-6 б.

өркениетінің тарихи дамуына жодайсыз нұқсан келіп, оның зардабы ғасырларға созылды»⁴³⁰, – деген.

Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін Темірдің жаулап алған жерлерін оның ұрпақтары ұзақ сақтап қала алмады. Олардың жоғарғы билік үшін таластан қолдары босамады. Осы кезде олар біршама жерлерінен айрылып қалған болатын. 1409-1447 жылдар аралығында Гератта билік жүргізген Темірдің төртінші ұлы Шаһрух темірліктердің жоғарғы басшысы болып саналды. Самарқандтың билеушісі етіп тағайындалған Шаһрухтың үлкен ұлы Ұлықбек кейіннен тәуелсіз мемлекетке айналды.

Темір ұрпақтары да Темір саясатын жалғастыра отырып, өзара талас-тартыс салдарынан айырылып қалған жерлерін қайта қайтарып алу мақсатында жорықтар ұйымдастырды.

20-жылдары Ұлықбек Моғолстан мен Жетісу жерлерінде, Солтүстік Тянь-Шаньда өз иелігін кеңейтуге әрекеттер жасады. Мұның ең басты әдісі - өзара алауыздықтар мен қырқысуларға араласу, өзіне бас сауғалап келген адамдарына қолдау жасау болып табылады. Жоғарыда айтып өткеніміздей моғол хандары Уәйіс хан мен Шер-Мұхаммед арасындағы таққа таласушылық кезінде екіншісі Ұлықбектен көмек сұраған болатын. Шер-Мұхаммедтің өтініші бойынша 1421 жылы маусымда Моғолстанға жорыққа аттанады, алайда әзірше Моғолстандағы өзара қырқыстарға бас тіккісі келмей, Қарабұлаққа дейін жетті де, кері қайтты. Темір ұрпағының Моғолстанға нағыз жорығы 1425 жылы орын алды. Шер-Мұхаммед Ұлықбектің көмегімен Моғолстан тағын иемденгеннен кейін оған бағынудан бас тартады. Сол себептен де Ұлықбек әскерлерін жарақтап 1425 жылы 16 ақпанда Моғолстанға аттанады. Жорық алдында Темір әулетінің әскерлері Сайрам, Отырар, Сауран, Янги-Тараз қалаларымен қоса Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аудандарын басып алды. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда Ұлықбек әскерлері Ашпара арқылы өтіп, Ибрахим, Азйуран, Ұлжайту елдерін талан-таражға салады. Самарқанди шығармасында: «Победоносные воины, пустившись следом, убили Ибрахима и его двух сыновей. Это событие произошло в местности Аксу

⁴³⁰ Тарақты Ақселеу. Көшпелілер тарихы. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1995. – 55-56 б.

14 раби' II (5 марта). Победоносные войска захватили многочисленную добычу и полон», - деп керейлердің басшысы Ибрахимді қалай талқандағанын сипаттайды. Одан әрі Мырза Ұлықбектің Ақсу тұрағынан Қараман ұлысына бет алғандығы, Шу өзені арқылы өтіп, Абар Қайту тауына көтеріліп, Сурх-Аб өзеніне келетіндігі баяндалған. Олар Халқұн-Бәбіштен өтіп, Қайту-Құталға көтеріледі де сол жерде күзет мұнарасын салып, Ару-Жары аңғарына түседі. Шарын өзені арқылы өтіп, Гурийан-Түркеш пен Кук-Бинада ордасын тігеді. Сол аймақта Ұлықбек пен моғол билеушісі Шер-Мұхаммед арасында соғысорын алады. Бұл соғыстың нәтижесі моғол әскерлерінің жеңілісімен аяқталады. Ол жайлы Самарқанди былай деп көрсетеді: «Знамя Улугбек Гургана вознеслось [с помощью] божественной силы и всевышней поддержки. Солнце победы и успеха засияло в месте восхода благоволения. В тот день до ночи победоносное воинство занималось только тем, что громило, брало в плен и убивало»⁴³¹. Одан әрі Ұлықбек Жұлдыз жазығына аттанады. Ол жерде де көптеген олжаға қарқ болады. Ұлықбектің 1425 жылғы Моғолстанға жасаған жорығы жайлы В.В. Бартольд былай дейді: «...но и поход Улугбека не имел никаких прочных результатов, не привел ни к умиротворению степи, ни к восстановлению оседлости и городской жизни»⁴³².

Жоғарыда атап өткеніміздей Барақ ханның Ақ Орданың бұрынғы астанасы Сығанақ қаласын қайтару бағытындағы талаптары 1427 жылы Ұлықбектің Ақ Ордаға қарсы жорығына себеп болды.

Шаһрух пен Ұлықбектің өлімінен соң 1457 жылы Әбу Сейіт уақытша болса да Мауеренахр мен Хорасанды біріктірді. 1469-1506 жылдары темірліктердің мемлекетін Сұлтан-Хүсейн биледі. Оның ұлдары Бади-аз-Заман мен Мұзаффар-Хүсейн тұсында (1483-1530) Темір мемлекеті Шайбан ханның өзбектерімен жаулап алынды. Ал Ферғананың билеушісі темірлік Бабырдың (1483-1530) 1526 жылы Үндістанда Ұлы Моғолдардың әулетін қалағандығы және оның 1858 жылға дейін өмір сүргендігі бізге

⁴³¹ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – С. 166.

⁴³² Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Бартольд В.В. Сочинения. Т. II. – М., 1963. – Ч. 1. – С. 161.

мәлім. «Темір ұрпақтары дала көшпелілерінің арасынан шыққан соңғы ірі мұсылман әулеті болды. Осман, Сефеви және Моғол империясы секілді әскерлері жақсы дайындалған және оқ атқыш қаруларды қолданған құдыретті мемлекеттердің өрлеуі Еуразия далаларынан төнетін жаңа ірі көлемдегі жаулап алуларға қарсы сенімді кепілдік болып шықты»⁴³³.

Темір қайтыс болғаннан соң оның бірде-бір мирасқоры ол секілді жорықтар ұйымдастырмақ түгілі Әмір Темір жаулап алған жерлерді сақтап қала алмайды. Ішкі талас-тартыстардың салдарынан Темір мемлекеті күйреуге ұшырап, соңында біржолата құлайды.

Студенттердің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Әмір Темірдің жорықтары туралы деректерді атаныз және ірі шайқастарына сипаттама беріңіз.
2. Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы қарым-қатынасты түсіндіріңіз.
3. Тоқтамыс ханның тарихи портреті Темірлік шығармаларда сипатталуы.
4. Темір және оның ұрпақтарына арналған деректердегі Ақ Орда хандарына берілген баға.

3.2. Ортағасырлық Қазақстан территориясындағы этникалық мәселелер

Қазақ халқының тарихында күрделі мәселелердің бірі – ол мемлекеттілік. Тарихтың қай кезеңінде болмасын мемлекеттік дәстүрін сақтаған елде биліктің ең жоғары өкілінің басты міндеттеріне елдің ішкі-сыртқы саясатын жүргізу, ел мен жерді қорғау, сондай-ақ ұлттық сана мен ұлттық тәрбиені дамытуға бағытталған саясатты жүргізу жатады. Ұлттық сананы дамыту ұлттық тарихты ұлттың мүддесіне сай зерттеумен тікелей байланысты екені белгілі. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақ хандығының құрылуын мемлекеттіліктің дамуы тұрғысынан қарастырсақ, онда ол жалпылама түрде Қазақстанның ежелгі

⁴³³ Босворт К.Э. Мұсылман уәлеттері. (Хронология мен генеалогия бойынша анықтамалық) Қазақ тіліне аударған Ерлан Әбден. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 234-б.

тарихындағы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттіліктерінің, ерте орта ғасырлардағы Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ, Қарахандар мемлекеттерінің, одан кейінгі Алтын Орданың, ал нақты түрде Ақ Орда мемлекеттерінің тарихымен байланыстырамыз. Мемлекеттердің атауы әртүрлі болса да, оларға тән ортақ нәрсе, бір территория мен сол территорияда өмір сүрген ру-тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің тегі мен тілі, шаруашылығы мен мәдениеті, діни-рухани өмірлерінің ортақтығы еді.

Белгілі тарихшы Талас Омарбеков: «Бүгінгі шаңырағы еңселі Тәуелсіз Қазақстанның тереңде жатқан этно-саяси тарихына бойлай бастасаңыз, ел болып еңсе көтеруімізде және қазіргі ұлан-ғайыр аймаққа біржолата қожалық жасауымызға Түркілер қауымдастығы құрған Ұлы Түркі қағанатының берік бастау, мызғымас ірге болғанын ұғына бастайсыз», – деген болатын.

Сақ, Үйсін, Қаңлы, Қарахан, Қыпшақ дәуірінен басталған қазақ мемлекетін құру процесі күрделі де ұзақ жылдарға созылды. Ол үшін сол мемлекетте өмір сүрген халықтардың тілі, діні, ділі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс тіршілігі ортақ болуы тиіс еді. Ортағасырларда Шығыс Дешті Қыпшақта алғаш рет көптеген ұсақ тайпаларды өзіне біріктірген біртұтас қыпшақтар мекен еткен этникалық территория қалыптасты. «Этникалық территория деп этностың, халықтың ғасырлар бойы белгілі бір территорияда өмір сүріп, өз тарихын, өз мәдениетін қалыптастырған аймағын айтамыз»⁴³⁴. Осы этникалық территорияда қалыптасқан қыпшақтық этникалық қауымдастық зерттеуші Б. Көмековтің пікірі бойынша қазақ халқының этногенезімен тығыз байланысты болды, тіпті «қазақ» деген сөздің өзі қыпшақтық ортада пайда болған⁴³⁵. Осылайша, монғолдар жаулап алуының қарсаңында Орталық және Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерлерінде халық ретінде қалыптасудың негізі айқын байқала бастады. «Жалпы алғанда монғолдарға дейінгі

⁴³⁴ Кәрібаев Б.Б. Қазақтың ұлттық территориясының қалыптасу мәселелері // Отан тарихы. – 2006. – № 1. – 59-60 б.

⁴³⁵ Кумеков Б.Е. О перспективах развития кипчаковедения // Отан тарихы. «Қазақстанның тарих ғылымындағы методологиялық және теориялық концептуалдық өзгерістер мен оларды игеру мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – №1. – 2003. – С. 87.

кезеңде көшпелі және жартылай көшпелі тайпалар далалық Қазақстанның көп бөлігінде қыпшақтар негізінде, Жетісуда усун-қарлұқ негізінде, яғни жалпы аймақта жергілікті дәрежеде біртекті этникалық негізде қалыптасты»⁴³⁶.

XIII ғасырдың екінші он жылдығында Қазақстанды монғолдардың жаулап алуына байланысты этникалық процестің дамуы күрт өзгерді. Монғолдардың басып кіруі түріктердің көптеген этникалық топтарын бытыратып жіберді. Монғолдармен бірге Қазақстан аумағына монғолдардың да, түріктердің де жаңа этникалық топтары келіп қоныстанды. Осылайша Қазақстан территориясында біртұтас үлкен мемлекеттің құрылуы біраз уақытқа артқа шегерілді. Монғол шапқыншылығы Қазақстанда мекен еткен халықтарға қанша зардап тигізгендігі бізге көптеген деректерден белгілі. Сондықтан оған толықтай тоқталудың қажеті жоқ секілді. Біздің негізгі мақсатымыз темірлік деректер негізінде ортағасырларда мекен еткен, кейіннен қазақ жүздерінің құрамына енген көптеген ру-тайпалардың тарихынан мәлімет беру болып табылады.

Түрлі уақыттарда Шығыс Қазақстанға, Орталық және Солтүстік Қазақстанға қоныс аударған наймандар мен керейіттерден басқа татарлар, маңғыттар, жалайырлар, барластар, баариндер және басқа да этникалық топтар келіп орналасты. Басқа да монғол рулары мен тайпаларының келіп қоныстануы жергілікті халықтың ығыстырылуына, орын ауыстыруына әкеліп соқтырды. «Бағындырған халықтармен салыстырғанда монғолдардың саны біршама аз болғанымен, олар өздері күрған әрбір ұлыс-мемлекеттерде билеуші топ және әскери күштердің ұйытқысы болды»⁴³⁷.

Бірақ монғолдар саны көп түрік халқының арасына бірте-бірте сіңісіп, олардың тілі мен әдет-ғұрпын қабылдады. Олардың көбі Орталық Азияда да түріктеніп кетті. Алтын Орданың ұлан-байтақ аумағында халықтың басым көпшілігі болған қыпшақтардан басқа қаңлылар, наймандар, керейіттер, үйсіндер, кенегестер, арғындар және басқа да көптеген тайпалар қоныстанды. Бұл тайпалар алдыңғы келіп қоныстанған тайпалармен

⁴³⁶ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 288 б.

⁴³⁷ Қазақстан тарихы. – Алматы, 1998. – II т. – 293-б.

етене араласып кетеді. «Ортақ тіл, ортақ дін, ортақ мәдениет, ортақ шаруашылық түрі, ортақ территория және ортақ саяси құрылымдар бұл тайпаларды жалпы «қыпшақ», «ноғай» және көшпелі «өзбектер» деп аталатын этникалық топтарға біріктіреді»⁴³⁸.

Қазақстанда мекен еткен ру-тайпалар XIII ғасырдың басында монғол шапқыншылығынан енді есін жия бастағанда XIV ғасырдың екінші жартысында Әмір Темір жорықтары салдарынан тағы да бытыраңқылыққа ұшырады. Темір және оның ұрпақтарының жорықтары жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстанда мекен еткен этникалық топтарды шашыратып жіберді. Олардың Темір әскерлерімен қақтығысқа ұшырап отырғандығы жайлы темірлік шығармаларда мәліметтер келтірілген.

Темірлік деректерде тек саяси оқиғаларға қатысып, тарих сахнасында белгілі бір орын алған рулық, тайпалық топтар көрініс табатыны белгілі. Жалайырлар, керейіттер, барластар, баариндер, қаңлылар, бұлғашылар, арлаттар, қосшылар, аргинуттар, мекриттердің жарты бөлігі қазіргі уақытта қазақ халқының, қалған бөлігі қырғыздар мен өзбектердің құрамына енгендігін біз білеміз.

Темірлік шығармаларынан біз «қазақ» деген ру немесе тайпа қашан және қай уақытта өмір сүрді деген сауалға жауап іздемеуіміз қажет. Керісінше қазақ қазақ ұлты болып қалыптаспай тұрып-ақ қазіргі кездегі үш жүз құрамына енген, неше ғасырлар бұрын пайда болған ру-тайпалар тарихына қатысты мәліметтерді қарастырсақ қателеспейтін шығармыз. Ал ол ру-тайпаларға қатысты темірлік деректерде мәліметтер баршылық. Қазақстан аумағына келіп қоныстанып, кейінгі кезде қазақ жүздерінің құрамына еніп, араласып кеткен дулат, жалайыр, қаңлы, арғын, керейіт, қыпшақ, қоңырат, найман ру-тайпаларының тарихына темірлік деректер негізінде төменде толығырақ тоқталып, Ұлы жүздегі дулат, жалайыр, қаңлы, Орта жүздегі арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат ру-тайпаларының темірлік деректердегі дуғлат, жалайыр, қаңлы, аркенут, қыпшақ,

⁴³⁸ Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Керейт IV том. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 408 б. – Б. 40.

керейіт, найман, қоңырат тайпалары болып табылатындығын зерттеу нәтижесінде анықтап көрсетететін боламыз.

К.А. Пищулина осы жоғарыда аталған этникалық топтарды – тайпалар мен ру-тайпалық бірлестіктерді – айқындау үшін (белгілеу үшін) деректерде әртүрлі терминдер қолданылатындығы, сонымен қатар бір этникалық топты тарихи шығармалардың авторлары әр түрлі терминдермен атайтындығын анықтап көрсетеді.

К.А. Пищулина деректерде ру-тайпалардың қалай аталатындығына төмендегідей тоқталады: «керейіттерді: коум (көпше түрде – аквам-тайпа, халық), кабила, иль, иль ва улус, омак, мардом (мардом-и кераит – керейіт адамдары); аргенуттарды (аркануттарды) – коум, кабила, омак; қаңлыларды (бекчиктер) – омак, коум; дуғлаттарды – омак, коум, та‘ифа; баариндерді – коум, та‘ифа, кабила және иль; бұлғашыларды – иль, улус және коум, иль ва вилайат; көнчилерді – туман; ал арлаттарды – табака және т.б.»⁴³⁹. Темірлік деректерде ру-тайпаларға байланысты көбінесе иль, улус, иль ва вилайат секілді терминдер жиі қолданылады.

Енді осы Әмір Темір және оның ұрпақтарының шығармаларында көптеп кездесетін ірі тайпалық бірлестіктердің бірі дулат тайпасы, неліктен қазіргі Ұлы жүздің құрамындағы дулаттардың ата тегі деп санайтындығына төменде толығырақ тоқталып өтеміз.

XIV ғасыр ортасында Шағатай державасының орнына Моғолстан мемлекеті құрылады. Шағатай ұлысының ыдырауына байланысты жазба деректердің хабарына қарағанда Моғол мемлекетінің тағына отыратын көрнекті адам қалмаған. Бұл кездегі сол мемлекеттік жұмыстардың басында кезінде Шағатай ханға адал қызмет еткен дулат тайпасының ұрпақтары әмірлерінің бірі Болаттың қолында болған. Өзінің хан болуға құқы болмағандықтан, ол өзінің айтқанына көнетін әлі жас Шағатай әулетінен Дува ханның немересі алты жасар Тоғлық Темірді 1348 жылы Моғолстан хандығының тағына отырғызған.

⁴³⁹ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 192-193.

Мұнда XIV ғасыр ортасында саяси өмірдегі басты рөлді Мауараннахрдан бөліну жолындағы қозғалысты басқарған дуғлат тайпасының көсемдері атқара бастады. Дуғлаттар бұл кезде Жетісудағы ең ірі түрік тайпаларының бірі болатын және едәуір территорияны алып жататын. Темірлік деректерде Темірдің дулат әмірлерінің бірі Әмір Камар ад-динге қарсы жорықтары жайлы мәліметтер көптеп кездеседі.

Натанзи темірлік әскерлер Іледен артқа қайтып, Камар ад-дин Үш (Шығыс Түркістандағы Үш-Түрфан) жаққа қарай қашады деп хабарлайды. Әмір Камар ад-динді ұстап тұтқындау үшін Әмір Жаһангерге қосып бір жеңімпаз әскерді жібереді⁴⁴⁰. Әмірзада бұйрық бойынша әскерлерімен жолға аттанады. Йазди бойынша, Камар ад-диннің «елі мен ұлысы арқылы өткенде», «оның барлық қоныстары мен тұрақтарын тонап» және әйгілі дулаттықтар Шамс ад-Диннің әйелі мен қызын тұтқындайды. Барлық авторлар Жаһангердің Темірге «тұтқындар, жылқылар мен қойлар ретіндегі көптеген олжа алып келгендігін» белгілейді⁴⁴¹.

1376 жылы жорық Темір үшін сәтсіз болған. Өйткені, Моғолстанға аттандырған 30 мың әскерінің ішінде Темірдің Хорезмді жаулауға кеткенін пайдаланып, бүлік шыққан. Алайда бүлікшілер Самарқанға жетпей сәтсіздікке ұшырады. Олардың кейбіреулері Ақ Ордаға қарай қашып, шамасы онда қолдау таппай, Моғолстанға келіп Камар ад-динді Мауараннахрға шабуыл жасауға шақырады. Камар ад-дин бүлікшілерді қосып алып, Әмір Темірдің жоқтығын пайдаланып, Мауараннахрға шабуылға аттанады. Бұл жағдайды естіген Темір өз әскерін дереу қайтарады. Мұны естіген Камар ад-дин кері бұрылуға мәжбүр болған, Темір әскерлері олардың артынан түсіп Нарын жазығында Ат басы жерінде жеңіске жетеді. Камар ад-дин басты күшін сақтап қалу үшін қашып құтылуға мәжбүр болған. Бұл жорық Али Йезди бойынша Хорезмге жасалған үшінші-төртінші жорық ретінде көрсетіледі.

⁴⁴⁰ Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV веков. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 65.

⁴⁴¹ Сонда. – С. 6.

«...Одан көшіп, Сегіз ағашта және Камар ад-динге жетіп, соғыс болды, және Камар ад-дин қашып, Үш Қарабек оның ізіне түсіп қуды. Камар ад-дин сегіз кісімен қайта соғысты, көп зақым алып, шығып қашты...»⁴⁴².

...Камар ад-дин Оңтүстік Шығыс Қазақстандағы тек өз тайпасына ғана билік жүргізген жоқ, сонымен қатар жоғарғы билеуші ретінде Жетісу мен Тянь-Шаньның басқа да тайпаларына біршама ықпалы болған. Алайда, елдегі оның билігі шектеулі болатын. Шығарма авторлары жорықтардың ішінен «Камар ад-динге қарсы» жорықтарды көп атайды. Бірақ бұл жерде «моғол ұлысына қарсы», «жете ұлысына» деп айтылады, яғни Камар ад-дин замандастарымен Моғолстанның жоғарғы билеушісі ретінде қабылданған⁴⁴³.

Дулаттар «Қытай жазбаларында «Дулу» атымен белгілі болса, парсы деректеріндегі «Дуғлат» – қазақ халқының этникалық құрамына енетін ежелгі түрік тайпасы», – дейді зерттеушілер Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров өздерінің «Қазақ шежіресі хақында» атты зерттеулерінде⁴⁴⁴.

Рашид әд-Дін шежіресіне сүйеніп Ш. Уәлиханов дулаттарды монғол тайпаларының құрамына жатқызады. В.В. Бартольд та қазақ дулаттары монғолдардан шықты деп тұжырымдайды. С. Аманжолов В.В. Бартольдке қарсы шығып, егер V-VIII ғасырларда Дулу немесе Тулу руы Жетісу төңірегін жайлаған чубандармен (қазіргі суандармен) одақтасып бірге өмір сүрсе, онда дулаттарды монғолдардан таратады деудің өзі теріске саяды, ал Н. Аристовтың түрік тектес деген дәлелі салмақты болып көрінеді⁴⁴⁵, – дейді автор.

XIV ғасырдың екінші жартысында дуғлаттардың басқа түріктенген тайпаларға қарағанда саны мен әскери күші жағынан, деректерге қарағанда, шын мәнінде басым болғаны және дуғлаттан шыққан әмірдің хандықты құру жолында күресті

⁴⁴² Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсат-кичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 80-б.

⁴⁴³ Пишулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XV века. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата, 1977. – С. 68.

⁴⁴⁴ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст: Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б. – 42-б.

⁴⁴⁵ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст: Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б. – 43-б.

басқарғаны күмән келтірмейді. Темірлік шығармаларда ол жайлы былай дейді: «Хазрат сохибқирон тақи черики билан келиб кешта тушти. Ул мақалда давлат мадад қилиб, Жета беклари ичида ихтилоф вокиъ булиб, Қамарид-динким, умоғи дуғлат эрди ва Куппак Темур Широул баъзи черики билан Хожибек Арканутка қасд қилдилар»⁴⁴⁶.

Жоғарыда аталған дуғлат тайпаларының Жетісу маңайында тұрып келгенінің ізі қазіргі күнге дейін сайрап жатқандығы жайлы Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров секілді зерттеушілер атап көрсетеді. Одан ары авторлар мынадай мысал келтіреді: «X-XII ғасырларда олар қарахан мемлекетінің құрамына кірді. Шағатай ұлысындағы рулар ішінде Дулу немесе Дулаттардың басты маңызды рөл атқарғанын Қазақ ССР тарихының авторлары да айтады. Мұхаммед Хайдардың мәлімдеуінше, дулаттар XIV ғасырда Моғолстан құрамына енген, қуатты рулардың бірі болған.

Бұл мәліметтердің бәрі дулаттардың Қазақстанның оңтүстігін мекендеп, XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында қазақ халқының құрамына енгенін дәлелдейді»⁴⁴⁷. Демек, XIV-XVI ғасырларда мекен еткен дулаттар сол темірлік деректердегі дулаттар екендігіне ешқандай күмән келтіруге болмайтындай сияқты.

...XIX ғасырдың басында Дулат руының көптеген аталары Шымкенттен бастап, Жетісу бойына дәлірек айтқанда, Алмалық (кейінірек Верный, қазір Алматы қаласы) қалашығына дейін қоныстанды. XIX ғасырда Ұлы жүз рулары көп сапырылысқан жоқ, әсіресе, Қазақстанның бүкіл жері Ресей құрамына еніп, империяның отарлау саясатының қарқынды жүргізілгеннен кейін қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар өздері қоныстанған өлкелерде тұрақтала бастады⁴⁴⁸.

Жалайырлар жайлы да темірлік деректерде жиі кездеседі. Алайда ол тайпалардың қазіргі күнгі жалайырлармен байланысын анықтап алуымыз қажет.

⁴⁴⁶ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 59-б.

⁴⁴⁷ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст: Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б. – 43-б.

⁴⁴⁸ Сонда. – 76 б.

Зерттеушілер атап көрсеткендей, жалайырлар руы туралы көне қытай жазбаларында да, тіпті IX-X ғасырлардағы араб деректерінде де айтарлықтай мәліметтер жоқ. Ол жайында алғашқы мағлұматтар монғол дәуіріндегі XIII-XV ғасырлар жазбаларында ғана бар.

Жалайырларды Ш. Уәлиханов пен академик В.В. Бартольд монғол рулары деп есептеген. Олардың ізінше М. Тынышбаев монғол тарихшысы Соном Сесеннің еңбегіне сілтеме жасап, «жалайырлар Еке-монғол (ұлы монғол) деп аталатын саны көп, күшті монғол тобынан шықты» деп есептейді⁴⁴⁹.

Х. Арғынбаев, В. Востров, С. Мұқановтар зерттеушілердің ішінде бірінші болып Н. Аристов жалайыр руларының аттары негізінде олардың монғол тектес емес, арғы тегінің аралас түркі-монғолдан шыққанын ұсынғандығын атап көрсетеді.

Бұл пікірді растай отырып, зерттеуші С. Аманжолов оның тұжырымын нақтылап, кемшіліктерін көрсетіп, жалайырлардың ежелгі түріктерден тарайтынын сенімді түрде дәлелдейді. Жалайыр мен Ысты Орта Азияда алғаш рет XIII ғасырда із қалдырған – дейді АҚШ-тағы Колгейт университетінің профессоры Марта Олкотт⁴⁵⁰. XVIII ғасырда кездесетін деректерде жалайырлар ұлы жүздің рулары ретінде көрсетіледі⁴⁵¹.

Жалайырлардың басым көпшілігі бар уақытта Жетісудағы Қапал уезінде тұрды, – деп жазады С. Аманжолов, – Бөлкім, біраз бөлігі Зеравшан алқабында қоныс аударған шығар⁴⁵². Ал олардың бір кездердегі мекені (VIII-IX) Монғолияның солтүстігі. Шамамен алғанда Селенга, Орхон, Тола өзендерінің бойы⁴⁵³.

Х. Арғынбаев, В. Востров, С. Мұқановтар «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қайшылыдан басқа 12 ата

⁴⁴⁹ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст. Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б. – 76-77 б.

⁴⁵⁰ Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. – С. 240. – 58-59 б.

⁴⁵¹ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1961. – 752 с. – С. 407.

⁴⁵² Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст.: Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 79 б.

⁴⁵³ Ораз Исмаилов. Әлем тарихындағы жалайырлар. – Алматы: Дәуір, 1999. – 528 б. – 15 б.

жалайыр руы Жетісу уәлаяты Қапал уезінде Қаратал мен Іле өзенінің араларында қоныстанды. Олардың қонысы солтүстікте Балқаш көлі мен оңтүстікте Жоңғар Алатауымен шектелді»⁴⁵⁴, – дейді.

«Жалайырлар Моғолстанда, Мауараннахрда билік жүргізуге араласқан. Олар жайлы «Темір» тарихында айтылған. Онда жалайырлардың, әсіресе, Моғолстанның қоғамдық-саяси өмірінде, саяси басқаруында белді орын алғандары жазылған»⁴⁵⁵.

М. Тынышбаев Жалайырлар Ақсақ Темір көтеріліп келе жатқанда оларды қолдап, 1370 жылы олар оның қарсыластары Дулаттар жағына шығып кеткені үшін жалайырлар талқандалып, бытырай қоныстандырылғандығын айтады. «Парсы тобы Иранда маңызды рөл атқарды, жалайыр әулеті тіпті Солтүстік Иранда, ал бір кезде Бағдатта да патшалық құрды. Жалайырлардың басты бөлігі 1370 жылғы қашқын Сыр-манақтар келіп қосылған Шу-манақтар түзеді»⁴⁵⁶.

Бұдан әрі М. Тынышбаев Жалайырлардың Жошы ұлысынан шығысқа қарай ойысып, Ежен ханның Ақ Ордасына тірек болғанын, Орыс ханның кезінде олар әмірші әскерінің ұйытқысына айналғанын айтады.

Ораз Исмаилов өз зерттеуінде былай дейді: «Атап айтқанда Әмір Темір тарихында Мауараннахрда (екі дарияның ортасында) өмір сүріп жатқан Әмір Қажы барлас пен Әмір Баязид жалайыр аталады. Екеуінің де соңдарынан ерген халқы, ұлыстар бар. Олар Әмір Темірмен ақылдасады да, оның кеңесін тыңдамай Хорасан жаққа қарай ауа көшеді. Нәтижесінде Әмір Темір айтқандай «екі зиян, бір пайдаға» ұшырайды. Осы Баязид жалайыр жайында Әмір Темір былай деп жазады: «Әмір Баязид жалайыр да Қожанд жерін билейтін. Оған дос көңілмен ақыл айтып едім, қабылдамады. Нәтижеде, өз елінің адамдары оған қарсы шығып, тұтқындап алдыма әкелді. Мен өткен істерді

⁴⁵⁴ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Құраст.: Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 90 б.

⁴⁵⁵ Мұхатова О.Х. XV-XIX ғасырлардағы жалайырлар тарихына қатысты деректер мен зерттеулер // Алаш тарихи-этнологиялық ғылыми журнал. – 2006. – № 3(6). – 105-116 б. – 106 б.

⁴⁵⁶ Тынышпаев М. История казахского народа: учебное пособие / сост. и авт. Предисловия проф. А. Такенов и Б. Байғалиев. – Алматы: Санат, 1998. – 224 с. – С. 77.

бетіне салық қылмай, керісінше, оған ізет ілтисат көрсеттім. Бұған көзі жеткен соң ол одан сайын шерменде халге түсті».

Айта кету керек: «Қожанд суы – Сырдарияның ортағасырдағы аты. Демек, Баязидтердің тұрған тұсы сырманақтардың сол кездегі мекені – Төменгі Сыр бойы»⁴⁵⁷.

Сонымен қатар темірлік деректерде жалайырдың Әділшах Бахрам деген батыры жайлы да мәліметтер кездеседі. Шараф ад-Дин әлі Йазди бойынша «Шахзада Жахангир илгари булди ва Шайх Мухаммад Баён Сулдуз ва Одилшох Бахром Жалойир уғликим, атоси улганда жалойир элини Сохибқирон анга бериб эрди, шахзодаға қушулди»⁴⁵⁸, – дейді.

Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихшылары негізінен оқиғаны баяндауда бірін-бірі қайталайды. Ол әрине түсінікті жайт, өйткені олардың пайдаланған деректері көбіне ортақ болып келді. Кейбір оқиғаларды ғана өз көздерімен көрген немесе жаңа деректердегі мәліметтерді пайдалана отырып баяндайды.

1376 жылғы оқиға темірлік деректерде төмендегіше баяндалады. Низам ад-дин Шамидің мәліметтерінен көретін болсақ, Темірдің Хорезмге үшінші рет жасалған жорығы жайлы баяндағанда Сары-Бұға, Әділ-шах, Хитай-бахадүр және Елші-Бұғаны 30 мың әскермен Камар ад-Динге қарсы жіберетіндігін айтады⁴⁵⁹. Бұл оқиға 1376 жылы орын алған.

Ары қарай оқиға былай өрбиді: «...Когда Адил-шах обнаружил, что в области никого нет, он схватил Хитай-бахадур и Ильчи-бугу, стакнулся с Сары-Бугой, и они восстали. Собрав свой иль и войско, они осадили крепость и укрепления Самарканды... Когда они сообразили, что не из тех людей, которые могут ему (Джахангиру) противостоят, то, бежав, ушли в узбекский вилайет и нашли приют у Урус-хана. В то время когда Урус-хан отбыл на летовье, они также проявили по отношению к нему вероломство и предательство, доказав свою

⁴⁵⁷ Ораз Исмаилов. Әлем тарихындағы жалайырлар. – Алматы: Дәуір, 1999. – 528 б. – 65 б.

⁴⁵⁸ Шарафуддин Али Язидий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изоҳлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 77 б.

⁴⁵⁹ Низомиддин Шомий. Зафарнома. – Ташкент, 1996. – 104 б.

дурную сущность. В конце-концов они повели войско и разбили Урус-хана...»⁴⁶⁰.

Шараф ад-Дин әлі Йазди бойынша оларға Темір Андуганға даруға етіп сайлап кеткен сенімді адам қосылды дейді. Олар өздерінің – жалайыр, қыпшақтан тұратын халқын жинап Самарқандқа бағыт алып, қала бекіністерін қоршай бастады деп көрсетіледі⁴⁶¹.

Сонымен Низам ад-дин Шами мен Шараф ад-Дин әлі Йазди мәліметтері бойынша тек жалайырлар ғана емес, жалайырлар мен қыпшақ елі бірге көтеріліс ұйымдастырған болып шығады және Әділ шах пен Сары-Бұғаға Андуганның даруғасы көмекке келеді. Мирхондтың деректерінде де Әмір Темір Хорезмге жорыққа кеткенін пайдаланып қыпшақ және жалайыр тайпаларының әмірлері бүлік шығарып, Самарқандқа аттанатындығы айтылады⁴⁶². Бұл жерде тағы бір көңіл аударарлық жайттардың бірі Низам ад-дин Шами мен Шараф ад-дин әли Йезди шығармаларында жалайырларды ел деп көрсетеді. Сол бойынша жалайыр елінің Темірге қарсы көтерілгендігін байқаймыз. Бұл жайлы тарихшы А. Исин былай деп мәлімдейді: «Әскер көтерілісіне күш қосқан дала қосындары Мауараннаһрға беттейді. Андуган даруғасының көмегін алып, «ел мен әскерін жиып», жалайыр мен қыпшақтар Темір астанасы Самарқандты қоршауға алады. Сөйтіп, Сарыбұға 1376 жылдың жазында дала жұртының «қамын жеген басты тұлғаларға айналды»⁴⁶³.

Бүлікті басу үшін Әмір Темір әмірзада Жаһангерді жібереді. Шараф ад-дин әли Йезди мәліметтері бойынша бүлікшілер мен Жаһангер әскерлерінің арасында соғыс орын алған⁴⁶⁴. Исиннің мәлімдеуінше, «Темірге Жаһангер деген ұлын бас қылып әскер жіберіп, өз астанасы түбінен көтерілісшілерді шегіндіру оңайға

⁴⁶⁰ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под. ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 280 с. – С. 104.

⁴⁶¹ Материалы по истории киргизов и Киргизии. под. ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 80 с. – С. 132.

⁴⁶² Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 144.

⁴⁶³ Исин А.И. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // Абай. – 1999. – № 1. – 34-42 б. – 37 б.

⁴⁶⁴ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 79 б.

түспейді»⁴⁶⁵. Бұдан көретініміз, көтерілісшілер бірден жеңілген жоқ, олар біраз қарсылық көрсеткен.

Темір ұрпақтарының тарихшыларының бірі Фасих Ахмад бұл оқиғаны былай баяндайды: «...Сари Бука и Адилшах Бахрам джалаир, которых он отправил вперед в Джата за Камар ад-Дином, взбунтавались, и эмир Сахибкиран был вынужден вернуться, затем в пятый раз отправиться на войну в Джата...»⁴⁶⁶. Демек, Темірді жорығынан қайтарған бұл көтеріліс оған оңай соқпаған...

Темір әскерлерінен жеңілген көтерілісшілер темірлік деректер бойынша бытырай қашады. Сарыбұға мен Әділ шаһ Дешті Қыпшаққа барып Орыс ханды паналайды. Шараф ад-дин Әли Йазди көрсеткендей, Сарыбұға мен Әділ шаһ Орыс хан ордасының мүләзімдері болып жүреді. Самарқандқа келген әмір Темір «жалайыр ұлысын бектеріне үлестіріп береді»⁴⁶⁷. «Орыс хан жұртында да Сарыбұға мен Әділ шаһты сарай лауазымдарының бір тобы жақтырмаса керек. Әсіресе, Темірмен бейбіт жағдайды сақтауды аса қажет деп түсінгендер. Орыс хан да Әділ шаһ пен Сарыбұғаға белгілі бір күдікпен қарады, Сығанақ сарайында Әділ шаһ пен Сарыбұға бақылауда, жартылай тұтқын, аманат есебінде болуы да ғажап емес»⁴⁶⁸, – дейді А. Исин.

Осы жағдаяттардың бәрі Әділ шаһ пен Сарыбұғаны ызаландыруы мүмкін. Сондықтан олар ол жерде көп тұрақтамай, Моғолстанға қашып барып Камар ад-Динді бүлікке итермелейді. Яғни деректердің бәрі бірдей Әділ шаһ пен Сарыбұғаның Орыс ханнан қашып кеткенін, кейбір деректер мысалға Шами мен Йазди бойынша Орыс ханның жұртын шауып кеткендігі де баяндалады⁴⁶⁹. Демек, оларды мұндай әрекетке итермелейтіндей

⁴⁶⁵ Исин А.И. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // Абай. – 1999. – № 1. – 34-42 б. – 37 б.

⁴⁶⁶ Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 136.

⁴⁶⁷ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изоҳлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 79-80 б.

⁴⁶⁸ Исин А.И. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // Абай. – 1999. – № 1. – 34-42 б. – 37 б.

⁴⁶⁹ Материалы по истории киргизов и Киргизии / под. ред. В.А. Ромодина. – М., 1973. – Вып. 1. – 280 с. – С. 102, 132.

жағдайдың болуы әбден мүмкін. Алайда ол жайлы темірлік деректерде айтылмайды. Осылайша, кейіннен қазақ халқының құрамына енген жалайырлар елі Әмір Темір тұсында белгілі бір із қалдырды.

Әмір Темір тарихында Иран патшалығында таққа отырған жалайыр билеушісі жайында да баяндалады. «Оны жаулап алғысы келген әмір былай дейді: «Сұлтан Ахмет Жалайыри құзырына Бағдат уәліі қарамағындағы ләшкердің қандай жағдайда екендігін, сан мөлшері, күш қуаты хақында мәлімет алып келу үшін елші жіберу кесілді. Елші Бағдаттан: «Сұлтан Ахмет екі көзді, бір бөлек ет екен» деген сипаттама жолдайды. Мен тәңірінің шапағатына сүйеніп, Бағдатқа қарай жорыққа аттанып, ә дегенше жетіп бардым. Сұлтан Ахмет жалайыр онда қалудан гөрі қашуды жөн көріп, Кербаланың шөліне қарай тартты. Сонымен Даруссалам астанасы – Бағдат маған бағынды». Бұл шамамен алғанда 1394 жыл болуы керек. Кітабының орта тұсына таман Ақсақ Темір жалайырлар әулетінің 1382 жылдан бастап Ирак, Күрдістан, Әзербайжанға үкім жүргізгенін де айтып өтеді»⁴⁷⁰.

Шараф ад-Дин әлі Йездидің «Зафарнамесінде» жалайыр елі Сырдария (Хужанд) өзенінің бойын мекендегені жайлы айтылады⁴⁷¹. Шығармада «жалайырлар елі» деп көрсетіледі, демек халқы біршама көп, өзінше бір жеке ел ретінде қабылдауымызға болады. Оған дәлел ретінде жоғарыда бейнеленген Темір әскерлері мен жалайыр-қыпшақ халқының қақтығысын келтіруімізге болады. Өйткені Жаһангерге оларды жеңу оңайға соқпайды және де бұл оқиға Темірді Хорезмге жорығынан қайтарады.

Мирхондтың «Рауза ас-сафа» шығармасында темірлік Сұлтан Хүсейін әскерлерінің құрамында мыңдаған «жалайыр тайпасының жасақтары» болғандығы айтылады⁴⁷².

Ал, «Бабырнамаға» зер салсақ, одан көптеген жалайыр ұрпақтарын көреміз. Ораз Исмаилов Бабыр тұсында оның қол

⁴⁷⁰ Ораз Исмаилов. Әлем тарихындағы жалайырлар. – Алматы: Дәуір, 1999. – 66 б.

⁴⁷¹ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 43 б.

⁴⁷² Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982. – 134 с.; Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с. – С. 11-12.

астында болған жалайыр бектерінің өміріне тоқталады. Олар: Юрулдай жалайыр, Әбілқасым Жалайыри, Сейтқасым Ішік Жалайыри (Кіші аға), Хасен Әлі Туфейіл Жалайыри, Құсайын Әлі Жалайыри. Олардың бірі әскер басшы, бірі кеңесші болған. Бабыр Орта Азияны билеп тұрған кезде олар оған көп көмек көрсеткен. Бабырдың айтуынша бұл кезде жалайырлар Ферғана өңірінен Жетісуға дейін қанат жайған.

Автор жалайырлар құрған үлкен бір мемлекет – Моғолстан болса керек деген айтады. Шу бойынан осы мемлекетке Исабұғы (Моғолстан ханы Есенбұға) Керей мен Жәнібек бастаған қазақ хандығына не үшін жер бөліп беріп жүр? Себебі – Моғолстанның құрамындағы жалайырлар зор ықпалды болған тәрізді⁴⁷³.

Ораз Исмаилов Юрулдай жалайыр – Темір заманындағы жалайыр тайпасынан шыққан мықты қолбасшылардың бірі болғандығын айтады. «Бұл жайында Ақсақ Темір: «Жете ләшкерін жеңген соң, Бадахшан уалаятын иемденуді, сол арқылы билігімді асыра, өсіре түсуді ниет қылдым. Осы жерде Әмір Қазағанның немересі, әрі қайнағам – Әмір Хүсейінмен кездестім. Құндызға жетіп, Юрулдай елінің сардарлары бірігіп маған келіп қосылғанша күте тұрдым. Олар келген соң әрқайсысына лайықты құрмет көрсетіп, шапан кигізіп, көңілдерін жайладым» дейді масаттанып», -депосындағы Юрулдай сөзіне мынадай түсініктеме берілгендігін айтады: «Мұның дұрысы Юрулдай емес, Бурылтай болса керек, Бурылтай жалайырлардың ортағасырдағы белгілі қолбасшысы болған адам. Өйткені әңгіме жалайырлар туралы болып отыр» (Аудармашы – Исраил Сапарбаев)⁴⁷⁴.

Бабырдың «Бабырнамасындағы» үнемі оның қасынан табылып, оған көп көмектескен адамдардың бірі Сейіт Қасым еді. Бабыр оның шыққан тегін айғақтап «жалаири» деп көрсеткен.

«...Менің қасымда қалып, азап шегіп, елден кетуге бел байлағандар атақтысы бар, атақсызы бар екі жүзден көп, үш

⁴⁷³ Ораз Исмаилов. Әлем тарихындағы жалайырлар. – Алматы: Дәуір, 1999. – 68 б.

⁴⁷⁴ Ораз Исмаилов. Әлем тарихындағы жалайырлар. – Алматы: Дәуір, 1999. – 68 б., – 279-281 б.

жүзден аздау болды. Олардың ішіндегі бектері: Қасым Қаушын бек, Уәйіс Лағари бек, Ибраһим Сару-и Мыңлық бек, Шырым Тағай, Сиди Қара бек. Ішкі жақтан – Мір Шаһ Қаушын, Сейіт Қасым кіші аға Жалайыр, Қасым Аждаб, Мұхаммед Дүст, Әли Дүст Тағай, Мұхаммед Әли Мұбашшир, Құдайберді Тұқшы моғол, Жарық Тағай, Баба Күлидің ұлы Сұлтан Күли, Пір Уәйіс, Шейх Уәйіс, Жарәлі Біләл, Қасым мірахур, Хайдар-и рикабдар. Бұл жағдай жаныма қатты батты, көзімнің жасын тыя алмай, көп жыладым»⁴⁷⁵. Деректен байқағанымыз Бабыр қатты қиналған кезде оның қасында болған жақын адамдардың ішінде жаңағы жоғарыда аты аталған жалайыр тайпасынан шыққан кісілер де болған.

Сейіт Қасым Бабырдың сеніміне ие болып, сый-құрметіне бөленген. Сондықтан да ол оған өз сарайындағы ең жауапты қызметтердің бірін беріп, «кіші аға» деген лауазымды бекіткен. Кіші аға – кіші аға, қақпашы, кемеңгер, Темір әулеті сарайындағы ең жоғарғы лауазымның бірі⁴⁷⁶.

«Тағы айтарым: Сейіт Қасым жәрдемші жасақтың бастығына тағайындалды», – дейді Бабыр өз шығармасында⁴⁷⁷. Соған қарағанда Сейіт Қасым ең сенімді адамдардың біріне айналған. Сонымен қатар Бабыр өзге елдерге жасаған жорықтары кезінде үнемі әскерді Сейіт Қасым жалайырға сеніммен тапсырып отырған.

Бабыр шығармасында Хасан Әли Жалаири жайлы да мәліметтер кездеседі. 1510-1511 жылдары Бабыр Самарқандты алған кезде Хасан Әли Жалаири оның құзырына барып, оған бес-алты жыл қызмет көрсетеді. Осы жылдар ішінде ол Бабырға да небір тамаша қасидалар арнайды⁴⁷⁸.

1592 жыл қазақтың жалайыр тайпасынан шыққан Қадырғали Қосымұлы Жалайири қазақ тарихын баяндайтын «Жылнамалар жинағы» атты тарих жазған⁴⁷⁹. Оның аталары да қазақ хандарына жақын, оларға қызмет көрсеткен жандар болған. Со-

⁴⁷⁵ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекулы. – Алматы, 1993. – 78 б.

⁴⁷⁶ Сонда. – 437 б.

⁴⁷⁷ Сонда. – 410 б.

⁴⁷⁸ Ораз Исмаилов. Әлем тарихындағы жалайырлар. – Алматы: Дәуір, 1999. – 292 б.

⁴⁷⁹ Сонда. – 66 б.

нымен кейіннен қазақ жүздерінің құрамына енген тайпалардың бірі жалайырлар Темір тарихында да белгілі орын алған.

Келесі бір темірлік деректерде кездесетін ру-тайпалардың қатарына қаңлылар жатады. Қаңлы Ұлы жүз құрамына кіретін ежелгі түріктің руы болып есептеледі. М. Тевкелеевтің мәліметтері бойынша қаңлылар ортағасырлардан кейін ең алғаш рет Ұлы жүз құрамында кездеседі⁴⁸⁰.

Н. Аристов бойынша: «Қаңлылар – дулаттар тәрізді ежелгі түрік руы. Бәлкім Авеста мен Махабхаратта қаңқа деп еске алынатындар солар шығар...»⁴⁸¹, – дейді. А.И. Левшин де қаңлыларды Сырдария жағалауын мекен еткен сөзсіз түрік тайпасы екендігін айтады⁴⁸². «XIV-XV ғасырларда қаңлылар монғол тайпаларының құрамына еніп, олардың Мауараннахрға жорықтарына қатысқан», – дейді шығыстанушы ғалым В.П. Юдин⁴⁸³.

«Жоғарыдағы деректерге сүйеніп, қаңлы руының этногенезі мәселелерін қозғап оларды ежелгі кангюй – түріктердің тікелей тұқымы деп санаймыз», – дейді Х. Арғынбаев, В. Востров, С. Мұқановтар⁴⁸⁴.

Өткен кезеңдегі саны көп, күшті тайпалық одақ болатын қаңлылардың аз ғана бөлігін Темір XIV ғасырда өзінде Сырдарияда кездестіреді деген Н.А. Аристовтың шешімін В.В. Востров пен М.С. Мұқановтар өте дұрыс деп қабылдайды⁴⁸⁵.

Темірлік деректерде кездесетін қаңлылар сонау өткен заманда өмір сүрген қаңлылардың ұрпақтары деп санаймыз, және олар кейіннен Ұлы жүздің құрамына енген. А.И. Левшин де «...Темір жорықтарының сипаттауынан, олардың XIV ғасырдың

⁴⁸⁰ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961. – 752 с. – С. 407.

⁴⁸¹ Аристов Н. Этногенез и этническая истори казахского народа. – Павлодар, 2005. – 372 с. – С. 25.

⁴⁸² Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996. – 656 с. – С. 72.

⁴⁸³ Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с.

⁴⁸⁴ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст.: Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 102 б.

⁴⁸⁵ Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX). – Алма-Ата: Наука, 1968. – С. 256.

соңында Сырдария мен Талас өзендерінің аралығында өмір сүріп, Жошы ұлысының бір бөлігін құрағанын біле аламыз»⁴⁸⁶, – дейді.

Шараф ад-дин әли Йаздидің «Зафарнаме» шығармасын құрастырушы авторалар «Зафарнамеде» кездесетін қангли (қангли), яғни қаңлыларды кәдімгі түрік дейді. Және олардың өмірі Беккичик Тұғлық Темірдің ерекше әскербасшысы еді деп көрсетеді⁴⁸⁷.

Қаңлылар Сырдарияның төменгі және орта сағасын біздің жыл санауымыздан бұрынғы үшінші және екінші ғасырлардан бері мекендеп келе жатты. Жетісуды алтыншы және жетінші ғасырлардан бастап жайлаған⁴⁸⁸. Көне түріктен бір кездегі қуатты қаңлы руы ғасырлар бойында көптеген тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, бізге дейін бірсыпыра түрік халықтары: қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт және басқалардың құрамында және этникалық топ болып жетіп отыр.

Көп ғасырлар бойы Сырдария маңын мекен еткен қаңлылар өз территориясын көп өзгертпегенін байқаймыз. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қаңлы руының аталары Жетісу уәлаяты Әулиеата, Шымкент пен Ташкент уездерінде қоныстанып жүрді⁴⁸⁹. «Қаңлы деген арбалы деген сөз. Ұйғыр ішінен қаңлы атанған, бұлар бұрын бек көп ел болған»⁴⁹⁰, – дейді Ш. Құдайбердіұлы.

Осылайша Ұлы жүз құрамына енген дулаттар, жалайырлар, қаңлылардың тарихы ерте кезден басталатындығына, және олардың әр кезде тарих сахнасында бой көтеріп тұрғандығына деректер мәліметтерінен зерттеу арқылы көзіміз жетті. Ендігі кезек Орта жүз құрамындағы темірлік деректерде кездесетін рутайпаларға шолу жасайық. Олардың қатарына қыпшақтар, қоңыраттар, керейіттер, арғындар, наймандар жатады.

⁴⁸⁶ Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / под общ. ред. академика М.К. Козыбаева. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с. – С. 73.

⁴⁸⁷ Шарафуддин Али Язидий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 317 б.

⁴⁸⁸ Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы, 1994. – С. 58-59.

⁴⁸⁹ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында/құраст.: Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 104 б.

⁴⁹⁰ Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Баспаға дайындаған және шығаруға жауапты филология ғылымдарының докторы М. Мырзахметов және М. Қазбеков. – Алматы, 1991. – 80 б. – 35 б.

Ш. Құдайбердіұлы «Қыпшақ бұл қаңлыдан бөлініп елсіз бос жерге кеткендіктен қыпшақ атанған. Мағынасы – бос, шөл, елсіз деген сөз...», – деп сипаттайды.

XVIII ғасырда орыс деректерінде қыпшақтар Орта жүз рулары ретінде көрсетіледі⁴⁹¹. С.М. Ақынжанов: «Қазақ этногенезінің бірден-бір ірі компоненттерінің бірі болып табылады және басқа да түрік тілдес халықтардың этногенезінде маңызды рөл атқарған қыпшақтардың қазақ халқының құрылуындағы маңызды рөл атқарған»⁴⁹², – дейді. С.К. Ибрагимов, В.С. Храковский қыпшақтардың тілі таза түрік тілді деп атап көрсетеді⁴⁹³.

Темірлік деректер бойынша қыпшақ елі жалайырлармен бірігіп Темір Хорезмге жорыққа кеткенде бүлік шығарғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Монғолдар жаулап алғаннан кейін қыпшақтар да бытырап кеткен еді. Уақыт өте келе қыпшақтар Темірмен үздіксіз соғыс жүргізіп, соңында жеңіліс тапқан Тоқтамыс әскерлерінің негізгі өзегін құраған болатын⁴⁹⁴.

Қыпшақтардың кішкене бөлігі әмір Темір әскерлерінің қатарында да болғанын біз темірлік деректерден де байқаймыз. Әмір Темір Тоқтамыспен 1391 жылы Құндызша деген жерде соғысқан кездегі «...Ва Усмон Баходур қипчоқ қушуни била илгари суруб, душманнинг уч қушун кишиси билан урушуб, баходурлуқ курсатур эрдиким, отдин йикилиб айрилди ва яна хазрат соқибқирон давлатидини филкол отға минди ва душман сори чопиб, бир-бир этти», – деген мәліметтен Темір әскерінің құрамында да өздері жеке қосын құрағанын байқаймыз⁴⁹⁵.

⁴⁹¹ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1961. – С. 407.

⁴⁹² Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1999. – 296 с. – С. 9.

⁴⁹³ Ибрагимов С.К., Храковский В.С. Махмуд Кашгарский о расселении племен на территории Казахстана в X веке // Вестник Академии наук Казахской ССР. – 1958. – № 11 (164) ноябрь. – С. 93-98.

⁴⁹⁴ Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX). – Алма-Ата: Наука, 1968. – 256 с. – С. 74.

⁴⁹⁵ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 138 б.

Темірге қарсы қыпшақ-жалайыр көтерілісі жайлы темірлік деректерде жақсы баяндалады. Осы темірлік шығармалар негізінде А. Исин өз мақаласында осы көтерілістерге қысқаша тоқталады. Ол: «Әділ шаһ Қарашық-Қаратауда жасырынып жүр деген хабардың алынған уақыты да 1376 жылдың күзінен ерте болудың реті жоқ. Самарқандтан Отырарға суыт жіберілген Барат қожа мен Елшібуға сардарлар Отырардан әскер алып, Қаратауға аттанады Әділ шаһ (шамамен 1340-1376 жылдар) Қаратау басындағы Ақсүме мұнарасының маңында ұсталып, өлтіріледі.

Қыпшақ-жалайыр көтерілісінің екінші басшысы Сарыбуға ұстатпай жүріп, екі жыл өткен соң, саяси жағдай мүлде өзгерген 1378-1379 жылдары Темір сарайына өзі келген. Темір бұрынғы қарсыластарының бағыну ишарасымен келгендеріне сый көрсетіп, өткенін кешіріп, билік ұсынуды дәстүрге айналдырған. Сарыбуға да өз «қауымына» – қыпшаққа бас болды. Тайпа көсемдеріне Әмір Темір «Ерік» – өз жұртын еркімен билеп-басқару хұқын беріп, «Берік» – ұлыс санына қарай әскер шығару міндетін жүктеп отырған. Әмірдің қол астындағы 40 аймақ басшыларынан 12 аймақ басшыларына сардар таңбасы беріледі. Он екі аймақтың бесеуін қазіргі Қазақстан жерінен көруіміз мүмкін. Олар Арғын, Салайыр (Жалайыр), Моғол, Қыпшақ, «Татар» Сардарлыққа Әмір Темір Арғында – Тасқажыны, Салайырда – Тоқтемір мен Сыр Мейрамды, Моғолда – Темір қажы оғланды, Қыпшақта – Сарыбуға әмірді, Татарда – Күн ханды тағайындаған екен.

Сонымен, Қыпшақ Сарыбуға (1340-1400 жж.) Темірдің он екі бас әмірінің бірі дәрежесіне көтеріледі. Сол себепті де болар, Темір тарихнамасында Сарыбуғаға «кешірім» жасалғандай, көтерілісті бастаған басты күнәһар есебінде оның қанды көйлек досы, мерт болған Әділ шаһ аталады.

Жетісу, Сыр мен Арқа жерінде дала халқының Әмір Темір шапқыншылығына қарсы тұруы және Самарқанд биліушісіне мойынсұнған елдің көтеріліс-толқулары Темір мемлекетінің солтүстікке, Дештіге қарай қанат жаюына мол мүмкіндік бермейді. Дулат, жалайыр, арғын, қыпшақ, керейіт және өзге тайпалар жұрты Ақсақ Темірдің Жетісу мен Сарыарқа аймақтарын анық бағындыру жоспарларына қашан да кедергі жасап

отырған. Түрлі «бүлік» тарихтары осыны көрсетеді», – деп сипаттайды⁴⁹⁶. Одан әрі автор: «Сарыарқалық пен жетісулықтар Әмір Темірге оңтүстік мемлекеттерге қарсы жияр батыл жауынгерлер қатарын молайту үшін қажет еді. Дала иеліктерін саналы түрде әлсірету мақсатында Темір бекзада тұқым, ел билеуші, батырларын өз жағына шығару саясатын да жүргізеді. Қыпшақ, жалайыр, дулат, арғын, керейіт баһадурлері мен әмірлерін, төрелері мен оғландарын Темір билеушілік еркін сақтаумен, мол сыйлық, атақ-дәреже қолбасшы болу мүмкіндігін берумен өз жағына шығаруға тырысқан», – деген өз пікірлерін келтіріп өтеді⁴⁹⁷. Демек А. Исин көрсеткендей Темір билігі тұсында қыпшақтар да Темірге қарсы тұра алатын ірі тайпа қатарына жатқан. Олар Темірдің әскерін әлсіретуге ат салысқан болып шықты.

Парсы ақыны Низамның (1140-1202) «Ескендір жайлы кітап» (Искандер-наме) атты поэмасында қыпшақтардың діни әдет-ғұрыптарымен байланысты тасты мүсіндерге табынушылығы жайлы қызықты мәліметтер бар. «Все кыпчакские войны, приходящие сюда, кланятся этому изображению: приходит ли с дороги конный или пеший, все с благоговением поклоняются статуе. Всадник, проезжающий мимо, кладет стрелу из колчана в честь нее: пастух прогнающий здесь стадо, приносит перед ней в жертву барана»⁴⁹⁸.

Темірлік деректердегі қыпшақтар жайлы мәліметтерді Б.Е. Көмеков төмендегіше көрсетеді. Хафиз-и Абру еңбектерінде қыпшақтардың саяси тарихы мен орналасуы жайлы мәліметтер бар. Хафиз-и Абрудың негізінен Рашид ад-диннің тарихи мәліметтеріне сүйене отырып, жана мәліметтер, сонымен қатар монғол жаулап алушылығына дейінгі және одан кейінгі кездегі қыпшақтардың орналасуын келтіреді.

Сонымен бірге Б.Е. Көмеков Хондемирдің қыпшақтар жайлы жиі кездесетін монғолдардың Ортаазиялық, ирандық

⁴⁹⁶ Исин А.И. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // Абай. – 1999. – № 1. – 38 б.

⁴⁹⁷ Исин А.И. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // Абай. – 1999. – № 1. – 38 б.

⁴⁹⁸ Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII–XIV вв.: научно-аналитический обзор. – Алма-Ата, 1987. – 41 с. – С. 17-18.

әулеттері мен Темір әулеттерінің өмірінен келтірілетін тарихи фактілердің маңызды орын алатынын ескертеді⁴⁹⁹.

Бабыр: «Жүніс ханның шешесі – Темірдің рахымы түскен түркістандық қыпшақ бегі Шейх Нұр ад-диннің иә қызы, иә немересі»⁵⁰⁰, – деп көрсетеді.

Келесі бір Орта жүз құрамына енген тайпаның бірі қоңыраттар да Темір шығармаларында айтарлықтай орын алады.

Түркілер арасындағы «қоңырат» этнонимі, яғни Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этногенезіндегі бұл тайпаның тегі монғолдардан шыққанын теріске шығарады. Қоңырат тайпаларының қалыптасуында монғол-қоңырат элементтері елеулі болды, бірақ олардың негізгі көпшілігі түркі рулары еді. Бұл арада қоңырат тайпалары тобының жаңа этно-әлеуметтік ұйымға бірігіп, Дешті Қыпшақ даласында үстемдік еткен Жошы әулеті ұрпағының бір бұтағы жаңа «қоңырат» атауын алғаны айқын⁵⁰¹.

М. Тынышбаев қоңыраттарды монғол тайпасына жатқызады⁵⁰². XIV ғасырдың 60 жылдарының басында қоңырат тайпасынан шыққан Хусейн Хорезмдегі билікті басып алады, содан Хорезмнің солтүстік-шығыс бөлігі қоңыраттардың билігіне өтеді. Қоңыраттардың әмірі Хусейн Софы мен Темір арасындағы қақтығыстар темірлік деректерде біраз кездеседі.

1360 жылы қоңырат Хусейн Софы (Құсайын-сопы) Хорезмді жаулап алады. Алтын Орданың тәуелділігінде болса да, ол өзін елдің тәуелсіз билеушісі ретінде ұстады. «Хазрат сохибқирон Мовароуннахр вилоятини мухолифларнинг эликларидин чиқарди ва Чиғатойтдастури билан забт қилди. Аммо беш-алти йил эрдиким, (Кот ва) Хевақ вилоятининг захотини Хусайн Суфийким, Тунгдай уғли эрди ва умоғи қунғирот эрди ва Хоразм вилоятида хоким эрди, закотдин хосил булған йармақни алур эрди», – дейді. (Шараф ад-дин али Язди. Заф.

⁴⁹⁹ Сонда. – С. 30.

⁵⁰⁰ Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. – Алматы, 1993. – 29 б.

⁵⁰¹ Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында / құраст. Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 215 б.

⁵⁰² Тынышпаев М. История казахского народа: учебное пособие / сост. и авт. предисловия проф. А. Такенов и Б. Байғалиев. – Алматы: Санат, 1998. – 224 с.

72 б.) Бұл жерден Тунгдайдың ұлы қоңырат тайпасынан шыққан Хүсейін Софы Хорезм аймағында бес-алты жылдан бері билік жүргізіп келгенін көреміз. Темір мен Хүсейін Софы бейбіт келісімге келе алмайды. Шамидің мәліметтері бойынша әмір Темір Хүсейін Софыға достық, бейбіт орнатпақ оймен елшілерін жібереді. Алайда оның елшілеріне Хорезм билеушісі: «эту страну я покорил мечом и мечом же подлежит ее отобрать», -деп жауап береді. Осылайша Темір Хүсейін Софымен соғысуға шешім қабылдайды. 1371 жылы Хиваны Темір жаулап алады, ал Хүсейін Софы қаланы қоршау кезінде өледі. Оның орнына келген інісі Жүсіп Софы Темірмен бейбіт келісімге келеді. Екеуінің арасында елшілік алмасулар орын алып, құдандалық байланыс орнайды. Алайда бұл келісім ұзаққа созылмайды, Жүсіп Софы келісімді бұзады. «Ол әскер жинап, Кят аймағын талан-таражға түсіріп, халқын тым-тырақай қуып жібереді.» Бұл жайлы хабар Темірге жеткенде, ол жан-жақтан әскер жиып Хорезмге аттанады. Оны естіген Жүсіп Софы қорқып кетіп, жалынып-жалбарынып кешірім сұрайды. Бұл жолы Темір оған кешірім жасайды. 1376\77 жылы Жүсіп Софы қолайсыз жағдайды пайдаланып, салдарын ойламай Бұхараны жаулау үшін әскер жібереді. Темір Жүсіп Софыға Жалал ад-дин-бахадүрді елшілікке жібереді: «Одақ жасасып, теңескеннен кейінгі бұл қай қылығың?»⁵⁰³, – дейді. Жүсіп Софы оған жауап қайтармай елшісін өлтіреді. Осыдан енді Темір мен Жүсіп Софы екеуінің арасында қақтығыс орын алады. Соңында Жүсіп Софының ауырып өлуімен аяқталады.

1391 жылғы Темір мен Тоқтамыс арасындағы соғыс кезінде «Тоқтамыс хан өз әскерінің орта және шеткі жағына Жошы ұлысының ханзадаларын» «сап түзеп (ясал деп аталады, ол моңғол әскери тәртібінде сап түзеу)» әкелгендігі Йазди бойынша көрсетілген болатын. Сонда олардың қатарында Сүлейменсопы-Қоңырат пен Наурыз Қоңырат аталады⁵⁰⁴.

⁵⁰³ Материалы по истории туркмен и Туркмении. Иранские, бухарские и хивинские источники XVI – XIX вв. / под. ред.: В.В. Струве, А.К. Боровкова, А.А. Ромаскевича, П.П. Иванова. – М.-Л., 1938. – Т. 2. – С. 518.

⁵⁰⁴ Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, 2005. Т. 3: Ортағасырлық тарихи ой. – 2005. – 292-б.

1420 жылы қоңыраттар Еділдің төменгі бөлігін мекен етеді. Бұл жерде қоңыраттардың басшысының бірі Хайдар Мырза алдымен Ұлы-Мұхаммедті, кейіннен Кіші-Мұхаммедті қолдап отырады. Сөйтіп Ұлы-Мұхаммед орыс қаласы Белевке қашқан кездегі соңғы соғысқа қатысады⁵⁰⁵.

Хондемир бойынша Мұстафа хан XV ғасыр ортасында Хорезмнің оңтүстік-батыс бөлігін басып алған. Сөйтіп ол Хорезмде 1460/1461 жылға дейін билік еткен, одан кейін ықпалды қоңырат әмірлерінің бірі Осман қоңырат, Мұхаммед Софының ұлы, Якуб-оғланмен одақтаса отырып билікті басып алады. Осман қоңырат оған дейін Мұстафа ханның қол астында қызмет еткен белгілі әмірлерінің бірі болған. Мұстафа ханның Үргеніштің тұрғылықты тұрғындарын Вазирге күштеп қоныс аудартқаннан кейін, халық оған қарсы көтеріліске шығады. Осман Қоңырат осы сәтті пайдаланып қалады, ал Мұстафа хан Маңғышлаққа кетуге мәжбүр болады⁵⁰⁶. Бұл жерден біз Хорезмдегі биліктің біраз жылдар қоңыраттардың қолында болғанын көреміз.

XV ғасырдың соңында Сыр бойындағы қоңыраттар Керей мен Жәнібекке бет бұрып келешек қазақ мемлекетінің ірге тасын қаласады. Сөйтіп олардың көпшілігі Сыр бойын мекен етіп қала береді⁵⁰⁷.

Қоңыраттардың негізгі бөлігі Қазақстан территориясында қалған, олардың ұрпақтары қазіргі күнге дейін Оңтүстік Қазақстанның Шәуілдір, Түркістан, Арыс және Созақ аудандарында өмір сүреді⁵⁰⁸.

«Арғынұт дегені арғындар деген сөз. Әмір Темір заманында және арғынұт атанып, осы Шыңғыс тауы менен Тарбағатайда жүргені анық», – дейді Ш. Құдайбердіұлы⁵⁰⁹. Ал Ш.Т. Қуан-

⁵⁰⁵Тынышпаев М. История казахского народа: учебное пособие / сост. и авт. предисловия проф. А.Такенов и Б. Байғалиев. – Алматы: Санат, 1998. – С. 191.

⁵⁰⁶Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 147-148.

⁵⁰⁷З. Қинаятұлы. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: 9-12 ғасыр. – Алматы, 2001. – 149 б.

⁵⁰⁸Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX). – Алма-Ата: Наука, 1968. – С. 77.

⁵⁰⁹Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-казак һәм хандар шежіресі. Баспаға дайындаған және шығаруға жауапты филология ғылымдарының докторы М. Мырзахметов және М. Қазбеков. – Алматы, 1991. – 80 б. – 40-б.

ғанов: «Негізі дұрысы арғын емес, арғұн немесе арғы (ару) ғұн болу керек»⁵¹⁰, – деген пікір айтады.

Н. Аристов арғындарды Іле өзенінен оңтүстік-батыс Нұра өзеніне дейін көшіп жүрген деп көрсетеді⁵¹¹. Темір жорықтарынан XIV ғасырдың соңында арғындар Алакөл көлі мен Қаратал өзендерінің арасында өмір сүргендігін көреміз, яғни олар бұрынғы орындарында қалған⁵¹².

Шағатай ұлысының құрамында болған кезде арғындар Темірдің шапқыншылықтарына – 1376, 1389 және 1390 жылдары – ұшырап отырған; кейіннен XV ғасырдың басында шығыстан оларға жоңғарлардың басқыншылығы басталған⁵¹³. Тевкелеев арғындарды орта жүз рулары ретінде көрсетеді⁵¹⁴. М. Тынышбаев оларды монғол тайпасына жатқызады⁵¹⁵.

Арғындарды зерттеумен айналысқан Тауық Рымжанов Шыңғысханға шейінгі арғындарды арғы арғындар деп, Шыңғысханнан Орыс хан мен Тоқтамыс ханға дейінгі арғындарды бергі арғындар деп, Тоқтамыстан бергі арғындарды қазақ арғындары деп, арғындар тарихын үш кезеңге бөледі. Осылайша автор арғындардың тарихын ерте кезден бастайды. «Б.д.д. 5-ғасырдан бастап тайпаның аруг гун, аруг аты қытай жазбаларында сюньби (сяньби, сәнби) болып көріне бастайды. Олар Модэ заманынан да бұрынғы уақыттарда бір бөлігі Еуропаға қарай жылжып, қалғандары ата қонысында қалып, сәнби деген атпен Қытаймен соғысын жалғастыра береді. Еуропада арагон, саргон, арген, аргондарды, Орта және Орталық Азияда аргу, аругунь, аругундарды өрбіткен сол аруг гун, аругтар болған»⁵¹⁶. Одан әрі автор Тоқтамыстың қалың қолындағы арғындардың

⁵¹⁰ Қуанғанов Ш.Т. Ғұн немесе Арғұн тарихы туралы. – Алматы: Білім, 1997. – 48 бет. – 5-б.

⁵¹¹ Аристов Н. Этногенез и этническая история казахского народа. – Павлодар, 2005. – 372 с. – С. 277.

⁵¹² Тынышпаев М. История казахского народа: учебное пособие / сост. и авт. предисловия проф. А. Такенов и Б. Байғалиев. – Алматы: Санат, 1998. – 224 с. – С. 75.

⁵¹³ Сонда

⁵¹⁴ Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1961. – 752 с. – С. 407.

⁵¹⁵ Тынышпаев М. История казахского народа: учебное пособие / сост. и авт. предисловия проф. А. Такенов и Б. Байғалиев. – Алматы: Санат, 1998. – 224 с. – С. 75.

⁵¹⁶ Рымжанов Т. Аруг гун немесе арғын тайпасының тарихына шолу. – Алматы: Өркениет, 2003. – 148 б. – 14 б.

қолбасшысы және Тоқтамыстың Әмір Темірмен арасындағы елшісі болған – Қарақожа жайлы мәлімет келтіреді.

«Едіге» дастанында Тоқтамыс ханның Қарақожаға айтқан мынадай сөзі бар:

Көшкенде көшін айналған,
Жанына өткір семсер байланған.
Жау қарасын көргенде,
Жауар күндей торланған.
Кетер күстай сайланған,
Арғындардың басы едің
Қарақожа батырым

Сен де бір кіріп толғаншы», – деп дастаннан үзінді келтіреді. Тауыпқы Рымжанов өз ойын былайша қорытындылайды: «Қорыта келгенде айтарымыз, арғын – көне аруг гүн жұртының ғасырлар елегінен өтіп жеткен аты. Қотан – арғын жұртының Құбақыпшақ хандығынан шыққан соңғы ханы. Ақжол – аруг гүн, аруг, аргу, аргуһ, арғун жұртының әр кездерде шыққан ел басыларының ұранға айналған жиынтық аты. Қарақожа – 14 ғасырдың екінші жартысындағы арғындар басшысы (атасы)»⁵¹⁷.

Шараф ад-дин Әли Йазди арғын тайпаларынан шыққан Қожабек жайлы мәлімет келтіреді⁵¹⁸. Ақсақ Темірге қарсы бағытталған көтерілістердің ішінде ең қуаттысы, бәлкім Арқа жері, Шығыс Қазақстан мен Жетісу жеріне кең тараған Еңге төре көтерілісі болар (1386-1389).

А. Исин өз мақаласында: «Еңге төренің қол астындағы елдің бірі – аркенут (арғын, ергенек?) еді», – деп көрсетеді. Автор XVI ғасырдағы Ахсикенди еңбегінде келтірілген шежіре дерегіндегі Еңге төре Ақту аталған Оң ханның бесінші ұрпағы. Ол Еңге төренің Темір тарихшылары әңгімелейтін Еңге төремен уақыты бір. Сол адам десек, Еңге төре (ш.а. 1330 чиа 1400) керейіт руынан шыққан болады. Орта ғасырлар мен кейінгі уақыттардағы төре туралы ұғымның өзгешелеу келетін жайы

⁵¹⁷ Сонда. – 116 б.

⁵¹⁸ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсат-кичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 383 б. – 20 б.

бар. Қайткенмен, Еңге төренің керейіттерді де басқарғаны деректерде байқалады деген мәліметтер келтіреді⁵¹⁹.

Келесі бір темір шығармаларында кездесетін ру-тайпалардың қатарына керейлер жатады. В.В. Востров пен С. Мұқановтар керейлер ертедегі керайттердің тікелей ұрпағы болып табылады дейді⁵²⁰. Ислам Қабышұлы «Қазақ тайпасында керейлермен қоса керейт деген кіші жүз руларын шатастыруға болмайды. Кіші жүздің жеті ру бірлестігіне кіретін керей деген ру бар...»⁵²¹, – деп атап көрсетеді. Ал З. Қинаятұлы: «Біздің пайымдауымызша «керей» мен «керейт» атаулық ерекшеліктері болғанымен бір тайпа. Олардың атаулық тек Моңғол әулетінің Орталық Азияға трансформацияланған әкімшілік және әскери құрылымымен тікелей байланысты сияқты»⁵²², – дейді. Осы жерде біз керей мен керейт тайпаларын не байланыстырып тұрғандығын анықтап алған дұрыс болар деп ойладық. Өйткені бұл мәселе зерттеушілердің әр түрлі пікірлерінің қалыптасуына алып келген болатын.

Керейттердің этникалық шығу тарихын зерттеумен арнайы айналысқан С.Ә. Торғаев пен Х.М. Ғабжалилов ең алдымен Орта жүздегі керей тайпасы мен Кіші жүздегі керейт тайпасының ара қатынасы қандай болғандығын анықтауға көңіл бөлді. Олар бұл мәселе төңірегінде сөз қозғаған көптеген зерттеушілердің пікірлеріне тоқтала келе керей мен керейттерді бір тайпа деушілер: Н.А. Аристов, С.А. Аманжолов, В.В. Бартольд, М. Тынышбаев, Р.Г. Кузеев, М. Мұқанов; екеуі бөлек тайпа деушілер: Х. Ховорс, Грумм-Гржимайло; түркі тілдес деушілер: Рашид ад-Дин, Н.А. Аристов, Х. Ховорс, Әбілғазы, Ә. Марғұлан, Н. Потанин, С. Аманжолов, М. Мұқанов, С. Козин, М. Тынышбаев; моңғол тілдес деушілер: В.В. Бартольд, Б. Владимирцев, С. Киселев, Н. Поппе, Г. Санжаев, В.Трепавлов деп зерттеушілерді жеке-жеке бөліп көрсетеді.

⁵¹⁹ Исин А.И. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейт көтерілістері) // Абай. – 1999. – № 1. – 37 б.

⁵²⁰ Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX). – Алма-Ата: Наука, 1968. – 256 с. – С. 57.

⁵²¹ Ислам Қабышұлы. Керейлер керуені (Тарихи монографиялық қысқаша шолу). – Өлгий – 1978. – 116 б. – 44 б.

⁵²² Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Тарихи – сараптамалық зерттеу). – Астана: Елорда, 2004. – 46 б.

«Керейлер ертеде «керейт» атанған қауымның Алтай, Хангай аралығында табиғи жолмен көшіп-қонып жүрген бір тобының ұрпағы, ал қазірде «керейт» аталатын бөлімі Шыңғыс ханның әкімшілік және әскерилерінің құрамында Орта Азияға келіп, өз атауымен сонда сіңісіп қалып қойған тобының ұрпағы». Осылайша авторлар басқа да ғалымдардың пікірлеріне шолу жасай отырып, солардың негізінде керей мен керейттердің шыққан тегі бір, олар моңғолдар емес, түркі тектес болған деген қорытындыға келеді. «Өкініштісі, – дейді олар, – сол кезеңдегі әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты бөлініп кеткендігі, ал қуанатыны біреуі – Орта жүздің, екіншісі Кіші жүздің құрамына қосылып, қазақты құраған өзге тайпалар қатарында қазақ деген ұлттың іргетасын қалап, мәртебесін өрлетуде өз үлестерін қосқандығы»⁵²³. Демек керей мен керейт бір тайпа екен және олар түркі тектес тайпаларға жатады. Темірлік шығармаларда керейт немесе керей тайпаларына қатысты тікелей нақты деректер жоқ. Дегенмен Шараф ад-дин Әли Йездидің «Зафарнамесінде» Тұғлық Темір ханның бектерінің бірі Ұлық Темір керейіт тайпасынан шыққан деп көрсетіледі⁵²⁴. Сонымен қатар, Қазақстан шығыстану ғылымының негізін қалаған ғалымдардың бірі, белгілі маман В.П. Юдин: «Против кераитов в район Алматы послал войска Эмир Тимур. Во время похода Улугбека в Могулистан (начался 17. II. 1425 г.) в районе Янги – Тараза был обнаружен Ибрахим, сын Тук-Тимура, одного из предводителей аймака кераит. Других сведений об аймаке кераит в составе могулов в источниках нет. Из сообщения Махмуда Чороса о том, что в случае движения могульского войска на север или запад командование передовалось эмирам правого крыла, а из их числа – эмирам племен чотас, дохутай и кераит, не ясно, было ли в то время (конец XVI начало XVII) в составе могулов племя кераит, или же автор сообщает сведения о когда-то существовавшем обычае», – деп айтқан болатын. С.Ә. Тортаев автордың бұл сөздерінен біршама жайттарды аңғаруға болатынын айтады. Ол: «Біріншіден, XIV ғасыр ортасында керейттер

⁵²³ Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Керейт IV том. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 119-122 б.

⁵²⁴ Шарафуддин Али Яздий. Зафарнома. Суз боши, табдил, изохлар ва курсаткичлар муаллифлари: Б. Эшпулатов. – Ташкент, 1997. – 20 б.

Алмату (қазіргі Алматы қаласы) маңында өмір сүрген, екіншіден олар Әмір Темір шабуылынан солтүстікке, шығысқа қарай ойыса түскен сияқты»⁵²⁵, – дейді.

Н. Аристов бойынша керейлер шамамен Қара Ертіс, Барлық пен Эрен-Хабирға аралықтарын иеленген⁵²⁶. Керейіттер наймандармен көрші болған, Әбілғазының айтуы бойынша олар тайпалардың ішіндегі ең күштісі болған⁵²⁷.

Г. Сәбденова мен Х.М. Ғабжалилов: «...Керейіттер жайлы ортағасырлық деректемелерде мардымсыз, былайша айтқанда тек жанама мәліметтер ғана бар. Мысалы, әлемге мәшһүр «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы дулат тайпасынан шыққан мырза Мұхаммед Хайдар өзі пайдаланған «Зафар-наме» шығармасы бойынша керейлердің ертеректегі тарихына қатысты қызықты үзінді келтіреді. Онда шағатай ұрпағы Тұғлық Темірдің (XIV ғ.) Мауареннахрға жасаған жорықтарының бірінде қарай, яғни керей тайпасын өзіне қосып алып, жорыққа олармен бірге аттанғаны жазылған.

Еңбектің тағы бір жерінде әмір Өзбек Темір атты бір кісінің түбі керей екендігін айта келіп, оның Әмір Темірмен болған тартыстарын суреттейді. Мұхаммед Хайдар Дулати алғашқыда олардың арасы жақсы қарым-қатынаста болғандығын айтып өтеді де, кейін екеуінің арасы ушығып, соғысқандарын жазады. Керейлерге қарсы Әмір Темір үлкен жасақ жібертеді. Екі жақтың әскері Жетісу жерінде Алматы өңірінде Айша хатын (Айша Бибі кесенесінің маңы болуы да ықтимал – авт.) өзені бойында соғысқан. Соңында екі жақ келісімге келгенімен, өз адамдарына әрі келісім шарттарына риза болмаған Әмір Темір қайтадан жорыққа шығады⁵²⁸. Бұл мәлімет ең алдымен керейлердің Жетісу жерін ішінара болса да қоныстанғанын немесе «миграциялық» жолдарын саралауға ептеп мүмкіндік беретін сияқты», – деп өз ойларын білдіреді⁵²⁹. Зерттеушілердің келтір-

⁵²⁵ Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Керейт IV том. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 154 б.

⁵²⁶ Аристов Н. Этногенез и этническая истори казахского народа. – Павлодар, 2005. – С. 227.

⁵²⁷ Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – С. 149.

⁵²⁸ Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. – 62 б.

⁵²⁹ Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Керейт IV том. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 202-203 б.

ген мәліметтерінен ортағасырларда мекен еткен керейлер де өмір Темірге қарсы тұра алатын ірі ел болғандығын байқауымызға болады.

Зерттеуші Р.С. Жұматаев: «XIII ғасырдың басында Шыңғыс ханнан жеңілген керейт елінің басым бөлігі оған бағынса, ал моңғолдар құрамына қосылғысы келмеген керейттер бірнеше топтарға бөлініп, батысқа қарай ығысты», – дейді. Автор моңғолдардың билігін қабылдаған керейттер жойылып кетпей, керісінше, Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының Орта Азияға, Қытайға, т.б. жерлерге жасаған жорықтарына қатысып, қырғыз, өзбек, әсіресе қазақ халқының негізін қалауда басты рөл атқарғандығын айтады.

Моңғол үстіртінен қазақ даласына келген Кіші жүз құрамындағы керейттер алдымен Іле, Талас өңірлеріне қоныстанып, одан кейін қазақ хандығы құрылып дәуірлеген шақта Сыр өңіріне қоныс аударып, осы күнге дейін сол аймақты мекендеп келеді⁵³⁰.

Сонымен қорытар болсақ, темірлік деректерде Қазақстанда мекен еткен ру-тайпалар жайлы мәліметтер көптеп кездеседі. Өмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардағы дуғлат, жалайыр, қаңлы, аркенут, қыпшақ, керейт, найман, қоңырат сияқты т.б. ру-тайпалары жайлы мәліметтер ортағасырларда Қазақстан территориясында мекен еткен дулат, жалайыр, қаңлы, арғын, керейт, қыпшақ, қоңырат, найман ру-тайпалары екенін зерттеулер нәтижесінен көріп отырмыз. Жоғарыда атап өткеніміздей Темір ұрпақтарының тарихшылары негізінен ірі, жеке ел ретінде өмір сүрген ру-тайпалар жайлы ғана өз шығармаларында баяндап отырған. Темірлік деректерде тайпа өмірлері сол ру-тайпа аттарымен аталады. Мысалға: Камар ад-дин Дуғлат, Бахрам Жалайыр, Әділ шах Жалайыр, Қыпшақ Сары Бұға, Қоңырат Хүсейін Софы, Қоңырат Жүсіп Софы және т.б. Бұл есімдер Темір ұрпақтары шығармаларында жиі кездеседі, сонымен қатар олардың билік жүргізген елдері жайлы да мәліметтер бар. Тайпа өмірлерінің өзі шыққан ру-тайпа аттарымен аталуына байланысты айтылған зерттеушілердің пікірлеріне тоқтала кетсек артық болмас еді. Осы мәселеге

⁵³⁰ Жұматаев Р.С. Керейт тайпасының Қазақстан жеріне келуі және XIX-XX ғ. басындағы қоныстануы // Алаш тарихи-этнологиялық ғылыми журнал. – 2006. – № 3(6). – 29-40 б.

байланысты «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты зерттеудің төртінші томының алғы сөзін жазған зерттеушілер былай дейді: «...Орыс отарлауы орныққанға дейін қазақтардың өздерінің есімдеріне ру-тайпа аттарын тіркеп айтқаны, әкелерінің есімдерінің орнына дәл осы рулар мен тайпалар аттары жазылғаны қазақ тарихынан хабары бар кісілерге белгілі...

...Ұлттық деңгейлердегі алыптарды ортасынан шығарған рулар мен жаңа жағдайда неге «ұмыт» қалулары керек? Халықтың тарихи санасында Қанжығалы Бөгенбай, Каракерей Қабанбай деген есімдермен қалған ұлттық тұлғаларды жаңа жағдайда неге басқаша атауға тиіспіз. Батырларға өз орталарынан алғашқы жасақтарды жинап берген «қанжығалы» немесе «каракерей» рулары тарихымызда неге ұмыт қалулары керек деген тәрізді қисынды сауалдар туындайды. Осылардың мазмұнына тереңдеп үңілсек, бұлар сауалдардан гөрі бүгінгі жаңадан жазылуы тиіс этникалық, ұлттық тарихымызға қойылатын талаптарға көбірек ұқсайды. Бұдан шығатын қорытынды да бір ғана – бүгінгі тарихта да бұрынғы рулық қауымдағы тарихи тұлғаларды жаңаша әсірелетпей, бұрынғыша рулармен, тайпалармен тұтас қарастыруға міндеттіміз»⁵³¹. Зерттеушілердің пікірлеріне қосыла отырып ортағасырларда есімдері әйгілі болған тұлғалардың темірлік шығармаларда ізі қалғандары бізді қуантады. Сол ру-тайпа аттарымен есімдері қоса аталған адамдардың арқасында біз сол ру-тайпалардың тарихта қаншалықты жоғары орын алатындықтарын байқаймыз. Ол тұлғалар өздерінің жақсы іс-әрекеттерімен өз елдерінің даңқын асырған. Осылайша темірлік шығармалардан біз тек ру-тайпалардың тарихынан ғана емес, сол заманда өмір сүрген тарихи тұлғалар жайлы да мәліметтер ала алады екенбіз.

Студенттердің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Өмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардың шынайылық деңгейін талдап көрсетіңіз?
2. Темір мен оның ұрпақтарына арналған еңбектердегі қазақтардың ру-тайпалары туралы мағлұматтарды айқындап көрсетіңіз.
3. Дулат, арғын, жалайыр, найман, қоңырат руларының тарихына арналған Темір өулетінің деректері.

⁵³¹ Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Керейт IV том. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2006. – 10-12-бб.

ҚОРЫТЫНДЫ

Темір және оның ұрпақтарына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан дерек ретінде құнды ақпарат бере алады. Өйткені тек Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалар ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай мағлұмат бере алады.

1. Темір ұрпақтары тарихына арналған шығармаларға қандай еңбектер енетіндігін анықтау маңызды болып табылады. Өйткені Әмір Темір және оның ұрпақтары бірнеше ғасырлар бойы билік тізгінінде отырып, өздері басқарып отырған мемлекеттердің тарихын, өздерінің жеңістерін келешек ұрпаққа, халқына паш етуге тырысқан. Сондықтан да, әрине, ол шығармалардың дерек көзі ретіндегі құндылығы жоғары. Атап айтқанда, Темір әулеті шығармаларына төменде келтірілген деректер жатады: Әмір Темірдің «Тузук-и Темури», Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме», Мучин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Муини», Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йазидің «Зафар-наме», Мырза Ұлықбектің «Тарих-и арба 'улус», «Маджма' ат-таварих-и султанийа» және Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Абд ар-Рашид ал-Харавидің (Хафиз-и Абрудын) «Тарих-и Хафиз-и Абру», Абу-л-Хасан Са'ид 'Али ал-Джурджани, Фасих Ахмад ибн Джалал ад-Дин Мухаммад ал-Харавидің «Муджмал-и Фасихи», Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла' ас-са'дайн ва маджма' ал-бахрайн», Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хаванд-шах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат

ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа», «Ма 'асир ал-Мулук» және Гийас ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Хумам ад-Дин Мухаммад ибн Ходжа Джалал ад-Дин ибн Ходжа Бурхан ад-Дин Мухаммад Хусайни Ширази Херавидің (Хондемирдің) «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрад ал-башар», «Му'изз ал-ансаб» және де Захир ад-Дин Мухаммед Бабырдың «Бабыр-намесі», «Силсилат ас-салатин» шығармалары. Әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалар Әмір Темір (1370-1405) мен Темір әулеті (1370-1506) билеген кезеңді қамтиды. Бұл шығармалар кез келген ортағасырлық дерек көздері сияқты түпнұсқа және көшірме түрінде сақталынған.

Жоғарыда аталған Темір және оның ұрпақтарына арналған парсы деректері кейіннен қазақ халқының құрамына енген Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Жетісу территориясында өмір сүрген халықтар жайлы көп құнды-құнды мәлімет береді. Сонымен қатар Дешті Қыпшақтағы билеуші хандар арасындағы байланыстар мен алауыздықтарды, халықтардың бытыраңқылығын жақсы суреттейді. Темір әулеті шығармаларында ортағасырлардағы мемлекеттер мен қазақ халқы, Қазақ хандығына қатысты мәліметтер құндылығы жағынан жоғары болып табылады. Қазақ халқында ауызша тарих айту дәстүрі кең тарағандықтан, біз өзіміздің төл тарихымызды көрші елдерден, әулеттерден, парсы, қытай, араб, орыс тілінде жазылған деректер арқылы зерттейміз. Зерттеуімізде осы деректерді бір-бірімен, содан соң ортағасырлық басқа да деректермен салыстырып талдап, негізгі мағлұматтардың объективтілі мен субъективтілігін анықтаймыз.

Темірлік шығармаларда Қазақ хандығының құрылуының алғышарты болған мемлекеттердің саяси тарихы, және Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі оқиғалар жақсы бейнеленген.

Жалпы алғанда, Темір мен оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалардың басқа ортағасырлық шығыс мұсылман деректерінің арасындағы алатын орны жоғары деуге де болады.

2. XIX ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін еліміздің ғалымдарымен шет ел зерттеушілері, деректанушылары, шығыстанушылары тарапынан ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты көптеген парсы деректері оның ішінде темірлік деректер анықталып, зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілген.

Сонымен қатар Темір әулеті деректері еліміздің және шет ел зерттеушілерімен аударылып, түрлі жинақтарға топтастырылған. Деректердің түпнұсқалық құндылығын жоғалтып алмау мақсатында зерттеу жұмысында белгілі зерттеуші ғалымдармен қазақ, орыс, өзбек тілдеріне аударылған нұсқалары қолданылды.

Темірлік деректердің барлығын бір зерттеу жұмысына топтастырып, басқа деректермен салыстыру арқылы жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Сондықтан да оларды арнайы зерттеу тарихымызда кездесетін көптеген шиеленіскен мәселелерді шешуге көмектеседі деп ойлаймыз.

3. Мемлекетіміздің негізі болып саналатын Ақ Орда сонымен қатар Қазақ хандығының құрылуына тікелей қатысы бар Моғолстан мен Әбілқайыр хандықтарында орын алған саяси жағдайлар Қазақ хандығының құрылуына тікелей әсерін тигізді.

Үрүс ханның тұсында Ақ Орда жеке дербес мемлекет ретінде танылды. Ақ Орда біз білетініміздей Қазақстан аумағында өмір сүрген қазақтың алғашқы мемлекеті. Қазақ хандығының құрылуын біз осы Үрүс ханның билік еткен кезеңінен бастауымыз керек. Оны қаншама рет зерттеушілеріміз айтты да. Тек Темір әулеті шығармаларында ғана осы Ақ Орда мемлекетінің тарихына қатысты мәліметтер толыққанды кездеседі. Мысалы, Натанзи еңбегінде Ақ Орда билеушілерінің тарихына байланысты оқиғалар жақсы бейнеленген. Ал авторы белгісіз Темір әулеті шығармаларының бірі «Му‘изз ал-ансабта» қазақ хандарының шежірелері берілген. Мұндағы мәліметтер Қазақстан тарихында кездесетін келесі бір шиеленіскен мәселенің шешімін табуға септігін тигізеді.

4. XIV ғасыр ортасында Шағатай мемлекетінің орнына Моғолстан мемлекетінің әлсіз саяси құрылымы болашақта Қазақ хандығының бой көтеруіне септігін тигізбей қоймады. Мысалы, Моғолстан мемлекетінің жағдайы Қызыр-Қожа хан, Мұхаммед хан, Уәйіс хан тұстарында біршама болса да жақсарғанымен, ішкі талас-тартыс, Темір әулетінің әскерлері және шығыстан келген ойраттардың шабуылы елдің өз бетінше дамуына үнемі кесірін тигізіп отырды. XV ғасырдың 60-жылдарынан бастап Жетісуді мекендеген түркі тайпалары бірте-бірте Қазақ хандығының құрамына ене бастады.

5. Темір ұрпақтары шығармаларының Қазақ хандығы тарихының дерек көзі ретінде алатын орны ерекше. Онда қазақ елін ел ретінде қалыптасуына ат салысқан басқарушылары жайлы мәлімет көптеп кездеседі. Және жоғарыда байқағанымыздай қазақ-бұхар қатынастары, қазақтардың қалмақтармен соғысы жайлы мәліметтер жақсы баяндалған.

6. Темірлік деректерде Қазақстанда мекен еткен ру-тайпалар жайлы мәліметтер көптеп кездеседі.

Әмір Темір жорықтары Қазақстан территориясындағы өмір сүріп жатқан халықтарға ауыр соққы береді. Темір жорықтары оның тарихшыларымен жақсы бейнеленеді. Кей жерлерде ақиқатты жасырып қалса да, Темірдің жаулап алған жерлеріндегі халықтарға озбырлығын бүкпей көрсетеді. Темір қайтыс болғаннан соң оның бірде-бір мирасқоры ол секілді жорықтар ұйымдастырмақ түгілі Әмір Темір жаулап алған жерлерді сақтап қала алмайды. Ішкі талас-тартыстардың салдарынан Темір мемлекеті күйреуге ұшырап, соңында құлайды.

7. Әмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардағы дулат, жалайыр, қаңлы, аркенут, қыпшақ, керейіт, найман, қоңырат сияқты т.б. ру-тайпалары жайлы мәліметтер ортағасырларда Қазақстан территориясында мекен еткен дулат, жалайыр, қаңлы, арғын, керейіт, қыпшақ, қоңырат, найман ру-тайпалары болып табылады. Жоғарыда атап өткеніміздей Темір ұрпақтарының тарихшылары негізінен ірі, жеке ел ретінде өмір сүрген ру-тайпалар жайлы ғана өз шығармаларында баяндап отырған. Темірлік деректерде тайпа әмірлері сол ру-тайпа аттарымен аталады. Мысалға: Камар ад-дин Дуғлат, Бахрам Жалайыр, Әділ шах Жалайыр, Қыпшақ Сары Бұға, Қоңырат Хүсейін Софы, Қоңырат Жүсіп Софы және т.б. Бұл есімдер Темір ұрпақтары шығармаларында жиі кездеседі, сонымен қатар олардың билік жүргізген елдері жайлы да мәліметтер бар. Тайпа әмірлері өзі шыққан ру-тайпа аттарымен аталған.

Ортағасырларда есімдері әйгілі болған тұлғалардың темірлік шығармаларда ізі қалғандары бізді қуантады. Сол ру-тайпа аттарымен есімдері қоса аталған адамдардың арқасында біз сол ру-тайпалардың тарихта қаншалықты жоғары орын алатындықтарын байқаймыз. Ол тұлғалар өздерінің жақсы іс-әрекеттерімен өз елдерінің даңқын асырған. Осылайша темірлік шығармалар-

дан біз тек ру-тайпалардың тарихынан ғана емес, сол заманда өмір сүрген тарихи тұлғалар жайлы да мәліметтер ала алады екенбіз.

Жалпы айтқанды Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалар ортағасырлардағы Қазақстанның тарихын зерттеуде өзіндік ерекше орын алатындығымен қатар, шығармалардағы мәліметтері белгісіз болып келген көптеген тың мәселелерді ашуға көмектесетіндігімен де құнды. Сондықтан да әлі де болса өз зерттеуін күтіп тұрған, шиеленіске толы мәселелер баршылық. Ол болашақта жүзеге асады деген ойдамыз.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

Негізгі әдебиеттер:

1. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. – М.: Наука, 1987. – С. 440.
2. Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.
3. Смоленский Н.И. Теория и методология истории. – М.: Академия, 2007. – С. 272.
4. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники Российской истории: учеб. пособие / И.Н. Данилеский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. – М.: РАН, 2000. – С. 703.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. Т. 3. – Алматы: Атамұра, 2002. – 768 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения. – М.: Наука, 1977. – С. 312.
2. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Т. II. – М.-Л., 1941. – 308 с.
3. История Казахстана в арабских источниках: сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем I том. / подгот. к новому изданию, введ., дополн. и коммент.: Б.Е. Кумекова, А.К. Мунинова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Изд. перераб. и дополн. – 711 с.
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1. (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.) / под. ред.: С.Д. Асфендиярова и проф. П.А. Кунте. – 2-е изд. – Алматы: Казахстан, 1977. – 383 с.
5. Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с.
6. Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.
7. Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XII-XIX вв.: дисс. на соискание уч. степени д.и.н. – Алматы, 2003. – С. 406.

8. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998. – 268 с.
9. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – СПб., 1884. – Т. I.
10. Бартольд В.В. Работы по источниковедению // Бартольд В.В. Сочинения. – М., 1973. – Т. VIII. – 723 с.

РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Қазақстанның шығыстанушы ғалымы В.П. Юдиннің Темір әулеті шығармаларын зерттеуге қосқан үлесі.
2. Ғылыми зерттеулер бойынша Темір әулеті шығармаларын классификациялау.
3. Әмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармалардың зерттелу деңгейі.
4. Әмір Темір және оның ұрпақтарына арналған шығармаларға деректанулық талдау жасау.
5. Әмір Темірдің «Тузук-и Темури» шығармасы – Қазақстан тарихын зерттеудің дерек көзі.
6. Низам ад-Дин Шамидің «Зафар-наме» шығармасы – Дешті Қыпшақ тарихының дерек көзі.
7. Мұхаммед ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Мұхаммед» шығармасы – Ортағасырлық Қазақстан тарихының дерек көзі.
8. Моғолстан мемлекетінің саяси тарихы Шараф ад-Дин 'Али ибн Шайх Ходжи Йазидің «Зафар-наме» шығармасында.
9. Мырза Ұлықбектің «Тарих-и арба' улус» шығармасындағы Қазақстан тарихына қатысты деректер.
10. Шихаб ад-Дин 'Абдаллах ибн Абд ар-Рашид ал-Харавидің (Хафиз-и Абрудың) «Тарих-и Хафиз-и Абру» шығармасының тарихи айналымға енгізілуі мен маңызы.
11. Фасих Ахмад ибн Джалал ад-Дин Мухаммад ал-Харавидің «Муджмал-и Фасихи» шығармасының ерекшелігі мен маңызы.
12. Камал ад-Дин 'Абд ар-Раззак ибн Джалал ад-Дин Исхак Самаркандидің «Матла 'ас-са 'дайн ва маджма 'ал-бахрайн» – Қазақ хандығы тарихының дерек көзі.
13. Мухаммад ибн Саййид Мухаммад ибн Амир Бурхан ад-Дин Хавандшах ибн Шах Камал ад-Дин Махмуд Балхидың (Мирхондтың) «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва ал мулук ва ал-Хулафа» шығармасы – Қазақ тарихының дерек көзі.
14. «Мұ'изз ал-ансаб» шығармасының ерекшелігі мен құндылығы.
15. Захир ад-Дин Мұхаммед Бабырдың «Бабыр-намесі».
16. «Силсилат ас-салатин» шығармасының маңызы мен зерттелуі.
17. Әмір Темір және оның ұрпақтарының жорықтары
18. XIII-XV ғасырлардың басы Қазақстан аумағындағы этносаяси процестер Темір әулетінің шығармаларында.
19. Ортағасырлық Қазақстан территориясындағы этникалық мәселелер.

20. Белгілі ғалым К.А. Пищулинаның темірлік деректер жайлы көзқарасы және негізгі сипаты.
21. Аса көрнекті шығыстанушы В.Г. Тизенгаузен еңбегіндегі Әмір Темір және оның ұрпақтары жайлы шығармалары

Реферат жазу үшін әдістемелік нұсқаулар

Реферат жұмыстарын студенттер жеке орындайды. Реферативті тапсырмалар тақырыпқа сай нақты және негізгі мәліметтерді беруге бағытталады. Студент өздігінен берілген реферат тақырыбын барынша жан-жақты ашып, көтерген мәселесінің түйінін жасап, негізгі қорытындылар жасауы керек. Сонымен қатар, жазған жұмысындағы ойын ауызша жеткізіп, мәнерлі де тиянақты сөйлеуге үйренуі қажет.

Көпшіліктің алдында сөйлеуге дағдылануы үшін студент рефератты аудиторияның алдында қорғап, негізгі тұжырымдарын айта білуі керек. Аудиториядағы қалған студенттер тақырып бойынша сұрақтар қойып, өз ой-пікірлерін білдіреді.

Реферат жұмысын оқытушы тексеріп шығады.

ҚОСЫМШАЛАР

**Қазақстан тарихы кафедрасының PhD докторлары М.Д. Байдавлетова мен М.Ә. Өскенбайдың Самарқанд пен Бұхара қалаларына барған сапарларынан жеке фотолары
Бибі ханым мешіті, Самарқанд қаласы**




Бибі ханым мешіт-медресесінің макеті, Самарқанд қаласы



Әмір Темірдің басына қойылған қара мәрмәр тас



**Гур Әмірдің ішкі жағы, Әмір Темір
және оның ұрпақтары жерленген жер**



Арк қамалы, Бұхара қаласы



Бұхара қаласы




**Ортағасырлық Ұлықбек обсерваториясының жанында салынған
қазіргі кездегі Ұлықбек мұражайы**



Ұлықбек бастаған бір топ ғалым



Тіллә Қари, Самарқанд қаласы (Жалаңтөс Бахадүр салдырған)



Тиллә Қари медресесі туралы мәлімет



Тиллә Қари медресесінің төбесі, ішкі жағы алтынмен жалатылған




Шердор медресеси, Регистан алаңында, Самарқанд қаласы



Шах-и зинда ансамбілі, Самарқанд



Шах-и зинда ансамблінің макеті



Ұлықбек медресесінің қалпына келтірілген макеті



Ұлықбек медресесі, Регистан алаңы, Самарқанд қаласы



Ұлықбек обсерваториясының қалдығы



Әмір Темір кешенінің сызбасы



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I бөлім	
ӘМІР ТЕМІР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ	16
1.1. Темір әулеті тарихына арналған шығармалардың ерекшеліктері мен маңызы.....	16
1.2. Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған шығармалардың зерттелу деңгейі	52
II бөлім	
ТЕМІР ӘУЛЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ	78
2.1. Темір әулеті шығармалары – Шығыс Дешті Қыпшақ мемлекеті тарихының дерегі	78
2.2. Моғолстан мемлекетінің саяси тарихы Темір әулетінің деректерінде	110
2.3. Темір ұрпақтарына арналған шығармалар – Қазақ хандығы тарихының дерек көзі	131
III бөлім	
XIII-XV ҒАСЫРЛАРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЭТНОСАЯСИ ПРОЦЕСТЕР ТЕМІР ӘУЛЕТІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА	148
3.1. Әмір Темір және оның ұрпақтарының жорықтары	148
3.2. Ортағасырлық Қазақстан территориясындағы этникалық мәселелер.....	178
ҚОРЫТЫНДЫ.....	209
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	214
Реферат тақырыптары	216
ҚОСЫМШАЛАР	218

Оқу басылымы

Жаппасов Жарылқасын Еркинович
Тасилова Назия Айтбаевна
Ибрагимова Меруерт Нұржігітқызы

**ӘМІР ТЕМІР ӘУЛЕТІНІҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫ – ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕК КӨЗІ
(XIII – XVI ғасырдың I жартысы)**

Оқу құралы

Редакторы *Б. Мырзақұл*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Н. Базарбаева*

Мұқабаны безендіруде қолданылған сайт:
www.zheruiyq.kz

ИБ №10796

Басуға 24.04.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 14,25 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1806.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.